

№2016
3021к

Айсұлу
ОЙСЫЛБАЙ

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ
«ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШЫНДАҒЫ»
СӨЗ ӨНЕРІ МЕН
ПОЭТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Айсұлу ОЙСЫЛБАЙ

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ «ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШЫНДАҒЫ» СӨЗ ӨНЕРІ МЕН ПОЭТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ



АЛМАТЫ
«ДӘСТҮР»
2016

Айсұлу ОЙСЫЛБАЙ

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ
«ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШЫНДАҒЫ»
СӨЗ ӨНЕРІ МЕН ПОЭТИКА
МӘСЕЛЕЛЕРІ



АЛМАТЫ
«ДӘСТҮР»
2016

ӘОЖ 821.512.122.0 (035.3)
КБЖ 833 (5 қаз)
О 45

**«Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарыла-
ту, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насип-
хақтау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру»
бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін
басып шығару» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді»**

Жауапты редакторы: Дәурен Бакдәулетұлы Мұхамадиев

Пікір жазған: филология ғылымдарының докторы, профессор
Айгүл Серікқызы ІСІМАҚОВА

О 45 Ойсылбай А.Т.

Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышындағы» сөз өнері мен поэтика мәселелері: Монография.
/ А.Ойсылбай. – Алматы: «Қарағай ҚБ» ЖШС: «Дәстүр»,
2016. – 288 б.

ISBN 978-601-7505-16-5

Кітапта Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» қазақ тіліндегі тұңғыш әдебиет теориясы ретінде әлемдік әдебиеттану контексінде Тәуелсіздік кезең тұрғысынан жаңаша қарастырылды.

Бұл кітапты қазіргі қазақ әдебиетінің тарихын, теориясын жаңа жазуда, түрлі бағдарламалар құрастыруда, ЖОО студенттеріне қазақ әдебиеттану пәнінен жүргізілетін дәрістерде, дәстүрлі «Ахмет Байтұрсынұлы оқуларына» және ахметтануға қатысты арнайы курстар мен семинарларда пайдалануға болады.

ӘОЖ 821.512.122.0 (035.3)
КБЖ 833 (5 қаз)

ISBN 978-601-7505-16-5

© Ойсылбай А., 2016.
© «Дәстүр», 2016.
© «Қарағай ҚБ» ЖШС, 2016.



А Н Д А Т У

Тәуелсіздік кезеңінде қазақ әдебиеттану ғылымы ұлттық асыл сөз өнері тарихын, совет кезінде саяси репрессияға ұшыраған «ақтандақтар әдебиетін» яғни Алаш әдебиеттанушыларының өмірі мен шығармашылық мұрасын зерттеуді қолға алды. Совет кезінде айтуға да, жазуға да тыйым салынған әдеби-мәдени мұра, ұмытылған әдеби жәдігерлерді жариялау ісі күн тәртібіне қойылды.

Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиетті тану тұрғысынан алғанда Алаш ғалымы Ахмет Байтұрсынұлының (1872-1937) әдеби-теориялық мұрасы бірнеше саланы қамтиды. Соның ішінде ұлттық ғылым саласы – қазақ тіліне, қазақ әдебиеттануына, қазақ мәдениетінің тарихына айрықша үлес қосқан ғалымның әдеби-теориялық зерттеулерін зерделеу басты мақсат. Қазақ әдебиетінің теориясын, тарихын, сынын, әдістемесін жасауда Ахмет Байтұрсынұлының еңбегі өлшеусіз деп білеміз. Атының өзі айтып тұрғандай «Әдебиет танытқыш» (1926) – қазақ әдебиеттану ғылымы туралы жазылған тұңғыш теориялық кәсіби зерттеу.

XX ғасырдың басы қазақ әдебиеттану ғылымы үшін жемісті кезең болды. Тәуелсіздік алғаннан бері туған халқымыздың әдеби, мәдени, тарихи, рухани ұлттық құндылықтары мұқият зерттелінуде. Мәдени мұрамыздың 100 томдығын зерттеп, насихаттауда

Мемлекеттік бағдарлама жүзеге асырылды. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Туған елім – тірегім» (2001) кітабында жазғандай, «Өткенді тану, тарихты терең пайымдап, оған әділ баға беру үлкен парасаттылық пен жауапкершілікті талап етеді» [1. 29].

XX ғасыр басында оқу оқып, терең білім алуға деген ізгі ниет, талпыныс бүкіл қазақ сахарасына тарап жатты. Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі ұлы адамдардың есімдерімен өрнектелген осы кезенді Рухани өрлеу дәуірі десек те болады. Қазақ халқының көрнекті қайраткерлері – Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабай, Жүсіпбек Аймауытұлы, Құдайберген Жұбанов, Халел Досмұхамедұлы, Мұхтар Әуезов, Мұхаметжан Тынышбаев, Тұрар Рысқұлов, Мұстафа Шоқай, Қошқе Кеменгерұлы, Темірбек Жүргенов, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин және тағы басқаларының қоғамдық-саяси, әдеби, ғылыми зерттеулерінің маңызы ерекше. Осы Үркердей зиялы қауымның іс-әрекеттері Шығыс Түркістанға ғана емес, бүкіл түркі дүниесіне ықпал етті. Қазақ өміріндегі осы Рухани өрлеу аз ғана уақыттық рухани серпіліс болса да, сол кездегі қазақ оқығандары жаңа рухани шығармашылық, қоғамдық-саяси жағдай қалыптастырып еді... Амал қанша, совет заманында ұлт қамын, ұлт болашағын ойлаған ұлы тұлғалардың барлығы дерлік сталиндік репрессияның қанды шенгеліне ілікті. Алайда, ортақ мақсатқа бағышталған игі істері із-түссіз жоғалмай, саяси жағынан да, азаматтығы жағынан да ақталып, есімдері де, зерттеу еңбектері де туған халқына кеш те болса қайтып оралды.

Еліміздің Тәуелсіздік алғанына биыл 25 жыл толып отыр. Осы жылдар аралығында қазақ әдебиеттану ғылымында Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми-

теориялық зерттеулері әр тараптан қарастырылып, кеңінен насихатталуда. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеттануының Темірқазығы. Тәуелсіздік кезеңіндегі ғылымда да ғалымның әдеби-теориялық мұрасы өз маңызын жойған жоқ. Бұл тұста ең алдымен ауызға алынатыны – «Әдебиет танытқыш».

«Әдебиет танытқыш» – қазақтың асыл сөз өнерін әр қырынан қарастырып, әдебиеттің сыр-сипаттарын, тіл бейнелілігін, сөз кестесін баяндау, суреттеу тәсілдерін, стильдік ерекшеліктерін, өлең құрылысына қатысты көптеген ұғымдар мен пән сөздерін алғаш рет ғылыми жүйеге түсіріп, саралаған кәсіби теориялық зерттеу. Еңбек сан салалы, нақтылы талдаулардың, таратып берілген анықтамалардың барлығын жинақтап синтез жасауға, әдеби құбылыстарды тұтастай алып қарастыруға негізделген. Соның нәтижесінде ғалым кітабында ұлттық сөз өнерінің, поэтиканың, әдебиеттің табиғатын басты, ең маңызды ерекшеліктерін, тарихи-әдеби процесс заңдылықтарын, әдебиеттің әлеуметтік, көркемдік-эстетикалық мәнін тұңғыш рет айқындап берді.

XX ғасыр басындағы ұлы ұрпақтың рухани көсемі атанған Ахмет Байтұрсынұлына кудалаудың қанды құрығы бір емес, бірнеше рет салынды. Сол қуғын-сүргінді қайыспай көтерді әрі рухани ортасынан жанына дарыған таным-түсініктерді жүзеге асыру барысында аңсаған асыл мұраттарына деген адалдықты саналы өмірінің соңына дейін сақтап өтті. Қатыгез заманмен ұстасқанда Ахмет Байтұрсынұлының пікірінше, «... канаты қатая бастаған ұлттық сананың басты қаруы әдебиет» болды. Ғылым, білімге ерекше көңіл бөлу, жас толқынды баулу және оларды өз Отанына қызмет етуге даярлау жөнінде Абайдан келе жатқан игі дәстүрді

азаматтық парыз деп түсінген Ахмет Байтұрсынұлы жалғастырып, дамытты.

Ахмет Байтұрсынұлы өзінің алдындағы ұлы Абай идеясын жалғастырушысы әрі көшбасшысы бола білді. Халқының ұлы ретінде осы идеяны жай ғана уағыздаушы емес, сол идеяларды жүзеге асыруда өзінің ерен іс-әрекеттерімен, қимыл-қызметтерімен нақты үлес қосқан белсенді қайраткер ретінде танылды. Саналы өмірінде алдына азаттық идеясын қойып, түгелдей соған қызмет етті, тіпті ағартушылық қызметінің өзін сол азаттық идеясына, азаткерлік күреске құрал етіп пайдаланды. Халықты өнер-білімге шақыруды туған халқының саяси, экономикалық азаттығының, ел еркіндігінің бірден-бір жеміс берер тиімді жолы деп білді. Бұл тұста атап өтер басты нәрсе Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларында өзінің кейіпкерлері арқылы әдебиетімізге саяси азаткер, күрескер бейнесін яғни «Маса» мен «Қырық мысалы», өлендері жаңа сипатты жазба әдебиетімізге жанаша үлгі, соны сөз әкелді.

Ахмет Байтұрсынұлының ағартушылық қызметі өмірбаянынан да, шығармашылық мұрасынан да баршаға мәлім. Дәуіріміздің дара тұлғасы Мұхтар Әуезовтің жазған сөзіне ешкім де дауласпайды: «Қазақ жұртының өткен күндеріне көз салғанда оқыған азаматтарының артынан ерген күндері аз да болса мағыналырақ, тәуір күндерінің бірі деп саналады. Сол оқыған азаматтың тұңғышы, алғашқы шыққан көсемі болған Ахаң арналған тұңғыш той ой ойлаған қазақ баласының жүрегіне жылы тиетін қуанышты істің бірі.

«Қазақ» газетінің сүтін еміп өскен бір буын осы күнде пікір-білім жолында бұғанасы бекіп, іс майданына шығып отырса, кейінгі жас буын Ахаң салған өрнекті біліп, Ахаң ашқан мектепті оқып шыққалы табалдырығын жаңа аттап, ішіне жаңа кіріп жатыр.

Ахаңның бұл істеген қызметі – қазақтың ұзын-ырға тарихымен жалғасып кететін қызмет, істеген ісімен өзіне орнатылған ескерткіш, мәңгілік ескерткіш.

Бұрынғы оқушыларға белгілі «Тіл құралы», «Оқу құралдарынан» басқа, соңғы жылдарды «Әліппе астарын» һәм қазақша жазған, бұл соңғы кітабы осы күнде Орынборда басылып жатыр. ... сыннан өткен деп Ахаңның ғана ардақты атын айтамыз. Одан басқа жалпақ елдің сынына толып, мейірін қандырған кісілері санаулы. Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі орнын біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын. Оны жұрттың бәрі де біледі. Ахаң еңбегі жанған жанның бірі. Істеген ісінің жемісі – артынан келе жатқан жастар. Оның арты Ахаң мектебіне тізіліп, кіріп жатқан жас буын, жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Ахаңды өзінің басшысы деп санайды. Қаламынан тамған бал ем болудан айнымайды ...еңбегінің өнімді болуын тілеуден қазақ баласы ешқашан қайтпайды» [2. 19].

Қазақ әдебиеттануының тарихын, сынын, теориясын қалыптастыруда Ахмет Байтұрсынұлының еңбегі ұшан-теңіз. «Әдебиет танытқыш» – қазақ әдебиеттану ғылымы туралы жазылған тұңғыш теориялық кәсіби зерттеу. Жазылғанына 90 жыл болса да Тәуелсіздік кезең тұрғысынан алғанда көкейкестілігінде болып отыр. Әдебиет теориясы туралы қазақ топырағында туған алғашқы еңбектің алды құлан-таза. Аздап сын, теориялық сипатты жеке-дара пікірлер болғанымен, мұндай кәсіби тұрпаты тұтас іргелі зерттеу болған жоқ-ты. Қазақ әдебиеті табиғатының сыр-сипаттары хақындағы жүйелі ой жинағы осы кітаптан басталады.

– Әдебиет – «Әдебиет танытқышта» тұңғыш рет қазақ әдебиеті тарихының дәуірлеу концепциясы бағамдалды;

– А.Байтұрсынұлы алғаш рет жүйелі саралаған қазақ

өлең құрылысының негізгі концепциясы одан кейінгі кезеңдердегі, әсіресе Тәуелсіздік тұсындағы әдебиеттану ғылымының жетістіктерімен сабақтастықта талданды;

– «Әдебиет танытқышта» ғалым тұңғыш рет теориялық ұғымдар мен атаулардың және пән сөздерді қалыптастырды;

– «Әдебиет танытқыштың» қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымының талаптарына, оның жанрлық, стильдік, аналитикалық талдау принциптеріне толық жауап беретіндігі айқындалды;

– «Әдебиет танытқыштың» қазіргі қазақ әдебиеттанудағы тарихи орны анықталып, мәні мен маңызы түсіндірілді.

– А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» атты ғылыми-теориялық зерттеуінің ғылыми қажеттілігі бүгінгі Тәуелсіздік кезеңдегі әдебиеттану талаптары тұрғысынан жаңаша қарастырылды;

– А.Байтұрсынұлының қазақ әдебиетінің әлем әдебиетімен байланысы туралы пікірлеріне жіті назар аударылып, «Әдебиет танытқыштың» қазақ әдебиеттану ғылымына қосқан кәсіби үлесі нақтыланды.

– «Әдебиет танытқыш» филологиялық поэтика принциптері яғни лингвопоэтикалық талдау және әдебиеттанулық поэтика тұрғысынан қарастырылды;

– «Әдебиет танытқыштағы» қазақ әдебиетінің теориясы, тарихы, сынына қатысты тәжірибелік тұжырымдары мен қағидалары жаңаша жүйеленіп, ғылыми ұстаным ретінде бағамдалды;

– «Әдебиет танытқыштағы» әдебиеттанулық ұстанымдарға негіз болатын теориялық дәйектемелер қазіргі ғылым талаптары негізінде сұрыпталды;

– «Әдебиет танытқыштағы» өлеңтану теориясы

қазіргі әдебиеттегі дәстүр жалғастығы негізінде мәтіндік талдау-саралаулар арқылы дәлелденді;

– Ғалымның бұл әдеби-теориялық зерттеуі қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымының талаптарына, оның жанрлық, стильдік, аналитикалық талдау принциптеріне толық жауап беретіндігі айқындалды;

– «Әдебиет танытқыштағы» қалыптастырылған кәсіби пән сөздер жүйесінің әлемдік әдебиеттануда қалыптасқан ғылыми-теориялық тұжырымдарымен сәйкестігі, үндестігі анықталды және оның кестесі жасалынып, қазіргі қазақ әдебиеттанудағы тарихи орны, мәні мен маңызы тұжырымдалды.

Тәуелсіздік кезең талаптары тұрғысынан «Әдебиет танытқышты» зерттеу нәтижесі ретінде келесі теориялық тұжырымдар ұсынылды:

– «Әдебиет танытқыштағы» теориялық, тәжірибелік тұжырымдар мен қағидалар Тәуелсіздік кезең әдебиеттану талаптары тұрғысынан көкейкесті;

– «Әдебиет танытқыштың» ғылыми ұстанымы, бүгінгі тәуелсіз қазақ әдебиеттануының теориялық талаптарына толық жауап береді;

– «Әдебиет танытқышта» ғалым әдебиеттануға қатысты 500-ден астам пән сөздерін енгізіп, қалыптастырды. Автордың ғылыми ұстанымы, қазіргі тәуелсіз қазақ әдебиеттануының теориялық талаптарына толық жауап береді. Сонымен қатар асыл сөз өнерінің теориясына қатысты «ана тілі», «андату», «андау», «асыл сөз», «әдебиет танытқыш», «әдеби тіл», «бастары», «тірнек өнері», «көрнек өнері», «жаратынды нәрсе», «жасалынды нәрсе», «сөз өнерінің ғылымы», «сөз әуезділігі», «сөйлеу әуезділігі», «лұғат», «тіл қисыны», «сөйлеу түрлері», «қорыту»,

«мазмұндау», «арнау», «шумак», «өрнекті сөйлем», «өлеңді сөйлем», «құрмалас сөйлем», «сөз талғау», «кітаби тіл», «тіл көрнекілігі», «айтушы», «айшық», «сөз табы», «шығарманың тілі», «шығарманың түрі», «шығарманың тегі», «шығарма сөз», «путыршы», «оралым», «буын», «бунақ», «екпін», «ырғақ», «тармақ», «өлең тақтасы», «өлең кестесі», «жорғақ», «толғау», «әуезе», «әуезелеуші», «айтыс-тартыс», «шұбыртпа», «әліптеме», «әлектеніс», «әуреленіс», «азаптаныс», «шешен сөз», «билік сөз», «уағыз сөз», «ұлы әңгіме», «ұзақ әңгіме», «ұсақ әңгіме», «мысал», «насихат», «мінәжат», «қалып сөзі», «салт сөзі», «салттама», «зауықтама», «ғұрып сөзі», «ғұрыптама», «үгіт өлең», «үміт өлең», «терме», «сарындама», «ділмар сөз», «жоқтау», «жарамазан», «мінәжат», «шежіре», «жын шақыру», «дерт көшіру», «заманхат», «бата», «діндар дәуір», «сындар дәуір», «кітаби тіл», «әдеби тіл», «ертек», «ертегісімек», «намыс толғау», «марқайыс толғау», «күліс толғау», «сап толғау», «сарын», «пәнді әліптеу», «сәнді әліптеу», «жалпылай әліптеу», «ойлау оңтайы», «талдама оңтай», «терме оңтай», т.б. қазақ тілінде тұңғыш рет ұсынылған пән сөздер жүйесі әлемдік әдебиеттануда қалыптасқан ғылыми-теориялық тұжырымдармен сәйкес келеді.

– А.Байтұрсынұлы ұсынған асыл сөз өнерінің теориясы, қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеу концепциясы, ғылыми қағидалары әлі де көкейкесті;

– «Әдебиет танытқышта» теориялық поэтика мен лингвистикалық поэтика туралы ғалымның әдістемелік ұстанымдары Тәуелсіздік кезеңінде де өміршең;

– А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» пен «Қазақтың Бас ақыны» және т.б. ғылыми зерттеулері

мен сын еңбектері әдебиеттанудың лингво-поэтикалық мәселелерін танытқан, ұлттық мәдени мұраны зерттеудің үлгісі.

Қазақ әдебиетінің теориясы мен тарихы саласындағы әл-Фарабидан бастап Ә.Бөкейхан, М.О.Әуезов, С.Сейфуллин, Х.Досмұхамедұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабай, С.Мұқанов, Қ.Жұбанов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, М.Ғабдуллин, Қ.Мұхамедханұлы, З.Ахметов, З.Қабдолов, Х.Сүйіншәлиев, М.Дүйсенов, М.Базарбаев, Ш.Сәтбаева, Н.Ғабдуллин, Қ.Өмірәлиев, Т.Қожакеев, Р.Сыздықова, С.Қирабаев, Т.Кәкішұлы, Ш.Елеукенов, Ж.Ысмағұлов, Р.Бердібаев, М.Мырзахметұлы, Р.Нұрғали, С.Қасқабасов, Ә.Дербісәлі, М.Жолдасбеков, Ш.Ыбыраев, Ө.Айтбаев, Б.Абылқасымов, С.Садырбаев, С.Дәуітұлы, Ө.Күмісбаев, М.Мағауин, Д.Ысқақұлы, С.Негимов, Ж.Дәдебай, Қ.Әбдесұлы, Ж.Тілепов, Е.Тұрсынов, Ө.Әбдиманұлы, Б.Ыбырайым, З-Ғ.Бисенғали, Т.Қоңыратбай, Б.Майтанов, Қ.Мәдібаева, Т.Тебегенов, С.Мақырұлы, З.Сейітжанов, А.Жаксылықов, Б.Әбдіғазіұлы, А.Ісімақова, Б.Әзібаева, Б.Шалабаев, Г.Пірәлі, Ш.Керім, Г.Елеукенова, Р.Тұрысбек, К.Матыжанов, Б.Омарұлы, Ш.Құрманбайұлы, Б.Ердембеков, С.Қорабай, М.Ахетов, т.б. ғалымдардың еңбектері назарға алынды. Әдебиет теориясы, жанр және поэтика, лингвистикалық поэтика, өлең құрылысын зерттеген шет елдік әдебиеттанушылар Ханна әл-Фахури, Аристотель, Н.Буало, Б.Кроче, Гегель, Лессинг, В.К.Тредьяковский, М.В.Ломоносов, Н.Г.Чернышевский, М.М.Сперанский, Д.Н.Овсяннико-Куликовский, В.Б.Шкловский, А.А.Потебня, А.Н.Веселовский, Ю.Н.Тынянов, Б.М.Эйхенбаум,

Б.М.Томашевский, Р.Якобсон, И.А.Виноградов,
В.В.Виноградов, Л.Я.Гинзбург, М.М.Бахтин,
Г.О.Винокур, Л.И.Тимофеев, Н.Г.Поспелов,
Г.Л.Абрамович, т.б. зерттеулері әдістемелік бағытқа
негіз болды.

Бұл кітапты қазіргі қазақ әдебиетінің тарихын,
теориясын жазуда, түрлі бағдарламалар құрастыруда,
ЖОО студент, магистрант, докторанттарға қазақ
әдебиеттану пәнінен жүргізілетін дәрістерде,
дәстүрлі «Ахмет Байтұрсынұлы оқуларына» және
оның шығармашылығына қатысты арнайы курстар,
семинарлар мен факультативтер жүргізгенде
пайдалануға ұсынылады.

Монографияның ғылыми тұжырымдары мен
қорытындылары ахметтанудағы келелі мәселелердің
методологиясы мен теориялық негіздерін анықтауға
негіз болады. Сондай-ақ, зерттеу еңбекті қазіргі қазақ
тілі мен әдебиетін, теориясын тереңдете оқытағын
мектептерде, жоғары оқу орындарындағы филология және
журналистика факультеттерінде, арнаулы курстар мен
семинарларда көмекші құрал ретінде пайдалануға болады.

Бұл кітапта әдебиеттану ғылымында кеңінен таралған
дәстүрлі аналитикалық, салыстырмалы-тарихи, жүйелі-
сипаттамалық әдіс-тәсілдер қолданылды әрі тиісті
жерлерде сілтемелер келтірілді.

XXI ғасыр әдебиеттану ғылымының талаптары
әрі Тәуелсіздік кезең тұрғысынан алғанда «Әдебиет
танытқышты» арнайы зерттеудің қажеттілігі осы
монографияда жүзеге асты.

Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған әдебиет теориясы
қазіргі әлемдік әдебиеттану контексті тұрғысында
жаңаша қарастырылды.

I-БӨЛІМ



**«ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШТАҒЫ»
АСЫЛ СӨЗ ӨНЕРІ**



1.1. «Әдебиет танытқыш»: тілтану және сөз қисыны

Тәуелсіздік кезең тұрғысынан қарастырғанда Алаш ғалымы Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» – елімізде қазақ әдебиеттануының алғашқы іргетасын қалаған кәсіби ғылыми-теориялық зерттеу. Зерттеуде өнертану секілді қоғамдық ғылымдардың салалары туралы да толымды пікірлер айтылады. Алайда, ғалым еңбегінің негізгі объектісі – атынан, тақырыбынан көрініп тұрғандай, әдебиет теориясының негіздері, қазақтың асыл сөз өнерінің жалпы жүйелері, түрлері, әдіс-тәсілдері.

Әлемдік әдебиеттану ғылымында өнердің және өнер түрлерінің сипаттамасы Аристотель, Гораций, әл-Фараби, Буало, Гегель, Лессинг, В.Г.Белинский, Н.Г.Чернышевский, М.Ломоносов, В.Г.Тредьяковский және т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектерінде де анықталған. Ал, А.Байтұрсынұлының еңбегі басқа ғалымдардан өзгеше яғни барлық ой-тұжырымдарын қазақ оқушысына ұлттық рухы биік өз ана тілімізде жеткізіп берді. Осы жағынан келгенде ғалым әлем әдебиетімен өте етене таныс екендігі байқалады.

А.Байтұрсынұлы сөз өнерін үй салу өнерімен өте орынды салыстырады яғни үйдің түрлі болып шығуы қалауынан, кірпішінен болатыны сияқты, әңгіменің де түрлі болып шығуы сөздің тізілуінен, айтушының (повествователь – О.А.) пікірлеуінен. Сөз дұрыс болу үшін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулықтарды жақсы білу, сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, көптеп, жіктеп

ымыраластыру, сөйлемдерді дұрыс орайластырып, құрмаластырып, орналастыру шарттарын алға қояды. Бұл жерде ғалым қазақ тіл білімінің мәселесін әдебиетпен тығыз байланыстыра қарастырады. Қазіргі тіл білімі саласына қатысты көп жайлар осы «Әдебиет танытқышта» ең алғаш нақтыланғанын баспасөз беттерінде тілші-ғалымдар жазып та, айтып та жүр. Ғалым қазақ тіл білімінің өркендеуіне қатысты оқулықтар мен методикалық құнды зерттеу еңбектер де жазды.

Оқу-ағарту, білім, ғылым мәселесін А.Байтұрсынұлы алғаш «Айқап» журналы мен «Еңбекші қазақ» газетінде көтерді және кейін оны өзі ашқан «Қазақ» газетінде де жалғастырды. Ғалым 1929 жылы 8 наурызда өзінің өмірбаянында жазғандай: «... қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге, кейін қазақ алфавитін және емлесін ретке салып, қазақтың жазба тілін бөгде тілдік қажетсіз сөздерден арылтуға, халықтық сөйлеу тәжірибесіне икемдеу үшін ғылыми терминдерді жасаумен және стильдік өңдеу үлгілерін» [8. 10] жүргізумен айналысқан. Ғалым қазақ оқушыларына тіл үйрету мақсатымен қазақша сауат ашатын әліппесін («Оқу құралы», 1912), мектептерде қазақ тілін пән ретінде оқытатын оқулық («Тіл құрал», 1915), қазақ тілін оқыту методикасын («Баяншы», 1920), тіл ұстарту мақсатын көздеген хрестоматия (Т.Шонановпен бірге) және қолданбалы грамматикаға арналған «Тіл жұмсар» (1928) кітабын құрастырған. Осы орайда А.Байтұрсынұлы сөзді талғау барысында: сөздің дұрыстығына, тіл тазалығына, тіл (лұғат) анықтығына, тіл дәлдігіне, тіл көрнекілігіне қатысты айтқан ой-тұжырымдары қазақ тіл білімі (лингвистика) саласының объектісі. Ғалым өзіне мынадай талаптарды

қояды және оны басқалардан да талап етеді. «Тіл тазалығы дейтініміз – ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау. Басқа тілден сөз тұтыну қажет болса, жұртқа сіңісіп, құлақтарына үйір болған, мағынасы халыққа түсінікті сөздерді алу» [3. 165]. Ахмет Байтұрсынұлы баспасөзде жарияланған барлық мақалаларында және өлеңдерінде тіл тағдырын ұлт тағдырымен қатарластыра, сабақтастыра отырып жазды.

А.Байтұрсынұлы – тұңғыш рет қазақ тілінің фонетикалық, грамматикалық, синтаксистік құрылымын талдап, жүйелеп танытқан ірі лингвист-ғалым. Сонымен қатар ғалым тіл мен әдебиетті, заң мен шаруа жайын (мал шаруашылығы, егін егу), мәдениет пен тарихты қазақ болмысына тірек ете отырып ұлт санасын, тілін, ділін, ғылымын, әдебиетін, мәдениетін, өнерін әлемдік өркениетке сай түбірінен жанартып, жаңғыртты.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ халқына сіңірген «біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын» (М.О.Әуезов) таудай еңбегін орыс ғалымдары А.Н.Самойлович (1919), Е.Д.Поливанов (1924), Н.Ф.Яковлев (1928), А.Н.Кононов (1974) [9] жоғары бағалап, көрнекті түркологтардың қатарында өз зерттеулерінде еске алады. Ғалымның қазақ алфавитін математикалық формула арқылы жүйелеуін, оқу құралдарын жасауын, фонетика мен грамматика, орфография саласындағы қазақ мәдениеті мен әдебиеті туралы зерттеулерінің маңызы туралы жазғандары жайдан жай емес. Сонымен қатар ғалымды өз замандастары да ХХ ғасырдың басында-ақ мойындап, 1923 жылы 50 жылдық мерейтойына орай М.О.Әуезов, С.Сейфуллин, Е.Омарұлы, М.Дулатұлы, Т.Шонанұлы және тағы т.б. Алаш қайраткерлері арнайы мерейтойлық мақалалар жазды.

Сәкен Сейфуллин: « ... Ахмет Байтұрсынұлы карапайым кісі емес, оқыған кісі, оқығандардың арасынан шыққан, өз заманында патшаның арам қулықты атарман-шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, дауысын шығарған кісі. Қазақ халқын байға, кедейге бөлмей намысын бірдей жыртып, арын бірге жоқтады. ... Құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлттық намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың кейбір оқығандары арларын сатып, ұлықтық іздеп жүрген кезде Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызметін қылды. Қазақ халқының арын, намысын жоқтап, «Маса» атты өлең кітабын және «Оқу хәм тіл құралын» жазып шығарды. Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін, шын ұлтшыл. Өз ұлтын ғана сүйетін Ахаң, өзі айтқандай «кызыл» бола алмады [2. 9]», – деп А.Байтұрсынұлының ғалымдық деңгейіне жоғары баға береді.

XX ғасыр басында Алаш қайраткері Міржақып Дулатұлы – Ахмет Байтұрсынұлының ғалымдығын орыс тілді аудиторияға тұңғыш рет танытқан тұлға. Оның «Ахмет Байтұрсынов» (М.Дулатов. Биографический очерк. Труды общества изучения Киргизского края. Вып. III. Оренбург, 1922) атты орысша мақаласы Ахмет Байтұрсынұлының 50 жасқа толу мерейтойына арнап жазылған. Бұл мақала ғұмырнамалық дерегі мол зерттеу болып табылады. Ахмет Байтұрсынұлының туған жерін, оқу жолын, шығармашылығын, ата тегін, кім екендігін осы зерттеуінде толыққанды жазды. Қоғам қайраткерінің «Қазақ» газетін ашудағы ерен еңбегі де үлкен азаматтық іс ретінде анықталған: «А.Байтұрсынов с большими трудностями и

лишениями окончив курс Тургайского училища в 1891 году задумывает попасть в Оренбург для продолжения образования. Как Ломоносов А.Байтұрсынұв со случайными попутчиками добирается до Оренбурга и поступает в киргизскую учительскую школу. ... 1895 году он кончает курс учительской школы» [9. 20].

А.Байтұрсынұлының ақындығы мен аудармашылығын, дарынды көсемсөзшілігі мен ғалымдығын М.Дулатұлы нақты талдаулар арқылы түйіндеген: «Ахмет Байтұрсынұв – народный поэт. Поэтическая деятельность его начинается с перевода басен Крылова на казахский язык. Как у человека, посвятившего всю свою жизнь просвещению народный массы, основная идея его высказывается и тут: как поэт-протестант, А.Байтұрсынұв поэзию превращает в оружие борьбы с политикой монархической России, угнетавшей казахов. Принимаясь перевести басни Крылова, он прежде всего имеет в виду великую возможность басен для воспитания детей и взрослых. Он выбирает для перевода из Крылова такие басни, которые понятны и соответствуют казахскому духу. Если Белинский про Крылова говорил: «Хотя он брал содержания некоторых своих басен из Лафонтена, но переводчиком его назвать нельзя, его исключительно русская натура все перерабатывала в русские формы и все проводила через русский дух», – то же самое мы можем сказать и в отношении А.Байтұрсынұва. Как у Крылова, так и у Ахмета Байтұрсынұва, о естественности, простоте и разговорной легкости языка тоже не приходится говорить. Ахметом переведено 40 басен Крылова, и под названием «Сорок басен» сборник выдержал уже несколько изданий.

Ахмет Байтұрсынұв – публицист и творец школы

киргизской художественной словесности. Как публицист А.Байтұрсынов не имея почти никаких материальных средств, в начале 1913 году основал первую в полном смысле этого слова, киргизскую газету «Казах», на страницах которой смело выдвигал нужды киргизского народа.

Вскоре газета «Казах», как единственный орган, отвечающий культурным и общественным запросам казахской жизни, завоевала общую симпатию и стала популярною в широких массах. Тогда как выходящие в то время газета «Казахстан» и журнал «Айкап», не находя среди читающей киргизской публики даже несколько сот человек, вскоре прекратили свое существование, «Казах» в конце первого года издания имел уже 3000 подписчиков. Насколько газета «Казах» была дорога молодежи, можно судить из того, что ежегодно, в день выхода первого номера в свет, из всех университетских и других городов, от учащих казахов получались в редакции приветственные телеграммы и письма. Через всех литературную деятельность Ахмета Байтұрсынова красной нитью проходят беспощадная критика и строгий анализ царской политики и протест против нее» [9. 21-23]. А.Байтұрсынұлының Крылов мысалдарын аударуының себебі, сол кездегі қалың ұйқыдағы қазаққа көмек қолын созған көп амалдарының бірі болатын.

Ғұлама ғалымның ғылыми-педагогикалық еңбегіне М.Дулатұлы әділ баға береді: «При Советской власти Ахмета Байтұрсынов занимал разные ответственные должности и в то же время не прекращал учительско-педагогическую деятельность. ... В результате научно-педагогических трудов Ахмета Байтұрсынова мы имеем казахскую азбуку, фонетику, синтаксис и этимологию казахского языка, теорию словесности

и историю культуры. Этим кропотливым трудом Ахмет Байтұрсынұв поднял казахскую словесность на высокую ступень и заложил прочный фундамент для национальной школы и родной литературы» [9. 25]. М.Дулатұлы – осы зерттеуі арқылы қазақ әдебиеттану ғылымында ахметтанудың алғаш негізін қалаған ғалым.

«Әдебиет танытқышта» әлем және орыс ғалымдарының есімдері мен еңбектерінің аты аталмаса да, теориялық зерттеудің басты қағидаларының қазығы әл-Фараби, Аристотель, Гегель, Лессинг, Буало, Б.Кроче, Ломоносов, Тредьяковский, А.А.Потебня, Д.Н.Овсяннико-Куликовский, А.Н.Скафтымов, В.Шкловский, А.Н.Веселовский, В.Я.Пропп, Р.Якобсон, В.М.Жирмунский, Б.В.Томашевский, Б.М.Эйхенбаум, О.М.Фрейденберг, Ю.Н.Тынянов, М.М.Бахтин, Л.С.Выготский, В.В.Виноградов, Г.О.Винокур, И.А.Виноградов, Ю.Лотман, Б.И.Ярхо, Л.Якубинский сияқты ғалым, әдебиеттанушылардың көзқарастарына бойлайтыны байқалады.

Тәуелсіздік кезеңіндегі зерттеулердің бір бағыты ұлттық әдебиеттанудың теориялық деңгейін әлемдік әдебиеттану аясында айқындау болып табылады. Жас ғалым Ұ.Еркінбаев ««Әдебиет танытқыштың» теориялық негізі» (2008) атты еңбегінде «Әдебиет танытқыштың» теориялық деңгейін ХХ ғасыр басындағы Ресей әдебиеттануымен салыстыра зерттеді. ХХ ғасыр басында сөз өнерінің поэтикасын үш бағытта яғни поэтикалық семантика, поэтикалық синтаксис және поэтикалық фонетика бағытында қарастырды. Осы аталған категорияларды А.Байтұрсынұлы және А.А.Потебня, Б.Томашевский, В.М.Жирмунский, Б.М.Эйхенбаум, Ю.Н.Тынянов, Р.Якобсон, М.М.Бахтин, В.Кайзер, Г.Г.Гадамер, М.Гаспаров, И.В.Силантьев,

Н.Д.Тамарченко, В.Е.Хализев, С.Н.Бройтман, В.Шмид еңбектерінде қай тұрғыда, қалай сараланғанын Ұ.Еркінбаев «Әдебиеттануға кіріспе», «Шығарма сөз жүйесіндегі стилистикалық айшықтар тілі», «Қара сөз бен дарынды сөздің трактовкасы» атты тарауға бөліп, ғылыми-теориялық талдаулармен салыстыра қарастырды.

Әлемдік ғылымда өнер түрлері: бейнелеу және сөз өнері болып жіктеледі. Ахмет Байтұрсынұлы осы жүйені өзінше айқындайды яғни өнерді *материалдық* («жан сақтау») және *рухани* («жан қоштау») салаларға бөледі. Ғалым «Әдебиет танытқыштың» «Аңдатуында» өнердің түрлерін саралаудан бастайды: «айналамыздағы нәрселердің бәрі не табиғат ісінен шыққан *жаратынды нәрсе* – табиғат дүниесі, адам ісінен шыққан *жасалынды нәрсе* – өнер дүниесі болады» [3. 150]. Ал, әлемдік ғылымда өнер түрлері – бейнелеу өнері және сөз өнері болып жіктеледі. «Әдебиет танытқышта» осы жүйе қазақ болмысына жақын ұлттық негізде айқындалған. Ғалым өнерді материалдық жағынан күн көру үшін жұмсалатын өнер – «*Тірнек өнері*» – үй салу, арық қазу, етік тігу, арба істеу, киіз басу, ыдыс жасау яғни «*жан сақтау*» және рухани жағынан көркемшілік үшін «*Көрнек өнері*» – әдемі ән, әсем күй, ажарлы сөз яғни «*жан қоштау*» деп бөледі.

Ресей ғалымы Д.Н.Овсяннико-Куликовский «Теория словесности» (1917) атты еңбегінде өнер және оның түрлеріне тоқтала келіп былай деп ой түйеді: «Понятие «искусство» шире понятия «поэзии». Искусство – один из видов человеческой деятельности, а поэзия – его разновидность. Кроме поэзии есть и другое искусство: скульптура, живопись, архитектура, музыка, танцы. Следует принять 2 основного вида искусства: 1. искусство образная – поэзия (образная) – скульптура;

рисунок и живопись; 2. искусство лирическая – лирика словесная, песня-музыка, танцы-архитектура» [10. 8].

Өнерсалаларынбұлайжіктеудегі А.Байтұрсынұлының алға қойған мақсаты – өзі зерттейтін сөз өнерінің басқа өнер салаларынан ерекшеленетін орнын айқындау. Ғалым сөз өнерін өзге өнердің бәрінен де биік, жоғары қояды. Не үшін жоғары қояды және өнер не үшін керек? Оның мәнісі – ғалым қазақтың сөз баққан, сөз күйттеген, сөз қадірін білген халық екенін зор мақтанышпен атап көрсетеді. Сондай-ақ, өнердің мақсатынан гөрі оның атқаратын қызметіне назар аударып, «Өнердің ең алды – сөз өнері» деген қағиданы дәлелдейді. «Өнер алды – қызыл тіл» дейтін қазақ мақалына сүйеніп, сөз өнерінің қазақ елі тағдырындағы айрықша рөліне тоқталып, асыл сөз өнерінің өнердің басқа түрлерінен яғни *сәулет* (архитектура), *сымбат* (скульптура), *кескін* (живопись), *әуез* (музыка) өнерінен айырмашылығы мен артықшылығын жан-жақты талдайды. «Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама-қадарынша сөз өнері атқара алады. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай әдемі ән-күй болсын сөзбен сөйлеп, сүгіреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді» [3. 151].

А.Байтұрсынұлы сөзбен қалай сымбаттауға немесе кескіндеуге болатынын мысалдар арқылы бекітіп отырады. Ғалым өнер туралы айта келіп, көркем сөз өнерінің тарауларын жеке-дара көрсетіп, сөзбен суреттеудің, сипаттаудың, кескіндеудің небір асыл үлгілерін Абай, Мағжан, Батырлар жырымен, халық ақындарының өлеңдерімен дәлелдейді. Бұл саладағы өз тәжірибесімен де бөліседі. Сөз өнерінің көркемдік деңгейінің биіктігін таныту үшін ғалым келесі мысалдарды келтіреді. Мысалы:

1. Абайдың әйелді сымбаттауы:

Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы,
Аласыз қара көзі нұр жайнайды.
Жіңішке қара қасы сызып қойған,
Бір жаңа ұқсатамын туган айға.

Маңдайдан тура түскен қырлы мұрын,
Ақша жүз, алқызыл бет тіл байлайды.
Көрінер аузын ашса кірсіз тісі,
Сықылды қолмен тізген, іш қайнайды ...

2. Абайдың күзгі күнді сүгіреттеуі:

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,
Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.
Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма,
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.

Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,
Айырылған жапырағынан ағаш, құрай ...

3. Мағжанның толқынды кескіндеуі:

Толқыннан толқын туады,
Толқынды толқын қуады.
Толқын мен толқын жарысад,
Күңіренісіп кеңеспен.
Бітпейтін бір егеспен,
Жарысып жарға барысад ...

Ал, ресей әдебиеттануында М.М.Бахтин көркем сөз өнерінде жұмсалатын сөзді «материал» ретінде қарастырады: «Поэтика, определяемая систематически, должна быть эстетикой словесного художественного творчества. Это предвидение подчеркивает ее зависимость от общей эстетики. ... Для поэтики, как и для всякой специальной эстетики, где, кроме общеэстетических принципов, приходится учитывать и природу материала, в данном случае – словесного, лингвистика как подсобная дисциплина, конечно, необходима ...» [11. 40-41].

Араб әдебиетінің тарихын, дамуы мен қалыптасуын көне дәуірден бастап ХІХ ғасырдың соңына дейінгі аралықта қарастырған ғалым Ханна әл-Фахури өз зерттеуінде ғылыми түрде жүйелейді. Араб ғалымының ғылым, әдебиет және өнер түрлері жайында жазған ой-тұжырымдары А.Байтұрсынұлының пайымдауларымен сарындас, үндес келетіндігіне көз жеткіздік. Ғалым еңбегінің аңдатпасында былай дейді: «...Литература, как и другие виды искусства, ставит своей целью эстетического отображение зримых и незримых явлений. Так же наука ищет истину, опираясь на теоретическую мысль, как промышленность стремится к созданию благ, опираясь на практический ум, так литература стремится отобразить красоту, литература опираясь на человеческий ум во всех его проявлениях. Художественная красота одновременно воздействует на *разум, чувство, воображение*. *Изящные искусства* делятся на 5 видов: 1. *поэзию* – стихотворный текст и его декламация; 2. *скульптуру* – 3. *живопись* – краска и воображение; 4. *архитектуру* – камень и точность; 5. *музыку* – голос, музыкальный инструмент и мелодия» [12. 5].

Абайдың күзді әліптеуі, Мағжанның толқынды

сипаттауы (пейзаж) да – әліптеме болады. Пейзаж – әдеби шығармадағы табиғаттың, жаратылыстың әсем көрінісі, көркем бейнесі. ... Негізінде пейзаж ұлттық тілдің көркемдік, мөлдір, терең сырларын, сөздің музыкалық, поэзиялық қасиеттерін жарқырата ашуға ұйытқы болса, екінші жағынан, шығарманың ішкі мазмұнын, идеялық сапасын да байытады.

Абайдың ән мен күйді сөзбен сипаттап танытуы:

*Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа,
Адам ойы түрленіп ауған шақта.
Салған ән көлеңкесі сол көңілдің,
Тактісіне билесін ол құлаққа.*

*Әннің де естісі бар, есері бар,
Тыңдаушының құлағын кесері бар.
Ақылдының сөзіндегі ойлы-күйлі,
Тыңдағанда көңілдің өсері бар ... [3. 154].*

А.Байтұрсынұлының өнер тарауларын саралап, әрқайсысына дәл анықтама беруінен « ... сөз жоқ, неміс ғалымы Лессингтің әйгілі «Лаокоон» трактатымен таныстықты байқауға болар еді. Сол сияқты әдебиет тектерін таратқанда, ішкі ғалам (субъективті әлем), тиіс ғалам, түйіс ғалам (объективті әлем) ұғымдарын пайдалану ескідегі Аристотель, кейінгі Гегель, бергідегі Белинский, Веселовский концепцияларын еске түсіреді», – дейді академик Рымғали Нұрғали [13. 51].

Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыштың» «Сөз өнері» атты бөлімін асыл сөз өнерінің поэтикасына арнаған. Ғалымның пікірінше, сөз өнері адам санасының үш негізіне: *ақылына* (аңдау), *қиялына* (меңзеу), *көңіліне* (түю, талғау) тірек етеді. Ойды тілмен айтып жеткізудің,

білдірудің өте қиын екендігін ескертіп, сөз өнерінің рухани қызмет атқаратынын да ортаға салады. «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау» [3. 154] үшін көп шеберлік керек деп түйіндейді. Әр ақын, әр жазушы сөздің басын өзінше құрастырып, өз білуінше пікір білдіреді. Әр ақынның, жазушының шығарған сөздерін оқу барысында өзіндік белгісі (стилі), айырымы арқылы ажырата аламыз.

Ғалым қазақ әдеби тілінің тазалығына да қатты көңіл бөліп, орыстың классик жазушыларының талаптарын үлгі ретінде ұсынады: «...Мүддесін тілмен айтып жеткізу қиын екендігін мынадан байқауға болады: орыстың асқан ақыны Пушкин жазған өлеңдерінің кейбіреуін 13 рет түзеткен. Орыстың асқан ойшысы Лев Толстой шығарған сөздерін баспаға беріп қойғаннан кейін де талай өзгертеді екен» [3. 155].

Ғалым Қажым Жұмалиев осы қағиданы былай түзеді: «Тіл қорынан сөздердің ең керектісін тандап, талдап ала білудің және олардың сөйлемнің құрамында шебер қиюластырудың арқасында адам ойының түюі мен сезім түйсігінің әр алуан құбылысын суреттеп бере алады» [14. 60]. « ... Шеберлердің қолынан шыққан нәрселермен таныс адам, сол шеберлердің істеген нәрселерін қай жерде көрсе де айтпай таниды, мәселен, пышақты көріп, «мынау пәлен ұстаның қолы екен» дейді, ерді көріп, «мынау пәлен ершінің қолы екен» дейді. Сол сияқты сөз өнерпаздарының да шығарған сөздерін оқып, лұғатына үйір болғаннан кейін, оның бұрын оқылмаған, аты қойылмаған сөздерін де тануға болады. Сөздің өзін танытатын белгі – тіл яки лұғат белгісі болады» [3. 155]. Сондықтан А.Байтұрсынұлы сөз шығарушыларға да талап қояды: ол – «лебіз заңынан

шыққан сөздің асыл болуының жалпы шарттарын» білу қажеттігі.

«Сөз қисыны яки лұғат қисыны» деп аталатын тараушасында сәулет өнері мен сөз өнерін сабақтастыра салыстырып, «дыбыс – топырақ», «сөз – кірпіш» [3. 163], – деп бейнелі түрде сәулетті сарайлардың салынуы мен сөз құдіреті арқылы сұлу да көркем дүниелердің туу үдерісіне ғылыми салыстырулар жасаған. Ғалым Ө.Әбдиманұлы «Тарихи тұлға тағылымы» (2007) атты зерттеу-эссесінде А.Байтұрсынұлының сөз кестесін терең танып, оны әртүрлі сипатта қолданылу заңдылықтарының болмысына, сырына ерекше көңіл бөледі.

А.Байтұрсынұлы қазақ сөз өнерінің өзіне тән ерекшеліктеріне қатысты құбылыстарды ХХ басында-ақ түсіндірсе, ресей ғалымдары кейін яғни 1930 жылдары жазылып, тек 1970 жылдардың аяғында жарық көрген М.М.Бахтиннің зерттеу еңбектері арқылы білді. Осы тұста ғалым стиль, стилистика туралы және көркем сөз өнерінің тіл білімі ғылымына қатысты көкейкесті «психолингвистикалық», «стилистикалық» проблемаларды сөз етіп отыр. А.Байтұрсынұлының 1920 жылдың өзінде-ақ стиль мен жанрдың арақатынасы жөнінде өзекті ой-пікір түйіндей білгендігін әдебиеттанушы А.Ісімакова (1998) өз зерттеуінде ғылыми тұрғыда дәлелдеп жазды. А.Байтұрсынұлы мен М.М.Бахтинді әдебиеттанушы қатар қойып, жан-жақты талдайды: «Главным в научной мысли А.Байтұрсынова является то, что он так же, как М.М.Бахтин рассматривает литературу как «сөз өнері», не разделяя единое словесное творчество на фольклор и литературу. Для ученого это одна система, но при необходимости уточняет, что речь идет а «произведениях казахской

устной литературы». Как говорили А.Байтұрсынұв и М.Бахтин: «Нет ни первого им последнего слова и нет границ диалогическому контексту (он уходит безграничное прошлое и в безграничное будущее). Даже прошлые, то есть рожденные в диалоге прошедших веков, смыслы никогда не могут быть стабильными (раз и навсегда завершенными, конченными) – они всегда будут меняться (обновляясь). В любой момент развития диалога существуют огромные, неограничение массы забытых смыслов, но в определенные моменты дальнейшего развития диалога, по ходу его, они снова вспомнятся и оживут в обновленном (в новом контексте) виде. Нет ничего абсолютно мертвого: у каждого смысла будет свой праздник возрождения. Проблема большого времени.

Более того, А.Байтұрсынұв еще тогда определил зависимость жанра от стиля обоснованного М.М.Бахтиным в 30-годы. Сегодня констатируя общность концепта диалога у А.Байтұрсынұва и М.Бахтина мы гордимся не только созвучием идей, но тем, что трансисторичность диалога зародилась на казахской земле. Оба ученые были репрессированы. Труды М.М.Бахтина, оставшегося в живых, были изданы в 1970-е. А научные наследие А.Байтұрсынұва вернулось только в конце 1980-х. годов» [15. 15-16].

«Әдебиет теориясының мәселелері» (1938) атты зерттеуінде ғалым Есмағамбет Ысмайылов стиль категориясын былай түсіндіреді: «Қоғамның, әлеумет өмірінің өзгеруімен оның әдебиеті де өзгеріп, жаңа таптың жаңа жағдайына үйлесіп отырады. Бұрынғы болып өткен таптың өз өмір тану аумағында жаңа стиль жасалады. Сондықтан қай дәуірдің әдебиеті болсын оның өзінің стилі болады» [16. 58].

Көркем құбылыстың ішкі иірімдерін кең түрде саралауда айтарлықтай жемісті еңбек еткен қазақ теоретиктерінің бірі – академик Қажым Жұмалиев. Ғалымның «Стиль – өнер ерекшелігі» (1966) атты еңбегі көркем шығарма табиғатын зерттеудегі қазақ әдебиеттану ғылымындағы ғалымның тың қадамы болатын. «Стиль – жазушының өзі» деген қағиданы дәлелдей отырып: «Стиль ұғымына жазушының тілі, сөйлем құрылысы, мәнері, шығармаларының композициясы, оқиғаны дамыту әдістері, тақырып таңдаулары, жанрлық ерекшеліктері, тағы басқа компоненттері кіреді» [17. 13], – дейді.

Адам өмірі сөз болған жерде оның табиғи жаратылысы, көңіл-күй міндетті түрде суреттеледі. Психологиялық прозаның жанрлық, стильдік, көркемдік ерекшеліктеріне орай кейіпкер психологиясы да әр алуан тәсілде зерттелініп, зерделенеді. Көркем шығармадағы кейіпкер характеріне психологиялық талдау жасалынбаса А.Байтұрсынұлы жазғандай, «адамның ойына өң беріліп, көңіліне күй түсірілмейді».

Қазақтың көркем прозасындағы «психологизм» категориясын сөз етіп жүрген ғалымдар Б.Майтанов пен Г.Пірәлиева зерттеулерінде адамның сезімдік құбылыстарын әр қырынан талдайды. Қазақтың психологиялық романдарына, оның поэтикасы мен стиліне, даму кезеңдеріне талдау жасаған Б.Майтанов «Қазақ романы және психологиялық талдау» атты еңбегінде «психологизмді» психологияның әдебиет ордасындағы тұрақты елшісі, көркемдік әлемінің жұлын-жүйесі деп таниды. Сондай-ақ, оның негізгі қызметі өмірдегі шындық пен көркем шындықтың тамырластығын сақтайтын ұстанымына да тоқталады. Ғалым: «Психологизм – көркем әдебиеттің тұтас

болмысынан ажырамас қасиет, ... көркемдік бейнелеу принципі, ойлау типі, жазушы талантының төл белгісі әрі стиль көрінісі» [18. 335],– деп таниды.

Олай болса, сөз өнеріне тән көркемдік құндылықтарды, эстетикалық танымды танытатын әдеби психологизм жүйесін, психологиялық талдау жүйесін қазақ әдебиеттану ғылымы да кеңінен қарастырып, әртүрлі деңгейде зерттелінуде.

А.Байтұрсынұлы атаған жоғарыдағы үш тірек яғни «ақыл, қиял, көңіл» туралы ойын ғалым Г.Пірәлиева былай сабақтайды: «Осы аталған үш негіз – адамның жан жүйесін (Ж.Аймауытов), санасын зерттейтін жазушылардың негізгі объектісі. Ақыл, қиял, көңіл терең зерттелмей, адам табиғаты жан-жақты танылып, оның ішкі жан дүниесіне тереңдей ену мүмкін емес. Демек, әдебиетті – сөз өнері арқылы адамды зерттейтін ғылым яғни адамтану ғылымы деп алғаш рет А.Байтұрсынұлы айтып, ғылыми айналымға енгізген» [19. 8].

А.Байтұрсынұлы сөз өнерін осы психологизм категориясымен тікелей байланыстыра қарастырады. Сөзіміз дәлелді болу үшін А.Байтұрсынұлының өз сөзіне сүйенейік: «Ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіптеп, қисынын, қырын, кестесін келістіріп сөз арқылы тысқа шығару» [2. 162] яғни келістіріп айту сөз өнері болады. Адамдардың психологиялық жайы, көңіл күйі, түр-түсі, іс-әрекеті яғни портреті, психологиялық сыртқы қимыл-көріністері, сөз бен ойлау жүйесі, т.б. бәрі де – көркем шығармадағы әдеби психологизмнің зерттейтін нысаны.

Бір байқалатын нәрсе – А.Байтұрсынұлы қалыптастырған бір қатар пән сөздер, ғылыми атаулармен ұғымдар қазіргі кезде қолданылып жүрген терминдерге дөп келе бермейді. Мысалы, ғалым рухани әлемді

«адам санасы», ал стильді «оңтай» немесе «машық» деп алады. Осындай пән сөздер мен ғылыми атауларға байланысты кейбір қабыспаушылыққа қарамастан, А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» көркем сөз сырларын түсінуге әлі де қажетті еңбек. Қазіргі таңда жас зерттеушілерге, ізденушілерге берер пайдасы ұлан-асыр. Көптеген қисын-қағидалары осы күнгі біздің әдебиет жайындағы түсінігімізге қайшы келмейтіні былай тұрсын, қайта пікір жалғастыруға, дамытуға жәрдемдеседі, ойға ой қосады. Сөз өнері, шығарма, мазмұн, жоспар дегеніміз не деген атау мен пән сөздердің теориялық анықтамасын Ахмет Байтұрсынұлы осылай деп айқындаған. Сонымен бірге оларды нақты мысалдармен бекітіп отыратын зерделі зерттеуі әлі де өз құндылығын жоймайды.

Ғалым сөз өнерін осылай жан-жақты зерттеп, ондағы әрбір жанрлардың өзіне тән ұғым-түсініктерін де бере білген. А.Байтұрсынұлы психологиялық прозаның да жанрлық, стильдік ерекшеліктерін айқындайтын нақты теориялық тұжырымдарын «Әуезе яки әңгіме түрлі сөздер», «Толғау түрлері» атты тарауларда оны ары қарай дамытты.

XX ғасырдың 20-жылдарында әдебиет пен өнерді өркендету мақсатында творчестволық ұйымдардың ішінде ВОАПП, РАПП ұйымдары жаңа әдебиеттің идеялық нысанасын айқындауда бірқыдыру қызметтер атқарды. Баспасөз ісін өркендету мақсатында РКП(б) Орталық Комитеті казак әдебиеті мен өнерінің дамуына да баса назар аударып отырды. Осының негізінде 1925 жылы 11 маусымда ҚазААП құру туралы Қазақстан өлкелік партия комитеті арнаулы қаулы қабылдады. Республикалық масштабта жұмыс істеген ҚазААП-тың алдында екі міндет тұрды. Бірі – еңбекші

таптың мүддесін қорғайтын акын-жазушыларды ұйымдастырып, пролетариат бағытындағы ұлт әдебиетін қалыптастыру, өркендету; екіншісі – әдебиет пен мәдениет саласындағы «буржуазияшыл-ұлтшылдықпен» күресу.

1925 жылы 18 июньде РКП(б) Орталық Комитетінің «Партияның көркем әдебиет саласындағы саясаты туралы» қаулысы жарияланды. Онда пролетариат жазушыларының үстемдігін орнату, сөйтіп Қазақстандағы буржуазияшыл-ұлтшыл жазушылардың кертартпа идеяларына тойтарыс беріп, пролетариат әдебиетінің даму жолын айқындауды мақсат етті.

Сөйтіп, ҚазААП қазақ әдебиетінің кең құлаш жайып өсуін, сын мен әдебиеттанудың табыстарға жету мәселесін күн тәртібіне қойды. Қазақ тілінде бұл саладан теориялық оқулықтар пайда бола бастады. Қазақ әдебиеттану ғылымында ХХ ғасырдың 20-жылдарының орта тұсында әдебиет теориясына арналған күрделі зерттеу еңбектердің бірі де бірегейі болып Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» 1926 жылы Ташкентте жарық көрді.

Қазақ ғалымы еңбегінің бір ерекшелігі жоғарыда біз тізбелеп өткендей тоталитаризмнің әдебиет саласындағы саясатының, социалистік реализмнің нормативтік ережелерінің «салқыны» зерттеуде кездеспейді. Рас, ол кезде социалистік реализм әлі де үстемдік ете қоймаса да, оның бірқатар нышандары бой көрсете бастаған болатын.

«Әдебиет танытқыш» – тың, соны ойларды тұжырымдауымен де құнды. Теориялық еңбекте өнер атаулыға қойылатын жалпы шарттар мен талаптар, әдебиеттің сыр-сипатын танытатын тұстары да жан-жақты баяндалған, нақты деректермен толықтырылған.

Творчество өкілін «таптық», «халықтық», «партиялық» [4] дейтін ұғымдар аясында ғана қызмет етуге міндеттейтін шектеулерден ғалым еңбегі мүлде алыс.

А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышта» асыл сөздің теориялық ұғымдарын, өзіне тән қасиеттерін сөз етеді. Мысалы, әдеби көркем шығарманың құрылымына тоқталып, оның сыртқы сипаттарын, алғы шарттарын атап-атап береді. «Сөз өнерінен жасалып шығатын нәрсенің жалпы аты – шығарма сөз. ... ауызша шығарған сөз болсын, жазып шығарған сөз болсын – бәрі де шығарма болады. Шығарманың түрлері толып жатыр. Оның бәрін шумақтап бір-ақ атағанда, арабша – *әдебиет*, қазақша – *асыл сөз* дейміз. Шығарма сөздің бәрінен бұрын байқалатын тысқы нәрселері: 1. Тақырыбы; 2. Жоспары; 3. Мазмұны; 4. Түрі» [3. 156]

«Әдебиет танытқышта» шығарма табиғаты, оның құрылымы жөніндегі ой-пікірлері өте-мөте зер саларлық. Сол пікірлерін ғалым көркем шығарманың тақырыбы мәселесінен бастайды. Пікірі тұжырымды, алайда бұл тұжырым кең өрістетіліп, дәлелденбеген. Мысалы, шығарма тақырыбы туралы орнықты, дәлелді пікір айтады. Ғалым пайымдауындағы *тақырып* – әңгімедегі пікір не нәрсе туралы болса, сол нәрсе шығарманың тақырыбы. Тақырып шығарманың басына қойылады. Ғалым осылай әдебиет ғылымы үшін өзекті проблемалардың бірі – тақырып пен әңгімедегі пікір сабақтастығы туралы да сөз қозғайды. Әдебиеттің тақырыбы – бұл ғылыми еңбектің тақырыбы емес, оның да өзіндік өзгешеліктері бар. Олар қандай? Жазушы белгілі бір тақырыпқа қалай барады? Тақырыптың шығарма идеясымен сабақтастығы қандай? Осы сауалдарға ғалым өз тұжырымы мен жауабын береді. Кез келген әдеби шығарманың *тақырыбы*,

сюжеті, мазмұны бір-бірімен қабысып, сабақтасып жататындығы белгілі.

Мысалы, «Айман-Шолпан», «Бакытсыз Жамал», «Атымтай Жомарт» деген сөздерді көріп, кім туралы айтылатын әңгіме екенін бірден білеміз. Сонымен бірге тақырыбы басына қойылмаған, мысалы өлеңдер сияқты бастапқы жолымен айтылатын шығармалар да кездеседі» [3. 156].

Ресей ғалымы Б.В.Томашевскийдің тақырып туралы айтқан ойлары кей тұстарда Ахаң ойымен үндестік тауып жатады.: «В художественном выражении отдельные предложения, сочетаясь между собой по их значению, дают в результате некоторую конструкцию, объединенную общность мысли или темы» [20. 176].

А.Байтұрсынұлы автордың шығарма жазар алдындағы толғанысына, ой түюіне (замысел) тоқталмайды. Тақырыбын таңдаған соң жазушы оқиғаның сатыларын алдын ала анықтайтыны хақ. Алайда, бұл тұжырым кей ретте шығарманың жазылу практикасына дәл келе бермейді. Дегенмен, ғалымның тақырып мәселесіне қатысты пікірлерінің маңызын кемсітуге, төмендетуге болмайды. Қазіргі Тәуелсіздік кезең тұрғысынан қарағанда, Ахмет Байтұрсынұлының көзқарасы өз ерекшелігімен көзге түседі. Ғалым тақырып мәселесін белгілі бір идеология қазығына байламайды, саясаттың мақсат-мүддесіне бағындырмайды. Ғылыми жағынан негізі мықты болса да, мұндай көзқарас сол кездегі үстем идеологияға «қайшы келді».

Ғалым Е.Ысмайылов тақырыпты былай нақтылайды: «Тақырып – әдебиеттің мазмұнды формасы. Тақырып – жазушының алған бағыты... Негұрлым тақырып қызықты, мазмұнды болса, соғұрлым шығарма жақсы шығады; жазушының таланты, шеберлігі қатар келмесе,

тақырып еркін меңгере алмаса кейде аса маңызды тақырыптың өзінің құнын кетіріп, дұрыс бере алмай, бағасын төмендетеді» [16. 189].

Жоспар – сөз шығарудан бұрын шығарушы айтатын пікір. ... Қай шығарма сөзде де болса жоспар болады, бірақ біреуінің жоспары, тәртібі сара-сара ашық болады, біреуінің жоспары тәртіпсіз, былықпа, ашық болмайды. Қаншама кішкентай шығарма болса да, өзіне сәйкес жоспары болады. Балғожа бидің баласына жазған хаты деген кішкене өлең бар, кішкене өлеңнің кішкене жоспары мынау: « ... 1. Оқудағы баласына ата-анасының амандығын білдіруі; Баласына айтқан ақылы; 3. Оқымаған қазақ балалары не істейтінін көрсетуі.

Әңгіме үлкенірек болса, жоспары да үлкен болады. Алайық, мәселен, Сейдахмет ақынның қондырмаған құрбысына айтқан өлеңін. Бұл әлгі айтылған өлеңнен үлкенірек, мұның жоспары да үлкенірек: 1. Құрбысының кім екені; 2. Құрбысына қонуға келгені; 3. Құрбысының қондырмағаны; 4. Қалаға жақын жердегі қонағасының қымбат-арзандығы; 5. Көңілдестігін көрсетуі» [3. 157]. Ғалым шығарманың тысқы белгілерін яғни көркем дүниенің дамуы мен қозғалысын, теориялық тұрғыдан талдаудың әдіс-тәсілдерін осылай көрсетеді.

Шығарманың тақырыбынан басқасы *мазмұны* болады. «Мазмұнның үш мүшесі болады: 1. *андату*; 2. *мазмұндау*; 3. *қорыту*». Мазмұнның негізгі мүшелерін атқару қызметіне (функциясы) қарай ажыратып берген соң ғалым оның ерекшеліктеріне тоқталады. Мазмұнның андатуында мазмұн туралы алдын ала айтарға керек болған ғана ойлар айтылып шығады. Сондықтан мазмұнның бұл мүшесі шығарған сөздің бәрінде де бола бермейді. Андату мүше шығармаларда керегіне қарай болады.

Мазмұндауында ой тиегін ағытқан сияқты айтайын деген пікірдің бәрі айтылады. *Мазмұндау* – шығарманың мазмұн мүшесінің ең зоры. ... *Қорыту* мүше де мазмұн біткеннің бәрінде бола бермейді, бұ да керегіне қарай болатын мүше.

А.Байтұрсынұлы шығарма мазмұнының алуандығын іштей төртке бөледі де олардың әр түрін түсіндіру үшін мысалдармен бекіте отырып баяндайды.

1. *Жай сөйлеу түрінде* яғни баяндау немесе *әуезе*:

*Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ер жеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім ...*

2. *Сөйлестірген түрде* немесе *әуезе* – мұнысы *диалог*. Ал диалог көбінесе драмалық шығармаларға тән. Диалог арқылы кейіпкерлердің ішкі сырын аңғарамыз яғни жазушының сөйлестіре білу шеберлігі әдеби шығармада халықтың тіл байлығын молынан пайдалану, орнымен қолданудың ұтымды тәсілі. А.Байтұрсынұлы мысал ретінде М.О.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» трагедиясындағы Кебек пен Ақан абыздың сөйлесуін келтіреді.

– Кебек :

– *Ассаламағалейкүм! Кеш жарық (төрге шығады).*

Ақан :

– *Әликсалам, е, жарқын, қай ұлсың? Танымадық.*

– *Ата, Тобықты Тоқтамыстың інісімін. Атым Кебек болады (Еңлік қарайды)*

– *Уа, Тобықтының ер-азаматы аман ба? Елдерің тыныштық па?*

– Шүкіршілік, аман, ата (үй ішіндегілердің бәрімен де амандасады). (Біраз тым-тырыс).

– Жарқын, беймезгіл уақытта келдің, мына пісіп тұрған аз дәмге риза боламысың, жоқ қайтадан қазан көтерсін бе?

– Осы да болады ғой, ата, көтермей-ақ қойсын.

– Өзің түнделетіп қайдан жүрсің, балам?

– Бүгін бір аңшылық қыла шығып едім, әлгі бір әзірде тұлкінің ізі кездесіп еді, аң көздің құрты ғой, күн батқанға қарамай соның ізіне түсіп, жаңа мына бір жердегі шатқалда алғыздым. Соған алданып жатқанымда бұлыңғыр түсіп кеткен екен, әйтеуір иттің дауысымен осында әрең жеттім. [З. 158-159].

3. *Хат түрінде* (эпистолярлық форма) – бұл прозалық та, поэзиялық шығармаларға да тән сипат, құбылыс. Хат түрінде яғни эпистолярлық формада жазу үлгісін ХҮІІІ ғасырда орыс ақыны Н.М.Карамзин жүзеге асырған. А.Байтұрсынұлы бұл жерде Балғожа бидің оқудағы баласына жазған хатын мысалға алады:

*Үміт еткен көзімнің нұры балам,
Жаныңа жәрдем етсін Құдай тағалам.*

*Атаң мұнда анаңмен есен-аман,
Сүйтіп сәлем жазады бүгін саған...*

*Атаңды сағындым деп асығарсың,
Сабаққа көңіл бөлсең басыларсың.*

*Ата-анаң өнер білсең асырарсың,
Надан боп білмей қалсаң, аһ ұрарсың.*

Шығару түрі барлық уақытта бірдей боп келе бермейді яғни кілең сөйлеу түрінде, сөйлестірген түрде яки хат түрінде. Көбінесе аралас түрде, әсіресе сөйлеу мен сөйлестірген түрде аралас келіп отырады.

Ғалым Е.Ысмайылов «Әдебиет теориясының мәселелері» атты зерттеуінің «Сөйлеу түрлері» тарауында былай дейді: «Жазушы роман, новелла жазғанда бірнеше түрмен сөйлейді кейде өз ауызынан, кейде екінші адамның, кейде хат есебінде сөйлеп отырады. Әсіресе көп кездесетін сөйлеу – жазушы өзі қатыспай, бөгде түрде айтып отыру. Жазушы адамды, жағдайды, болған уақиғаны біртіндеп жазып отырады. Мұнда жазушы бұл уақиғаны өзі қайдан білді, қалай білді, ол туралы түсінік бермейді. Сөйлеудің бұл түрі Толстой, Горький, Бальзак сияқты ірі классиктерде көп кездеседі. Хат және күнделік дәптер арқылы болған оқиғаны сөйлеу бар. Екі кісі біріне-бірі хат жазып, сол хат арқылы болған уақиғаны жүрек сыры арқылы ашып отырады. Достоевскийдің «Бейшаралар» деген романы осы түрде жазылған» [16. 225].

4. *Аралас түрде* келетін шығармаға А.Байтұрсынұлы мысал ретінде «Жәнібек батыр» әңгімесін алған.

« ... Жәнібек батыр бала күнінде ақыл, білім үйрену үшін Қаракерей соқыр Абыз дегенді іздеп кеген екені. Сәлем беріп кіріп келсе, қарттықтан жағын жібекпен таңып отырған адам екен. Жәнібекті көріп:

– Сен қай ұлсың?, – деді.

– Қошқар ұлымын, – деді.

– Қошқардың адам иісті бір ұлы бар деп еді, сол боларсың ба?, – деді.

– Осы жақта қарт атамыз бар дегенге, қолын алып, бір-екі ауыз ақыл-білім алайын деп жүр едім, – деді.

– А-а!!! Ел бастап, жұрт алайын деген ұл екенсің, сөз бастап би болайын деген ұл екенсің ...

Жәнібек оған да айтады:

– Осы жақта бір қарт атамыз бар дегенге жолығып, қолын алып, бір-екі ауыз ақыл сұрамақшы едім, – деп.

– Е-е-е! – деді би. – Азуы алты қарыс Арғынның Қошқарұлы Жәнібегі Алшынның бір алжыған шалын келемеж қылып кетейін деп едім десеңші.

Жәнібек:

– Мен сөз сұраймын деп келсем, көңілімді қайтарды ғой, – деп атының басын бұрып алып, жүріп кетеді. Аанадай жер барғанда, би:

– «Әй, Жәнібек!» – деп шақырады.

Жәнібек артына қарайды.

Сонда би:

– Атыңның басын бұрма, солай тұр! Жүзім кішілігінен бір ауыз сөзбен көңіліңді қайтардым. «Өгізді өрге салма, қанатың талар, жаманға жүзің салма, сағың сынар, – депті ...» [3. 159-161]

Ғалымның бұлай саралап бөлуі шығарманы баяндау тәсілі (способ повествования) тұрғысынан қарастырады: «Айтушы ойын өзі үшін айтпайды, өзге үшін айтады, сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту керек. ...әркім сөзді өз қалауынша алып, өзі оңтайлы көруінше тұтынады. Сөздің келісті болатын заңдарын, шарттарын біліп тізу – сөз қисыны» [3. 164]. Сонымен қатар А.Байтұрсынұлы шығарма тілінің ғылымын сол кездің өзінде-ақ жеке ғылым дәрежесіне көтере білді және осы бағытта баяндау тәсілдерінің қайталанбас нұсқаларын ұсынды.

Көркем шығармадағы баяндау тәсіліне лингвистикалық тұрғыдан талдау жасаған ғалым Б.Шалабаев: «Әр жазушы, әр ақын ұсынып отырған идеясын неғұрлым ұтымды, ұғынықты түрде беру үшін баяндаудың қай жақта (I, II, III – жақта) жазылуын белгілеп, шығарманың композициялық құрылымын түзеді» [21. 16], – дейді. Қаламгер өзінің шығармашылық ой-жоспарын көркем шындыққа айналдыру үшін көркем

сөздің құдіретін пайдаланады. Өмірдің құбылысын бейнелеуді көркем образдар арқылы жүзеге асырады. Осылай образдарды жасау үстінде жазушының да ақынның да өз стилі қалыптасады.

Әдебиеттану ғылымында әдеби туындының жүйесін құрайтын, эстетикалық өлшемі саналатын портрет мәселесі (мүсіндеу өнері) жазушының жалпы шығармашылығы мен жеке шығармасына қатысты. Бұл портрет мәселесі, оның эволюциясы теориялық тұрғыдан да біршама зерттелген. Мұны қазақ әдебиеттану ғылымында Е.Ысмайылов, З.Ахметов, З.Қабдолов, Р.Бердібай, Б.Майтанов сияқты ғалымдар әр жылдардағы зерттеу еңбектерінде қарастырған.

Қазақ реалистік прозасының негізін қалаушы жазушылар Жүсіпбек Аймауытұлы мен Міржақып Дулатұлының романдарындағы автордың ғалам мен адам мәселелеріне деген концептуалды көзқарасына негізделген кейіпкерлердің портреті әлі де зерттеушісін күтіп тұрған тақырып.

Әдебиеттанушы А.Байтұрсынұлы « ... шығарманы жазудағы автордың ой-ниеті тұрғысынан алғанда, тақырып – алдымен болашақ туындыға арқау болатын мәселелер, қамтитын жағдай, оқиға, суреттелетін өмір құбылыстарының шеңбер-шегі. Ал шығарманы талдау тұрғысынан қарасақ, тақырып – шығарманың мазмұнының негізгі бір құрамды бөлшегі, айтылған, суреттелген жайлардың қоғамдық өмірдегі маңызды мәселелер дәрежесіне көтеріліп, көркемдік шындыққа айналған қалпы» [З. 156].

А.Байтұрсынұлы тақырып пен идеяның бірлігін оқушысына жете түсіндіріп берген. Ал осы ой-пікірді өзінен кейінгі әдебиеттанудағы ізбасарларының бірі Қ.Жұмалиев: «Шығарманың тақырыбын шығарманың

идеясынан бөліп қарастыруға болмайды. Жазушының шығарманы не туралы жазуын тақырыбы десек, шығармадағы өмір құбылыстарына оның көзқарасы, қалай бағалаушылығы – шығарманың идеясы болмақ» [14. 41], – деп ой түйеді.

Тақырып туралы ғалым Е.Ысмайылов: «Тақырып жазушының идеясымен байланысты дәуірдің тілегінен туады» [16. 191] десе, З.Қабдолов тақырып-идея-мінез-тіл бірлігін тұтас алып қарастырады яғни бір-бірімен тығыз байланыстырады. Оқып көрейік: «Жазушының шындық болмыстан таңдап, талғап алып, өзінің көркем шығармасына арқау, негіз еткен өмір құбылысы туралы айтқысы келген ойын идея дер едік» [22. 161] деп қорытындылайды.

А.Байтұрсынұлы мазмұнды тағы да үшке бөліп қарастырады: *аңдату* (бұл қазіргі әдебиеттанудағы пән сөзбен айтқанда *пролог*), *мазмұндау-фабула*, *қорыту-эпилог* болып шығады.

«...Мазмұнның аңдатуында мазмұн туралы алдын ала айтарға керек болған ойлар, аңдату мүше шығармаларда керегіне қарай болады. Мазмұндауында айтайын деген пікірдің бәрі де айтылады. Мазмұндау – шығарманың мазмұн мүшесінің ең зоры, онсыз шығарманың маңызы болмайды. Қорыту мүше де керегіне қарай болатын мүше» [3. 157] екендігін айтады.

Қ.Жұмалиев эпилог пен прологқа мынадай ғылыми анықтама береді: «Көркем шығармаларда суреттелетін оқиғалар туралы әңгіме әлі басталмас бұрын жазушы, ақындар өлең не қарасөз түрінде сол жазылмақ шығарманың идеясын меңзейтін қысқаша таныстыру жазады. Роман, әңгіме, поэмаларда кездесетін осы тәрізді бастама, таныстыруларды пролог дейді. Прологтың оқиға дамуымен тікелей байланысы жоқ, оны

алып тастаса мазмұнға да, оқиғаның дамуына да ешбір нұқсан келмейді. Ал *эпизод* – шығармада суреттелінген оқиғалар аяқталып болғаннан соң жазылатын автордың қорытынды сөзі. Мұның да шығарманың құрылысымен тікелей байланысы жоқ, бірақ идеясы жағынан байланысты» [14. 41] дей отырып, А.Байтұрсынұлының ой-пікірін дамыта түседі.

Шығарманың идеялық, тақырыптық жоспары, оның тілдік жүйесінің байланысы сияқты проблема көркем шығарманың композициялық жағынан біте қайнасуы, өзара ұласуы сияқты проблема, сюжеттердің жекелеген тізбектерін өрбітудегі композициялық параллелизмдер, оқиғаны өрбіту барысындағы уақыттың көркемдік мөлшермен жылысуы, кейіпкерлердің тарихи-әлеуметтік ортаға тән және типтік болуы, т.б. тек кешенді жолмен яғни лингвистикалық әрі әдебиеттанулық тұрғыдан зерттеу еңбектерде қарастырылған.

«Әдебиет танытқышта» негізінен сөздің поэтикасына, стилистикаға қатысты мәселелер көбірек сөз болады. Ғалым сөз талғау барысында мынадай: талаптарды ескеру керектігін де еске салады: 1) ескірген сөздерді ретіне қарай қолдану; 2) өз тілінде бар сөздің орнына басқа жұрттан сөз алудан яғни шет сөздерден қашу; 3) қазақ тілінің бай мүмкіндігін пайдалана отырып, ұғымның мәнін ашатын жаңа пән сөздер ойлап табу керек. «...біздің мықтап қашатынымыз жатшылдық (жат сөзшілдік). Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт өз тілінде жоқ деп мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылыми кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән

сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек» [З. 165-166] деген талабын ғалым нақты іске асыра білді. Оған ғалымның тіл білімі, әдебиет, мәдениет, өнер салаларына қатысты жазған мақалалары, зерттеу еңбектері дәлел.

Ғалым Құлмат Өмірәлиев «Қазақ поэзиясының жанры және стилі» (1983) атты еңбегінде: « ... Зерттеу объектісіне алынып отырған материалдардың қай-қайсысы да әдебиет материалдары болғанына қарамай, ол зерттеулер жалпы тіл элементтерін сөз етіп, олардың стилистикалық керекшеліктеріне яғни тарихи грамматика мен әдеби тілдің тарихына қатысты категорияларды қатар алып қарастырады» [23. 23]. Тілдік стиль көркем шығарманың тақырыбымен, идеялық мазмұнымен, жанрымен де тікелей байланысты.

Қазақ әдебиеті яки асыл сөз өнері хақында «Әдебиет танытқышта» былай пайымдалады: « ... бір нәрсе тұрасындағы пікірімізді, қиялымызды, көңіліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта білсек, сол сөз өнері болады» [З. 168]. Бұл теориялық қағида көркем әдебиеттің негізгі белгілерін, сипаттарын дөп басады. Қазіргіше айтсақ, бұл – саралау, жинақтау, творчестволық игеру, шеберлік қиял, ойдан қосу, сезім толқындары, нысандары және олардың бәрін көркем тіл нақыштарына бөлеу немесе бейнелі, кестелі тіл безеу. Мысалы, «Әдебиеттану терминдерінің сөздігінде» (1996) әдебиет теориясы жөніндегі тұжырымдама былайша берілген: «Әдебиет теориясы» – әдеби творчествоның табиғаты мен қоғамдық функциясын зерттейтін және оны талдаудың методологиясын, методикасын айқындайтын әдебиет жөніндегі ғылымның негізгі салаларының бірі. Әдебиет теориясының терминдері функционалдық сипатқа ие, олар атқаруға тиіс функцияларды және бұлардың өзге

ұғымдармен ара қатынасын да пайымдайды» [24. 78].

«Әдебиет танытқыш» 1926 жылы жарық көрсе, дәл содан бір жыл кейін яғни 1927 жылы С.Мұқанов «Еңбекші қазақ» газетінде өзінің «тақырып» төңірегіндегі ойларын ортаға салады: «Біздегі тақырыптың ең күштісі, ең керектісі еңбекшілердің таптық сезіміне әсер етіп, тез оятатын тақырыптар керек» [25. 60] деп, прозаның іргесін адам жанын зерттеуден аулақтатты. Сөйтіп, жалаң, жадағай үгіт өлеңдер мен прозалық шығармалар өріс алды.

ҚазАПП-тың жоғарыда біз атап өткен бағдарламасы яғни еңбекші таптың мүддесін қорғайтын акын, жазушыларды және сол езілген таптан шыққан дарынды жастарды ұйымдастырып, пролетариат бағытындағы ұлт әдебиетін қалыптастыру, ұйымдастыру ісін большевиктер партиясының саясат жағына сәйкес етіп тап күресін жазуды мақсат етеді. ҚазАПП-тың істерінде кейбір қате-кемшіліктер болды, бірақ оның өзіне тән ерекшеліктерін де айтуға тұрады.

Кедей мен байлар арасындағы таптық кикілжің Абай поэзиясында да суреттелінеді. Мысалы:

*Жалшы үйіне жаны ашып ас бермес бай,
Артық қайыр – артықша қызметке орай.
Байда мейір, жалшыда бейіл де жоқ.
Аңдыстырған екеуін, құдайым-ай!, –*

деп, Абай «Қараша, желтоқсанмен сол бір екі ай» атты өлеңінде өте өткір, ұтымды бейнелейді. Қысқасы, таптық сезімге әсер ететін әдебиет совет тұсында кең өрістегенімен, бұл тақырыптың жазылуы одан ертеректе басталды.

Мәселе мынада, ҚазАПП әдебиет тақырыбын

пайымдауда тұрпайылыққа жол берді. Көркем әдебиетті бірыңғай шаруашылық, саяси науқандарды жүргізуге жұмылдыруға тырысты. Жоғарыда аталған мақаласында Сәбит Мұқанов қазақ әдебиетінің қайраткерлерін үкімет саясатын насихаттауға үндеді. Атап айтқанда: «1. Жалшылардың еңбек заңына сүйеніп жұмыс істеуі; 2. Жерді тең алу, байлардың егіндік, пішендік жерлерінен кедейлерге жер алып беру үшін кедейлердің соған көңілін бөлу, бұру, ояту; 3. Әйел теңдігі мәселесі; 4. Елдегі мектеп ашу ісін күшейту; 5. Орыс, қазақ еңбекшілері мен басқа ұлт өкілдерінің достығы; 6. Хан, би, бай, болыстардың елді қалай қанағаны; 7. Өнеркәсіп орындарының жұмысын жазу» [25. 60] керек болды. Жұмыскерлерге еңбек өнімділігін арттыруды, сауаттарын ашуды үйрету және тағы басқа мәселелер төңірегінде жазуға шақырды. Сонымен бірге С.Мұқанов Қазақ пролетариат жазушылар ұйымына кіріп, «Қазақтың пролетариат, қара шаруа жазушылары ұйымы» болсын деген ұсынысын да алға тартты.

Бұл жөнінде де біраз айтыс-тартыстар болып, ақырында өлкелік партия комитеті ҚазАПП-тың өзгерісін мақұлдады. Осы жиналыста жана атқа сәйкестендірілген жаңа платформаға 22 кісі қол қойып, қаулы қабылданады. Арнаулы іс атқаратын басқармасы бар ұйым ретінде құрылып, Қазан төңкерісінің «табысын» жырлайтын творчестволық күшті байшылық-ұлтшылдық бағыттағы жазушыларға қарсы қоя білді, еңбекші бұқараның сана-сезімін оятып, оның рухани азығы болатын жаңа әдебиеттің үстемдігі үшін күресті бастады.

ҚазАПП қызметінің кезеңінде яғни 1929-1932 жылдары қоғамдық және көркемдік дамудың барысынан дұрыс қорытынды шығара алмады. «Буржуазияшыл-

ұлтшылдардың» экономикалық негізі мен моральдық тірегі талқандалғанын сезінбеді. «Ұлтшылдықтың қалдығымен» күресуді сылтау етіп, өзара айтыс-тартысқа ден қойып, жік-жікке бөлінудің салдарынан қазақ әдебиеті үлкен кінәраттарға кезікті, жалған «жаңашылдықтан» поэзияның көркемдік дәрежесі, қадір-қасиеті төмендеді. ҚазАПП-тың саяси қателері мен творчестволық, ұйымдастыру кемшіліктерінің ауыр жүгі көбіне осы кезеңде болды.

Сол кездегі әдебиет қайраткерлері көркем шығарма жазарда қалам тербейтін тақырыбының теориялық жағын түсінуге тырысатыны байқалады. Совет өкіметі тарапынан ҚазАПП мүшелеріне үнемі қамқорлық, көмек жасалынып отырды. Материалдық, моральдық жағынан тепкі көргендер «байшыл-ұлтшыл» [25] атанды. Олар баспасөзге жазған мақалаларын бүркеншік атпен жіберіп отырды. Мысалы, Мұхтар Әуезов пен Жүсіпбек Аймауытов «Екеу» деген бүркеншік атпен жазған мақалаларында сол 20-жылдардың өзінде-ақ әдебиетімізге негізінен дұрыс бағыт көрсетті. Олар әдебиетімізді науқаншылдықтан, конъюктурадан алып қалғысы келді, одан басқа бұрыс ниеттері болған жоқ. «Екеу» қаламшыларға азды-көпті еркіндік беріп, мүйізлеуді, қысым көрсете бермеуді баса айтты, бірақ бұл бағытты сол кездегі солақай саясаттың «қолшөкпарлары» керісінше түсінді. Олардың еркін жұмыс істеуіне жол бермей, қысымшылық жасады. Шығармашылық еркіндік аңсағандарға «байшылдық», «ұлтшылдық» атақ тағылды. Олар ұлтының камын, мүддесін бәрінен биік қойып, Алаш үшін жан қиып, жапа шекті. Үкімет тарапынан үнемі қыспақ, қуғын көрді [26. 65]. Сол кездегі қазақ әдебиеті қайраткерлерінен қалған өнеге тұтарлық дәстүр – көркем шығарма

жазуға отырудан бұрын қалам тербейтін тақырыбының теориялық жағын мықтап түсініп алу дәстүрі.

Ғалым «Әдебиет танытқышта» тұңғыш рет әдебиеттанудағы ұғымдар мен пән сөздерге нақты ғылыми тұжырымдар жасады. Теориялық еңбектің ең комақты бөлімі «Сөз өнерінің ғылымы» деп аталады. Бұл бөлімде ең алдымен тілдің қызметі қандай? сөз өнері дегеніміз не? шығарма сөз дегеніміз не? және тағы басқа сұрақтарға тоқталып, оның әрқайсысына ғылыми анықтамалар беріліп, құнды пікірлер айтылған. Сөз өнерінің ғылымы өнерді керек қылса, өнер ғылымды керек қылады яғни бір-бірімен тығыз байланысты екендігіне баса назар аударылған.

Шығарма тілі екі түрлі болады [3. 162]:1. Ақын тілі яғни айрықша өң беріліп айтылған сөз – көрнекі лебіз; 2. Әншейін тіл яғни өң берілмей, жай айтылған сөз – көсе лебіз. А. Байтұрсынұлы нақтылаған «Ақын тілі» деген пән сөздің төркіні А.А.Потебня анықтаған «поэтический язык» [27] деген пән сөзіне ұқсас. А.Байтұрсынұлы нақтылаған «ақын тілі» пән сөз ретінде қазіргі әлемдік әдебиеттану ғылымында «көркем сөз», «көркем текст», «көркем тіл», «поэтикалық тіл», «әдеби шығарма тілі» деп колданылып жүр. Осы «ақын тілі» деген пән сөзді ғалым әншейін жәй сөзден ажыратып «...айрықша өң беріп айтылған сөз» десе, Б.Томашевский «...в произведениях литературы, которые целиком состоят из фиксированных выражений, своеобразная культура выражения. Выражения является неотъемлемой частью заключающегося в нем сообщения. Это повышение внимания по отношению к выражению называется установка на выражение. ... поэтому стилистика является необходимым введением в поэтику. Проблемы стилистики являются специфическими проблемами

художественной литературы» [20. 28-29] дейді яғни автордың шығармашылық ниеті дегенді анықтайды. Осы аталған проблема ежелгі ақындар мен шешендердің заманынан келе жатқан мәселелер. Тіл біліміне емес, әдебиет теориясына қатысты, себебі ол сөз өнерінің ғылымын оқытуда тіл ғылымының жүйесіне емес, негізінде әдебиет ғылымының жүйесіне енген.

Ал, поэтикалық стилистика нені қарастырады? Қалай түсіндіріледі? деген сауалға Б.В.Томашевский былай жауап береді: «...мы коснемся основных вопросов, связанных с созданием ощутимого выражения, способов индивидуализации речи, т.е. способов построения из общего языкового материала речи, характерной для данного произведения или автора; наряду с этим мы постараемся учесть какой эффект в восприятии достигается этими приемами построения речи» [20. 30].

Сөз өнері деп, асылында нені айтамыз? деген сауалға А.Байтұрсынұлы былай жауап береді: «Бір нәрсе турасындағы пікірімізді яки қиялымызды яки көңіліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта білсек, сол сөз өнері болады. Ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіптеп, қисынын, қырын, кестесін келістіріп сөз арқылы тысқа шығару сөз шығару болады. ... Сөз шығару өнерді қорек қылса, өнер ғылымды қорек қылады. Мұнан сөз өнерінің ғылымы» [3. 162] туады және оның өзін іштей екіге бөледі.

А.Байтұрсынұлының бұған дейін шыққан бес томдық шығармалар жинағы мен барлық басылымдарда кеткен қателік түзетілді. Осыған дейін «Тіл қисыны» деп бұрыс жазылып келген пән сөзі 2013 жылы жарыққа шыққан алты томдықта «Сөз қисыны» деп өзгертілгенін айта кетейін. Бұл тараушаны түпнұсқамен қайта салыстырғанда «Сөз қисыны» екені нақтыланып,

олқылықтың орны толтырылды. Сонымен қатар біраз пән сөздер де анықталып, түпнұсқа бойынша жазылды.

Ғалым: «Сөз қисыны дегеніміз асыл сөздің асыл болатын заңдарын, шарттарын танытатын ғылым» деп, стилистиканың негізгі міндетін нақтылап алады да: «Лебіз ғылымының мақсаты асыл сөздердің асыл болатын заңдарын білдіріп, түрлерін танытып, әдебиет жүзіндегі өнерпаздардың шығарған сөздерінің үлгі-өнегелерімен таныстырып, сөзден шеберлер не жасағандығын, не жасауға болатындығын көрсету» [3. 163] деп, поэтиканың негізгі міндеттерін де айтып өтеді. Біздің пікірімізше, А.Байтұрсынұлы поэтиканың бірден-бір тірегі деп ең алдымен тіл заңдылықтарын нақтылап отыр. «Дыбыстың, сөздің, сөйлемнің сыр-сыйпатын тану, заңдарын білу – бұл үйге керек заттардың сыр-сыйпатын білу сияқты нәрсе. Керек заттарын сайлап алып, үй салуға кірісу – дыбыстың, сөздің, сөйлемнің жайын біліп алып, солардың әрқайсысын дұрыстап орнына жұмсап, пікірлі әңгіме шығаруға кіріскен сияқты болады» [3. 164].

Ал, осы сөз қисынының лебіз ғылымына тікелей қатысы жөнінде және поэтиканың міндеті туралы В.М.Жирмунский: «Поскольку материалом поэзии является слово, в основу систематического построения поэтики должна быть положена классификация фактов языка, которую дает нам лингвистика» [28. 28.] деген тұжырым жасайды. Бұл тұжырым бізді жоғарыда айтылған тілдік категорияларға алып келеді. А.Байтұрсынұлы «... дұрыс әңгіме жазу үшін тілдік шарттарды білу аз», оған қоса «жазушы қиялға бай, пікірге шебер болса, сонда ғана шығарма пікірлі, әсерлі, әдемі болып» [3. 163] шығатынын алға тартады. Ғалым «лебіз ғылымының мақсатын» тек тіл білімінің

негіздік категорияларының аясында ғана емес, күрделі пәлсапалық және эстетикалық теориялармен бірлікте, өте кең түсінгендігінен хабар береді.

Кез келген әдеби шығарма тіл өңі жағынан «сөз яки лұғат қисыны» (стилистикасы) яғни асыл сөздің заңдарын, шарттарын танытатын ғылым. Осы тарауда А.Байтұрсынұлы сөз өнерін сәулет өнерімен салыстыра талдайды: «Жақсылап үй сала білуі үшін сәулет өнерпазы үй салуға ұсталатын заттардың сыр-сипатын, қасиетін жақсы білуі тиіс. Оларды тиісті орнына жұмсауын жақсы білу тиіс... Сондай-ақ, сөзіндегі сөзден құрастырып қисынын келтіріп, жақсылап бір нәрсе шығару үшін сөз өнерінің ғылымын жақсы білу керек. Дыбыстың, сөздің, сөйлемнің сыр-сипатын тану, заңдарын білу – бұл үйге керек заттардың сыр-сипатын білу керек сияқты нәрсе» [3. 164].

Көркем әдебиеттің тілі туралы зерттеулерден стилистикалық факторлар да байқалады яғни тақырыбы, идеясы, мазмұны, жанры, стилі, бағыттары және т.б. Осыларды көркем әдебиеттің өзге де категорияларын белгілі бір дәрежеде шығарманың стилін айқындайтын фактор ретінде қарауға болады. Әдебиет пен тіл екі басқа әрі дербес, алайда олардың өзара қарым-қатынасы, байланыстылығы, нақты тарихи жағдайларға сәйкес астасып жататындығы белгілі. Мысалы, көркем әдебиеттің стилистикасы өлең тілінің тарихы мен теориясына, оның жанрларымен, стилімен және жалпы жүйесімен тығыз байланысты.

А.Байтұрсынұлының әлемдік деңгейдегі ғылыми пайымдаулары теоретик ғалым М.М.Бахтиннің ғылыми ойларымен үндеседі. Атап айтқанда, А.Байтұрсынұлы көрсетіп отырған психологизм жүйесіндегі екі үлкен арна – аналитикалық принципті құрайтын ішкі сезім

құбылыстары мен тысқы динамикалық принципті танытатын сыртқы психологиялық кимыл, көріністері жөніндегі теориялық тұжырымдары М.М.Бахтиннің ойларымен үндестігі бізді тандандырады. Мысалы, А.Байтұрсынұлы анықтап берген екі түрлі саланы М.М.Бахтин былайша түсіндіреді: «... Психологическая жизнь дана человеку двояко: 1) в себе самом человек непосредственно во внутреннем опыте наблюдает течение различных душевных переживаний – представлений, чувств, желаний; 2) у других людей и у животных человек может наблюдать только внешние выражения психологической жизни в различных реакциях чужого организма на раздражения» [29. 18-19].

Мазмұн жағынан алғанда сөз «қара сөз жүйесі, дарынды сөз жүйесі» болып бөлінеді. «Дарынды сөз жүйесі» деген пән сөзді М.М.Бахтин «речевые жанры» деп қолданған және оны бірнеше салаға бөледі: «Каждое отдельное высказывание вырабатывает свои относительно устойчивые типы, таких высказываний, которые мы называем речевыми жанрами. Разнообразие необразима, потому что неисчерпаемы возможности разнообразной человеческой деятельности и потому что в каждой сфере деятельности целый репертуар речевых жанров, дифференцирующийся и растущий по мере развития и усложнения данной сферы. Особо нужно подчеркнуть крайнюю разновидность речевых жанров устных и письменных. Речевые жанры: бытового рассказ, короткие реплики бытового диалога, письмо, военная команда, приказ, публицистические выступления, научные и литературные жанры» [29. 251].

Роман стиліне жинақталатын «дарынды сөз жүйесінің» («речевые жанры») жанрлық түрлері туралы «Әдебиет танытқышта» былай анықталады:

«Ұлы әңгімеге жан беретін адамның ісі болғандықтан, мінезіне кейіп беретін тәрбие болғандықтан, тұрмысқа сарын беретін ұлы, кіші адамдардың ірілі-уақты істері болатындықтан, ол істер біріне-бірі ұласып, бір-біріне оралып, байланысып, шиеленісіп жатқандықтан, осының бәрін суреттеп шығару оңай емес. Мұны келістіріп, дұрыс пікірлеп, дұрыс суреттеп, уақиғаларды жақсы қиыстырып, сыйыстырып шығару көп жазушылардың қолынан келе бермейді. Ұлы әңгіме жазушы көркем сөздің әуезе, толғау, айтыс – барша түрін де жұмсайды. Ұлы әңгіме жазуға үлкен шеберлік керек» [3. 329-330].

Демек, роман стилін жүйелей келе А.Байтұрсынұлы оны айтылу түріне қарай: әуезе, толғау, айтыс» деп жіктейді. Ғалым бұл атаулардың да ара-жігін аша түседі: «Әуезелеуші айтатын сөзіне өзін қатыстырмай, өзінен тысқары ғаламда болған істі әңгіме қылады. Әуезе – тысқы ғалам турасындағы сөз... Толғау – ішкергі ғаламның күйі. Толғау – іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі. Ақындық жалғыз өз көңілін, күйін толғай білуде емес, басқалардың да халін танып, күйіне салып, толғай алуда». Атап айтқанда, «Сөйлеу жүйесінің максаты – сөйлеу жүйелерін меңгеріп, сөзден нендей нәрселер жасап шығаруға болатындығын көрсету», – деп түйіндейді А.Байтұрсынұлы.

Енді ғалым бөлген осы салаларды саралап көрейік. А.Байтұрсынұлы стилистиканың негізгі үш тарауына сөздің мағыналық құбылмалылығы, құрылымы мен әуезділік шарттарының жүйесін келтіреді. Әрқайсысының жеке жеке анықтамалық, функционалдық талдауларымен қоса дәлелдеп береді.

Ғалым әдебиеттану ғылымының силлогизмге,

дәлелге құрылатын қасиетін де бөлекше атайды. Бұдан А.Байтұрсынұлының сөз өнері туралы ғылымның силлогизмге құрылатын ойлау жүйесін де, сонымен бірге бұл ғылымның кей реттерде көркем бейнелеуге де кол созатынын анық түсінетіндігі байқалады.

М.М.Бахтин (слово в жанре) мен орыс әдебиетіндегі формалистер (Одическое слово – Ю.Тынянов) «дарынды сөз» (речевые жанры) жанрының табиғатын, сөз жанрының (жанровая природа слова) табиғатын, спецификасын талдап, зерттей келе осы жанрдың түрлерін де айқындап береді: « ... Тематическое содержание, стиль, композиционное построение неразрывно связано в целом высказывания и одинаково определяются спецификой данной сферы общения» [29. 251].

Көркем әдебиеттің стилистикасы бүкіл әдебиеттің жалпы жүйесімен тікелей байланысты. Ол әдебиеттің осы жүйесін ұйымдастырушы әрі айқындаушы. Тіл мен әдебиеттің негізгі стилистикалық формалары мен жанрлық тармақтарын қамтитын және де дара-дара тілдік-көркемдік жүйлерді, сондай-ақ, әдеби мектептер мен бағыттарды қамтитын құрылым турасында нақты тарихи түсініктерді қалыптастырмайынша көркем әдебиеттің стилистикасын жасауға болмайтыны белгілі.

Стилистиканы поэтиканың негізгі құрамдас бөлігі ретінде ғылыми еңбектерде стильді тілге қатысы жағынан (тілдің стилі) әрі әдебиетке қатысы (шығарманың стилі) тұрғысынан орыс ғалымдары қарастырған. Мысалы, В.М.Жирмунский стилистиканы тілдік категория ретінде қарастырады: « ... стилистика есть как бы поэтическая лингвистика: она рассматривает факты общей лингвистики в специальном художественном

применении. ... содержание поэтики стилистикой не исчерпывается» [28. 30-31].`

Шығарманың мазмұнында байқалатын: әуезе (повествование), әліптеу (описание), пайымдау (рассуждение) сияқты негіздік түрлерді яғни баяндау формасының жалпы сипаттамасын А.Байтұрсынұлы алғаш рет осы «Әдебиет танытқышта» ғылыми тұрғыда нақтылады. Ғалым көркем шығарманың мазмұнында кездесетін негіздік түрлер аралас келіп жататындығын мысалдармен арқылы дәлелдейді. Сонымен қатар көркем шығармаларды жанрлық тұлғасына қарай да бөліп қарастырған, себебі өзі келтірген мысалдары осыған саяды. Өз сөзімен айтсақ, «әуезе болатын түрі – Абайдың «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» сөзі мен Кебектің Ақанға аң көргенін айтқан сөзі; әліптеме болатындары – Абайдың әйелді сипаттауы яғни портреті». Поэзияда адамның кескін-келбетін, сымбатын сөзбен бейнелеу айрықша көркемдік шеберлікті талап етеді.

Адам портретін сөзбен нақтылап бейнелеу қиынның қиыны, сондықтан сирек кездесетін құбылыс екендігі айтылып та, жазылып та жүр. Өнер түрлерінің өзара айырмашылықтарын салыстыра зерттелген еңбектер де бар.

Неміс ғалымы Г.Э.Лессинг «Лаокоон» (1766) атты трактатында көркем әдебиеттегі портреттің өзіндік ерекшеліктері туралы арнайы сөз етеді. Автор адам портретін бояумен жасайтын суретшілер болмаса, ақындардың адам пішінін, келбетін нақтылы бейнелеумен әуестенуін артық нәрсе деп есептейді. Өз сөзімен жазар болсақ « ... поэт хочет сделать идеи, которые он возбуждает в нас, настолько живыми, чтобы мы воображали, будто получаем действительно

чувственное представление об изображаемых предметах, и в то же время совершенно забывали об употребленном для этого средства – слове. В этом смысле и раскрывали мы выше понятие поэтической картины, но поэт должен живописать постоянно» [31. 440], – дейді. Лессинг ежелгі грек ақындары Гомер, Вергилийден бастап адам портретінің нақты сипат-белгілерін елестетуден гөрі, адамның одан алатын әсері арқылы сипаттауды алға тартады.

Әдебиеттегі адам образын сомдаудағы маңызды тәсілдердің бірі – портреттің мүсін, кескіндеме өнеріндегі түрлерімен салыстыруда эстетикалық қызметінің күрделілігі сөз өнерінің өзіндік ерекшеліктерінен туындайды. Гегель өзінің «Эстетика туралы лекциясында» өнер түрлеріне баға бере отырып, сөз өнерінің басқа өнерден өзгешелігіне яғни рухани өмір саласындағы көркемдік, танымдық жағына кеңірек тоқталады: «... Любое содержание усваивается и формируется поэзией, все предметы духа и природы, события, истории, деяния, поступки, внешние и внутренние состояния ... » [32. 104].

Көркем әдебиеттегі портреттің көп функциялылығы адамның қайшылыққа толы күрделі де күбылмалы рухани өмірін терең, толық бейнелеу мүмкіндігімен байланысты. Европа, орыс поэзиясында адам портретін бейнелеу сирек кездеседі, ал қазақ өлеңдері мен ғашықтық жырларында сұлу қыздың, әйелдің портретін сөзбен мүсіндеу кенінен өріс алған дәстүр. Абайдың қазақ поэзиясында қалыптастырған осы дәстүрін ақынның өнегелі еңбегі, өзіндік ерекшелігі деуге болады.

А.Байтұрсынұлы «шығарманың тілінің ғылымы» деп бөлген сала қазіргі қазақ тіл білімінде стилистиканың

бір саласы ретінде қарастырылатынын жоғарыда айттық. Қазіргі қазақ прозасының тілін зерттеу турасында кезінде академик М.О.Әуезов мынадай құнды пікір білдірген: « ... бүгінгі көркем прозаға да халықтың ауызша әңгімесі сондайлық жатық жолмен кеп араласып, қабысып жатыр. Бұл жай қазақтың салт ертегілерін тексеру мен көркем прозасын талдап ұғынуда – ғылымдық үлкен түйінді, проблемалы мәселе есебінде зерттеліп, тексерілуі қажет. Әсіресе осы жайларды тақырып таңдаудан, әңгіме желісін таратудан, адамды бейнелеуден және өте-мөте әңгімелеу тілінің, сөз кестесінің ұқсастық, тектестік жағынан қарап зерттеу, талдау шарт» [33. 221], – дейді.

Қазақтың көркем ойының даму, қалыптасу тарихында ауыз әдебиеті мен қазіргі проза, поэзия бір-бірінің табиғи жалғасы іспетті. Тіл құралдарының стильдік қызметі жағынан да, сөз образдылығы тұрғысынан да бұлар бір-бірімен өзектес екендігін зерттеушілер өз еңбектерінде сөз етеді.

Қазақ прозасының тілін зерттеген ғалым Е.Жанпейісов былай дейді: «Көркем әдебиет тілін әдеби тілдің даму көрінісі тұрғысынан алып талдау – лингвистикалық стилистиканың объектісі, ал көркем әдебиет тілін көркемдіктің құралы, эстетика тілі, образ жасайтын құрал ретінде алып талдағанда әдебиеттану стилистикасы және лингвистикалық стилистика екеуі қосылып кетеді» [34. 48].

Поэтика саласында зерттеудің лингвистикалық әдісі әдебиеттанудың әдістерімен яғни көркем шығарманың тақырыптық жоспарымен, оның тілдік жүйесімен байланысты. Ресей ғалымы В.В.Виноградов стилистика туралы былай дейді: «1) Ядро стилистики художественной литературы представляет лингвистическая

стилистика, изучающая языковой стиль художественного произведения; 2) Вместе с тем лингвистическая стилистика не ограничивается рамками поэтики, так как ее предметом является не только стиль художественного произведения, но все области и способы использования языка, в особенности литературного; именно распространение стилистических исследований на все многообразные области языкового общения нужно считать наиболее ценным достижением современной стилистики» [35. 165].

«Әдебиет танытқышта» шығарманың екі жағы яғни ішкі пікір жағы және тысқы тіл жағы терең қарастырылады. Ғалым шығарманың тілінің, шығарманың түрінің ғылымын ХХ ғасыр басында-ақ жеке ғылым дәрежесіне көтере білді әрі осы бағытта орасан зор жұмыс тындырған. Сол орасан жұмыстың бірі біз жоғарыда тоқталып өткен мәселе – шығарма мазмұнын жеткізуші баяндау түрлері. Осы баяндау түрлері жайында ғылыми тұрғыда орыс және шет ел ғалымдары тарапынан біршама сөз етілген. Мысалы, Н.А.Кожевникованың «О соотношении типов повествования в художественных текстах» (1985) атты зерттеуінде баяндаудың түрлері мен типтері біршама шешімін тапқан.

Көркемдік пен көркем шығарманың белгілері қандай болу керек деген сауалға А.Байтұрсынұлы екі түрлі талап қояды: «Көркем сөзде екі тысқы, екі ішкі сын болады. Тысқы сындар: 1) Тілдің лұғатының сыны яғни тілдің дұрыстығы, анықтығы, тазалығы, дәлдігі, көрнектілігі, әуезділігі, өрнектілігі жағының сыны» [3. 256]. Шығарма тілінің стильдік ерекшеліктерін бүгінгі лингвистикалық талдауға сай тысқарғы жағын бөліп айтады. Ғалым бұдан ішкі сындарды бөліп

алады демек, бұл әдебиеттану, әдебиет теориясының еншісі, теориялық талдаудың объектісін нақтылайды: 2) «Суретінің сыны: кестесін келтіріп, ұнасымды түрде үйлестіріп, суреттеуінің сыны. Ішкі сындар: а) Алынған мінез, айтылған қылық, көрсетілген қалып, жан жүйесінің жөнімен қарағанда, дұрыс, бүтін шығу, шықпауының сыны. ә) Өмір жүзінде айтылған нәрсенің болатындығының себебін дұрыс көрсеткен, көрсетпегенінің, адам қауымындағы қалып түзелу жағына әсер етерлік (пайда-зиян келтіретін) қуаты бар-жоғының сыны. Көркем сөзді сынағанда, әдебиет түрінің осы төртеуі түгел жұмсалады» [3. 257].

Ахмет Байтұрсынұлы теориялық талдаудың, әдебиеттің, көркем сөздің басты мақсатын жоғарыдағы тұжырымның соңғы сөйлемдерінде қорытынды ретінде түйіндейді. Әдебиеттанудағы аксиологиялық әдістің мән-жайын ғалым осылай алға тартады. Демек, тек маңызды, ұлағатты көркем сөз ғана сынға түседі және оның тысқы сынға, ішкі сынға түсуіне лайықты көрнекті түрі мен мазмұны болуы шарт. Қазіргі әдебиет теориясындағы классикалық дискурс «мазмұнды түр» яғни «содержательная форма» категориясын ғалым осылай түсіндірген.

А.Байтұрсынұлы зерттеуші-ғалым ретінде қазақ әдебиетінің қалыптасу, даму кезеңдерін жеке бөліп қарастырмайды, барлық халықтар әдебиетіне ортақ, қатысты сипаттармен ұштастыра талдайды. Өнерпаз елдер әдебиетіне тән көркем сөз түрлерінің қазақ әдебиетінде де бар екенін, бола бастағанын, келешекте дамитынын ғылыми негіздерге сүйене отырып жазды: «Жер жүзіндегі жұрттардың түріндегі шығармалары бір-біріне көбінесе ұқсас келеді. Ондай ұқсас болатын себебі, олар шыққан заманда халықтың бәрінің, бір

ананың қолында өскен балалар сияқты, көргені, өнегесі, үлгісі бір болған. Ол уақытта қай халықтың да болса табиғат бауырында болып, табиғат тауқыметінде тұрып, табиғат қабағына қарап өмір шеккен...» [З. 264] және «...Ділмар дәуір орыс әдебиетінен өнеге көріп, үлгі алып, соны еліктеуден пайда болып отыр. Мұндай бір жұрт екінші жұрттан әдебиет жүзінде үлгі алу жалғыз бізде ғана болған іс емес, барша жұрттың басында болған іс. Осы күнгі әдебиеттің түп үлгісі грек жұртынан алынған. Грек әдебиетінен үлгіні Рум алған, Европадағы басқа жұрттар алған. Біздің орыс та әдебиет үлгісін Европадан алып отыр, біз орыстан алып отырмыз» [З. 307].

XX ғасыр басында қазақ әдебиеті теориясының басты-басты пән сөздерін, атау, түсініктерді ғалым «Әдебиет танытқыш» арқылы нақтылап берді және басты ойы осы зерттеуде ұсынылған жаңа концепцияда.

А.Байтұрсынұлы тілтану, әдебиеттанудың негіздерін, асыл сөздің стильдік, жанрлық ара қатынастарын, көркем сөз өнерінің тіл білімі ғылымына қатысты мәселелерін бір арнада қатар зерттеп, жүйелеп берді. Осы мәселелер яғни көркем сөз, көркем әдебиеттегі дискурс яғни жазушының стилі, әдебиеттегі тек (жанр) пен түр (вид) туралы зерттеулер орыс әдебиеттануында өткен ғасырдың 30-жылдары ғана жазылды.

«Әдебиет танытқыштың» басты теориялық концептілері мынадай: Әдебиеттің өз даму заңдылықтары бар және олар тікелей саясатқа, идеологияға байланысты еместігі жөніндегі тұжырымдар. Яғни «сөз өнері» деген термин «халықтың ежелден келе жатқан әдебиеті» деген ұғымды білдіреді. Оны «ауызша», «жазбаша» деп бөлудің өзі ойдан шығарылғаны айтылады. Әдебиеттің ресми жазба түрі бар деп бөліп-

жару соцреализмнің бір әдебиетті жоғарылатып, екіншісін төмендету үшін ойлап тапқаны. Ғалым былай дейді: «Ауыз шығарманы «ауыз сөз» деп қана атап, жазба шығарманы «сыпайы әдебиет» деп танушылар бар, бірақ қалай да асыл сөздің бәрі де тілдегі әдебиет есебінде жүріледі. Қай тілдегі әдебиетті болса да сөз қылғанда шығармаларын сөз қылмай өтпейді» [3. 268].

Қазіргі қазақ тіл білімі саласы бойынша көркем шығармада кездесетін баяндау түрлерін салыстырмалы түрде зерттеген – ғалым Б.Шалабай [36]. Ол көркем прозадағы автор сөзінің құрамындағы баяндау түрлерін А.Байтұрсынұлының сөз өнері туралы ілімімен салыстыра қарастырады. Ғалым шығарманың композициялық құрылымында кездесетін форма-қалыптар пайдаланылады. Ондай тілдік форма-қалыптарға хабарлау, суреттеу, пайымдау (ойталқы) және диалог жатады. Осы формалар арқылы ойлау процесі жүзеге асады әрі осылар арқылы адамдар арасындағы қарым-қатынас іске асады. Олар ойлау процесінің құрылымын, жеке ойлар мен олардың ішкі элементтерінің бір-бірімен байланысу типін, әдісін бейнелейтін жалпылама формалар болып табылатынын жазады.

Қорыта айтқанда, көп халықтарда енді ғана талқылана бастаған мәселелерге ғалым сонау XX ғасыр басында-ақ өз тұжырымын айтып, жауабын берді. Қазақ тілі мен әдебиеттануының ғылымы туралы айтқан құнды пікірлерін өзінен кейінгі ғалымдар дұрысқа шығарып, дамытты.

Ахмет Байтұрсынұлы ұлт ғылымының көшбасшысы ретінде алғаш рет «Әдебиет танытқышта» сөз қисынының мақсатын тіл білімінің негізінде ғана емес, күрделі теориялық негізде және өте терең фило-софиялық, эстетикалық теориялармен бірлікте қарастырды.

1.2. «Әдебиет танытқыш»: тіл көрнекілігі және өлең өрнектері

Әдебиет – көркем өнердің ең негізгі саласы. Оны барлық әдебиет теоретиктері зерттеулерінде дәлелдеді. Ал, көркем өнердің асыл сөзден басқа салалары бірінің қызметін келесісі атқара алмайды. Сөз өнерінің құдіретті күші арқылы кез келген адам сәулетті сарайдың көрінісін де құйып қойғандай, адамның кескінін де, табиғат суреттерін де шындық бейнеде бере алады. Біз осы зерттеуімізде ғалымдардың әдебиет теориясы тұрғысындағы көзқарастары мен ой-тұжырымдарын салыстыра қарыстыруды жөн санадық.

Қазақ әдебиетінің теориясы мен тарихын ғалым Қажым Жұмалиев математика ғылымымен салыстырады: «Әдебиет теориясы жайлы еңбек жазу өте қызықтылығы, мәнінің зорлығымен қатар мейлінше қиын. Өйткені ол әдебиеттің өзіне тән ерекшеліктерін тапжылдырмай тануды, көркем әдебиеттің кейбір мәселелеріндегі (композиция, тіл, өлең құрылыстарындағы) көзге ілікпестей, байқалмастай өзгешеліктерді шатастырып алмауды талап етеді. Композицияның бір элементін не поэтикалық тілдің бір түрін екіншілерімен шатастырсақ болды, одан кейінгі талдауларымыз дұрыс болмайды. Математикада бір знак (белгі) теріс қойылса, есептің еш уақытта дұрыс шықпайтыны сықылды, әдебиет теориясының элементтері де мейлінше мұқияттықты керек етеді» [14. 4].

А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышта» сөз талғау, сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл (лұғат) анықтығы, тіл дәлдігі, тіл көрнекілігі турасында сөз етеді. Мысалы, «... Тіл көрнекі болу үшін дерексіз нәрсе деректі нәрседей, жансыз нәрсе жанды нәрседей суреттеліп, адамның сана-саңылауына келіп түсерлік дәрежеге жетуі керек...» [З. 170] деп, 3 тапқа (көріктеу, меңзеу, әсерлеу) бөледі. Ал, Қ.Жұмалиев: «... сөздердің астарлы мағынасы болады. Сөз шеберлерінің бүркегенін ашып, бүккенін жазу үшін де көркем тілдің ерекшеліктері мен жасалу жолдарын тексеру, білу» [14. 92] қажеттігін және «көркем тіл» деп, оны тек орысша атаулармен атайды

Бұған А.Байтұрсынұлы «көрнекі тіл» немесе «көріктеу әдістері» деген атау беріп, оның көріктеу, меңзеу (теңеу – әншейін теңеу, әдейі теңеу), ауыстыру, бейнелеу, алмастыру, кейіптеу, әсірелеу, мезгеу, әсерлеу (лептеу), арнау, қайталақтау, шендестіру, дамыту, түйдектеу, бүкпелеу, кескіндеу сияқты түрлерін анықтап, ажыратып береді.

Сөз айтылған кезде өз мағынасын беретіні белгілі яғни сөйлем ішінде сөзді құбылта беруге болады. Орыс әдебиетінің теоретигі Б.М.Томашевский тіл көрнекілігіне мынадай анықтама береді: «Приемы изменения основного значения слова именуется тропами. В тропах разрушается основное значение слова; обыкновенно за счет этого разрушения прямого значения в восприятие вступают его вторичные признаки. Так, называя глаза звездами, мы в слове «звезды» ощущаем признак блеска, яркости. Кроме того, возникает эмоциональная окраска слова: так как понятие «звезды» относится к кругу условно «высоких» понятий, то мы влагаем в название глаз

звездами некоторую эмоцию восторга и любования. Тропы имеют свойство пробуждать эмоциональное отношение к теме, внушать те или иные чувства, имеют чувственно-оценочный смысл» [20. 52], – деп тропты іштей екіге яғни метафора мен метонимияға бөледі.

А.Байтұрсынұлы сөздің көрнекілігіне жету үшін әртүрлі әдіс-тәсілдердің қолданылатынын айта келіп, ол әдістерді: ауыстыру – сөзді өз мағынасында жұмсамай, өзге мағынада жұмсау. Мысалы: «күн құтырып кетті», «аяз қарыған», «қырау соққан» деген сөздер өзге мағынада айтылып тұр.

Бейнелеу – бір нәрседі болмайтын күйді екінші нәрседі болатын күйді көрсететін сөзбен айту. Мысалы:

*Бидайлар басы толық иіліп тұр,
Дән берген қожасына сыйынып тұр.
Басында бұл бидайдың дәні болмай,
Кекірейіп көкке қарап бүлініп тұр.*
(Қырық мысал) [3. 174].

Кейіптеу – жансыз нәрсені жанды нәрсенің күйіне түсіріп тұрпаттау. Мысалы:

*Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.
Дем алысы – үскірік аяз бен қар,
Кәрі құдаң қыс келіп әлек салды.*
(Абай) [3. 177].

Бернелеу – адамның мінезін, құлқын, ғамалын екінші нәрсенің мысалында көрсетіп айту. Бернелеу мен бейнелеудің арасы жақын. Бейнелеу ұлғайғанда бернелеу болады. Мысалы:

*Адамдық диқаншысы қырға шықтым,
Көгі жоқ, көгалы жоқ құрға шықтым.
Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,
Көңілін көтеруге құл халықтың.*

(Ахмет) [3. 178].

Бейнелеу:

*Жан еркем, мен жүремін мынау күймен,
Бар ма екен гашық жарын мендей сүйген?
Сен бір шам, айнала ұшқан мен пәруана,
Айналып, аламын деп, отқа күйген.*

(Мағжан) [3. 179].

Әсірелеу – бір нәрсені өте асырып я өте кемітіп айту.

Мысалы:

*Асқар төбе бел еді,
Бірде шауып желеді.
Көлденең жатқан көк тасқа
Тіктеп тиген тұяғы
Ұршығынан енеді.*

(Қобыланды батыр) [3. 183].

Мезгеу – бір ұғымның орнына екінші ұғымның айтылуы. Мысалы: 1. «Ана ауылға Омар, Оспан, Асан, Үсен келді» деудің орнына «ана ауылға Омарлар келді»; «Үй кімдікі екенін ұмытпа» деудің орнына «шаңыраққа кара» дейді.

*Ант ішкен күнде берген жаның құрсын,
Арын сатып тіленген малы құрсын.
Қысқа күнде қырық жерге қойма қойып,
Қу тілмен құлық сауған заңы құрсын!*

(Абай) [2. 184].

Әсерлеу (лептеу) – сөздің әсерін күшейтіп сөйлеу. Әсерлеу көңіл күйінен шығып, көңілге күй түсіреді. Әсерлеудің көбінесе айтылатын түрлері мынау: арнау (3 түрі бар: сұрай арнау, зарлай арнау, жарлай арнау), қайталақтау, шендестіру, дамыту, түйдектеу, бүкпелеу, кекесіндеу [3.185-186] деп тарамдап, әрқайсысына ғылыми анықтама мен нақты мысалдар келтіреді. Осы аталған пән сөздер (термин), атаулар бүгінгі күнге дейін әдебиеттанулық еңбектерде, оқулықтарда метафора, фигура, троп деп басқа тілде аталынып келеді. Осы пән сөздердің барлығын А.Байтұрсынұлы «көріктеу әдістеріне» топтастырған.

«Әдебиет танытқыштың» ғылыми құндылығын, ғалымның ой-тұжырымдарының өміршеңдігін академик Рымғали Нұрғали жоғары бағалайды: «...А.Байтұрсынов қазақ өлеңінің негізгі структуралық өлшемдерін барлық деңгейде схема, өрнектер арқылы көрсетіп берді. Кейінгі өлең зерттеушілер сол ізді басып отырды десек, ешкімнің егініне түсіп, обалына қалған болмаспыз, ақиқаттың өзі солай ... » [37. 27].

А.Байтұрсынұлынан кейін қазақ әдебиеттану ғылымындағы әдіс-тәсілдер, әдебиеттегі ағымдар, жанрлық өзгешеліктер және т.б. мәселелер жайында сөз қозғаған ғалым Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев, З.Қабдолов, З.Ахметов зерттеулерінде ұлы ғалымның аты аталмағанымен, есімі есте әрдайым тұрғандығы белгілі.

Әдебиеттанушы Есмағамбет Ысмайылов «Әдебиет теориясының мәселелері» атты зерттеу еңбегінде арнау жанрын «Көркемдік методқа» жатқызады: «Ақын өзінің үлкен еңбегін, шығармасын біреуге арнау, сыйлау түрінде жазған қысқакіріспе өлең *арнау* делінеді. ...Ақын кейде арнау өлеңді бір-ақ ауыз өлеңмен де жазады.

Сұлтанмахмұттың «Адасқан өмір» деген поэмасының арнау өлеңі 4 жолды бір ауыз өлең. Сәбиттің «Октябрь өткелі», тағы басқа поэмаларында да үнемі арнау өлең жазылған. Совет акындарында арнау өлең көбкнесе қоғамның белгілі бір слойына арналып жазылады. Арнау өлеңі тек поэма, үлкен шығармалардың кіріспесі түрінде ғана шығаралап қоймайды, жеке өз алдына тақырып болып та жазылады. Лахутидің Жамбылға, Жамбылдың Лахутиға арнап шығарған өлеңдері арнауға жатады:

*Лахути, сал көзіңді, жайнады бақ,
Ол жақта жайқалып тұр гүл, қызғалдақ.
Жұпар иіс бой балқытып, ойды тербеп,
Күміс шық жалтырайды маржандай-ақ.
Көкжиек көзді ұялтып еркелейді,
Меруерттей ашық аспан тұр жарқырып.
Иранның жібегіндей желі майда,
Тотыдай нәзік үнмен тұрған шырқап,
Лахути, екеуімізде бір гой тілек,
Астында бір жалаудың соғар жүрек.
Түрлі тілмен бір мақсат өлеңдетіп,
Жырлаймыз халыққа бірдей достық тілек.*

Жамбылдың өлеңінде де Пушкиннің Раевскиймен сырласқаны сияқты Лахутимен сырласады. Арнау өлеңдер көбінесе қысқа, шағын акынның мендік сезімі айқын көрініп отырады» [16. 149-150].

Ал осы пән сөздер мен атауларды А.Байтұрсынұлынан кейінгі теоретик-ғалымдардың зерттеулерінде қалай топтастырған екен, соған тоқталып өтейік.

Әдебиеттанушы Е.Ысмайылов бұл категорияларды «Көркем тіл» бөліміне топтап, халықтың сөз байлығын «*поэтикалық сөздік (лексика)*», «*поэтикалық семантика*», «*поэтикалық синтаксис*» деп атап,

оның түрлерін саралайды. «Поэтикалық сөздік»: синоним, омоним, архаизм, диалектизм, варваризм, интернационалдық сөздер, неологизм (жасанды сөз); «поэтикалық семантика»: айқындау (эпитет), теңеу (сравнение), ауыстырулар, метафора (метафоралы айқындау, метафоралы теңеу, күрделі метафора), кейіптеу (олицетворение), метонимия, мезгеу (синекдоха), символ, мысалдау, мысқылдау (юмор), әсірелеу; «поэтикалық синтаксис»: (интонация: сұрай арнау, хабарлай арнау, қайталау, анафора, эпифора, эллипсис, инверсия, түйдектеу, баяулату, дамыту, шендестіру (антитеза) [16. 231-251].

Академик Қ.Жұмалиев көркем тілдің ауыспалы мағынасын «троп» деп атап, оның 6 түрін саралайды. Мысалы, «Троп – грекше бұрылыс, бұрма деген сөз. Тілімізде өз мағынасында қолданылатын Троп сөздермен қатар ауыспалы мағынасында қолданылатын сөздер де аз емес. Олар көбінесе көркем әдебиетте көбірек кездеседі. Көркем тілдің басқа түрлерінен ауыстыру мағынасында қолданылатын сөздердің негізгі ерекшелігі астарлылығында. Бір нәрсені айтып, екінші мағына ұқтыруында» [14. 113], – дейді.

Метофора – ауыстыру, олицетворение – кейіптеу, метонимия – алмастыру, синекдоха – мензеу, символ – бейнелеу, аллегория – бернелеу, гипербола – әсірелеу-үлкейту, литота – қарапайымдылық, сарказм – қанау, ирония – келеке, әжуа деп орысшадан аударып, қазақшалаған. Сонымен бірге Қ.Жұмалиев қазақ әдебиетіндегі фигураның негізгі түрлерін былай бөледі: « ... арнау (жарлай арнау, зарлай арнау, сұрай арнау, риторикалық арнау), қайталау (жай қайталау, еспе қайталау, синтаксистік параллелизм, анафора, эпифора), шендестіру, дамыту, ауыстыру, сөз тастау» [14. 114].

А.Байтұрсынұлының қайталау, шендестіру, дамыту, т.б. пән сөздерін қайталап атап-атап келіп, соңын Қ.Жұмалиев мысалдармен бекітіп отырған. Арнауды да А.Байтұрсынұлынша саралайды, оған тек риторикалық арнау түрін ғана қосқан. Ал, академик З.Қабдолов Ахаңның «көріктеу әдістерін» «айшықтау тәсіліне» жатқызады: «... әдеби тілді ажарлаумен, құбылтумен қатар керек жағдайда айшықтай білген жөн. Әдеби тілдің әсемдігі ғана емес, әсерлілігі үшін де әжептәуір қажет тәсіл – айшықтау яки фигура. Айшықтаудың (фигураның) түрлері көп. ... арнау – адамның яки ақынның өзіне не өзгеге, кейде тіпті жалпы жұртқа арнайы тіл қатуы, көпшілікке қайырыла сөйлеуі, олармен іштей кеңесуі. Арнауы А.Байтұрсынов әуелден үш түрге бөлген ... кейін бұл үлгіге айналды ...» [22. 237], – дейді. З.Қабдолов арнауы да, басқасын да Қ.Жұмалиев сияқты бөледі және орысшасы мен латынша транскрипциясымен қоса береді. Абайдың және қазақ ақын-жазушыларының өлеңдерінен, прозалық шығармаларынан үзінділерді мысалға алады:

*Қалың, елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың ...*

Ахаңда «Сұрай арнау»:

*Не жазып ем, Құдай-ау, мен қазаққа?
Мүбтәла қып салғандай мұнша азатқа.
Адамшылық есебіне кірісіп,
Қолы жетсін дегеніміз бе, азатқа?*

(Маса) [2.186].

Зарлай арнау:
*Ойтырым-ай, Алла-ай, жасаған!
Қысылды ғой шыбын жан.
Қуат кеміп барады,
Көл болды мынау аққан қан.
Тәңірі, өзіңе жылайын!
Хал жоқ, қалай тұрайын?!
Жүректі жара жеп барад,
Жасаған-ау, қалай шыдайын!*
(Мағжан)

Жарлай арнау:
*Қара палуан Жәнібек!
Қаз дауысты Қазыбек.
Жетім қалған халқыңа,
Тұлға болып артыңа
Кім тиянақ қазық ед?!
(Маса)*

Қ.Жұмалиев арнауды «Фигура – образ – түр» тобына топтап, 3-ке бөледі. Ғалым жарлай арнауға ақын С.Мұқановтың «Сұлушашынан» үзінді келтіреді:

*Қияға өрлеп, қырандай қанат жайып,
Табым десе, қозады аруағым.
Түпсіз қара тұнықта суды кешсем,
Тап қолыма медеу қып ұстар талым.
Көзсіз көрдей басыма күндер туса,
Табым қолда жарық қып ұстар шамым.
Менің табым – еңбекші, еңбек ері,
Онсыз менде көрген күн – бұлдыр сағым... [14. 133].*

«Жазушы біреуге не көпшілікке қайырыла сөйлесе

және сол сұрағына жауап күтсе сұрай арнау» болады.
Мысалы:

*Желі толған сары түйе,
Агажан, кімге тапсырдың?
Қора толған ақты қой,
Ай көке, кімге тапсырдың?
Тоғай толған мың жылқы,
Күн көке, кімге тапсырдың?
Тоқсанда әкең Тоқтарбай,
Алпыста шешең Аналық,
Бірге туған мен зарлық,
Ақ көке, кімге тапсырдың?*

(«Қобыланды жырынан») [14. 134].

«Сұрай арнаудың бір түрі – риторик сұрау (грекше – rhetoz – шешен), ойын сұрау, жауап ретінде айтушылық. Риторик сұрау жауапты керек етпейді» [14. 134-135]. Әр сұраудың жауабы оқушылардың ойында тұрады. Оған мысалға Махамбет өлеңінен үзінді келтіреді:

*Орай да, борай қар жауса,
Қалыңға боран борар ма?
Қаптай соққан боранда
Қаптама киген тоңар ма?
Туырлығы жоқ тұл үйге,
Ту байласаң тұрар ма?
Ту түбіне тұлпар жығылса,
Шаппаған нәмәрт оңар ма?*

« ... Көркем шығармаларда қаһармандар басында талай қиын хал, жағдайлар кездеседі. ... қысқасы, осылар тәрізді қаһармандардың ауыр халін мұңды, зар күйде суреттеуде зарлай арнау шығармада ерекше

орын алады. Зарлай арнау монолог түрінде кездеседі» [14. 135-136] деп, «Қыз Жібек» жырындағы Төлегеннің зарынан (монолог – Қ.Ж.) үзінді келтіреді:

*Әуелеп ұшқан алты қаз,
Етің шекер, сорпаң паз.
Атайын десем, оғым аз,
Қонар болсаң, жануар,
Міне майда, міне саз.
Өлмеген құлға, құдай-ай,
Болып қалды енді жаз.
Атамды айтып қайтейін,
Шешемді айтып қайтейін,
Мен кеткен соң дариға-ай,
«Көкешім!» деп Сансызбай
Еркелеп кімге қылар наз ...*

Әдебиеттегі дәстүр жалғастығының заңдылығына байланысты арнаудың үш түрін үш ғалым (Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, З.Қабдолов) өз қисындары бойынша қиыстырды. А.Байтұрсынұлының осы ұлылығын ұлықтай білген академик З.Қабдолов былай дейді: « ... Мәселен, айшықтаудың (фигура) арнау деген бір түрі бар. Ахаң жоқта біздегі әдебиет теориясы басы жоқ кеуде секілді еді. Ал, басы жоқ дене бола ма?! Қайтейік, болады деп келдік... Бүкіл дүниежүзілік әдебиет теориясында арнау бір-ақ түр, ... бұған шешендік сұрау қосылып қана аздап ажарландыруы мүмкін. Ал, қазақ поэзиясында Ахаң осының үстіне 3 түр (сұрай арнау, зарлай арнау, жарлай арнау) қосып, құбылтып, тотының түгіндей құлпыртып әкетеді. ... Әдеттегі дәстүр жалғастығының заңына орай осы 3 түрлі арнауды әрқайсымыз өзімізше пайымдап, қисындап кейде тіпті қиыннан қиыстырып, біз де (Жұмалиев те, Ысмайылов

та, Қабдолов та) кітаптарымызға кіргіздік. Бірақ амал не, бұл жаңалықты тапқан Ахаң екенін кезінде ашып айта алмай, Қажекеңе сілтеме жасауға мәжбүр болдық...» [б. 70; 72].

Әдебиет теориясындағы көптеген қағида, қисындар зерттеушілердің бәріне бұрыннан таныс, ортақ болып есептелінеді. Әдебиет теориясы еңбектеріндегі осындай кейбір пікір ұқсастығы, бір ғалымның айтқаны екінші зерттеушінің пайдалануынан ғана емес, белгілі қағида, қисындардың жалпы әдебиетшілерге ортақтығына байланысты түсініп, ұғынғанымыз дұрыс.

А.Байтұрсынұлы алғаш рет «Әдебиет танытқышта» көркем шығарманың белгілерін тіл білімі ғылымымен салыстыра отырып байланыстырады. Көркем шығарма тілінің стильдік ерекшеліктерін бүгінгі лингвистикалық талдауға сәйкестендіріп қарастырады және теориялық талдаудың объектісін де нақтылайды.

Ғалым шығарма тілінің екі түрлі яғни «ақын тілі (поэзия – О.А.), әншейін тіл» (проза – О.А.) болатындығын жазады. Әдебиеттің осы екі түрінен ғалым поэзияны, оның ішінде өлең түрлерін көбірек сөз етеді. Әрине, өлең өрнегі турасында А.Байтұрсынұлына дейін де қалам тербеген ғалымдар болды. Халық мұрасының асыл үлгілерін танып, тауып, тарихи тегіне ден қойған Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Х.Досмұхамедұлы, Ә.Диваев, ресей және шет елдік И.Н.Березин, В.В.Радлов, Г.Н.Потанин, А.И.Левшин, А.Е.Алекторов, В.В.Бартольд, А.Янушкевич сынды қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушылар, зерттеуші-ғалымдар қазақ өлеңінің түрлері жөнінде құнды пікірлер айтып, ой түйген.

Орыс әдебиеттануында көркем сөздің эстетикалық-стилистикалық (эстетико-стилистическая структура)

құрылымын оқытуда неге көңіл бөлу керек? деген сауалға Ю.Н.Тынянов: « ... различия между стихом и прозой как системной и бессистемной, в фоническом отношении речью, опровергается самими фактами; оно переносится в область функциональной роли ритма, причем решает именно эта функциональная роль ритма, а не система, в которой он дается» [38. 36; 39] десе, А.Л.Жовтис өлендегі форма мен мазмұнның бірлігін ырғақпен байланыстырады: « ... следует искать в конкретном ритме строк, приобретающем то или иное содержательное значение в ритмическом контексте; Важно отметить также, что в ряде случаев в строчке не пять стоп, а только четыре ...» [39. 56; 62].

Шоқан Уәлиханов поэзияны қазақ өлеңінің ұлттық ерекшеліктеріне қарай жіктеген. Оның: өлең, жыр, жоктау, кара өлең, кайым өлең деп 5-ке бөлгені белгілі. Шоқан халқымыздың рухани қазынасында осы өлең түрлерінің толық сақталуы қажеттігін айрықша қадап айтады. Бірақ қалайша сақталуы тиіс? Ұлы ғалымымыз өлең түрлерінің сақталуын олардың орындаушылар типімен байланыстырады. Біріншілері – жыршылар (сказитель). Бұларды ғалым Грециядағы рапсодтармен яғни көне грек эпикалық жырларын жаттап алып, ел арасында айтушылармен салыстырады. Екіншілері – суырып салма ақындар (певец-импровизатор). «... қазіргі кезде осы жыршылар немесе өлеңшілер қырда көп болғанымен олардың көбісі суырып салма ақындар. Ал, дәстүрлі ескі жыр-дастандар жаңа ұрпақтарға белгісіз себептермен жылдан-жылға айтылмай қалып бара жатыр. Оларды білетіндердің өздері де аз қалды» [40. 285-286] деп, әдемі дәстүрімізден елдің көз жазып бара жатқандығын сол кездің өзінде-ақ қынжыла, жаны ауыра отырып жазады.

XIX ғасырда қазақ өлеңінің түрлерімен Шоқаннан кейін шұғылданғандар көп емес, бірді-екілі ғана зерттеушілер. Солардың бірі белгілі шығыстанушы-ғалым В.В.Радлов өзінің «Оңтүстік Сібір және Жоңғар даласында өмір сүретін солтүстіктегі тайпалары халық әдебиетінің үлгілері» (1870) атты зерттеуінде қазақ поэзиясының тіліне, жанрына, стиліне, көркемдік ерекшеліктеріне қатысты күні бүгінге дейін маңызы солғын тартпаған құнды ой-пікірлер айтып, қазақ өлеңдерінің кейбір асыл үлгілерін хатқа түсірген. В.В.Радловтың қазақ өлеңінің тарихи қалыптасуына байланысты айтқан ой-тұжырымдары назар аудартады.

Біздің елге талай рет басқыншылық шабуыл жасалды, жат жұрт өз мәдениетін, әдет-ғұрпын күштеп тануға тырысты. Сол бір ықпалдарға қарамай яғни «исламның шұбарлағыш әсеріне бой алдырмай қазақ өлеңі әуел бастағы таза түркілік» қалпын сақтап қалды. Ал осы өлең түрлеріне келсек, қазақтың бүкіл өлеңдерінің түп негізі ретінде қазақтар өздері «өлең» және «жыр» деп атайтын екі түрлі өлең түрін қабылдауға болады. Өлең негізінен суырып салып айту кезінде қолданылады» [41. 12], – дейді.

Қазақ өлеңінің пәрменділігін, әлеуметтік өмірде араласпайтын мәселесі болмайтыны туралы жазған тағы бір орыс оқымыстысы А.И.Левшин қазақ өлеңдерін жанрға бөліп саралауға тырысты. Ол қазақ өлеңдерін тақырыбына қарай: батырлық (эпос және тарихи өлеңдер) жырлар, тұрмыс-салт жырлары, лирикалық өлеңдер деп бөлді.

XX ғасырдың бас кезінде жана заманның жас толқын қайраткерлері яғни Ахмет Байтұрсынұлы, Мұхтар Әуезов [42], Есмағамбет Ысмайылов [43], Сәкен Сейполлаұлы [44], Сәбит Мұқанов [26], Қажым

Жұмалиев [14] қазақ әдебиетінің теориясын, тарихын, сынын жазып, сөз өнеріміздің көркемдік-эстетикалық ғылыми негізін жасағанда өздеріне дейінгі азды-көпті тәжірибелерге сүйенгені анық.

Әдебиет теориясын қазақ ұғымына лайықтап, сөздің өнерге айналу тәсілдерін түсіндірген А.Байтұрсынұлының өлең өрнегі туралы айтқан толымды, нақты пікірлерін де бөле-жара айтуымыз керек. А.Байтұрсынұлы зерттеуші-ғалым ретінде қазақ әдебиетінің даму кезеңін жеке бөліп қарастырмайды, барлық халықтар әдебиетіне ортақ, тән сипаттармен ұштастыра отырып, тереннен талдайды. Өнерпаз елдер әдебиетіне тән көркемсөз түрлерінің қазақ әдебиетінде де бар екенін, бола бастағанын, келешекте дамитынын ғылыми негіздерге сүйене отырып жазды.

А.Байтұрсынұлы әуезділіктің жалпы шарттарын яғни сөз әуезділігінің мәнісін толық түсіндіреді. Әуезділік деп нені айтамыз? Оған ғалым жауабы да дайын: «Сөздің де, сөйлеудің де құлаққа жағымды болуы – дыбыстар мен сөйлемдердің тізілуінен» екендігін және олай болуының мәнісі – дауыс ағымына байланысты болатындығын айтады. Сонымен қатар сөздің әуезділігі ішіндегі дауысты-дауыссыз дыбыстар оңтайлы орындасуынан, ал сөйлеу әуезділігі буын екпіні қолайлы орналасуынан болады. Бұлай орайластыру жазушының яки сөйлеушінің шеберлігін талғайды. Сөздің кестесін келтіріп, құлаққа жағымды етіп айту әуезділік болып табылады. Сондықтан да ондай сөздердің сөйлемдері «өрнекті сөйлем» деп аталатындығын мысалдармен сипаттайды. Ғалымның осы айтқан ой-пікірлері қазақ тілінің фонетикалық, грамматикалық, синтаксистік құрылымына қатысты дүниелер.

А.Байтұрсынұлы өлең шығару үшін де білім мен

білік керектігін және өлеңнің жорғағы, бунағы, екпін буыны, ырғағы туралы да айтады. Өлең сөйлемдерінде сөз ырғақтарының үстіне өлең ырғақтары қосылады. Өлең ырғақтары сөйлемдердің ішіндегі буын санының бірдейлігімен не тұрақтылығымен, кестелерінің реттілігімен, сөздерінің әуездес ұқсастығымен келетін ырғақ. Буын ырғағынан өлең ырғағын айыру үшін бұл ырғақты «жорғақ» деп атайды, ал өлең тармақтары бірнеше бунаққа бөлініп, оның ырғағын күшейтіп, ширата түседі. Бунақ пен бунақ арасындағы дауыс толқынының жіктерін «кезең» дейді.

Өлең сөздерде болатын кезеңнің өзін ғалым іштей «ұлы кезек», «кіші кезек» деп, ал өлеңнің жорғағын тіл табиғатына қарай 3-ке бөледі: 1. Дауысты дыбыстарда ұзынды-қысқалық бар тілдер яғни араб, латын, ионан (грек тілі – О.А.) тілдері; 2. Екпін буыны бірыңғай келетін тілдер яғни француз, чех тілдері; 3. Екпін буыны бірыңғай келмейтін тілдер яғни орыс, неміс тілдері [3. 216].

Қазақ өлеңтануының теоретигі академик Зәки Ахметов: «Әдебиет танытқышта» негізінен поэтика, стилистика, өлең құрылысына қатысты мәселелер көбірек сөз болады. Автор үлкен тілші-ғалым болғандықтан, оның қазақ поэзиясының ерекшеліктерін осы мәселелерге байланысты тексеріп талдайтыны түсінікті. Автор поэзия тілінің бейнелілігін, сөз қолдану тәсілдерін мұқият зерттеп, тенеу, ауыстыру (метафора), алмастыру (метонимия), шендестіру, арнау, қайталақтау, дамыту, бүкпелеу секілді ұғымдарды әдеби термин ретінде қолданады. Сөйлемдердің синтаксистік топ болып бірігуін «оралым», «қайшы оралым» деген сияқты түрлерін ажыратып көрсетеді. Қазақ өлеңінің ырғақтық құрылыс-жүйесін айқындай, бунақ, тармақ,

шумақ» [7. 64] ұғымдарын қалыптастырғандығын жазды.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінде екпін буыны сөздің аяғында келетіндігі жағынан француз тіліне, ал екпін буыны сөздің аяғына таяу келетін сөздерімен поляк тіліне ұқсастығын және өлең шығарудың да негізгі шарты буын санын бірдей орнына келтірумен орындалатынын түсіндіреді. Сонымен бірге өлең шығарудың үлкен өнер екендігін, жорғағы келмеген өлеңді өлең деуге келмейтіндігін және жалғыз буынды бунақтың тек «путыршыларда» [3. 216] (бұл жерде ғалым нысанаға футурист ақындарды алып отыр – О.А.) ғана кездесетіндігін айтады.

«Футуризм – ХХ ғасыр басындағы еуропалық яғни Италия, Испания, Франция, Германия, Ресей, т.б. елдердің өнердегі авангардтық ағымдарының бірі. Орыс поэзиясында футуристердің ең алғашқы өкілдері – В.В.Маяковский, В.В.Хлебников, Б.Л.Пастернак, В.Каменский, Е.Гуро және т.б. ақындар. Бұлар үшін әдеби шығармашылық табиғатқа жалаң еліктеушілік емес, сол табиғаттың жалғасы іспетті. Табиғаттың өзі адамның ерік-күшінің арқасында болашақта «жаңа адамның» дүниеге келуі, «көненің сөзсіз күйреуі». Футуристер жанды әңгіменің орнына (живой разговорный язык) тоникалық өлеңдерге ден қойды, жаңа фонетикалық ұйқастар ойлап тапты. Өздерінің шығармашылықтарында жеке диалект (индивидуальный диалект) сөздер қолданып, өлең кестесін өзгертуге эксперимент жасады («визуальды поэзия»), әдебиетке «тұрмыстан тыс және өмірлік пайдасы шамалы» (Хлебников), «өмір үшін аса қажетті» (Маяковский) сөздерге дейін енгізді» [24. 219-220].

Путыршылар кім де кім ескіше жазса, ол ескінің

құлы деп санады. Міне, алдарына осындай талап қойған путыршылар ескінің бәріне үзілді-кесілді қарсы шықты. Орыс поэзиясы үшін В.В.Маяковский өлеңінің мазмұны, формасы, тілі, стилі, ырғағы, кестесінің түгелдей жаңаша болғанын ақынның сол кездегі өлеңдерінен байқаймыз. Ол тек қана жаңа идеяны, жаңа мазмұнды ескіше жырлауға болмайтындығын уағыздады әрі оны өз поэзиясы арқылы дәлелдеп те берді.

«... футуризм адам өмірінің, адам мінезінің психологиялық моменті әдебиеттен орын алмайды, былғи машина сияқты шапшаңдылықты, қимылды көркемдік методтың негізі деп саналады.

Батыс футуризмі, оның ішінде Италия футуризмі фашистердің агрессорлық, екінші бір елді басып алу, ескі мәдениет мұраларын қирату искусствоны жою пікіріне сайма-сай келіп, соның тілегін орындауда. Орыс футуристерін Е.Северянин, В.Хлебников, т.б. ұсақ буржуазияшыл ақындар басқарды. В.Маяковский өзінің империалистік соғысқа қарсылығын, революциялық бунтарлық идеяларын беруге футуризмнің ағымын қолайлы көріп, осылардың қатарында біраз уақыт революцияға жеткесін, бұл ағымнан біржола безіп, совет поэзиясын жаңа революциялық мазмұн мен формамен өсірушінің алдыңғы қатарлысы болды» [16. 102-103], – деп жазады әдебиеттанушы Е.Ысмайылов.

XX ғасырдың 20-жылдары қазақ поэзиясының бұрынғы ырғақтарына, өлең өлшемдеріне жаңалықтар ене бастады. Қазақ поэзиясына да осындай жаңа құбылысты, жаңа идеяны, жаңа мазмұнды игерумен қатар оған лайық форма табу керек болды. Қазақ әдебиетінде творчестволық іздену арқылы келген осы жаңа құбылысты жаңаша жырлау мәселесі ақындардың

басты міндетіне айналды. Сол кезең әдебиетіндегі жаңа мазмұн мен форма мәселесін қарастырған әдебиеттанушы Мырзабек Дүйсенов былай дейді: «Совет өкіметінің алғашқы жылдарында қазақ совет әдебиеті жазба әдебиет пен ауыз әдебиет үлгілері қатар, біртұтас әдебиеттің екі тармағы ретінде дамып отырды. Бұл жылдардағы әдебиеттің әсіресе, поэзияның сыртқы түрлерінде, кейбір бояу-нақыстарында ауыз әдебиетінің үлгілері жүргенмен оның идеясы жаңа революциялық мазмұнға толы болды. Абай енгізген дәстүрлер, тіпті қазақ әдебиетінде бұрын-соңды болмаған жаңа өлең өрнегі, жаңа ырғақ пен екпін, жаңа серпін С.Сейфуллин тудырған өлеңдерде бар-ды» [45. 45-46]. Әрине, жаңа мазмұн әр уақытта жаңа форманы талап ететіні анық яғни жаңа мазмұнды айқындап, оқушыға жеткізе алатын ескі формалар өмір сүре береді, тек ақындар ескіні жаңа мазмұнға лайықтап пайдаланады.

Осындай форма қуушылық сияқты өткінші кемшіліктер Сәкеннен басқа ақындар: Қ.Бекхожин, С.Мұқанов, Ж.Сыздықов, А.Токмағамбетов, Қ.Әбдіқадыров, Т.Жароков, Ә.Тәжібаев шығармашылығында кездеседі. Қазақ әдебиетінің алғашқы жылдарында мазмұнға жаңа форма табу мәселесі қойылды, мұны өмірдің өзі қажет етті. Бұл бір күн ішінде қолдан жасай салатын құбылыс емес, шығармашылық ізденіс үстінде келетін дүние. Оған белгілі уақыт кеңістігі керек екенін әдебиеттанушы ғалым Мүсілім Базарбаев та қуаттайды: «... жаңашылдықтың алғашқы түренін қазақ поэзиясында салушылардың бірі – Сәкен Сейфуллин болды. Осындай тыңырықтан Сәкен сияқты өршіл, тапқыр ақындар ғана өз формасын, өз стилін тапқандай болды» [46. 123]. В.В.Маяковский өлеңдері орыс поэзиясын каншалықты

жоғары көтерсе, ақиық ақын Сәкен де көп ізденіп, көп үйреніп қазақ поэзиясын жаңаша лепте, жаңаша түрде сөйлетті әрі жырлата білді.

Қазақ тіл білімінде күрделі құрмалас сөйлемдер туралы алғаш пікір айтқан да Ахмет Байтұрсынұлы болатын. Ғалым мұндай құрылымдағы сөйлемдерді «Өрнекті сөйлемдер» деп атап, оған мынадай анықтама береді: «Өрнекті сөйлемдер – құрмалас сөйлемдердің бастары қосылып кестелі болып құралуы. Ондай сөйлемдер нақ текеметке яки кілемге салынған түр сияқты болмағанмен, өрнек-өрнегімен айтылады. Өрнекті сөйлемдерді айтқанда дауыс көтеріліп, төмендеп әнше оралып қайырылып отырады, сондықтан да ол оралым немесе шұбыртпа» деп аталынады. Оралым – шумақты жырға, өлеңге ортақ ұғым, өзінше синтаксистік тұтастығы бар өрнекті сөйлем. Ол екі мүшелі – бірінде пікір тақырыбы, екіншісінде – пікір баяны болады. Сондықтан бастапқы тақырыпшы мүше делініп, екіншісі баяншы мүше делініп айтылады» [З. 202-203].

Қазақ өлеңінің жүйесі, құрылыс-бітімі сараланып, өзіндік сипат алуы қазақ елінің халық болып құралуымен, қазақ тілінің жалпы халықтық тіл болып қалыптасуымен тығыз байланысты болды. Әдебиет, поэзия дамыған сайын, бұрын болмаған жанрлық түрлер орнығып, молайған сайын өлең жүйесі, құрылысы шыңдалып, оның сипат-белгілері де, қолданылатын өлшем-өрнектермен толысқанын академик Зәки Ахметов «Өлең сөздің теориясы» (1973) атты зерттеуінде жазды.

Поэзияда құрмалас сөйлем аяқталған ойды білдіру үшін формалық жағынан да, интонациялық жағынан да

тиянақты болуы шарт. Өлең түрінде кез келген күрделі синтаксистік тұтастықтың жігін ажыратып талдауда өлеңнің белгілі бір тәртіппен шумаққа бөлінуінің үлкен мәні бар.

Қазақ поэзиясында Шоқанның айтуына қарағанда кезінде жыр, жырлау деген ұғымдар кейінірек терме, термелеу деген сөздердің мағынасын да бере алатынын З.Ахметов зерттеуінде анықтады: «Терменің түпкі мағынасы әр нәрсені теріп айту, жиыстырып, қосарлап айту екені рас. Бірақ терме жырлар желдіртіп, жеңіл, ойнақы әуеннің нақысымен айтылатындықтан, терме, термелеу деген сөздер кейін аса маңызды жаңа мағына алды. Терме мен толғауда жыр өлшемінен басқа өрнек сирек қолданылады. Әсіресе термеде нақыл сөз үлгілері жиі кездеседі. Ұйқас қолдану, дыбыс үндестігін мол пайдалану жағынан да бұлардың өз ара жақындығы көп. Бірақ әрқайсысының өзгешелігін көре білу керек. Толғау әдетте қоғамдық, әлеуметтік, тарихтық, философиялық мәселелерді терең қозғайтын, желілі ой түйетін шығарма болып келеді. Эпостық жырларда кейіпкердің арнайы айтылған көлемді сөзін (монолог) толғау дейтіні белгілі. Терме көбінше жеке-жеке нақыл сөздерден құралады. Бір нәрсені, бір ойды айту үшін ұқсас нәрселерді, алуан түрлі жайларды қатарластырып, тізіп келтіреді. Мұнда бір ойды дамытып әкетуден гөрі оны өрнектеп, еселеп айтатын шешендік, тапқырлық, нақыл сөзге жүйріктік басым» [47. 123].

Ғалым Ф.Корш «Древнейший народный стих турецких племен» атты зерттеуінде 7 буынды өлең өрнегінің 4 буын + 3 буын болып келетін түрін «түркі елдеріне ортақ

7 буынды өлеңге тән ең көне ырғақ. Басқаларынан гөрі қысқарақ, неғұрлым көп тараған және көне түркі жазба ескерткіштерінде кездесетін 7 буынды өлеңді ең бұрын шыққан деп санау орынды» [47. 123] – дейді. Ал осы ырғақ түркі елдерінің поэзиясында көп қолданылатын болса, қазақ поэзиясында ол 7 буынды өлеңде негізгі өрнек болып табылады.

Ал шумақ емес, тирадаға бөлінетін 7-8 буынды жырда мұндай заңдылық жоқ, кейде қысқа жеке жолдың өзі бір сөйлем, кейде 2-3, тіпті 3-4 жол бір-ақ сөйлем болып құрыла беретіндігін академик Рабига Сыздықова «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы» (1970) атты зерттеуінде баяндайды. Ал енді кейбір кездерде құрылысы қарапайым сөйлемдерді де тізбектеп келтіргенде « ... синтаксистік оралым өте айшықты, мағыналық жағынан сыйымды, кең тынысты болып шығатынын көреміз. Өлеңде құрмалас сөйлемге кіретін жай сөйлемдерді әртүрлі ретпен топтастырып, синтаксистік оралымды өте күрделі етіп, өрнектеп келтіру мүмкіндігі мол. Әрбір шумақ бір-бір күрделі синтаксистік тұтастықты қамтиды» [48. 38].

Күрделі синтаксистік тұтастықтың өзі аяқталған лексикалық ойды білдіретінін Б.М.Томашевский де жазады: « ... каждая лексическая среда обладает своими специфическими синтаксическими оборотами, наблюдается также и синтаксические диалектизмы, архаизмы, прозаизмы ...» [20. 73].

Күрделі синтаксистік дербес единица Махамбеттің «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңін Р.Сыздықова «тығыз органикалық байланыста тұрған (күрделі құрмалас сөйлем) құрылымға» [48. 160] жатқызады. Ауыз әдебиеті үлгілерінен ондай құрылымдарды көптеп кездестіруге болады. Поэзия түрінде келген күрделі

құрмаластарды құраушы жай сөйлемдердің арасы көбіне көсемшенің *-ып, -мей* жұрнақтары арқылы сабақтасады. Сонымен бірге көсемшенің *-ып* жұрнағының поэзиядағы жұмсалысы прозадағы жұмсалысына қарағанда өзгеше. Поэзияда белгілі бір оқиғаның, іс-әрекеттің интенсивті түрде орындалғанын көрсету үшін ұйқас көсемшелермен аяқталып отырады. Мұндайда олар сөйлемнің тиянақсыз сыңары болып жұмсалады. Поэзияда көсемшелер кейде ойды аяқтап, кейде тиянақты баяндауыш есебінде де жұмсалатынын Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысына талдау жасаған профессор Р.Сыздықова нақтылады.

Жыр деп әдетте эпостық жырлар мен толғау, терме секілді ықшам, желдірмелі әуенмен айтылатын, тармақтары жеті-сегіз буынды болып, түйдектеліп келетін шығармаларды айтады. Жырдың өлшемі мен өрнегі (түйдегі, ұйқасы) әсіресе эпостық шығармаларда көбірек кездесетін болғандықтан, жыр эпостық поэзияға тән өлең түрі деген мағынада да қолданылады.

Ш.Уәлиханов жыр деген сөздің мағынасын халықтың ауызша тарайтын эпикалық поэзиясының үлгісі (рапсодия) деп анықтап, жырлау дегеннің өзін әуенмен термелеп сөйлеу (говорить речитативом) [40] деп түсіндіреді. Сондай-ақ, Шоқан жырды жыршылар осылай термелеп айтқанда домбырамен (кобызбен) сүйемелдеп отыратынын атап көрсетеді.

А.Байтұрсынұлы қазақ өлеңінің арғы-бергі тарихын зерттей отырып, оралымның 9 түрін танып, олардың әрқайсысын нақты мысалдармен бекітіп береді. Мысалы:

«Себепті оралым – баяншы мүшесі тақырыпшы

мүшесін дәлелдей баяндау» [З. 204]. Оралымның бұл түріне төмендегідей мысал келтірген:

Көлден ұшқан қалбаймын,
Жаманның тілін алмаймын.
Хақ бұйырған сапардан,
Арыстаным, қалмаймын.
Асыл достым, сөкпесең
Бұл сапарға бармаймын,
Бұл олжадан алмаймын.

Асқар тауды бел деген,
Ақ бармақпен жем жеген.
Өзінен басқа көрмеген,
Өзінен басқа білмеген.
Күтіп тұрған анасы –
Өзі әйелдің данасы.
Тұлпар туған Бурылдың
Қырық үш күні кем деген

Мен болармын демендер,
Аяқты алшаң басқанға.
Екі көзің аларып
Құр қарайсын аспанға.
Бір ғылымнан басқаның
Бәрі де кесел асқанға.
Өйткен адам жолығар,
Кешікпей-ақ тосқанға.

(Абай)

Ғалымның тұжырымдауынша, өрнекті сөйлемдерді иіріп-жиырып жай сөйлемге, жай сөйлемді жайып өрнекті сөйлемге айналдыруға болады, өйткені

өрнекті сөйлемдер қанша үлкен болғанымен, бәріне қазық болатын бас пікір жалғыз-ақ болады. Мысалы, жоғарыдағы сөйлемдегі ойды бір-ақ сөйлемге сыйдыруға болады: Бұл сапарға бармаймын, өйткені анасы Тайбурылдың елі қырық үш күндік кемдігі бар деген салалас құрмалас сөйлем. Анасы Тайбурылдың әлі қырық үш күндік кемдігі бар дегендіктен, мен бұл сапарға бармаймын деген сабақтас құрмалас сөйлем. Алғашқысында салдар өлендегідей себептің алдында тұр, ал сабақтас құрылыммен айтқанда, себеп салдардың алдына шығады. Бұл сөйлемді көсемшемен сабақтастыруға келмейді. «Басыңқы сөйлемнің баяндауышының келер шақта келуі себеп бағыныңқылы көсемшелер (-п формасы) арқылы құрмаласуына кедергі болып тұрады. Басыңқының баяндауышы өткен шақта тұрған салаластар көсемшелер арқылы сабақтаса береді» [49. 114], – дейді тілші-ғалым Б.Қапалбеков.

А.Байтұрсынұлының сөйлемдегі шарттылық қатынастар жөніндегі ендігі бір анықтамасы шартты құрмаластардың себеп пен салдарлық қатынастағы сөйлемдерге мағыналық жақындығын аңғартады. Әсіресе, көсемшемен келетін шартты бағыныңқыларда себептілік реңк байқалады. А.Байтұрсынұлы «Тіл тағылымы» зерттеуінде былай дейді: «бағыныңқы сөйлем – бітпеген шала сөйлем. Бағыныңқы сөйлем – басыңқы сөйлемнің шылауындағы қосымша есебіндегі сөйлем. Мұндай сөйлемдер екінші сөйлемге сүйеніп қана сөйлем дәрежесіне кіреді» [50. 303].

«Өрнекті сөйлемнің баяншы мүшесінде болжал себеп иә шарт болып, тақырыпшы мүшесінде болжал салдар болса, оралым шартты» [2. 207] деп аталады.

Шартты оралым:

*Намаздыгер өткенше,
Намазшамға жеткенше,
Қазан ағаш бағысын
Түсірмесем жүзіңе,
Көрсетпесем көзіңе
Жан серігің Бурылды
Сол жерде сал Құдайға!*
(Қобыланды)

*Сарғайып келген егін толқынданса,
Жас орман жел күңірентіп әнге салса.
Жапырақтың жасыл ләзатты саясында,
Бақшада мойыл қаймақ жасырынса.
Себілген алмас шық пен шын хош иіс,
Сары алтын ертеменен иә қызыл кеш,
Бір топтың қолтығынан күліп қана,
Бас иіп есендессек күміс ландыш*
(Мағжан)

«Өрнекті сөйлемнің баяншы мүшесі тақырыпшы мүшесін мақсаттай баяндаса, оралым мақсатты» [2. 205] деп аталады.

Мақсатты оралым:

*Тобыршақ атқа зор салды,
Ақ алмасқа қол салды.
Қамшы басты сауырға,
Екпіні ұқсап дауылға.
Тобығы меңді тор атпен,
Қобыланды шапты ауылға.*

*Қатуланып, қаттанып,
Буырқанып, бұрсанып,
Мұздай темір құрсанып,
Қабағынан қар жауып,
Кірпігінен мұз тамып,
Ар жақ пенен бер жаққа
Найзасын ұстап бармаққа*
(Қобыланды)

«Өрнекті сөйлемнің баяншы мүшесі тақырыпшы мүшесін ұқсата баяндаса, оралым «ұқсатпалы» деп аталады [3. 218].

Ұқсатпалы оралым:

*Асыл туған Ақжүніс,
Күнді бұлт құрсайды.
Күнді байқай қарасам,
Күн жауарға ұқсайды.
Айды бұлт құрсайды,
Айды байқап қарасам,
Түн боларға ұқсайды.*

«Өрнекті сөйлемнің тақырыпшы мүшесі мен баяншы мүшесіндегі пікір бір-біріне қарсы мағынада болса «қайшы оралым» [3. 206] деп аталады.

Қайшы оралым:

*Мен Қырымның ішінде
Ақша ханның қызы едім.
Атам менен анамның
Асыранды қазы едім.*

*Қойда бағлан қозы едім,
Жылқыда шаңқаң боз едім.*

*Қарағайға қарсы бұтақ біткенше,
Еменге иір бұтақ бітсейші.
Қыранға тұғыр қыларға.
Ханнан қырық туганша,
Қарадан бір-ақ тусайшы,
Халықтың қамын қусайшы.*

(Махамбет)

«Өрнекті сөйлемнің тақырыпшы мүшесіндегі пікір баяншы мүшесіндегі пікірге тіркес мағынада болғанда «жалғасыңқы оралым» [3. 208] деп аталады.

Жалғасыңқы оралым:

*Таң сарғайып атқанда,
Таң Шолпаны батқанда.
Шал-кемпірдің қойнында,
Арқада Қобылан жатқанда,
Тайбурыл атқа ер салып,
Аз ғана азық жем салып,
Бәйгеден келген көк дөнен
Түнімен ұйқы көрмеген,
Ақ орданың алдынан,
Жетелеп сонда өткізді,
Құртқа сұлу көлденең.*

«Өрнекті сөйлемнің баяншы мүшесі тақырыпшы мүшесіндегі пікірді екі ұштылай баяндаса, оралым «айырықты» [3. 211]. болады.

Айырықты оралым:

*Сен неге, тұлпар атым, кісінейсің?
Жабығып, неден көңілің, түсті еңсең?
Ерігіп, ауыздығың қарш-қарш шайнап,
Бұ қалай, бұрынғыдай сілкінбейсің?*

(Маса)

*Азамат, анау қазақ қаным десең,
Жұмақтың суын апар, жаным десең.
Болмаса ібіліс бол да, у алып бар,
Тоқтатам, тұншықтыраам зарын десең ...*

(Мағжан)

Синтаксистік біртұтастығы бар оралым, тіпті бір жай сөйлемнің құрылыс-қалпын сақтай отырып, бірыңғай сөйлемдерді қатарластыра тізбектеу арқылы да жасалуы мүмкін. Бұл оралымдарды ғалым тіл мен әдебиет саласын қатарластыра отырып талдайды. Жалпы «оралым» А.Байтұрсынұлының әдебиеттануға енгізген көп пән сөздерінің бәрі және келтірген мәтіндері де осы оралымға берген анықтамасына толық жауап береді. Ғалым Зәки Ахметов А.Байтұрсынұлының пән сөздерді қалыптастырудағы еңбегін жоғары бағалай отырып оралымға мынадай анықтама береді: «Оралым – өлең сөздегі синтаксистік өрнектер, сөйлемдердің өрнектелу үлгілері. Синтаксистік оралымды өрнекті сөйлем, көлемді, күрделі құрмалас сөйлемдер деумен бірге тізбектеліп, әр түрлі тәсілмен топталып, тұтасып келетін және тиянақты ойды білдіретін сөйлемдер шоғыры ...» [51. 246].

Атам заманнан бері адам баласының сөзі асылында екі түрлі орынға: күн көріс, көңіл көтеріс ісіне жұмсалған.

Бастапқысына қара сөз (проза болса керек), соңғысына өлең (поэзия) деп ат қойған. Ғалым өлеңді тағы да екіге яғни әнді өлең, мәнді өлең деп жарып, одан мынадай ой түйеді: «әні басым, мәні кем ажары аз өлеңге қара өлең, әні кем мәні мол, ажарлы өлеңге жыр деп ат қойған». Қазақтың «жыр» деп ат қойған ескі өлеңдерінің көбі-ақ екі бунақты тармақ болады. «Қара өлең» деп атаған ескі өлеңдерінің бәрінде де үш тармақ болады» [3. 212] деген А.Байтұрсынұлының пайымдауы В.В.Радловтың ой-пікірімен үндестік тауып тұрғандай: «Жыр өлшем жағынан минусин татарларының батырлық жырларына ұқсас, өлеңге қарағанда белгілі заңдылыққа аз бағынады. Көпшілік жағдайда ол екі буыннан төрт буынға дейін мүлде еркін араласып келіп отыратын үш бунактан (көбінесе екі бунактан) құралады. Жырда егіз ұйқастар немесе түрлі ұйқасты жасанды тіркестер кезігеді» [41. 14].

Қазақ поэзиясында жырдың атқарған қызметі аса зор, оны Абайдан бастап жазба әдебиет өкілдері де орнымен пайдаланған. Жырдың күрделі әрі мағыналылығын, оның эпикалық үлгідегі өлеңдерден айырмашылығын З.Ахметов былай түсіндіреді: «По характеру созвучия жыр приобретает порою очень сложную форму, охватывая большое количество стихов. Это происходит тогда, когда объединяются несколько периодов, каждый из которых составляется из довольно большого количества стихов и отличается известной законченностью, в один длинный период» [52. 226].

«Жар-жарда» ән үшін болмаса, мән үшін керек емес артық сөздердің бар екеніне мысал келтіреді [3. 223]:

*Бір толарсақ, бір тобық санда болар, жар-жар!
Қырық кісінің ақылы ханда болар, жар-жар!*

*Әкем-ай, деп жылама, байғұс қыздар, жар-жар!
Әкең үшін қайын атаң онда болар, жар-жар!*

«Беташарда» ондай артық сөздер аз. Мұнда бір сөз қайталанса, орнымен, келісті түрде айтылады. Мысалы [3. 223]:

*Айт келін, айт келін!
Атың басын тарт, келін!
Жұмыртқадан ақ келін!
Келін-келін, келіншек,
Кер биенің құлыншақ!
Алдыңғы түйең итіншек,
Артқы түйең тартыншақ.
Итіншек деп түйеңді
Басқа ұрма, келіншек!
Тартыншақ деп түйеңді
Көтке ұрма, келіншек!*

Міне, ғалым кара өлеңнің ажарына және жырдың мағыналық, маңыздылық жағына баса назар аударып, арасында қандай өзгешеліктер барын осылай жіті түсіндіріп береді.

Күрделі құрылымдардың болуы тіл тұтынушылардың таным деңгейінің тереңдігімен байланысты. Біздің қазаққа жазу дәстүрі соңғы ғасырларда ғана жайылған. Сонда одан арғы ауызша әдеби тіл кезеңінде халықтың таным деңгейі төмен болған ба? деген заңды сұрақ туады. Біздіңше, бұрын сауаттылық бүгінгідей оқып, жаза білумен емес, өлең, сөз құрай білумен де өлшенген. Ұлт рухында өлең сөз, поэзия негізгі қызметімен қоса, ауыздан ауызға көшкен кездегі құрылысының тұрақтылығына байланысты жазу сияқты тарихи деректер де біршама дәл күйінде алға жетіп отырған.

Өлең сөзбен жөн сұрасу, алыстағы ағайынға жолаушы арқылы екі-үш ауыз өлеңмен сәлем айту, қыз бен жігіт сүйіспеншіліктерін өлең арқылы жалғастыру сияқты үрдіс поэзияның қазақ тұрмысындағы қызмет-өрісінің әмбебаптығын көрсетеді.

Өткен ғасырдағы қазақ даласына келген Еуропа ғалымдары жыраулардың жырлаған ұзақ жырын босағада отырған бала ертеңіне қайта айтып бергенде немесе сөз баққан адамдар ғана емес, отбасы, ошақ қасында жүрген кез келген әйел табан астында өлең құрап айтатындығына таң қалған. Десек те мұнда таңданатындай дәнеңе жоқ, сол кездегі қазақ үшін бұл құбылыс күнделікті өмірінің салты яғни оқып, жаза білген сияқты жай сауаттылық қана. Өлең сөз жазудың қызметін атқарған, сонымен қатар ол кездегі қазақ қоғамында рухани жағынан сауатты жандар өте көп болған. Бұл туралы Алаш зиялыларының бірі Райымжан Мәрсеков 1915 жылы «Қазақта» жариялаған мақаласында қазақ әдебиетін үш кезеңге бөліп, 1-ші кезеңін былай сипаттайды: «Ескі замандағы қазақ арасына жазу таралмай тұрғандағы кез. Ол заманда қазақ өз алдына тұрып, кең далада еркін дәурен сүріп, көкөрай шалғын жерлерде, шалқыған көл, сарқыраған өзен жағасын жайлап жүрген күндері. Кеңшілікте туып, бар керегі өзінен табылып, төрт түлік малдан бәрі шығып тұрған мезгіл, ойлауға уақыт кең, сөз сөйлеуге тілі еркін болған заман. Біреумен біреу кез келіп сөйлесе қалса, жай сөз қылып өлеңмен, жұмбақпен, пернемен сөйлескен. Той болса, жиын болса, ақынсыз, өлеңсіз болмаған, айтысу парыз болған. Жиын болса қыз-келіншек, бозбаласыз қызығы, сәні болмаған. Сөз білген, өлең білгендер ол заманда ел ішінде қадірлі болған. Бұлардың қадірлі болу себебі, сөз бағалы

болып, өлең мен күй адам баласының өнерінің зорына саналған» [53. 154-155].

Күрделі ойды поэзиямен де, прозамен де жеткізуге болады дедік, бірақ өлең сөзге салып жеткізу қара сөзбен айтуға карағанда қиынырақ, ойдың жүйріктігін, сөйлеу дағдысының асқан шеберлігін қажет етеді. Қарасөзде құрмаластардың пайда болу көрінісі ұлтымыздың тарихында жазудың қолданыла бастауымен бірге шыққан, бірақ бүгінгі әдеби тілімізге жақын жазу тілі тек ХХ ғасыр басында ғана кең сипат алды. Жазба тілді жалпы халықтық тілге жақындату, сол арқылы ғасырлар бойы жалпыхалықтық сипатқа ие бола алмай келе жатқан араб әліпбиіндегі жазба тілді әдеби тілдің сапасына көтеру Алаш қайраткерлерінің, әсіресе Ахмет Байтұрсынұлының есімімен тығыз байланысты.

«Әдебиет танытқышта» қазақ өлеңінің құрылысы мен буын түрлері былай топтасады:

*Он үш буынды – жар-жар;
он бір буынды – жай өлең;
жеті-сегіз буынды – ескі жырлар;
алты буынды – Мағжанның «Сең» өлеңі;
бес буынды – Абайдың «Сегіз аяғы»;
төрт буынды – Абайдың «Сырласа алмай» өлеңі мен
Мағжанның «Жұмбақ» өлеңі және ғалымның өз өлеңі
«Жұбату» (– О.А.);*

екі буынды – Мағжанның «Біраз Фетше» деген өлеңін мысалға алып, әрқайсысын дәлелдеген.

Қазақ өлеңдерінің құрылысы және Абайға дейінгі өлең туралы ғалым Бейсембай Кенжебаев былай дейді: «...қазақ өлеңдері буын, бунақ, ұйкасты өлең; Қазақтың Абайға дейінгі өлеңі екі-ақ түрлі: бірі – төрт тармақты, он бір буынды ақсақ ұйкасты қара өлең; бірі – тармағы,

ұйқасы айнымалы, жеті буынды жыр» [54. 78].

«Әдебиет танытқыштың» ғылыми құндылығының бірі – қазақ өлеңінің құрылысы, оның буын, бунақ, тармақ, жорғақ, шумақ, кезең, ырғақ, толқын, ағын, жік, кезек, орын, ұйқас, айшық заңдылықтарын ашуы. А.Байтұрсынұлы қазақ өлеңінің негізгі структуралық өлшемдерін барлық деңгейде схема, өрнек арқылы көрсетіп, ажыратып берді. Қ.Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы» (1938) [55] Е.Ысмайыловтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1941) [56] А.Байтұрсынұлы жазған «Әдебиет танытқышта» негізделген ұлттық әдеби-теориялық ой-пікір арнасының тарихи және ғылыми жалғасы.

Қазақ әдебиеттану ғылымында тұңғыш рет А.Байтұрсынұлы қалыптастырған пән сөздері де өз алдына бірнеше саланы құрайды. Совет кезінде ғалымның атын атамай-ақ қолданып келгеніміз де белгілі. А.Байтұрсынұлы негізін қалаған қазақ өлеңінің құрылысы Қ.Жұмалиев пен Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев, З.Қабдолов, М.Базарбаев, З.Ахметовтің зерттеулерінде ғылыми жалғасын тауып, қарастырылды. Олар өлең сөздің теориясына тән жаңа атаулар енгізді және оны теориялық ой-пікірлерімен дәлелдеді. Ғалым Ж.Смағұлов жазғандай: « ... Қ.Жұмалиев пен Е.Ысмайылов «Әдебиет танытқыштағы» ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірге сүйене отырып, онда қарастырыла қоймаған теориялық ұғым-түсініктерді қамтып, дамытып әкетті. Сол арқылы қызыл империяның теориялық бағыттағы теориялық еңбектерді пайдалануға тыйым салуынан туған іркілістің орнын толтырып, соны ізденістерге жол салды. ... бұл еңбектер «Әдебиет танытқыштағы» теориялық мәндегі ұлттық ұғым-түсініктердің желісін үзбей бізге жетуіне, ғылыми

қолданыстан шығып қалмауына, жаңа қадамдардың жалғаса беруіне алтын көпір болды» [57. 328].

Академик Қ.Жұмалиев қазақ өлеңдерін бунағына, бунақ ішіндегі буын санына қарап, негізінде бес түрге бөлуге болатынын жазады: «Он бір буынды өлең, сегіз буынды өлең, жеті буынды өлең, алты буынды өлең, аралас буынды өлең» [14. 167].

Ал, З.Қабдолов өлеңнің буын түрлерін: «Он бір буынды өлең, он буынды өлең, тоғыз буынды өлең, сегіз буынды өлең, жеті буынды өлең, алты буынды өлең, бес буынды өлең, аралас буынды өлең» [58. 263], – деп бөледі. Сонымен бірге ғалым әр өлеңнің буын санына орай әрқайсысына мысалдар келтіреді.

Әдебиеттанушы З.Ахметов осы орайда «Әдебиет танытқыштағы» бунақ пән сөзі жөнінде былай дейді: «Для понимания природы и особенностей внутреннего ритмического деления стихов существенным является ставшее употребительным в современном казахском литературоведении понятие бунак, (производное от буын – сустав, во втором, принятом в филологии значении – слог), которое в переводе может означать: соединение слогов, группа слогов. Показательно, что в самом слове бунак, хорошо передается характер ритмической части стиха, отличающейся определенностью числа слогов» [52. 63].

Өлеңтанудың теоретигі З.Ахметов әрі қарай нақтылай түседі: «Заслуживает серьезного внимания тот факт, что этот термин, утвердившийся в литературоведении нашего времени, вызван к жизни потребностями в первую очередь практического характера, что лишний раз свидетельствует о том, что, внимательно воспринимая звучание стиха, трудно уйти от ощущения внутренней ритмичности стихов в казахской поэзии.

Понятие бунақ, указывает на самый факт ритмического деления стихотворных строк на части, но не на то, как обозначаются границы этих частей. Тем не менее показательно, что бунақ, обозначая определенную группу слогов, как бы подчеркивает связь ритмического членения стихотворных строк со слоговой структурой размеров казахской поэзии. Но это еще не значит, что природа ритмической закономерности, обозначаемой этим термином, теоретически глубоко осмыслена; для этого необходимо специальное углубленное исследование большого круга смежных ритмических явлений» [52. 63]

З.Ахметов А.Байтұрсынұлының бунақ терминінің маңыздылығын мынадай тұжырыммен айғақтап берді: «Следует сказать, что термин бунақ, хотя он и стал в целом общепринятым, порою в литературно-критических работах в должной мере не учитывается. Но это скорее результат слабой разработанности вопросов стихосложения и несколько не отрицает значения термина бунақ, который в общем очень точно определяет самый характер членения строк на ритмические части» [52. 64]. Бұл Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми еңбектерін мойындау ғана емес, ғұламалығына бас июі деп білеміз.

Мысалы, А.Байтұрсынұлы бөлген он үш буынды «Жар-жарды» З.Қабдолов сегіз буынды өлең үлгісіне жатқызады, бірақ себебін түсіндірмейді:

Ақ қоян қашар /5/ жотадан /3/,

Ақ тайлақ өсер /5/ ботадан /3/

Арай ма, сұлтан, /5/ арай ма? /3/

Астыма мінген /5/ арғымақ /3/

Аяндай түсіп, /5/ марай ма?/3/

(Махамбет)

[58. 276].

Қ.Жұмалиев шумақ пен тармақты былай түсіндіреді: «Бірнеше жолдар мағына жағынан, дыбыс үйлестігі (ұйқас) жағынан киюласып келіп шумақ құрайды. Өлең сөйлемдеріндегі синтаксистік бір ойдың көбі не азы шарт емес, синтаксистік бір ойдың бітуі шарт. Қазақтың бір ауыз өлең дейтіні бір шумақ болады. Өйткені айтайын деген ой бітеді. Әр шумақта бірнеше тармақ болады. Шумақта тармақ екеуден кем болмайды. Тармақ деп өлеңнің бір жолын айтады» [14. 162].

Тармақ құрылысы жайында А.Байтұрсынұлы: « ... Тармақ дегеніміз өлеңнің әрбір жолы. Тармақ ішінде бірнеше бунақ болады. Бунақ – өлеңді айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы» [3. 219].

Әдебиеттанушы ғалым Е.Ысмайылов қазақ өлеңінің ұйқасы мен өлең шумақтарын келесі ретте нақтылайды: «Өлеңде әрбір жолдың аяғы қатар түсіп, дыбыс жағынан үйлесіп отыруы керек. Ұйқас дегеніміз – ең ақырғы паузамен қатар келетін өлең жолының аяғындағы дыбыс қайталауы. Өлеңнің ұйқас жүйесі 2 салаға бөлінеді. Бірі – өлең ұйқасының дыбысты үнділік жағы, бұл өз ара 5-ке бөлінеді. Екіншісі – сыртқы құрылыс жағы.

Өлеңде бірнеше жол бірігіп, бір шумақ құрады. Бірнеше өлең өз-өздері бірігіп, тұтас бір өлең болады. Шумақта тұтас бір пікір толық аяқталған жолдардың басын құрайды. ...Қазақтың Абайға дейінгі халық өлеңдерінің шумағы екеу-ақ. Бірі – 11 буынды, екіншісі – 7-8 буынды жыр, тақпақтың түйдекті шумағы. Абай өлеңнің 16 түрлі шумағын жасады» [16. 269; 274-275].

Қ.Жұмалиев: «Өлеңнің әрбір жолын тармақ деп атадық. Өлеңнің бір тармағында бір не бірнеше бунақ

болады. Бунақ – өлеңді айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы» [14. 183; 186].

Өлең ұйқасы жайлы А.Байтұрсынұлы: «Ұйқастық – тармақтардың аяғының ұйқастығы. Ұйқас түрліше болады. Түрлері: *қара өлең ұйқасы, аралатпа ұйқас, егіз ұйқас*» [3. 239].

Ғалым Е.Ысмайылов өлеңнің ұйқасын дыбыстық, үнділік жағынан қарастырып, 5-ке бөледі: «жалаң, туынды, күрделі желекті ұйқасты, толымды ұйқастар, соңғыны толымсыз ұйқастар дейміз» және сыртқы құрылысына қарай өлең ұйқасының 8 түрін анықтайды: «1. егіз ұйқас; 2. кезекті ұйқас; 3. ақсақ ұйқас; 4. шалыс ұйқас; 5. аттамалы ұйқас; 7. айнымалы ұйқас; 8. шұбыртпалы ұйқас» [16. 272-274].

Ал, Қ.Жұмалиев: «Ұйқасатын сөздер соңғы буынның бастапқы дыбысының, басқа дыбысының барлығы дәлме-дәл ұйқасып келуі мүмкін. Ұйқас толымды, толымсыз болып келеді. Түрлері: 1. қара өлең ұйқасы; 2. шұбыртпалы ұйқас; 3. ерікті ұйқас; 4. кезекті ұйқас; 5. шалыс ұйқас; 6. егіз ұйқас; 7. аралас ұйқас; 8. осы күнгі ерікті ұйқас» [14. 183].

Ырғақ туралы З.Қабдолов: «Өлеңнің түрін белгілейтін ырғақ. Сырт көзге поэзиялық шығарманың сырт пішінінің өзі прозалық шығармадан өзгеше, бөлек: кесте-кесте, тақта-тақта ... әр кесте яки тақта – шумақ, әр шумақтың әр жолы – тармақ, әр тармақтағы дауыс толқынының соқпа-соқпасы – бунақ ... Әрине, мұның бәрі шартты нәрсе. Мысалы, кестесіз де, тақтасыз да тұғаса беретін ұзақ-ұзақ өлеңдер бар. Бірақ бәрібір, шумақтардың жік-жігін ажыратуға әбден болады. Өйткені әр шумақ – аяқталған синтаксистік ой, жинақталған синтетикалық шындық. Әр бунақты біз тек ырғақ арқылы ғана ажыратамыз» [22. 258-259], –

дей келіп тура А.Байтұрсынұлы сияқты ой түйеді. Дәл осындай ойдың, пікірдің ұқсастығына тек таңғаласыз да қоясыз.

Әрбір ұғым мен пән сөздерге осылай қысқа да нұсқа анықтама беріп, оны мысалдар арқылы дәлелдеп береді.

А.Байтұрсынұлы француз классицизмінің өкілі Буалоның өлеңмен жазылған «Поэтикалық өнер» (1674) атты еңбегімен жете таныстығы байқалады. Себебі ғалым да жазушы мен ақынға биік талап деңгейі тұрғысынан қарайды. Буало да кітабында өлеңге, ұйқас пен ырғаққа, тіл заңдылығын сақтауға, өлеңді шығарушы ақынға қатал талаптар қояды:

*Будь то в трагедии, в эклоге или в балладе,
Но рифма не должна со смыслом жить в разладе;
Меж ними ссоры нет и не идет борьба:
Он – властелин ее, она – его раба*

*Так пусть же будет смысл всего дороже вам,
Пусть блеск и красоту лишь он дает стихам!*

*Остерегайтесь же пустых перечислений,
Ненужных мелочей и длинных отступлений!*

*Как счастлив тот поэт, чей стих, живой и гибкий,
Умеет воплотить и слезы и улыбки*

*Иноязычных слов бегите, как заразы,
И стройте ясные и правильные фразы [59. 56-57; 62].*

Осыған орай қазақ өлеңінің құрылыс-жүйесін көп жылдар зерттеген академик З.Ахметов өз ойын былай өрбітеді: «Он бір буынды өлең мен жыр өлшемінің

де көне дәуірде туғаны, бұлардың қазақпен туыстас көптеген елдердің поэзиясында ежелден кең орын алғаны анық. Мұның бәрі түркі тілдес елдердің әдебиетінде, соның ішінде қазақ поэзиясында берік орныққан силлабикалық, буынға негізделген өлең құрылысының түпкі негізі өте ерте заманда, көне дәуірде қалыптасқанын айқындайды.

Өлең сөздің қара сөзден құрылыс жағынан айырмасы – онда мөлшерлі ырғақ болады. Және ол қара сөзде де бола беретін, сөйлем не сөйлемшелердің біткен жеріндегі тыныс алу немесе дауыс толқынының құбылып, өзгеріп, тиянақталып отыруынан туатын ырғақ қана емес. Өлең сөзге тән өлшемділіктен туатын, өлеңнің өзінде ғана болатын ырғақ. Яғни өлең ырғағы – поэзияның өз еншісіне тиген сипат, өлең сөзде белгілі қалыптасқан өлшем, өрнекті сақтаудан туатын, әрбір өлең тармағының көлемінде мөлшерлі шек болатындықтан туатын ырғақ. Мұны аңғару үшін әр сөздің буынын ежіктеп, санап жату қажет емес, оның ырғағын, әуезділігін айқын сезіну жеткілікті» [47. 123].

Орыстың өлең сөзін зерттеуші әдебиетші-ғалымдарының да пікірлерімен таныстыра кетейік. Б.В.Томашевский өзінің «Стих и язык» атты еңбегінде өлең ырғағы туралы былай дейді: «Ритм стиха строится на природе самого языкового материала и мобилизует именно его выразительные свойства. Как бы ни был специфичен и своеобразен строй стиха, этот строй принадлежит языку и неповторим за пределами национальных форм речи. Поэзия остается всегда наиболее национальной формой искусства» [60. 67-68].

Ал, ресей ғалымы В.В.Виноградов бұл жөнінде өз ойын былай сабақтайды: «Поэтическую речь нельзя смешивать и отождествлять со стихотворной речью.

Стихотворная речь – это одна из разновидностей речевой деятельности» [35. 131-132].

Поэтикалық тілдің мәнді белгісі ретінде ырғақ жасайтын формалар мен факторлар прозада да байқалады. Алайда, проза ырғағының негізінде өлең ырғағына карағанда мүлдем басқа конструкциялық белгілер жатады. Көркем прозаның ырғағы мен өлең тілінің ырғағы қызметі жағынан мүлдем басқаша. Кей жағдайда өлеңде прозадан ауысқан белгілі бір ырғақтық қолданыстар енуі мүмкін, бірақ бұл жағдайда олардың қызметтік рөлі бірден өзгереді.

Өлеңнің әрі мен ажары – ырғақ. Осы ырғақтың табиғаты туралы Қ.Жұмалиев: «Ырғақ белгілі бір мезгілде бірдей қайталанатын кимыл. Өлең жолдарындағы бір бөлшектің бірыңғай дәлме-дәл қайталаушылығын өлеңнің ырғағы» [14. 152-153], – дейді. Ал, профессор С.Негимов өзінің «Өлең өрімі» (1980) атты ғылыми еңбегінде ырғаққа мынадай анықтама береді және өлең ырғағын үш салаға бөліп қарастырады: « ... қазақ өлеңіндегі ырғақ дегеніміз буынға негізделіп, бунаққа жіктеліп, бір тармақ құрап, әрі қарай жүйелі қайталанып, үйлесімділік тудыратын түр. Салалары: 1. Жүйелілікке, үндестікке, дыбыс әуезділігіне құрылатын дәстүрлі өлең үлгілеріндегі әуендік ырғақ; 2. Жазба әдебиет өкілдерінің келте тармаққа құрылған ырғақтары; 3. Жазба әдебиет өкілдері поэзиясындағы алуан үнді айнымалы ырғақтар» [61. 118-119].

Ақындық мәдениет ырғақ үлгісінен де танылады. Сонымен бірге ырғақ табиғатына тәртіптілік тән. Осы ырғақ, интонация, шумақ туралы орыстың лирикалық өлеңдерінің мелодикасын зерттеуші-ғалымы Б.М.Эйхенбаум былай дейді: «В лирике напевного

типа доминантой является интонация. Она действует как организующее начало композиции. Ритм и мелодия существенны для стиха произносимого, как и для пения: они сообщают стиху особый характер. Только тогда можно считать стих вполне анализированным, когда верно схвачены его ритмические, мелодические движения» [62. 333-334].

Шумақжәне оның үлгілері жайында А. Байтұрсынұлы: «Өлеңнің кестесі – айшық болады. Айшықтың әрбір тақтасы – шумақ» болатынын және бунаққа, кезекке, тармаққа, ағынға тоқталып, әрқайсысына мысал келтіреді. Өлең шумағы бір өлеңде біреу болуы да, бірнеше болуы да ықтимал. Бір өлеңнің шумағы көбінесе бірдей болады. Бір шумақтағы тармақтың азы екеу, көбі онға шейін барады. Өлеңдердің арасындағы қос сызықтың арасы бунақ болады. Бунақ ішінде бірнеше буын болады. Мұнда да бунақтың азы екеу, көбі төртеу. Осылардың бәрін дұрыстап орнына келтіріп, оның үстіне және де тармақтардың аяғын ұйқастырса, сөйлемдер өлең болып шығады. Түрлері: 1. Тең шумақты өлеңдер – Абайдың «Сегіз аяғы» мен «Көлеңке басын ұзартып» деген өлеңі, А. Байтұрсынұлының «Бақ» және Надсоннан аударған өлеңі, Мағжанның «Мен жастарға сенемін!» және «Күншығыс» атты өлеңдері; 2. Тұтас шумақты өлеңдер – өзінің «Ақын ініме», «Жауға түскеннің сөзі» мен Абайдың «Мәз болады болысың», «Антпенен тарқайды» деген өлеңдері; 3. Ала шумақты өлеңдер – Мағжанның «Жаралы жан» өлеңі. Өлеңдердің көбісі дұрыс шумақталмай, тармақтар көбінесе сапырылысып келеді.

Өлеңде шумақ болу үшін тармақтардың белгілі мөлшерде топтасу тәртібі сақталынып, үнемі қайталанып отыру қажет. Шумақты құрайтын

тармақтардың ұйқасында белгілі тәртіп болады. Ұйқас та шумақтың өрнегін белгілеуге, жекеленіп бөлінуіне әсер етеді. Шумақтың ой, мағына жағынан бөлектеніп, күшті әсер беруі жайлы академик З.Ахметов былай түсіндіреді: « ... әр шумақ біткенде айтылатын бір түйін ой не аяқталып, не белгілі дәрежеде тиянақталып отырады. Шумақ ішінде тармақтар белгілі бір ретпен топтасып келетіндіктен интонациялық сипаты күрделі болады. Жеті-сегіз буынды төрт тармақты шумақты алсақ, оның әр тармағындағы ырғақтың интонацияға әсері бірдей емес. Үйткені әр тармақтың интонацияға, дауыс толқынына тигізетін әсері тармақтың шумақтағы орнына, ұйқастың ретіне де байланысты. Өлең ырғағы интонацияға, дауыс толқынына бір жағынан тіке әсер етсе, екінші жағынан сөйлемдердің синтаксистік құрылысына ықпал жасау арқылы тағы да әсер етеді» [47. 123].

Шумақты өлең зерттеушілері көбінесе өлең жолдарының (тармақтарының) әртүрлі ретпен топтасуы, ұйқастарының кезектесіп, алмасу тәртібі жағынан қарастырады. Мұның өзі шумақтың әртүрлі өрнек-үлгілерін ажыратып, айқындап сипаттауға себін тигізеді. Кейінгі кездерде шумақ құрылысын жан-жақты яғни мағыналық, интонациялық, синтаксистік, ырғақтық құрылысы жағынан алып зерттеуге бет алғанын байқауға болады. Б.М.Эйхенбаумның: «Стихотворный синтаксис строится в неразрывной связи с ритмом со строкой, со трофой. Строка и строфа есть одновременно членение и ритмическое, и синтаксическое, и мелодическое» [62. 340] деуі де қисынды.

Ғалым Р.Якобсон да «Работы по поэтике» атты ғылыми еңбегінде шумақпен ұйқасқа тоқталып, өз ойын

былай сабақтайды: «... при анализе поэзии грамматика «несущественна». Грамматические параллелизмы, будь то повторы или контрасты, не является следствием предвзятости исследователя, его «заранее обдуманного намерения» [63. 82; 85].

Кез келген қысқа өлеңнің шумағы үшінші негізі салынған принциппен сәйкес бірігеді. Осы процестердің нақтылы айналымы стильге, өлең жанрына, ақынның ерекшелігіне, оның қай мектепке жататындығына да байланысты. Шумақтар арасындағы осы ұқсастықтар қатынасы үш түрлі ұйқас типтерімен сәйкес келеді. Осындай ұйқастар арасындағы ұқсастықты қазақ пен орыс өлеңдерінен (Б.В.Томашевский) [20. 126-127] байқаймыз:

1. ұласпалы ұйқас – аа-бб – «смежный» ұйқас яғни аа-вв-сс»;
2. кезекті ұйқас – аб-аб – «перекрестный» ұйқас яғни ав-ав»;
3. орама ұйқас – аб-ба – «охватный» ұйқас яғни ав-ва.

Орыс өлеңінің ұйқасы жайында В.М.Жирмунский де қалам тербеген. Ол былай дейді: «Рифма есть явление словесной инструментовки (как звуковой повтор), вместе с тем рифма служит приемам метрической композиции, определяя границы стиха и связывая стихи в метрические единицы высшего порядка (строфы); для рифмы существенно морфологическое строение слова (рифмы коренные и суффиксальные, грамматически однородные и разнородные); лексический состав рифмующих слов является характерным признаком словесного стиля» [28. 34].

Б.В.Томашевский ұйқасты «созвучие (совпадение звуков)» деп таниды.

Қазақ поэзиясында ұйқассыз өлең кездеспейді. Ұйқас қазақ поэзиясында (Қ.Жұмалиев) екіге бөлінеді: толымды ұйқас; толымсыз ұйқас. Ұйқас өзара үйлескен

тармақтардың кезектесу ретіне қарай: егіз ұйқас – аа; шалыс ұйқас немесе кезекті ұйқас – аб-аб; орама ұйқас – аб-ба. Орама ұйқас орыс поэзиясында жиі кезеседі, мұны жоғарыда Р.Якобсонның бөлуінен байқадық. Ал, қазақ поэзиясында орама ұйқас сирек кездесетін құбылыс.

Ұлттық поэзиямыздағы ұйқастың түрлерін академик З.Ахметов әрі қарай толықтыра түседі: «Қазақ поэзиясында ұйқассыз өлең кездеспейтіні тегін емес. Басқа елдерде бар мұндай өлең үлгісін қазақ поэзиясында да орнықтыруға тырысуды тіл ерекшелігіне сәйкес қисынды әрекет деп санауға болмайды. Қазақ поэзиясында кең тараған ұйқастың түрлерін тармақтардың шумақта кезектесу ретіне қарай *егіз ұйқас – аа*, шалыс ұйқас не *кезекті ұйқас – абаб*, *ақсақ ұйқас – ааба*, *қаусырма ұйқас* не орама ұйқас – *абба*, сондай-ақ жыр ұйқасын шұбыртпалы ұйқас деп жіктеу, саралау ғылыми зерттеу еңбектерде қалыптасып келеді.

Ұйқастың үндестік сапасы, қандай дыбыстардың үйлесінен, неше буыннан құралатыны, жасалу шарты қазақ тілінде жазылған еңбектерде мүлде талданбайды. Ұйқасты үндестік сапасы жағынан толымды, толымсыз деп екіге бөліп қана қарастырады.

Ұйқас деп әдетте өлең жолдарындағы соңғы сөздердің бір-бірімен үйлес, үндес болып келуін айтатыны белгілі. Өзара қиыстырылған сөздердегі сәйкес дыбыстардың, әсіресе дауысты дыбыстардың, бірдей немесе ұқсас болып келуі – ұйқастың жасалу шарты. Бірақ ұйқас тек қана дыбыс үндестігі емес, ол сонымен қатар бір не

бірнеше буынның өзара үндестігі де. Басқаша айтқанда, өлең ұйқасы бірімен-бірі қиыстырылған сөздердегі бір не бірнеше өз ара сәйкес буынның дыбыс үндестігінен туады» [47. 129]. Сондай-ақ, ғалым жыр ұйқасын шұбыртпалы ұйқас деп жіктеу ғылыми зерттеу еңбектерде, сыни мақалаларда көптен бері қалыптасып келе жатқандығын да жазады.

Орыс поэзиясында силлабо-тоникалық өлең жүйесінде ұйқас екпінге байланысты, негізделген. Тармақтың ұйқасқа кіретін аяққы бөлшегі соңғы екпінді буыннан басталады. Қазақ өлеңдерінің құрылысы екпінге негізделмегендіктен ұйқастың жасалуы басқаша болып келеді.

Орыс өлеңінде екпін айрықша күшті болғандықтан әр тармақты қазақ өлеңіндегідей бунаққа бөлу яғни сөз бен сөздің арасындағы жігін тұрақты ету ыңғайсыз болды. Себебі мұндай ретте бунақ өлең ырғағының біркелкілігін күшейте түсіп, желідігін, икемділігін азайтады. Бұдан әр тармағы бірнеше бунаққа бөлінетін қазақ өлеңінде буындағы екпіннің күшті болып келуі тиімсіз. Ал, орыс поэзиясында Маяковскийден бастап тоникалық өлең жүйесі кіре бастады дегенді тілге тиек етеді, бірақ мұның мәнісі тіпті басқа. ... Маяковский өлеңінің ең басты айырмасы – мұнда өлеңді сөйлеу интонациясына барынша жақындату талабы бар. Сол себепті өлең екпінді буындардың тұрақтылығына негізделетінін, екпінсіз буындар аз-көп болып, еркін [47. 130] топтаса беретінін қазақ өлеңін танытушы академик З.Ахметов жазады.

Қазақ өлеңінің құрылысын бүге-шігесіне дейін талдап, тексергенде А.Байтұрсынұлы оқушысына қазақтың төл түсінігімен дәлелді талдап, түсіндіргеніне тағы да таңқалмасқа болмайды. Қазақ өлеңінің жүйесі,

оның ішкі иірімдері яғни ерекшеліктері (шумақ, буын, бунақ, ырғақ, ұйқас, жорғақ, оралым, кезең, кезең, айшық және т.б.), өзгеру, даму заңдылықтары жайында жүйелі пікір, толымды тұжырым тұңғыш рет осы «Әдебиет танытқышта» жинақталғандығын баса айту парызымыз.

Сонымен қатар ғалым қазақ өлеңіне қатысты пән сөздер мен атауларды орыс, француз, чех, араб, ионан (грек тілі шығар – О.А.) поэзиясымен салыстыра отырып, оны ұлттық танымға, ұғымға лайықтап қазақыландырған. Бұл жерде А.Байтұрсынұлы тек қазақ әдебиеті нұсқалары негізінде емес, дүниежүзілік яғни орыс, европа әдебиеті контекстінде ой түйіп, құнды пікірлер айтып отыр. Өлең ағындарына қатысты ой-толғамында да осыны байқауға болады. Ғалым өлеңнің түріне қарай бунақтың таңдамалы (тұрақты), талғамалы (еркін) орны болатындығын ажыратып береді. «Өлең ағындары» атты тараушасында бунақтың таңдамалы орны тармақ аяғында, ал талғамалы орны тармақтың басы мен ортасында болатындығын мысалдар келтіру арқылы түсіндіреді: «... Таңдамалы орны берілмесе, өлең өлең болмай шығады. Талғамалы орнына назар салынбаса, өлең жорғағынан жаңылады. Бунақтың таңдамалы тармағы аяғында болады, талғамалы орны тармақтың басы мен ортасында болады» [3. 227-228].

Мысалы, үш буын аяғында болғандағы өлең кестесі:

*Кеудеде от /4/ іште жалын /4/ көзде жас /3/
Күні-түні /4/ қайғы жұтқан /4/ сорлы бас /3/
Сабан төсек /4/ тым қараңғы /4/ жатағы /3/
Наны қара /4/ шайы қара /4/ қарны аш /3/
(Мағжан)*

Төрт буын аяғындағы өлең кестесі:

Таласқан /3/ аспанменен /4/ көкпеңбек тас /4/
Қарасаң /3/ төбесіне /4/ айналар бас /4/
Жасаған /3/ мейірімі кең /4/ қадыр тәңірі /4/
Шығарған /3/ сол тауынан /4/ алтын алмас /4/
(Мағжан)

Француз классицизмінің көрнекті өкілі Н.Буало еңбегінде өлең, ұйқас пен ырғақ, тілдің өз заңдылықтарын сақтауға және өлеңді шығарушы ақындарға мынадай талаптар қояды:

*Остерегайтесь же пустых перечислений,
Ненужных мелочей и длинных отступлений!*

*Хотите, чтобы вас читать любили мы?
Однообразия бегите, как чумы!
Поэт, что без конца бубнит унылый стих,
Себе поклонников не обретет меж них.
Умеет воплотить и слезы и улыбки [59. 57].*

Ғалым айтқан өлең тармақтарының аяғында бунақтар бірыңғай болу керек деген пікірі орынды, дұрыс. Ал «шумақ ішінде бунақтар тармақтардың басында я ортасында бірыңғай болып келуі тиіс» және «... өлең өлеңдігінен айырылмағанмен жорғағынан жаңылады» дегені өлеңді әуенмен оқу тұрғысынан қарап айтылған пікір деп таниды З.Ахметов. «...бұл кемшіліктен казак ақындарының көбінің-ақ сөзі аман емес. Әсіресе, Абай өлеңдерінде көбірек ұшырайды, ... бірақ бұл түзетуге келетін оңай кемшілік» [2. 231] деп атап көрсетеді:

Патшасы / 3/ өлең сөздің /4/ сөз сарасы /4/
Қиыннан /3/ қыстырар /4/ ер данасы /4/
Жүрекке /3/ тілге жеңіл /4/ жылы тиіп /4/
Теп-тегіс /3/ жұмыр келсін /4/ айналасы /4/

А.Байтұрсынұлы тармақтардың басында өңшең 3 буынды бунақ келетін өлеңдерді де, 4 буынды бунақ келетін өлеңдерді де, бас бунақтары бірыңғай келмейтін өлеңдерді де мысалға алып, жай айтып та, әнмен айтып байқағанда араларында болатын өзгешелікті байқайды. Мысалы, жоғарыдағы Абай өлеңінің бас бунағы 3 буынды да, басқалары 4 буынды және дауыс ағынына салғанда да бірдей. Енді осы өлеңді 1-ші ағыннан 2-ші ағынға түсіріп яғни бас бунағы мен соңғысын 4 буынды, ортасын 3 буынды етіп оқысақ, былай болады:

Өлең сөздің /4/ патшасы /3/ сөз сарасы /4/
Қиыстырар /4/ қиыннан /3/ ер данасы /4/
Тілге жеңіл /4/ жүрекке /3/ жылы тиіп /4/
Жұмыр келсін /4/ теп-тегіс /3/ айналасы /4/.

Абайдың осы өлеңін 3-ші ағынға яғни бас бунағы бірыңғай емес (ала) өлеңге түсіріп байқасақ, мынадай болады:

Өлең сөздің /4/ патшасы /3/ сөз сарасы /4/,
Қиыннан /3/ қиыстырар /4/ ер данасы /4/.
Тілге жеңіл /4/ жүрекке /3/ жылы тиіп /4/,
Теп-тегіс /3/ жұмыр келсін /4/ айналасы /4/.

Өлеңді осылай дауыс ағынымен оқығанда ғана арасында болатын айырмашылықты білеміз. Бұны бұрынғы кезде қазақ өлеңшілері «*түрікпен ағыны*» [3. 235] деп атаған. Не үшін олай атағаны белгісіз. Жоғарыда

атап өткендей барлық ақындар керекті шарттардың бәрін орнына келтіріп өлең шығарса, онысы сымға тартқандай нағыз мінсіз өлең болып шығар еді.

XX ғасыр басында А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышта» және «Абай – қазақтың Бас ақыны» (1913) деген мақаласында Абай өлеңдеріне баға бере келіп: «Абай өлең жақсы болуға керек шарттардың бәрін білген, сондықтан өлеңі қай тарапынан да болса толық. Жалғыз-ақ міні бар: ол мін – өлең бунақтары тексеріліп, орнына қойылмағандық. Оның оқығанда, әнге салып айтқанда кемшілігі зор болады. Дауыстың ағынын бұзып, өлеңнің ажарын кетіреді. Мысалы, төселіп, желіп келе жатып, текіректеп кеткен сияқты. Бұл кемшілікті түзетуге болады. Өлеңнің 3 буынды бунақтары мен 4 буынды бунақтарын, алмасып кеткен жерлерін алып, өз орындарына қойса, түзеледі. Мұнан басқа Абай өлеңдерінде мін бар деп өз басым айта алмаймын. ... қазақ өлеңдерінің дағдылы түрінен басқарак болған соң оқушылар жаттыққанша жатырқайды. Сонан ғана ауыр сияқты көрінеді» [3. 144-145], – дейді.

Осы орайда қазақ өлеңінің құрылысын, оның ішінде Абай поэзиясын талай жылдардан бері тұрақты түрде зерттеген ғалым-академик З.Ахметов «Абайдың ақындық әлемі» (1995) атты монографиялық еңбегінде арнайы тоқталады. «Абай өлеңдерінің «міні бар» деп қадап айтылғандықтан бұл сөздердің мәнісін әбден байыбына барып, анықтаған жөн. Он бір буынды өлеңнің тармағында бастапқы бунақ бірде 4 буынды болып, ал бірде 3 буынды болып келе береді. Сондықтан тармақтың ырғақтық өрнегі бірде 4 буын + 3 буын + 4 буын болып келсе, бірде 3 буын + 4 буын + 4 буын болып келеді. Мысалы: дегенде, алғашқы тармақ 4 буынды бунақтан, ал кейінгі тармақ 3 буынды бунақтан

басталады. А.Байтұрсыновтың айтып отырғаны – осы. Ол жанағы өлеңнің сөздерін:

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыстырар қиыннан ер данасы, –

деп айтқанда «сөздерінің мағынасы жақсы келеді» деп санайды.

Алайда 11 буынды өлеңде 4 және 3 буынды бунақтар осылай еркін алмасып келуі тек Абайдың өлеңдерінде ғана емес, басқа ақындардың өлеңдерінде де кездесе беретін құбылыс. Ал, шынында «Өлең – сөздің патшасы» ырғағы өте әдемі, жеңіл өлең ғой. ... өлең тармақтарының басында бірде 4 буынды бунақ келсе, бірде 3 буынды бунақ келіп, жоғарыда айтылғандай ырғақ, өрнегі еркін өзгеріп, түрленіп отырады. Мұның өзі өлеңді әндетіп айтуға ыңғайсыз екені рас. Өлеңді белгілі бір мақаммен яғни қысқа қайырылатын ықшамды, жеңіл речитатив түріндегі әуенмен айтуға да ыңғайлы емес» [64. 207], – дейді З.Ахметов.

А.Байтұрсынұлының «кемшілік» деп айтуының сырын, түп-төркінін З.Ахметов осы жерден іздеу керектігін жазады. А.Байтұрсынұлының өзі өлеңді әуендетіп оқуды машық еткені, үнемі солай оқығаны байқалады. Өлеңді осылай оқу – сол кезде өте кең тараған әдет. Оқып айтатын өлеңде ырғақтың тұрақты, біркелкі болуы қандай қажет болса, өзгеріп, түрленіп отыруы сондай қажет екенін, әсерлі болатынын Абай да жақсы түсінген.

Абай өлеңдерінің дәл осы ерекшелігін А.Байтұрсынұлы жіті байқап, оны әуендік, әндік дәстүрге қатысты жағынан қарап кемшілік деп санайды. Асырып айтқан болса да, астарында көңіл қоярлық мағына жатыр. «Асылында А.Байтұрсынұлы 11 буынды

өлеңнің тармақтағы соңғы бунақ 4 буынды болып келетін негізгі түрін және тармақтың соңғы 3 буынды бунақпен аяқталатын екінші түрін ажыратып, екі бөліп қараған. ... Сонымен Абай өлеңдерінің А.Байтұрсынұлы көрсеткен өзгешелігін кемшілігі демей, өлең сөз өрнектеріндегі айырмасы деуге лайық. Қазақ әдебиетінде жазба поэзия дәстүрлерін кеңінен орнықтыру мақсаты тұрғысынан қарап бағаласақ, айырмасы және артықшылығы» [64. 207], – деп жазады З.Ахметов.

Ауызша шығарылатын өлеңнің әсем әуезділігін, үнділігін жоғалтпай, толық сақтай отырып, Абай оған жазып шығарылған, сөйлеп оқылытын өлеңге тән ерекшелік сипат дарытуға, өлеңнің ырғақ-интонациясын, сөйлемнің синтаксистік құрылысын сөзді жайша сөйлеп айтқандағы қалпына сәйкестендіріп, құбылта білуге де үлкен мән береді.

З.Ахметов: «... Бұрыннан белгілі 7-8 буынды жыр мен шумақты өлең түрлерін, 11 буынды өлең өлшемін поэзиялық шығармаларында асқан шеберлікпен қолданып, оларды жазбаша поэзияда орнықтыруы да Абайдың қазақ өлең жүйесін өркендетуге қосқан үлесі. 7-8 буынды жыр тармақтары түйдек-түйдек болып әртүрлі көлемде еркін топтасқандықтан ырғағы айрықша ағынды келетінін Абай жақсы байқаған. «Жаз» (Жаздыгүні шілде болғанда), «Келдік талай жерге енді» атты өлеңдерінде жыр өрнегін асқан шеберлікпен қолданғаны – ақынның дәстүрлі өлең түріне жаңа сипат дарытуға шеберлігін аңдатады. Ал «Гатьяна сөзі» (Тәңірі қосқан жар едің сен) секілді өлеңдерінде қолданылатын 7-8 буынды өлшемнің 8 буынды тармағы 4 буынды екі бунақтан құралатын нұскасын немесе «Көзімнің қарасы» секілді өлеңдегі 6 буынды өлшемді алсақ, бұлардан Абайдың қазақ поэзиясында бұрыннан

бар үлгіні өзінше ширатып, көп шумақты лирикалық өлеңде қолдана білгенін айқын көре аламыз» [64. 208], – дейді.

А.Байтұрсынұлының өзі де үлкен акын, оның үстіне білімді ғалым болған соң Абай өлеңдерін Абайша тексеріп, қатесін шығарып, өлеңдеріне Абайша сын көзбен қарап, әділ бағасын беріп отыр. Ғалымның «кемшілік» деп отырғаны өлеңнің жорғағына яғни ырғағына қатысты жағы. Өлеңнің ырғақтық-интонациялық құрылымын жан-жақты тексерген ғалым З.Ахметовтің «Қазақ поэзиясында өлең-жырды тақпақтап оқымай, әндетіп оқу жазба әдебиет әбден өркендеген осы күнге дейін сақталып, оны акындар да, оқушы қауым да кеңінен қолданып келе жатқаны тегін емес» деген ойы А.Байтұрсынұлының пікірімен үндестік тауып тұр.

Орыстың лирикалық әуенді өлеңдерін көп зерттеген ғалым Б.М.Эйхенбаум ойын былай сабақтайды: «... развития напевного стиля совпадают с развитием трехдольных размеров, ритмическое разнообразие которых очень ограничено по сравнению с ямбом, Пушкин – мастер четырехстопного ямба, а Фет – мастер анапеста и дактиля. В лирике напевного типа строфы должны вступать между собой в какие-то отношения не только смыслового, сколько музыкально-мелодического характера. Самая простая форма – куплетная» [62. 346].

Ғалымның мысалға алған Абайдың «Өлең – сөздің патшасы» өлеңі жоғарыда атап өткен Н.Буалоның сөздерімен мағынасы жағынан өте ұқсастығы байқалады. Мысалы:

*Своим читателям понравиться старайтесь,
О ритме помните, с размера не сбивайтесь.
На полустихия делите так ваш стих,*

Чтоб смысл цезурою подчеркивался в них.

*Созвучные слова сливайте в стройный хор,
Нам отвертителен согласных грубый спор.
Стихи, где мысли есть, но звуки ухо ранят,
Ни слушать, ни читать у нас никто не станет.*

*Цезуру обойдя, стремились слов потоки ...
Поэзией звались рифмованные строки!*

*Гармония стиха меня не привлечет,
Когда для уха чужд и странен оборот.
Иноязычных слов бегите, как заразы,
И стройте ясные и правильные фразы* [59. 62].

А.Байтұрсынұлы 11 буынды өлеңнің тармақтағы соңғы бунақ 4 буынды болып келетін негізгі түрін және тармақтың соңғы 3 буынды бунақпен аяқталатын екінші түрін ажыратып, екі бөліп қараған. Осының екеуіне де Мағжан Жұмабай өлеңдерінен мысал алып, әр қайсысының ырғақ өзгешелігін байқатады. Өлеңнің ырғағы қара сөзден мүлде басқаша, өлең ырғағының өзіндік сипаты, сапалық өзгешелігі бар.

Ғалым «өлең ағындары» атты тараушасында «өлең түрлеріне қарай әр бунақтың шумақ ішінде таңдамалы да, талғамалы да орны бар. Таңдамалы орны берілмесе, өлең өлең болмай шығады. Талғамалы орнына назар салынбаса, өлең жорғағынан жаңылады» [3. 239]. Мысалы: Үш буын аяғында болғандағы өлең кестесі:

*Кеудеде от /4/ іште жалын /4/ көзде жас /3/
Күні-түні /4/ қайғы жұтқан /4/ сорлы бас /3/*

*Сабан төсек /4/ тым қараңғы /4/ жсатағы /3/
Наны қара /4/ шайы қара /4/ қарны аш /3/*

Төрт буын аяғындағы өлең кестесі:

*Таласқан /3/ аспанменен /4/ көкпеңбек тас /4/
Қарасаң /3/ төбесіне /4/ айналар бас /4/
Жасаған /3/ мейірімі кең /4/ қадыр тәңірі /4/
Шығарған /3/ сол тауынан /4/ алтын алмас /4/*

(Мағжан)

Ғалым «Әдебиет танытқышта» сөз өнері ғылымы және ол туралы жүйелі ғылыми қағида түзеді, келелі ой-пікірлер айтады.

Ахмет Байтұрсынұлының зерттеуі осы белгілі қағидаларды қазақша сөйлетіп қана қоймай, оларды қазақәдебиетінің нақты мағлұматтары арқылы дәлелдеп беруімен де құнды. Зерттеу еңбек әдебиет теориясынан құралға ділгір болып отырған сол кезеңдегі қазақ ғылымының дәрежесін биікке көтерді. Оқушының әдеби білімі мен талғамын өсіруге зор септігін тигізді. Қазіргі Тәуелсіздік кезде де «Әдебиет танытқыш» әдебиет ғылымы мен практикасы үшін қажеттілігін, маңызын жойған жоқ. Ғалымдардың үлкен сұранысына ие болып отыр.

«Әдебиет танытқыштың» тіл білімімен сабақтастығы» атты тараушада қазақ әдебиеттануының негізін қалаушы ретінде А.Байтұрсынұлының зерттеуін қазақ асыл сөзінің теориясы туралы ойларын әлемдік әдебиеттанушылардың көркем сөз өнеріне байланысты айтқан ғылыми пайымдарымен салыстыра отырып таразыладық. Сонымен қатар ғалым еңбегі бүгінгі Тәуелсіздік кезең ғылымының жетістігі тұрғысынан

қарастырылып, сараланған мәселелердің казіргі таңда қалай көрініс тапқанына назар аударылды.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ өлеңі туралы ең алғаш жүйелі, зерделі зерттеу жүргізіп, өлеңнің табиғатын дәл таныған ғалым әрі ірі ақын. Ал, ғалымның «Әдебиет танытқышы» – қазақ әдебиеттануының әліппесі болып табылады. А.Байтұрсынұлы ірі тілші-ғалым болғандықтан қазақ поэзиясының ерекшеліктерін тіл мәселесіне қатысты тексеріп, талдаған.

Ғалым үлкен ақын ретінде «өлеңтану» мен оның құрылымдық жағын тексеруге, зерделеуге жіті дайындықпен келген сияқты. Қазақ өлеңінің құрылысы – А.Байтұрсынұлының ең құнды, толымды тұжырымдар айтқан саласы. Әсіресе, маңызды пікірлері: 1. қазақ өлеңі тұрақты буын санына негізделеді; 2. тармақ ішінде бунақтар болады; 3. қазақ өлең жүйесінің ұлттық ерекшелігін айқын ашып көрсеткенін баса айту парызымыз. Тәуелсіздік кезеңінде де ғалымның қазақ тілі мен әдебиетіне қатысты пән сөздері, ұғым, атаулары турасындағы ой-тұжырымдары мән-маңызын еш жойған жоқ. Керісінше, нешеме жылдар бойы өзінен кейінгі әдебиеттанушы ғалымдарға теориялық бағыт, бағдар беретін асыл мұрасын қалдырды.

II-БӨЛІМ



**«ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШ»: ҚАРА
СӨЗ ЖӘНЕ ДАРЫНДЫ СӨЗ ЖҮЙЕСІ**



2.1. Қара сөз бен дарынды сөз жүйесінің саралануы

«Әдебиет танытқышта» көркем сөздің тектері мен «түрлері «адамның жан қоштау керегінен шыққан» нәрсеге жатқызылады. «Нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері. Бұл сөз өнері болады. Қазақша – асыл сөз, арабша – әдебиет, еуропаша – литература»... және оның басқа өнер салаларымен айырмашылығын да айта кетеді: «Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама қадарынша сөз өнері атқара алады. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгіреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп, сүгіреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді» [3. 151].

«Әдебиет танытқышта» белгілі әдебиет терминдерінің қазақша баламасы көңілге қонымды әрі сәтті түрде қолданысқа енгізілген. Әр категория өзінің логикалық дамуы, қалыптасқан жүйесі бар түсінік ретінде айқындалады. Мысалы: «Байымдаманың зор мүшесі төртеу: бастамасы, ұсынбасы, баяндамасы, қорытпасы». Яғни әр тұжырымның ішкі заңдылықтары ашылып, дәлелденеді.

Қара сөз бен дарынды (көркем) сөздің айырмашылығын Ахмет Байтұрсынұлы нақтылап көр-

сетеді: «Қара сөз әдебиетте пікір, сүлде түрінде айтылады. Дарынды сөзде пікір сурет түрінде шығады яғни сүлде үстіне өң, ажар, жан, мінез, қылық беріліп, тұрпайы тұлға, түс, бітім, тірі нәрсе болып шығады. Сондықтан да дарынды сөз – көркем сөз деп аталып, қара сөздер - жалаң сөздер деп айтылады». Ғалым мұнымен шектелмей, осы екі түрлі сөзді қалай тануды, олардың дұрыстығын қалай айқындауға болады деген сауалдарға жауап береді: «Қара сөздің сынында пікір дұрыстығы, істің растық жағы тексерілсе, көркем сөздің сынында пікір дұрыстығының үстіне пікірге берілген сурет, сұлулық жағы да тексеріледі. Көркем сөзді әрі сүлде, әрі сурет – екі жағынан да тексеруге тиіс болғандықтан, оның сынында мынандай сұраулар боларға керек».

Қазақ әдебиеттануы кәсіби ғылым ретінде сонау ХХ ғасыр басында Алаш ғалымдарының теориялық зерттеулерінде толық қалыптасқан. Оған дәлел – А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш», Х.Досмұхамедұлының «Аламан», «Қазақ халық әдебиеті», М.О.Әуезовтің «Әдебиет тарихы» атты ғылыми зерттеулері. Алаш ғалымдары ұлттық әдебиеттанудың негізгі ұстанымдарын дүниежүзілік контексте сонау ХХ ғасыр басында-ақ анықтап берген. Олар өздеріне дейінгі әдебиетке деген көзқарастарын ғылыми тұрғыда негіздеген.

Ахмет Байтұрсынұлы өзінің саналы ғұмырын ХХ ғасыр басында қазақ қоғамында ғылым-білімнің жоғары бағаланып, ағартушылық бағыттың қалыптасуына арнады. Ғалым қазақтың тілі мен әдебиетіне, мәдениеті мен дәстүріне, ғылымы мен білімне өте мол үлес қосты. Сонымен бірге осы ғылым салаларын зерттеуді

қолға алған қазақ ғалымдарының ішіндегі ең алғашқыларының бірі. А.Байтұрсынұлы әдеби, мәдени мұрамызды жазуда, зерттеуде және оны насихаттауда сол уақыттағы айтулы шығыстанушы ғалымдардың алдыңғы қатарында тұрды. Осы орайда айта кететін жайт, ғалымның қазақ тілін дамытудағы еңбегін бағалаған ғалымдардың бірі Н.Ф.Яковлев болатын. 1928 жылдары Москвада шығып тұрған «Культура и письменность Востока» атты журналда Н.Ф.Яковлевтің А.Байтұрсынұлының еңбегі туралы жазған «Математическая формула построения алфавита» (Опыт практического приложения лингвистической теории) атты мақаласы жарық көрген [9. 69]. Көп халықтарда енді ғана қолға алына бастаған жәйттерге ғалым сонау ХХ ғасыр басында-ақ өз тұжырымын айтып, өз бағасын береді. Бұл жөнінде ғалым А.Ісімақова: «Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышта» асыл сөздің әлемдік мәдениетке тән қасиеттерін қазақ ұлттық әдебиет жүйесіне сай түсіндірген. Біз үлгіні орыс әдебиетінен, олар Еуропадан алғанын анық аңғартады. Зерттеуде дүниежүзілік әдебиеттанулық компаративистикаға тікелей қатысты пікір берілген» [66. 115], – деп жазады. Осы ретте А.Байтұрсынұлының компаративистика туралы пікірі мынадай: «Қазақ әдебиетінің діндар дәуірі де, ділмар дәуірі де халық әдебиетін дамытып, күшейтуден туған дәуірлер емес, басқа жұрттардың әдебиетінің әсерінен туған дәуірлер. Діндар дәуір әдебиетімізге араб, парсы әдебиетінен үлгі алып, соларға еліктегеннен пайда болған. Ділмар дәуір орыс әдебиетінен өнеге көріп, соған еліктеуден пайда болып отыр. Мұндай бір жұрт екінші жұрттан әдебиет жүзінде үлгі алу жалғыз бізде ғана емес, барша

жұрттың басында болған іс. Осы күнгі әдебиеттің түп үлгісі грек жұртынан алынған. Грек әдебиетінен үлгіні Рум алған, Европадағы басқа жұрттар алған. Біздің орыс та әдебиет үлгісін Европадан алып отыр, біз орыстан алып отырмыз» [3. 306-307].

Қалай болғанда да, егер әдебиеттің тарихын қоғамдық сананың тарихы деп ұқсақ, ғалымның ұсынған бұл екі атауы да жалпылай алғанда өздерінің ішкі мазмұнын ашып тұр. Діндәр дәуірдің мақсаты діни-танымдық үлгіге құрылса, ділмәр дәуірде ділмәрлық та, шеберлік те, көркемдік мақсат та қатар келеді. Осы мән-мағыналық тұрғыдан алғанда бертіңгі әдебиет тарихын діндәр, ділмәр деп бөлу сәтті шыққан. Жалпылай мағыналық жүйелеу бір басқа да тарихи жүйелеу бір басқа болатыны белгілі. «Әдебиет танытқышта» осы тұсы да ескеріліп, әдебиет дамуындағы Абайдан кейінгі кезен «Сындар дәуір» делініп, оның да жеке жүйесі беріледі. Сонымен ішкі мазмұндық талап тұрғысын алып қарағанда А.Байтұрсынұлы жүйесінде ділмәр дәуір мен сындар дәуірдің алаңы бір болып шығады да, діндәр дәуірдің қазақ әдебиетіне қатысты жері бөлек алынып тарихи түсіндірме ретінде беріледі.

«Әдебиет танытқыштың» көлемді тарауы – «Қара сөз» бен «Дарынды сөз» жүйесі деп аталады. Ғалым осы бөлімде қазақтың қара сөзі мен дарынды сөзінің табиғатын жан-жақты аша талдап, құнды пікірлер айтады. Өз сөзімен жазар болсақ, «... жалаң лебізбен айтылған сөздерді қара сөз, көрнекі лебізбен айтылған сөздерді дарынды сөз» [3. 241] және жалаң лебізбен айтылған сөз «Сөйлеу» орнына, көрнекі лебізбен айтылған сөз «Толғау» орнына жүреді деп пікір түйеді. Адам бір нәрсе туралы сөйлегенде «я тиіс

(объективті – О.А.) жағынан алып, я түйіс (субъективті – О.А.) жағынан алып түрін, түсін, тұрпатын, ісін алып сөйлейді». «Көркем сөз – көңіл тілі, дүниеде болуға ықтимал деген нәрселерді сөз етеді, ал жалаң сөз – зейін тілі, дүниеде шын болған нәрсені тұрған қалпында алып айтады. Қисынын келтіріп, қиялдан туғызып, әдемі әңгіме шығару ақындық дарыған адамның ғана қолынан келеді. ... кара сөз жаратынды тиіс ғалам турасындағы әңгіме де, дарынды сөз ұйғарынды түйіс ғалам турасындағы әңгіме» [З. 243-244], – дейді. Жалаң сөздің «Қара сөз», ал көркем сөздің «Дарынды сөз» делінуінің мәнісін осылай дәлелді, нақты түсіндіреді.

Қазақтың кара сөзі мен көркем сөзінің арасында болатын ең басты айырмашылықты А.Байтұрсынұлы «Дарынды сөз адамның ойына өң береді, көңіліне күй түсіреді, кара сөзден адам тек ұғым алады. Арабша айтқанда кара сөзді «насыр» деп, дарынды сөзді «назым», ал қазақша айтқанда «кара сөз, дарынды сөз» немесе «кара сөз көбінесе ғалымдардың, шешендердің сөзі. Дарынды сөз ... ақындардың, аркалылардың сөзі болады. ...Ақындықтан шыққан сөзді яғни көркем лебізді шығармаларды үлгілі жұрттар айтылуына қарай үшке бөледі: 1) *әуезеленіп айтылуына қарай*, 2) *толғанып айтылуына қарай*, 3) *ғамалданып айтылуына қарай*. Бұлайша бөлу қазақтың жазба әдебиетінің түрлеріне келсе де, ауыз әдебиетінің түрлеріне келмейді, сондықтан қазақ ауыз әдебиетінің шығармалары айтылу түріне қарай бөлінбей тұтыну орнына қарай бөлінеді» [З. 259] деп, «сөйлеу жанрларының» арақатынасын нақтылайды. Қазақ сөз өнерінің эстетикалық мәні мен құндылығы осылай түсіндіріледі.

М.М.Бахтин «сөйлеу жанрлары» туралы былай дейді: «Тематическое содержание, стиль, композиционное построение неразрывно связаны в целом высказывания и одинаково определяются спецификой данной сферы общения. Каждое отдельное высказывание, конечно, индивидуально но каждая сфера использования языка вырабатывает свои относительно устойчивые типы, таких высказываний, которые мы и называем речевыми жанрами. Особо нужно подчеркнуть крайнюю разнородность речевых жанров устных, письменных» [11. 250].

Қазақ әдебиеттану ғылымында А.Байтұрсынұлы 1926 жылы «Әдебиет танытқышта» тілтану, әдебиеттанудың негіздерін, көркем сөздің басты-басты мәселелерін бір арнада, бір-бірімен қатар тереңдей зерттеп, жүйелеп берген. Осы мәселелерді яғни көркем сөз, көркем әдебиеттегі стиль, жазушы стилі туралы ғылыми-зерттеу еңбектер орыс әдебиеттану ғылымында ХХ ғасырдың 30-жылдары ғана жарық көргенін байқауға болады. Мысалы: Г.О.Винокур («Критика поэтического текста», 1927), В.В.Виноградов («Эволюция русского натурализма», 1929; «О художественной прозе», 1930, «Теория художественной речи» 1934), В.Б.Шкловский («О теории прозы», 1929), Л.И.Тимофеев («Теория литературы», 1934; «О теории поэтической речи», 1934) және И.А.Виноградов («Теория литературы», 1936) зерттеулерін атауға болады.

Сонымен, қара сөз нәрсенін тиіс жағы яғни объективті ғалам, ал дарынды сөз нәрсенің түйіс жағы яғни субъективті ғалам екен. Объективті түрде ойлағанда ойымыз ұғым түрлеріне қарай бірнеше тарапқа бөлінеді:

1. *Ғалам тарапына* (жаратылыс) яғни адамның зейіні

бүгін ғаламды тануға жұмсалып, дүниедегі нәрсенің бар-жоғын танып, одан *даналық ұғым* (философия) алады. Оның мақсаты бүгін ғаламды танып, дүниенің жұмбағын шешпек, даналықтың ес ұғымына тиісті жағы – *сан даналық* (метафизика), ал іс ұғымына тиісті жағы – *салт даналық* (положительная или критическая философия – О.А.) болады;

2. *Құдай тарапына (уағыз)* яғни адам зейіні Құдайды тану жағына жұмсалады. Құдай турасындағы мәселені шешпек болғанда *дін жүйесі* яғни адамның діни және адамгершілік санасын тәрбиелеу пайда болады. Бұны «ғақаид» деп атаймыз;

3. *Әлеумет тарапына* (публика – О.А.) яғни адам зейіні әлеумет мәселесіне (қоғам өміріндегі сот, есеп-кисап, ауыл шаруашылығы, мектеп, мемлекеттік құрылымдар туралы ой-пікірлер) жұмсалса, *көсемдік ұғым жүйесі* (публицистика) пайда болады;

4. *Ғылым тарапына* (наука) яғни адамның зейіні табиғат құбылысын тану (мысалы: физикалық, химиялық, биологиялық құбылыстардың және психологиялық, экономикалық, техникалық, медициналық даму заңдылықтарын тану – О.А.), оның қасиеттерін ұғып, білу жағына жұмсалып, одан *ғылым жүйесі* (научная деятельность немесе научная система – О.А.) пайда болады;

5. *Үгіт-тәрбие* (идеология) яғни зейін табылған білімді басқаларға үйрету жолына жұмсаса, *үгіт-тәрбие жүйесі* (педагогика – бала тәрбиесі немесе дидактика яғни жасөспірімдер тәрбиесі мен психология) пайда болады;

6. *Сын тарапына* (критика) яғни зейін басқаның ісін таразылап, ұнамды, ұнамсызын тексергенде *сын жүйесі* пайда болады.

Сынның ғылыми, философиялық, публицистикалық түрлерінен басқа теориялық және қосалқы мәндері болады. Өнер туындыларын сынағанда (поэзия, проза, кескін, мүсін, сәулет, т.б. болсын) оның маңызы мен мәнділігі қатар түсіндіріледі. Кәсіби әдеби сынның орны тіпті бөлек.

Осы анықтамалардан шығатын қорытынды мынау яғни А.Байтұрсынұлы ғылымның барлық салаларына жеке-жеке тоқталып, сол саланың зерттеу аясын, шеңбер-шегін де айқындап береді. Сонымен бірге ғылымды теориялық (*ес ұғымы*) және практикалық (*іс ұғымы*) тұрғыдан ұштастырып, ұғым түрлерін осылай ұлттық санаға сай саралайды.

А.Байтұрсынұлы орыс ғалымы Д.М.Овсянико-Куликовскийдің «Теория поэзии и прозы» (1917) атты ғылыми-зерттеу еңбегімен етене таныстығы байқалады. Ғалым сөз өнерінің теориясын, оның ішінде проза мен поэзияның ерекшеліктерін, поэтикасын ұлттық ұғым, түсінікке сай түсіндіреді және орыс әдебиеттануымен салыстыра отырып зерттеп, талдайды: « ... с точки зрения имеют теоретическую и свою прикладную сторону. Прозаическое мышление делится на следующие виды, соответственно видами понятий, им вырабатываемых: 1. философия; 2. теология (богословие); 3. наука; 4. публицистика; 5. дидактика и педагогика; 6. критика. Когда разум человеческий стремится постичь все, что существует или представляется ему существующим, и объединить в одном цельном мировоззрении все познаваемое или кажущееся ему познаваемым, тогда он создает систему широких понятий, которая называется *философскими*. Поскольку эти понятия относятся только к тому, что есть к сущему или к тому, что кажется человеку сущим ... » [10.

96-97], – деп, философияны осылай түсіндіреді.

Қара сөзді ғалым былай нақтылайды: «Қара сөз нәрсені тиісті жағынан сөйлейді. ... Қара сөз деп осы ұғым жүйелерінен сөйлейтін әңгімелер» [3. 244-245]. Қара сөздің *табынан* (жанр тұрғысынан келгенде род – О.А.) *түрін* (вид) айырғанда «көптен бері көп жұртта қалыптанған: 1. *Әуезе* (повествование); 2. *Әліптеме* (описание); 3. *Байымдама* (анализ) деп үш салаға бөліп, ара жігін ажыратып, нақтылап береді. Ғалым қара сөздің стильдік түрлерін айтылу қызметіне (способ повествования – О.А.) қарай айқындайды. Ғалым шығарманың тілінің ғылымын, шығарманың түрінің ғылымын жеке ғылым дәрежесіне көтере білді. Шығарма мазмұнында кездесетін негізі үш түр яғни *әуезе, әліптеме, байымдама* – баяндаудың тәсілі болып табылады.

А.А.Потебня сөз өнерінің стильдік ерекшеліктерін үшке бөліп талдайды (повествование; рассуждение; описание т.е. изображение): «Все виды словесного поэтического и прозаического изложения сводятся к – повествованию ибо оно превращает ряд одновременных признаков в ряд последовательных восприятий, в изображение движения взора и мысли от предмета к предмету» [27. 288], – дейді.

Поэтика саласында зерттеудің лингвистикалық әдістері әдебиеттанудың әдістерімен ұласып, шығармада кездесетін тілдік жүйемен (шығарманың идеясы, тақырыптық жоспары, тілі, т.б.) тығыз байланысады. Мысалы, оқиғаны өрбіту барысында уақыттың көркемдік мөлшермен жылысуы, кейіпкердің тарихи-әлеуметтік ортаға тән типтік дәрежеде болуы кешенді жолмен әрі лингвистикалық, әрі әдебиеттанулық

тұрғыдан қарастырылады.

«Әуезе – болған оқиғадан бастан-аяқ болған түрінде, ретінше мезгілін, мекенін көрсете мазмұндап, мағлұмат беру». Айтылатын түріне қарай әуезе уақыт сарынымен, туыс сарынымен сөйлейді. Осы жағынан келгенде әуезенін:

1. *шежіре* – өткеннен дерек беретін сөздің бір түрі. ... уақыт, туыс сарынымен (хроника, хронология – О.А.) айтылады (Шәкәрімнің «Қазақ һәм хандар шежіресі»). «Қазақта жазу болмаған себепті бұрыннан жазылып келген шежіре, түрлі әңгіме жоқ, бірақ басқа жұрттардың шежірелерінде айтылатын сөздер сияқты әңгімелер қазақта да бар. Орақ-Мамай, Едіге, Кенесарының Садығы турасындағы әңгімелердің көбі-ақ өтірік-шыны аралас шежіренің сөздері сияқты» [З. 247-248];

2. *заманхат* (мемуар – О.А.) – біреудің заманында болған тарихи уақиғадан, болған істерден дерек беру. Ол іс сарынымен жазылады (Абайдың қара сөздерінде бар);

3. *жәт дерек* (воспоминания – О.А.) – Потанин, Ядринцевтің Шоқан туралы сөздері және «Жазықсыз тамған қан» Торайғырұлының сөзі;

4. *өмірбаян* (биография) – біреудің туғанынан өлгеніне шейінгі өмірін жазу: (Абылай, Абай, Ақан серінің өмірбаяндары);

5. *мінездеме* (характеристика) – адамның, елдің, жұрттың, таптың, ұлттың сырын, мінезін танып, көрсету. Мінездеме адамды мінездесе өмірбаянның бөлімі болады, ал жұртты, ұлтты, заманды мінездесе тарихтың бөліміне кіреді;

6. *тарих* (история) – ұлы дерек саналады. Тарихшылар

күр естігенімен қанағаттанбай рас, өтірігін тексеріп, расын ғана алады. Жалпы тарих – бүкіл адам баласы қандай өмір сүргенінен сөйлесе, жалқы тарих – бөлек-бөлек жұрттардың, ұлттардың тарихы;

7. *тарихи әңгіме* – тарихта болған белгілі адамдар, нәрселер, уақиғалар турасында сөйлейтін, тарих сипатына сүйенетін шын әңгіме. Мысалы: «Қазақ» газетінде басылған «Әзірет Сұлтан», «Тұрғамбай датқа» туралы әңгімелер «тарихи әңгіме» болады.

«*Әліптеме* (суреттеу – описание – О.А.) – бір нәрсенің тұрпатын реттеп айтып, әлібін суреттеп шығару. Дүниедегі түрлі нәрселердің, түрлі адамдардың, түрлі күйлердің бәрін де әліптеуге болады. Бірақ әліптемеде сөзбен суреттелетін табиғат жүзінде яки өнер жүзінде назар түсірерлік көрнекті нәрселер ғана» [3. 250].

Ғалым бұл тарауда әліптеудің тәртібін, жоспарын, түрлерін саралайды:

1. *тәртібі* яғни нәрсенің өзін анық тану, белгілерін өңіне, орнына дұрыс үйлестіріп қою және нәрсенің көңілге еткен әсерін, адамға келтірер пайдасының бар-жоғын айту;

2. *жоспары* яғни нәрсенің әуелі айқын тұрған сыртқы жағы әліптеледі, сонан соң ішкі жағы айтылады. Әліптеме мазмұнының *кемдем жері* – әліптеуге алынған нәрсе мен басқа нәрселердің арасын әңгіме еткенде ұшырайтын жері. Ал *дендем жері* – нәрсенің өзін әліптеген жері болады;

3. *түрлері* яғни әліптеудің өзі көзделген мақсатқа орай: *пәнді әліптеу* (предметное описание); *сәнді әліптеу* деп бөлінеді. Пәнді әліптеудің өзі екі түрлі: жалқылай (анализ – О.А.) немесе нәрсе дербес алынып, дара басы әліптеледі; жалпылай (синтез – О.А.) немесе нәрсенің

бүтін табы алынып, табына тиісті сипатпен әліптеледі. Ғалым суреттеу мен сипаттаудың өзіндік тәртібін, түрін, жоспарын осы ретте түсіндіріп өтеді: «Әуезе, әліптеме, түрлі сөздермен дүние әңгімесі бітпейді. Әуезе мен әліптеме дүниедегі жаратынды, жасатынды нәрселердің өздерімен, олардың әдістерімен, жай-күйлерімен ғана таныстырады. Дүниедегі нәрселердің барлығын, олардың қалай өмір шегетінін танумен білім тәмам болмайды, үйткені дүниедегі нәрселердің бәрі *сабақтас, іліктес, құрмалас*. Ол сабақтас, іліктес әм құрмаластығы белгілі себептер бойынша болып, себеп жүзіндегі белгілі бір заңға мойынсұнып, сол заңның жолынан бұрылмайды. Ол заң табиғат заңы, ол заң жолы табиғат заңының жолы» [3. 252-253]. Міне, А.Байтұрсынұлы диалог пән сөзінің түсінігін осылай тұжырымдап береді.

Әліптеме өз ішінен екіге бөлінеді: 1. *жол әліптемесі* (очеркке жақын – О.А.) яғни жол жүріп, дүние кезіп көрген жерінің, елінің әлібін, қалпын жазу; 2. *қияли жол әліптемесі* (романтикаға жақын – О.А.) – жолаушының сөзі емес, қиял кезуінің сөзі болады. Қазақта қиялмен жазылған жол әліптемесі жоқ, жол әліптеме де аз.

«Байымдама» (*зейіндеме*-анализ – О.А.) – көсе сөзбен жазылған шығарма бір пікірді қуаттап, толықтырып баяндау, баяндауын түрлі сипаттармен дәлелдеу». Байымдаманы ғалым пән шығарманың (ғалым адамдардың шығарған сөздері) асылы деп санайды. Сондықтан оның 4 мүшесін атап көрсетеді: *бастамасы* – әңгіме болатын нәрсе туралы басқалардың айтқан пікірінің бар, жоқтығы; 2. *ұсынбасы* – әңгіме болатын пікірмен танысу; 3. *баяндамасы* – алынған пікірдің баяндалуы, ол туралы пікірлерге дәлел, сипаттары; 4.

қорытпасы – айтылған пікірлерді мәністеу, дәлелдеу, сипаттау [3. 253]. Ғалым байымдаманың яғни ғылыми таным аясының әдістерін «жалқылау әдісі, жалпылау әдісі; Ойлау оңтайы: айырыңқы оңтай, жиылыңқы оңтай, талдама оңтай, терме оңтай» деп ажыратып береді. Байымдаманың түрлерін де нақтылап көрсетеді:

1. «*Пән яки ғылым*» – жүйеленген білім. Білім де үйрету мақсатпен, үйлестіру мақсатпен жүйеленеді. Мысалы: оқу құралдары, пән кітаптары пән табына жатады. Ғылым сынын ғылым иесі ғана жасай алады.

2. «*Сын (критика)*» – адам ісінен шыққан нәрселерді тексеріп, баға береді. Сынға ғылымнан шыққан, өнерден шыққан, кәсіптен өнген нәрселер салынады. Әдебиет адам ісінің бір түрінен шыққан нәрсе болғандықтан бұ да сынға түседі, ол – әдебиет сыны деп айтылады. Әдебиет алқасына кіретін шығармалар яғни қара сөз бен дарынды сөз де ғылым таразысына түсіп, ғылым жүйесінің сынымен тексеріледі.

«Пән шығарманың ғылым жүйесіне дұрыс, теріс келуін, пәннен хабардар адам болмаса, пәннен хабары жоқ адам білмейді. Сондықтан ғылым сынын ғылым иесінің ғана жасау қолынан келеді» [3. 255].

Сонымен бірге ғалым осы ретте дарынды сөз бен қара сөздің айырмашылығын да нақтылап көрсетеді: «Дарынды сөзді сынау үшін де білім керек, бірақ қара сөзді шығармаларға керек болған *пән білімі* емес, басқа түрлі білім керек, бұған ғылым білімінен гөрі *өнер білімі* көбірек керек. ...Ғылым сыны ғалымдықсыз жасалмайтын сын да, дарынды сөз сыны – ақындықты керек қылғанмен, ақындығы жоқ, ақындықтан шыққан әдемі сөздерге үйір болған адамдар да жасауға болатын сын. Қара сөзді әдебиетте пікір *сүлде түрінде* айтылады.

Дарынды сөзде пікір *сурет түрінде* шығады яғни сүлде үстіне өң, ажар, жан, мінез, қылық беріліп, тұрпат, тұлға, түс бітіп, тірі нәрсе болып шығады. Ғалым мұнымен шектелмей, осы екі түрлі сөзді қалай тануды, олардың дұрыстығын қалай айқындауға болады? деген сауалдарға да жауап береді: «Қара сөздің сынында пікір дұрыстығы, істің растық жағы тексерілсе, көркем сөздің сынында пікір дұрыстығының үстіне пікірге берілген сурет, сұлулық жағы (эстетикалық жағы – О.А.) да тексеріледі.

Ахмет Байтұрсынұлы ғылыми түсініктің негізін жалғастырып, нақтылай түседі. Демек, қара сөз «шығарманың сүлде жағының сының болса, көркем сөзге басқа міндеттер жүктеледі: 1. «Мазмұны дұрыс па? Мұрат қалып па? Кейіп қалып па? Бұл – шығарманың сүлде жағының сыны. 2. Көркем сөз табына шын қосарлық сөз бе? Қиял жасаған тұрпаттар, ойдан үйлестірілген оқиғалар пікір санасына тура келіп, дұрыс суреттеп, өндендіріп көрсете ала ма? Тілі өрнекті ме? Әуезді ме? Лұғаты таза ма? Анық па? Қысқасы ойды өрнектеп, көрнектеп, суреттеп көрсеткендей тілінде шеберлік бар ма? Ақылдың аңдағанын, қиялдың мензегенін, көңілдің түйгенін тілі дұрыс жеткізе алған ба?» [3. 257]. Әдебиет теориясындағы стиль, әдеби тіл, талдау, көркемдік, сюжет деген категорияларды Ахмет Байтұрсынұлы осылай түсіндіріп берген.

Көркемдік түсінігінің, көркем мәтіннің шарттары қандай деген сауалға Ахмет Байтұрсынұлы екі түрлі талап қою керек екенін айтады: «Көркем сөзде екі тысқы, екі ішкі сын болады. *Тысқы сындар*: 1) Тілдің лұғатының сыны яғни тілдің дұрыстығы, анықтығы, тазалығы, дәлдігі, көрнектілігі, әуезділігі, өрнектілігі

жағының сыны». Яғни шығарма тілінің стильдік ерекшеліктері, бүгінгі стилистикалық талдауға сай тысқарғы жағын бөліп айтады. Ғалым бұдан ішкі сындарды бөліп алады, демек, бұл әдебиеттану, әдебиет теориясының еншісі, теориялық талдаудың объектісін нақтылайды: 2) «Суретінің сыны: кестесін келтіріп, ұнасымды түрде үйлестіріп, суреттеуінің сыны. *Ішкі сындар*: 2) Алынған мінез, айтылған қылық, көрсетілген қалып, жан жүйесінің жөнімен қарағанда, дұрыс, бүтіп шығу, шықпауының сыны. 2) Өмір жүзінде айтылған нәрсенің болатындығының себебін дұрыс көрсеткен-көрсетпегенінің, адам қауымындағы қалып түзелу жағына әсер етерлік (пайда-зиян келтірерлік) қуаты бар-жоғының сыны. Көркем сөзді сынағанда, әдебиет түрінің осы төртеуі түгел жұмсалады» [3. 257].

Ахмет Байтұрсынұлы теориялық талдаудың, әдебиеттің, көркем сөздің басты мақсатын жоғарыдағы тұжырымның соңғы сөйлемінде қорытынды ретінде түйіндейді. Қазіргі әдебиеттанудағы аксиологиялық әдістің мән-жайын Ахмет Байтұрсынұлы осылай алға тартады. Демек, тек маңызды, ұлағатты көркем сөз ғана сынға түсуі абзал. Және оның тысқы және ішкі сынға түсуіне лайықты көрнекті түрі мен ұлағатты мазмұны болуы шарт. Бүгінгі әдебиет теориясындағы «мазмұнды түр» – «содержательная форма» деген категорияның сырын Ахмет Байтұрсынұлы осылай түсіндірген.

Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыштағы» басты-басты ойлары: «Әдебиеттің өз даму заңдылықтары бар екені және олар тікелей саясатқа, идеологияға байланысты емес екені жөніндегі тұжырымдар. Яғни «сөз өнері» деген пән сөзі «халықтың ежелден келе жатқан әдебиеті» деген ұғымды білдіреді.

Оны «ауызша», «жазбаша» деп бөлудің өзі ойдан шығарылғандығы айтылады. Әдебиеттің ресми жазба түрі бар деп бөліп-жару соцреализмнің ойлап шығарғаны болып шықты: бір әдебиетті жоғарылату үшін екіншісін төмендету керек болды.

Біздің кейбір фольклортанушылар діни әдебиет жанрларын осы күнге дейін фольклор деп атап келеді. Тәуелсіздік кезеңнің әдебиеттанушылары М.Жолдасбекұлы, А.Қыраубаева, М.Мағауин, Н.Келімбетовтер ежелгі қазақ әдебиет ұғымын бұлардан арашалап алды. А.Байтұрсынұлы былай дейді: «Ауыз шығарманы «ауыз сөз» деп қана атап, жазба шығарманы «сыпайы әдебиет» деп танушылар бар. Бірақ қалай да асыл сөздің бәрі де тілдегі әдебиет есебіне жүріледі».

Ғалым әдебиетті өз категориялары арқылы түсіндіруге шақырады яғни пән сөздері басты міндет атқаруын басып айтады. Сонда зерттеу мағыналы болып шығып, зерттеушінің жалпылама көпсөзділіктен бас тартуына әкеледі. Бұл қағида дәлелсіз бос мақтаулардан да сақтандырады. Көркемдік әлемнің күдіреті тікелей жазушының ішкі рухани бостандығымен байланысты екенін айтып, осы орайда Абай мен Мағжан шығармаларын мысал ретінде келтірудің бүгінде мәні керемет емес пе?! «Әдебиет танытқыштағы» ұмытыла бастаған діндар дәуір жанрларының атаулары: кисса, хикаят, насихат, мінәжат, мақтау, даттау, айтыс, толғау, намыс яки соғыс толғауы, марқайыс толғауы, терме деген түсініктердің өзі ой салады.

Көркем сөзді екі жағынан да яғни әрі сүлде, әрі сурет жағынан тексеруге тиіс болғандықтан, оның сынында мынадай сұраулар болуға керек:

1. *Сүлде жағының сыны. Тұрмыстың қай жағынан*

алып сөз қылған? Мазмұны дұрыс па яғни өмірде ондай қалып ұшырай ма? Яки ұшырауға мүмкін бе? Өмірде болатын қалып болса неден болады; неден болатын себебін біліп айтқан ба? Адам баласының бәрінде боларлық қалып па, белгілі бір табында ғана боларлық қалып па? Кейіп қалып па?

2. *Сурет жағының сынында* сұраулар мынадай түрде болмақ: Көркем сөз табына шын қосарлық сөз бе? Қиял жасаған тұрпаттар, ойдан үйлестірген уақиғалар пікір санасына тура келіп, дұрыс сүгіреттеп, өңдендіріп көрсете ала ма? Тілі өрнекті ме? Әуезді ме? Лұғаты таза ма? Анық па? Қысқасы, ойды өрнектеп, көрнектеп, суреттеп көрсеткендей тілінде шеберлік бар ма?» [3. 257].

Екінші сөзбен айтқанда сын иесінің тілі, стилі, көркем сөзді талдауы, талғауы «ақылдың андағанын, қиялдың меңзегенін, көңілдің түйгенін» дұрыс жеткізе ала ма? Міне, бар мәселе осында жатыр.

Осы тұста жоғарыда атап өткен ғалым Д.М.Овсянико-Куликовскийдің ғылыми сын туралы пікірі мынадай: «Когда человеческий разум обращается к изучению различных групп явления (например, явлений физических, химических, биологических, психологических, юридических, экономических и т.д.), стремясь постичь их природу и развитие (эволюцию) и открыть так называемые «законы», ими управляющие, тогда развивается познавательная деятельность, известная под именем *научной*. Она служит основой положительной (критической) философии, сама не задается целями философского объединения и познания и только таит в себе его возможность ...» [10. 98].

3. «*Көсемсөз*» (публицистика) – «әлеуметке айтқанын

істету мақсатымен шығарылған сөз, жазбаша айтылады. Шешен сөз бен көсемсөздің айырылатын жері – «шешен сөз ауызша айтылады, көсемсөз жазумен айтылады» [3. 258].

Әлеумет, шаруашылық, қазыналық, мектептік, соттық, саясаттық, сондай-ақ қоғам істерін түзеу, жаңалау, өзгерту керек болған кезде халықты көсем сөз арқылы ұйытып, көптің миына қондырып, көңіліне сендіреді. Сонымен бірге көсем сөз күнделікті мәселелерді қозғайтын болған соң, баспасөзде жариялайды яғни газет, журнал арқылы да түсіндіріп береді.

Қазақ ғалымы Ахмет Байтұрсынұлы мен орыс ғалымы Д.М.Овсяннико-Куликовскийдің көсем сөз туралы айтқан ғылыми ой-тұжырымдары бір арнаға тоғысқандай. Мысалы, Овсяннико-Куликовский көсемсөз туралы былай дейді: «Когда мысль обращается к рассмотрению текущих вопросов общественной жизни и не задаваясь ни философскими, ни научными целями, стремится показать необходимость тех или других преобразований или же ставит себе задачей воздействовать на общественное мнение, тогда развивается умственная деятельность, известная под именем публицистики» [10. 99].

4. «Шешен сөз» (риторика, ораторская речь – О.А.) – «қара сөз шығармаларының бөлекей бір түрі емес, бұл байымдама болады. Шешен сөзде айтушының мақсаты өз пікіріне нандыру, сендіру, ұйыту, бұйыту, иман келтіру» [3. 257] болып табылады. Оны істеу үшін шешендердің жай байымдауларша айтқан сөздері адамның ақылына қону жағын ғана көздемейді. Сөз қанға, жанға әсер етіп, арбау сияқты адамның ойын да, бойын да балқытып билеп алып кетуге ыждаһат етеді.

Сондықтан шешендік сөздердің айрықша «қыздырма» яки «қоздырма» бөлімі болады. Оның қызметі – адамның жүрегін билеп, жүйке-жүйесін босатып, қанын қыздыру, намысын келтіру, арқасын қоздыру, құйқасын шымырлату.

А.Байтұрсынұлы шешен сөз бен көсем сөздің аражігін де ажыратып береді: «Көсем сөз шешен сөз сияқты әлеуметке айтқанын істету мақсатпен шығарылатын сөз. Шешен сөзден мұның айырылатын жері – шешен сөз ауызбен айтылады. Көсем сөз жазумен айтылады. Көсем сөз әлеумет ісіне басшылық пікір жүргізетін сөз болғандықтан да көсем сөз деп аталады. Көсем сөз кезіндегі әлеуметке керек іске мұрындық болып, істету ыждаһатымен айтылады» [3. 258].

Ғалым «Әдебиет танытқыш» зерттеуін жазу барысында ХХ ғасыр басындағы орыс және батыс әдебиеттанушыларының теориялық еңбектерімен жан-жақты танысып, үлкен дайындықпен келгендігі айқын. Ғалымның теориялық қисындарының көне антика дәуіріндегі грек-рим, онан кейінгі кезеңдегі француз және орыс риторикасының негізін салушы М.Ломоносов тұжырымдарымен тамырластығы зерттеудің өн бойынан байқалады. Сондай-ақ, ғалым әр ұғым, түсініктің өзіндік ерекшелігіне аса мән берген. Әдебиеттанушының осы жүйелеуіне ұқсастықты ғалым Г.З.Апресьянның «Ораторское искусство» (1969) атты зерттеуінде көрсетілген схемадан да байқауға болады. Ол шешендік сөздердің классификациясын екіге бөліп қарастырады: «Переходя уже к родовой и видовой классификации (разделению) красноречия или ораторского искусства, попробуем представить его схематически.

А. Род красноречия	Б. Вид красноречия
I. Социально-политическое красноречие	– Доклад на социально-политические темы – Отчетный доклад на собрании (конференции, съезде) – Политическая речь – Обзор (обозрение) – Митинговая речь – Агитаторская речь
II. Академическое красноречие	– Лекция вузовская (цикловая, курсовая) – Лекция единовременная – Научный доклад – Научное сообщение
III. Судебное красноречие	– Прокурорская или обвинительная речь – Адвокатская или защитительная речь – Речь обвиняемого или самозащитительная речь
IV. Социально-бытовое красноречие	– Юбилейная или похвальная речь – Застольная речь – тост
V. Богословско-церковная речь	– Проповедь – Речь на соборе

Такова, как нам представляется, схематическая классификация ораторского искусства. Как видно из нее, род в ораторском искусстве – более или менее установившаяся категория красноречия, в какой-то мере характеризующаяся общностью предмета ораторского разбора, оценки и особенно их ближайших целей. Но более определяющим здесь является способ и форма устно-публичного изложения темы. Что же касается вида красноречия, то он в пределах рода является дальнейшей дифференциацией по тем же признакам. Причем в первых двух родах красноречия их предметы (тематика) не всегда поддаются четкой разделительной характеристике. В самом деле, темы докладов

о социальной и классовой структуре советского общества. Данная порядковая последовательность родов красноречия обусловлена (аргументируется) той ролью, которую они играют в общественной жизни нашей страны» [67. 62-63].

Қазақтың шешендік сөздерінің қағазға түскен алғашқы нұсқаларын Ш.Ш.Уәлиханов, В.В.Радлов, Ә.Диваев, т.б. қолжазбаларынан және сол кездегі кейбір мерзімді баспасөз беттерінен ұшырастырамыз. Қазан төңкерісіне дейін шешендік сөздер арнайы жиналған да, зерттелген де емес. Қазақ халқының бүкіл ауыз әдебиетін Қазан төңкерісіне дейін үстем таптың мұрасы деп, соның ішінде шешендік сөздерді қанаушы таптың сойылын соққан феодалдардың, билердің ғана сөзі деп теріс қорытынды жасаған.

Алаш ғалымы А.Байтұрсынұлы осы сенді бұзып, шешендік сөздерді дәлелдеп, мәнісін, мақсатын сипаттап береді. Шешендік сөздерді алғаш рет бір жүйеге келтіріп, қазақ әдебиетіндегі орнын, халықтық сипатын анықтауда «Әдебиет танытқыштың» өзіндік үлесі зор. Осы айтылған мақсаттарға қарай ғалым шешендік сөздерді айтылу мазмұнына, стильдік ерекшеліктеріне қарай бес зор мүшесін анықтайды: 1. бастамасы; 2. ұсынбасы; 3. мазмұндамасы; 4. қыздырмасы; 5. қорытпасы және тағы да бес түрлі ішкі жанрлық түрге топтастырады: 1. *билік шешен сөз* яғни шешендер сотта айыпкер адамдарды ақтау я қаралау мақсатпен сөйлеп, сот ісіне әсер ету үшін айтқан сөздер; 2. *саясат шешен сөз* яғни шешендер жиынды аузына қаратып, нандырып, сендіріп, мемлекет ісіне қарар шығарту мақсатпен сөйлеу; 3. *қошемет шешен сөз* яғни біреудің халық алдында еткен еңбегін, өткізген

қызметін айтып, қошеметтеп сөйлеген шешеннің сөзі; 4. *білімір шешен сөз* яғни білімділердің, ғалымдардың мазмұнды сөйлегені; 5. *уағыз* яғни ғұламалардың, молдалардың дін жайынан сөйлеген сөздері» [3. 258]

А.А.Потебня айтқандай, көркемсөз бен ғылыми шығарма адамның қабылдауына негізделеді: «... в одно и то же время есть столько же цель, сколько и средство или что в нем категории цели и средства, совпадая во всех признаках, не могут быть различены. Лишь кажется, что такое разграничение есть в ораторской речи, направленной на волю слушателей» [27. 289].

Совет дәуірінде М.О.Әуезов ертегілер мен билер айтысын «*ел әдебиетінің*» бір саласы ретінде 1927 жылы жазған «Әдебиет тарихы» атты алғашқы күрделі ғылыми еңбегінде қарастырады. Ғалым қазақ әдебиетінің тарихын жасауда «Айтыс» бөліміне «Билер айтысы» деген арнаулы тақырыппен шешендік сөздерді енгізіп, оның кейбір түрлерінен мысалдар келтіреді: « ... ауызша әдебиеттің ішінде елдің белгілі ұғымын білдіретін, жалпы дүниеге көзқарасын сездіріп, өткенді қалай түсінуін көрсететін сөздің барлығы да бір-ақ адамға тиісті өнер емес, ол – көптің, жалпақ елдің сыбағасына тиетін өнер туындысы» [42. 20].

Қазақтың шешендік сөздерінің қағазға түскен алғашқы нұсқалары Ш.Уәлиханов, В.В.Радлов, Ә.Диваев, т.б. қолжазбаларында бар. Сол кездегі кейбір мерзімді баспасөз беттерінде арақидік жарияланғанымен Қазан төңкерісіне дейін шешендік сөздер арнайы жиналған да, зерттелген де емес.

Қазақ халқының ғасырлар бойы өзімен бірге жасаған шешендік сөздері өмірдің сан алуан асуларынан өтіп, біздерге жеткен. «Қазақ әдебиетінің тарихында» (1960)

шешендік сөздер жанрлық белгілеріне, мазмұнына қарай «шешендік дау, шешендік арнау, шешендік толғау» деп жіктелініп келді. Ал, құрылысы, ырғағы, ішкі мағыналық байланысы жағынан шешендік сөздерді «ырғақты қара сөзге құрылған «пернелі сөз» түрі және белгілі өлшемі бар, өлең-жыр түріне жақын «термелі сөз түрі» [68. 171] деп, екі салаға бөліп қарастырады.

Қазақ қоғамындағы шешендер мен билердің өнерін пайымдау мақсатында жазылған Ш.Уәлихановтың «Сот реформасы жайындағы хатын» атап өтуге болады. Осы еңбегінде ғалым шешендік өнер аясының билік, кесім айтылатын дау-дамайда туындайтынын, бұл өнердің бүтіндей бір елдің билік жүйесін атқарып тұрған заңдық күші бар, көшпелі өмірге мейлінше лайықталған қасиетті өнер екенін айтады: «...Қазақтарда құрметті би атағы халық тарапынан қандай да сайлау жолымен емес, ...шешендік өнерін меңгерген қазаққа ғана берілген. Би атану үшін қазақ халық алдында шешендік сайысқа түсіп, өзінің заң-жораны білетіндігін, шешендігін танытатын болған» [68. 135].

Алаш ғалымы Х.Досмұхамедұлы «Қазақ халық әдебиеті» (1928) атты зерттеуінде: «Әртүрлі сот істері кезіндегі билердің тамаша үкім сөздері, екі жақтың ұтымды даулары мен тапқыр жауаптары әдетте, ұйқасты мәтел не өлең түрінде айтылады. Поэзияның бұл түрі билік сөз (бийлік сөз – замечательные и остроумные решения биев, их поговорки, ответы и наставления)» [69. 23], – дейді. Бұл жерде бидің тапқырлығы, әділдігі, турашылдығы көрінеді.

Шешендік өнерге айтулы үлес қосқан көне грек, рим философтары Платон мен Аристотель, Демосфен мен Цицерон, т.б. болды. Дүниежүзілік эстетика тарихындағы

маңызы ерекше, материалистік дүниетаным негізіне құрылған Аристотельдің «Поэтикасы» – әдебиет туралы ғылыми зерттеу, ғылыми трактат. Мұнда сол замандағы әдебиет теориясы, әдебиет тарихы, әдебиет сынына қатысты өзекті, құнды ой-пікірлер молынан кездеседі. Аристотель өзінің «Риторика» [70] атты еңбегінде шешеннің сөйлеу барысында нандырудың амалдарын қарастыра отырып, еңбегін үш бөлімнен түзеді. Бірінші бөлімінде шешеннің тыңдаушыларын тыңдауға мәжбүр ететін принциптері, екінші бөлімінде тыңдаушының сеніміне кіріп максатқа жету үшін шешеннің жеке басының қасиеттері мен ерекшеліктері, үшінші бөлімінде шешендік өнердің техникалық жақтарын яғни сөйлеу процесінде пайдаланылатын ойды жарыққа шығарудың әдіс-тәсілдерін саралайды. Аристотель еңбегінде сөйлеудің алғы сөз, әңгіме, дәлелдеме, қорытынды сияқты бөлімдерін көрсетіп, әр бөлімнің нандыруға, сендіруге қажетті маңызын жан-жақты талдайды. «Поэтика» өзінен кейінгі ғылымның дамуындағы классиканың бәріне негіз, өзек болған. «Поэтикада» әдебиет жанрлары яғни эпос, драма, лирикалық шығармаларға қажетті компоненттер: әрекет, характер, фабула (сюжет), ой, декорация, музыкалық композиция сөз болады. ІҮ-ғасырда Аристотельдің сол кездегі грек әдебиетінің тәжірибесіне сүйене отырып, өте орынды айтылған осы құнды пікірлері күні бүгінге дейін өз маңызын жойған жоқ.

Шешендік сөздер осы шешендік өнердің аясында туып, қалыптасты. Шешендік өнер теориясының дамуында орыс, шет ел ғалымдары да өз үлестерін қосты. Орыс әдебиеттану ғылымында ХҮІІ ғасырда шешендік өнері туралы орыс әдеби тілінің негізін

калаған М.В.Ломоносов [71] («Ораторская проза и поэзия», «Риторика», 1952) атты еңбектерін атауға болады. Шешендік өнердің Ресейде ғана емес, сонымен қатар славян елдерінде дамуына М.М.Сперанскийдің [72] «Устная поэзия повествовательного характера» (1917) атты еңбегінде халық алдында сөз сөйлеудің дәлелдемелері, композициясы, ой мәнерлігі, құрылымы толық қарастырылады. Автор шешендіктің басты екі негізін көрсетіп береді. Оның бірі – ақылды илкітіру; екіншісі – жүректі қозғау болып табылады.

Қазақтың шешендік өнері – қазақ халқының атадан балаға мирас болып келе жатқан сөз байлығының, сөз құнарының негізінде бүтін бір ұлттың суырыпсалмалық қасиетін бойына дарытқан. Күрделі, тарихи, саяси-әлеуметтік мәселелерді шешкенде де беделді рөл атқарған, халық кәдесіне жараған көп қырлы өнер. Шешендік сөздер қазақ халқының сөз өнерінің төрінен орын алады.

Шешендік өнердің сарқылмас бұлағы көне Грециядан бастау алады, өйткені шешендік өнер қоғамдық қажеттіліктен туған. Сонау құл иеленушілік қоғамда әлеуметтік даму өрістеп, демократияның жандануына қозғаушы күш ретінде тарих сахнасына шықты. Қазақтың шешендік сөздері де қанатын кеңге жайған түркілік дүниетаным мен сөз күдіретінен нәр алып, өзіндік ұлттық қасиеттерді бойына сіңірген асыл қазына.

Қазақ әдебиеттану ғылымының туып, қалыптасуының алғашқы жылдарында шешендік сөздерді ауыз әдебиетінің жеке саласы яғни жеке жанр ретінде тану А.Байтұрсынұлынан кейін Ә.Бөкейханұлы «Би һәм билік» (1914), «Тағы да би һәм билік» (1915),

Х.Досмұхамедұлы «Аламан» (1928), М.Әуезов «Әдебиет тарихы» (1927), Ш.Құдайбердиев «Би һәм билік туралы» (1931), С.Сейфуллин «Билер сөздері» (1932), Ә.Мәметованың «Қазақ билерінің шешендік сөздері және оның әдебиеттегі тарихи орны» (1945) еңбектерінде жан-жақты сараланса, кейінірек Қ.Жұмалиев «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі» (1960), Б.Адамбаев «Халық даналығы» (1964), М.Ғабдуллин «Шешендік сөздер» (1967), С.Қасқабасов «Қазақ халық прозасы» (1984), С.Садырбаев «Халық әдебиетінің тарихи негіздері» (1992), М.Жолдасбеков «Бөлтірік шешен» (1994), Шқанова Б. «Шешендік сөздердің жанрлық ерекшеліктері» (1994), З.Ахметов «Абайдың ақындық әлемі» (1995), С.Қирабаев «Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері» (1995), Р.Бердібай «Эпос – ел қазынасы» (1995), С.Негимов «Шешендік өнер» (1997), М.Жармұхамедұлы «Шешендік өнер» (1998), С.Қасенов «Шешендік сөздердің поэтикасы» (1999), М.Ахетов «М.Әуезов драматургиясындағы шешендік дәстүр» (2002), Б.Мамырайымов «Шешендік сөздердің ұжымдық және даралық сипаты» (2005) атты еңбектерінде ғалымдар шешендік өнердің, шешендік сөздердің мазмұнына, табиғатына үніліп, тақырыбы мен түрлеріне, құрылысы мен стильдік ерекшеліктеріне, поэтикасына арнайы тоқталып, өзіндік талдаулар жасайды.

Шешендік сөз және шешен адам (оратор, риторик – О.А.) туралы орыс ғалымы А.А.Потебня «Эстетика и поэтика» (1905) атты зерттеуінде былай ой түйеді: « ... Ораторская речь есть прежде всего орудие мысли для самого оратора: она во время произнесения впервые объективирует, создает эту мысль в ее окончательной

форме. В слушателе она одновременно с пониманием, усвоением является пружиной настроения, которое может иметь последствием другие действия ... » [28. 289]. Қос ғалымның жоғарыда айтылған ой-тұжырымдары бірін-бір толықтыра түседі.

Қорыта айтқанда «көркем сөзде екі тысқы, екі ішкі сын» болады яғни «*Тысқы сындар*»: 1) Тілінің, лұғатының сыны яғни тілінің дұрыстығы, анықтығы, тазалығы, дәлдігі, көрнектілігі, әуезділігі, өрнектілігінің сындары; 2) Суретінің сыны: кестесін келтіріп, ұнасымды түрде үйлестіріп, суреттеуінің сыны.

Ал, «*Ішкі сындар*»: 1) Алынған мінез, айтылған қылық, көрсетілген қалып, жан жүйесінің көзімен қарағанда дұрыс шығу, шықпауының сыны; 2) Өмір жүзінде айтылған нәрсенің болатындығының себебін дұрыс көрсеткен, көрсетпегенінің, адам қауымындағы қалып түзелу жағына әсер етерлік (эстетикалық жағы – О.А.) қуатының бар, жоғының сыны.

Ғалым көркем шығарманы талдау барысында кездесетін, байқалатын лингвистикалық, стилистикалық ерекшеліктер мен әдебиеттану саласына қатысты теориялық поэтика мәселесінің яғни жанр, стиль, жазушының шеберлігі, сюжет, композицияның да назардан тыс қалмау керектігін ескертеді. Көркем сөзді сынағанда әдебиет түрінің осы төртеуі де түгел жұмсалады.

А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышта» көркем сөздің эстетикалық құндылығы мен оның қызметін де жан-жақты қарастырады. Қазақ сөз өнерінің түп-төркініне көз жүгірткен ғалым: «Ақындар ғалымдар сияқты болған уақиғаны яки нәрсені болған күйінде, тұрған қалпында бұлжытпастан айтып, дұрыс мағлұмат

беріп, қақиқаттауға тырыспайды, тұрған нәрсе тұрған күйінде, болған уақиға болған күйінде ақынға өте үйреншікті, жай қалыпты, жабайы көрінеді. ... ақын ғаламды сөзбен көрсетуге бар өнерін, шеберлігін жұмсайды, сүйтіп шығарған сөзі көркем сөзді шығарма болады. Оны шығаруға жұмсайтын өнердің аты *ақындық* болады» [3. 259], – дейді.

Көркем сөздің эстетикалық мәніне көп үңілген орыс әдебиетінің теоретигі М.М.Бахтин де өз пікірін былай білдіреді: «Науку об искусстве часто и определяют через противопоставление ее заведомо не научной философской эстетике. ... эстетическое созерцание природы, эстетические моменты в мифе, в мировоззрении ... сумбурны, неустойчивы, гибричны. Эстетическое вполне осуществляет себя только в искусстве, в данном случае о словесном, – независимо от вопросов о сущности искусства ... такова тенденция и современных работ по эстетике» [11.12].

Ақындықтан шыққан сөзді яғни көркем лебізді шығармаларды үлгілі жұрттар:

1. *«әуезеленіп айтылуына қарай – әуезе* яғни *эпос*;
2. *толғанып айтылуына қарай – толғау* яғни *лирика*;
3. *ғамалдап айтылуына – айтыс* яғни *драма*» [3. 259] деп, тегі (жанры) мен түріне (виді) қарай үшке бөледі. Бұлайша бөлу жазба әдебиеттің түрлеріне келсе де ауыз әдебиетінің түрлеріне келмейді. Сондықтан қазақ ауыз әдебиетінің шығармалары айтылу түріне қарай бөлінбей, тұтыну орнына қарай бөлінеді.

Қос ғалымның яғни А.Байтұрсынұлы мен М.М.Бахтиннің еңбектерін салыстыра, саралай отырып әдебиеттанушы профессор А.Ісімакова былай дейді: «Не случайно А.Байтұрсынов в «Әдебиет

танытқыш» в системе художественного слова «дарынды сөз» рассматривает стилевые возможности речевых жанров толғау и айтыс, наряду с әуезе. Если әуезе повествует о внешнем мире, то толғау – это выражение внутреннего мира, но не сугубо субъективного, как это возможно только в художественной лирике. Стилевое открытие толғау содержится в способности автора по-своему истоковывать известные факты действительности: осуществляется осмысление реальности. А.Байтұрсынов подчеркивает при этом особенность слова толғау, его эстетически преобразовательную функцию, в которую автор-исполнитель вкладывает все свое мастерство» [73.146-147].

«Әдебиет танытқышта» әдебиеттің сыны мен ғылым сынының ерекшеліктері де сөз болады. Мысалы, әдеби сын алдында өмір мен шығарма, шындық пен киял, көркемдік пен шеберлік, қаһарман мен уақыт, мінез бен әрекетке байланысты нақты сұраулардың жауабын іздеу міндеттері қойылады, тысқы сын, ішкі сын деген ұғымдар қолданылады.

Әуезе (эпос) – « ... тысқарғы ғалам турасындағы сөздер» яғни «әуезелеуші айтатын сөзіне өзін қатыстырмай, өзінен тысқарғы ғаламда болған істі әңгіме қылады» [3. 260] деп әуезе жанрының ең басты қасиетін атап береді.

Аристотель өнер атауларына анықтама бере отырып, эпос туралы былай дейді: « ... эпос не ограничен временем, чем и отличается от трагедии. Но впрочем, сперва в трагедиях поступали точно так же, как и в эпических поэмах. А под эпическим я разумею содержащий в себе много фабул ... есть эпическое подражания жизни, но можно рассказывать иначе – так, что подражающий останется самим собою, не изменяя своего лица ... » [70. 270].

Ғалым «Әдебиет танытқышта» толғауды былай танытады: «*Толғау* (лирика) – ішкергі ғаламның күйі» (*внутреннее размышление*) яғни ... іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі. Ақындық жалғыз өз көңілінің күйін толғай білуде емес, басқалардың да халін танып, күйіне салып толғай алуда ... » [3. 261].

Ғалым бұл арада эпостық жыр мен лирикалық күйдің ішкі иірімдерін теориялық парасаттылықпен айқындап берген. Әр нәрсені санамызға (әдебиеттегі психологизм категориясы – О.А.) алған уақытта ол нәрселер турасындағы ұғымдарымызға көңіл кіріспей тұрмайды. Адам дүниедегі көрген, білген нәрселерін тек байқап, тек пікірлеп, тек саңылаулап қана қоймайды, ол нәрселермен қатар адамның көңіліне күй де жасалады. Адам көрген-білген нәрсесінің иә істің біріне күйінеді, біріне сүйінеді, бірінен сескенеді, бірінен шошынады. Сезіліп тұрған тысқарғы ғалам мен сезіп тұрған ішкергі ғаламның екі арасы санаға келіп түйіскен жерде жыртылып айырылғысыз болып бірігетіндігін ғалым әрбір көркем туындыны талдағанда шығарманың құрылымында кездесетін, байқалатын белгілерін, қасиеттерін және жанрлық, стильдік ерекшеліктерін осылай яғни жан-жақты, түбірінен таратып түсіндіреді.

Осы тұрғыда ғалым М.М.Бахтин кез келген жанрдың қасиетін айқындаудың және жанрлық түрлерін анықтауға қатысты теориялық тұжырым жасайды. А.Байтұрсынұлы келтірген толғаудың түрлері (сап толғау, марқайыс, налыс (мұнайыс), намыстаныс, сұқтаныс, ойламалдау) арнайы зерттеуді қажет етеді. Жоғарыдағы тұжырымға келсек, М.М.Бахтин келесі пікірді алға тартады: «Жанр в свою очередь определяется

предметом, целью и ситуацией *высказывания*. Форма авторства и иерархическое место (положение) говорящего (вождь, царь, судья, учитель, отец, сын, брат и др.). Соотносительное иерархическое положение адресата высказывания (подданный, ученик, сын). Кто говорит и кому говорят. Всем этим определяется жанр, тон и стиль высказывания: слово вождя, слово учителя, слово отца и т.д.» [11. 258] .

Тысқарғы ғаламнан санаға түскен санылау мен сана жанында тұрған көңілдің күйін бір-біріне қатыстырмай, бөлектеп қою мүмкін емес. Мұны А.Байтұрсынұлы былай түсіндіреді: «Нәрсенің санылауы келіп адамның санасына түскенде адамның ойын да, көңілін де бірдей оятады. Адамның көңілін оятпаған нәрсе тіпті сезілмей дерексіз өтеді, бірақ адамның ілтипаты тысқарғы ғаламға, бірде ішкергі ғаламға көбірек ауатын орындары болады. Кейде тысқарғы нәрсе өте қорқытса яки өте қуантса иә болмаса өте тамаша күйде болып таңдандырса, адамның есін алып, ілтипатын өзіне аударып кетеді. Кейде адам өз ойы, өз қиялы, өз көңілінің күйімен болып, айналасындағы болып жатқан уақиғаларды, істеліп жатқан істерді, тамашалы, тысқарғы ғаламды байқамай қалады. Бұл адамның ілтипатын тысқарғы ғаламнан ішкергі ғалам аударып алып кеткен уақытта болады. Ондай адамдардың көбі ілтипатын көбінесе ішкі ғалам жағына салатын адамдар болады» [3. 261-262].

Гегель өзінің «Эстетикасында» лирика туралы мынадай тұжырым айтады: «Лирика – это поэзия субъективности. Содержание ее, *все субъективное, внутренний мир, размышляющая, чувствующая душа* которая не приходит к действиям, а задерживается у

себя в качестве внутренней жизни и потому в качестве единственной формы ...может брать для себя *словесное самовыражение субъекта*» [32. 420].

Бұл арада А.Байтұрсынұлының Аристотель, Гегель, Лессинг, т.б. еңбектерімен етене таныс екендігін байқаймыз.

Толғау яғни лирика жайында Д.М.Овсяннико-Куликовскийдің пікірі келесідей: «*Лирика*» действительно объединяются такая, на вид столь разнонародная, искусства как *пение и музыка* (ритм звуковой), *картины природы* (в живописи, ритм зрительный, ритм симметрии). Сюда же относится и тот отдел поэзии, который издавна носит название *лирической*.

... *Лирика* основана на действии гармонического ритма на человеческую душу. В словесной лирике (лирическая поэзия) этот гармонический ритм слагается из двух элементов: 1. *из внешнего – звукового – ритма языка*; 2. *из внутреннего – психологического – ритма тех мыслей, чувств, настроений, которая вызываются в нашем сознании значениями слов*. Между этими двумя элементами должна быть полная гармония: внешний ритм должен соответствовать внутреннему; сливаясь они образуют одно нераздельное целое» [10. 11,46].

Әдебиет теориясы ғылымының тарихи даму үрдісін, әдебиеттің тегі мен түрлерін салыстыра зерттеген орыс ғалымы Г.Н.Поспелов эпос пен лириканың арасындағы айырмашылықты былай түсіндіреді: «В отличие от эпоса лирика воспроизводит характеристики жизни не в аспекте их общественно-исторического бытия, а в аспекте их общественно-исторического сознания. Поэтому лирика отличается от эпоса прежде всего по

существующему в ней соотношению субъекта и объекта познания жизни» [74. 105].

Айтыс (драма) – «сөз өнерінің бір түрі. Айтыс қазақта ауыз әдебиет түрінде болғанмен ... асылында, айтыс-тартыс, түрлі шығарма ауыз әдебиетінде жоқ» [3. 276] деп, ғалым «ақындар айтысы» (айтыс жанры – О.А.) мен «айтыс-тартыстың» (драмалық жанр – О.А.) айырмашылығын да анықтап береді.

« ... Айтыс бастапқы кезде шын екі ақынның айтысқаны болса да, соңғы кезде айтысты ақындар өз ойынан шығаратын болған. ... Сөйтіп айтыс шын айтыс емес, тек *шығарманың түрі*» болуға айналғандығын және « ... бара-бара айтыс өлеңде айтылатын келіссіз істерді, ... мінездерді алаң айнасына түсіріп көрсететін көбінесе өмір жүзінде, адам арасында болатын ұрыс-керіс, талас-тартыс, алыс-жұлыс, қуаныш-қайғы сияқты түрлі халдар болған себепті сөз өнерінің бір түрі Европа тілінде тек «Айтыс» мағынада емес, «Айтыс-тартыс, арпалыс» мағынада ұғылады» [3. 275-276].

Ғалымның «Айтыс-тартыс, арпалыс, алаң айнасы, алаң алданышы» деп айтып отырғаны – *драматургия* яғни *театр өнеріне, театр сахнасына* тән, қатысты нәрселер деп білеміз.

А.Байтұрсынұлы бөлген «діндар дәуірдегі» айтыс пен «сындар дәуірдегі» айтыс-тартыс екеуі екі бөлек нәрсе, тек айтыс деген аты жағынан ғана ұқсас. Ғалым *драманы* қазақшалап «*Айтыс-тартыс*» деп атап, оған теориялық тұрғыда жанрлық анықтама береді: «Айтыс-тартыста ақынның айтқан әңгімесін естиміз, уақиғаның өзін, уақиғада болған адамдардың өздерін көреміз. Уақиға көз алдымызда болып, адамдардың тіршілік жүзінде айтысып-тартысып өмір шеккенін көреміз.

Айтыс-тартыста адамдардың ақылы жеткенінше амалдап, қайратына қарай қару қылып, алысқаны, арбағаны, қуанғаны, ... жауласқаны, дауласқаны, бітіскені, жарасқаны өмір жүзіндегідей көрініп, көз алдыңнан өтеді. Бұл шын өмірдің өзі емес, нәрсенің айнаға түскен сәулесі сияқты, өмірдің алаңда көрсетілген сәулесі ғана. ... Айтыс-тартыстағы уақиғалар, адамдар асылында болған заттар емес, ақын қиялынан туған заттар. «Айтыс-тартыс» уақиғаны айтып білдірсе, «әуезе» (энгіме) уақиғаны көзге көрсетіп таныстырады. Ал, « ...айтыс-тартыс ішкі ғалам мен тысқы ғаламның түйіскенін» [3. 340] көрсететін сөз түрі.

Осы тараушада ғалым *эпос, лирика, драма* тектерінің бір-бірінен айырмасын, ұқсастығын ұқтыру үшін *ішкі ғалам* (субъективті әлем), *сыртқы ғалам* (объективті әлем) «пән сөздерін» пайдаланады.

«Әдебиет танытқышта» «*Айтыс-тартыс*» яғни драманың табиғатын ашатын «*әлектеніс*» (драма), «*азаптаныс*» (трагедия), «*әуреленіс*» (комедия) «пән сөздерін» колдана отырып, ғалым осы түрлердің әрқайсысындағы кейіпкерлерді сипаттайды. Осылардың ішінен «*әлектеніс*» пен «*әуреленіс*» талданады, ал «*азаптаныс*» қарастырылмаған. Академик Р.Нұрғалиев жазғандай: «А.Байтұрсынов әр жерде бұларды нұсқалықтың пәленше нөмірлерінен кара деп ескертеді. Ендеше, «Әдебиет танытқыш» оқулық, оның хрестоматиясы-нұсқалығы да болған ғой. ... болашақта «Әдебиет танытқыштың» толық тексін табу» [13. 63] міндеті тұр және бұл еңбек төңірегінде әлі де көп зерттеулер жүргізуіміз керек.

А.Байтұрсынұлы басқа елдердің әдебиеті тарихында сирек кездесетін осы күнге дейін ұлттық дәстүр ретінде

сақталып келген айтыс жанры туралы да өз байламын айтқан. Ақындар айтысы – қазақ әдебиетінің ұлттық ерекшеліктерін айқындаған белгілерінің бірі. Ғалым осы айтыс өлеңінің ерекшелігін екі батырдың жекпе-жегімен, екі палуанның күрескенімен салыстыра отырып талдайды. «Айтыс – екі ақынның бірін-бірі сөз жүзінде аңдып, бірінін-бірі қапысын тауып жеңу үшін айтатын өлендері. Ақындар әдісін сөз арқылы жұмсап, бірін-бірі сөзбен шаншып, жеңеді. ... Айтысқанда жай сөзбен айтыспай, өлеңмен ғана айтысу – айтыс» [3. 277] деп санау қажет деген.

Ғалым не үшін айтысты екі батырдың жекпе-жегімен, екі палуанның күрескенімен салыстырады? Оның мәнісі, маңыздылығы неде? Мұндағы басты нәрсе пікір таласы, айтылған ойға, қойылған сауалға жауап тауып, өзінше көзқараспен, өз пікірін, өз дәлелін қарсы қою. Онсыз айтыс қызық, тартымды болмайды. Айтыс өнерінде айтылған сөзді, пікірді іліп алу, табан астында ұтымды сөз табу, ой алғырлығы мен зеректікті қажет етеді. Сонымен бірге айтыс жанрының стильдік түрінің өзгергендігін және әлеуметтік мәні зор «Кеншімбаи мен Ақсұлу», «Елентай мен Болық», «Жарылқасын қожа мен Айқын», «Жанақ пен Бала» айтыстарының жалпы сипаттарын анықтап, жіктеп, зерттеп, талдап, көрсетеді. Ғалым атап өткен осы айтыс нұсқалары сирек кездесетін нұсқалар. «Қазақта айтыс өлең көп, бірақ бұлар да ел ішінде жоғалып, құрып барады. Жазу жайылған сайын айтыс өлең азайып, сиреп» бара жатқандығын, оны жазып алып қалмаса өшетіндігін айтып, өз өкінішін де тілге тиек етеді.

А.Байтұрсынұлынан кейін қазақ халқының айтыс жанрын зерттеп, байсалды пікір, тың ойлар айтқан

М.О.Әуезов, С.Мұқанов, М.Ғабдуллин, Т.Нұртазин, Е.Ысмайылов, М.Жармұқамедов және басқа да ғалымдар осы айтыс өнерінің дүниежүзі халықтарында ерте кезде болғанынан мағлұматтар береді.

Айтыс жанры жөнінде А.Байтұрсынұлымен қатар М.О.Әуезов те өзінің ойын, пікірін 1927 жылы жарық көрген, бірақ оқырмандарға кезінде жетіп үлгермеген «Әдебиет тарихында» сөз етеді. Бұл еңбек өз оқырмандарымен араға жарты ғасырдан астам уақыт салып, 1991 жылы қайта қауышты. Қазақ әдебиетінің классигі, ғалым М.О.Әуезов: « ... қазақтағы айтыс өлеңдер – өзге жұрттың әдебиетінде кез келмейтін, біздің әдебиеттің байлығына дәлел болған айрықша бір түр. Айтыс өлеңдердің ерте күндегілері ауызша әдебиетке кірсе де, бергі замандағы айтыстың ішінен ұзақ әңгіме тудыратын Наурызбай мен Біржан-Сара сияқтылары жазба әдебиетке кіреді. Екі кісінің айтысуынан немесе екі кісінің жайынан туатын әңгімелер ертерек уақытта ағылшын әдебиетінде Грандисон, Ричардсон, Достоевскийдің уақыттарында туылған. Мұндай әңгімелерді эпистолярный роман деп атаған. Біздің айтыстардың көбі – осы эпистолярный роман түріндегі өлеңдер» [42. 228] деп, өзінің ғылыми тұжырымын нақтылайды.

Айтыскер, айтысушы ақындарды үлкен жиын, топта сайысқа шығарған батырлардай, күреске түсірген палуандардай, бәйгеге қосқан аттардай бәсеке-жарысқа араласады. Ақындар айтысының негізінде өзгеше жанрлық бітім мазмұнында, қолдану дәстүрінде қазақтың халықтық театр өнерінің белгілері кездеседі. Ақындық өнер туралы М.О.Әуезов былай деп жазады: «... ақындар айтысын тыңдаушы көпшілік үшін әр

кезде театрлық, драмалық аса қызу әсері бар өнер түріне айналдырады. Анығында ақындар айтысының негізінде өзгеше жанрлық бітім мазмұнында, қолдану дәстүрінде қазақтың халықтық театрлық өнерінің мол белгілері бар. Халық театрының анық, дән ұрығы бар деуге болады» [68. 674]. Міне, осы аталған балуандар күресі, ат бәйгесі, көкпар, т.б. әлі күнге дейін ел ішінде өзінің қадыр-қасиетін жоғалтпай келеді.

Халық ауыз әдебиеті, айтыс өнері туралы әдебиеттанушы Е.Ысмайыловтың зерттеуін де атап өткен жөн. «Айтыс қазақ әдебиетінің, ең алдымен ұшан-теңіз бай ауыз әдебиеті негізінде туып дамыды. Қазақтың ауыз әдебиетінің сан алуан формасынан, жанрларынан (батырлар жыры, ғашықтық жырлар, ертегілер, халықтық романдар, салт өлеңдер, мақал-мәтелдер) бастап, осы күнге дейінгі сақталып, дамып отырған ақындар айтысы да біздің рухани творчествоның тамаша байлығын барлық елдердің ақын, жазушылары мен ғалымдарын қайран қалдырған көркемдік ерекшеліктерін танытады» [75. 72], – дейді.

М.Жармұхамедов те қазақ әдебиетіндегі өзіндік дәстүрі бар, күрделі сала – айтыстың жанрлық тұрғыда туып, қалыптасуы мен даму кезеңдерін қарастырумен бірге оның басқа жанрлармен ара қатынасын белгілеп, жанрдың көркемдік тәсілдерін зерттеген. Өз еңбегінде автор: «қазақ айтыстары ғасырлар бойы халық өмірімен біте қайнасып, қалың бұқара басынан кешірген әлеуметтік-қоғамдық тұрмыстың қат-қабат көріністерін көркем бейнелейтін ... уытты жанр. Осыған орай әдебиеттану ғылымындағы жанрлық жіктеулерді негізге ала отырып айтыс өлеңдерін төмендегідей ретпен топтастырады: 1. *Тұрмыс-салт айтысы*: а) «Бәдік»;

ә) «Жар-жар»; б) Қыз бен жігіт қайымдасулары; в) Төрт түлік мал туралы айтыс; г) Дидактикалық (тәлім-тәрбие) айтыс; 2. *Ақындар айтысы*: а) Жұмбақ айтысы; ә) Ру айтысы; б) Дін айтысы; в) Жазба айтыс» [76. 16].

Қазақ әдебиеттану ғылымындағы әсіресе, қазақ поэзиясына, сөз өнеріне тән ұлттық сипаттағы әдеби құбылыстарды, солардың ішінде жырау, жыршы ұғымдарын, ауыз әдебиетінде кең өріс алған суырып салмалық (импровизация) өнеріне, өлең-жыр, дастандарды термелеп айту дәстүріне қатысты ұғымдарды яғни айтыс, өлең, қара өлең, шешендік сөз, жыр, толғау сияқты сан алуан жанрлық түрлерді сипаттайтын ұғымдар мен пән сөздерді А.Байтұрсынұлы бір ізге, бір жүйеге түсіріп берді. Кейінгі әдебиеттанушылар осы ізбен, осы бағытпен келеді. Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің тарихи үлгілері шығысты зерттеген орыс және шет ел ғалымдарын да, жазушыларын да қызықтырғаны белгілі. Айтыс өнері қазақ халқының өмірінде ұлттық дәстүр ретінде ертеден белгілі. Ақындар айтысының ішкі мазмұны әртүрлі болып келеді. Осы айтыс қазақтан басқа ноғай, қырғыз, қарақалпақ халықтарында да бар, бірақ олардың айтыстарының көркемдік дәрежесі, деңгейі біздікінен төмен.

Қай халықтың болса да әдебиеті алдымен ауыз әдебиетінен бастау алатыны белгілі. Халықтың рухани азығы болған ауыз әдебиеті үлгілері Қазақстанның төрт бұрышына түгел жайылған. Қазақ халқының ауыз әдебиеті де өте бай және өзіндік сыр-сипаттары да мол болғандығын Шоқан, Абай, Ыбырайдан кейін Ә.Диваев, Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Әуезов, Х.Досмұхамедұлы, Ә.Марғұланнан

бастап, соңғы толқын ғалымдардың зерттеулерінде ауыз әдебиетінің осы озық үлгілері күні бүгінге дейін сақталғанын М.Ғабдуллин, Ә.Қоңыратбаев, Б.Кенжебаев, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Б.Уахатов, Р.Бердібай, О.Нұрмағамбетова, М.Жармұхамедов, Ш.Елеуқенов, С.Қасқабасов, С.Садырбаев, Б.Әзібаева, Х.Сыдиықов, Е.Тұрсынов, А.Сейдімбек, Ш.Ыбыраев, Б.Абылқасымов, Т.Қоңыратбай, З.Сейітжанов, Ш.Керім өз еңбектерінде (эпос, дастан, айтыс, халық өлеңдері, халық прозасы, күй анызы, жұмбақ, арбау өлеңдерді) дерек көздеріне сүйене отырып дәлелдейді.

Қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, жарыққа шығару, зерттеу ісінің ғылыми жолға тұңғыш қойылуы қазақ оқымыстысы Ш.Уәлихановтың есімімен тығыз байланысты. Бұл ретте Шоқан қазақ аңыздары, аңыз-әнгімелері, ертегілері, өлеңдері, эпостық жырлары мен тарихи жырлары саласы бойынша мол материалдар жинап, алғаш зерттеген. Осы зерттеулерінің нәтижелерін қазақ халқының өткен тарихын танып, білуге пайдаланды. Ғалым еңбектерінде қазақ ауыз әдебиеті алғаш рет қазақтың мәдени, рухани мұрасы ретінде қарастырылу жағына баса назар аударған.

Шоқан Уәлиханов әдебиеттің теориялық мәселелерін қарастырған «Қазақ халық поэзиясының түрлері жөнінде» атты еңбегінде қазақ халқының ауыз әдебиетін үшке бөледі: 1. ертегілер; 2. эпостық жырлар (батырлық сағалар); 3. өлеңдер яғни ойын-тойда айтылатын өлеңдер мен тұрмыс-салт жырлары. Шоканның өзі де халық ауыз әдебиетін көп білген және оның асыл үлгілерін жинаумен Сібір кадет корпусында оқып жүргенде-ақ айналыса бастаған. Сөйтіп, Шоқан қазақ халық ауыз әдебиетінің мұраларын жинауға, оны

басқа елдердің әдебиетімен байланыстыра зерттеуге үлкен үлес қосты және жол ашты. Қазақтың батырлар жыры туралы толымды пікір айтып, оның тарихи мәнінің зор екенін дәлелді де дәйекті түрде талдап көрсеткен ғалым Ш.Уәлихановқа тағы да тоқталғанды жөн деп таптық. Ғалым тарихи оқиғаларға байланысты туған эпостық жырларға баса назар аударған, зерттеген. Оның айтуынша Алтын Орда батырларының жайын баяндайтын эпостық жырлар сол кездің тарихын, орданың құлдырау себептерін ашуға көмектеседі. «... Тарихи жағынан алғанда халықтың қиялы, рухы тамаша, неге десеніз, 1. Ескі замандағы батырлар жорығын баяндаған поэзия бізге төл қалпында жетіп отыр; 2. Әр уақытта жасаған әртүрлі акындар бұл жырларға өз үлесін қосып тұтасқанда қымбат қазына тастап кеткен» [68. 166], – дейді.

А.Байтұрсынұлы дүниежүзі халықтарының тілдеріндегі шығармалардың бір-біріне ұқсас болып келетіндігін айтып, мұның өзі тұрмыс-салт, өмір-тіршілік ұқсастығының нәтижесі деген пікірін кеңінен дәлелдеп береді. Адамзаттың балалық шағындағы табиғат құбылыстарын кереметке жору, жоққа илану, дәу пері, жезтырнақ, жалмауыз сияқтылардан қорқып, құдай, пері, періште, әруаққа сену салдарынан туған шығармаларға баға бере келіп, ғалым: «Өнер-білім болмағандықтан ол күндегі адам табиғатқа қожалық қыла алмаған, табиғат сырын біле алмаған. Табиғат күшінің адам көңіліне қорқыныш кіргізген себепті, алғашқы адамдар табиғат алдында қол қусырып, құлдық қып, бас ұрумен болған ... Өлгенін тірісіндей көрген. Анайы заманның адамының ақылы нашар, қиялы күшті болған. ... анайы шағындағы шағармалары

орасан қияли, орасан кереметі көп, расы аз түрде айтылған» [3. 265], – дейді.

Жазу-сызу жоқ заманда туған жырлардың бәрі « ... жору, жорамалдау, ұйғару айналасында болып, нәрсенің сырын тану, шынына жету жоқ болып, ақыл жағы күшеймей, қиял жағы күшейіп, анайы заман адамының ақылы нашар, қиялы күшті болған. Адамнан қадірлеп, құдайдай көретіндері батырлар болған. Батырларын құдайдай құрметтеп, батырлығын, қайратын жыр ғып аузынан тастамай, үлкенге өнеге, кішіге үлгі еткен. Ол жырларын бас қосқан жерде айтатын адамдарды жыршы деп таныған. Ақыннан шыққан сөз жыршыдан-жыршыға көшіп жүріп, өзгеріп те болған. ... Батырлар жыры да бір адамның сөзі болудан шығып, мың адамдікі, жұрттыкі, ұлттыкі» [3. 266-267] болып кеткендігін айтады.

Айта кетер мәселе бұл жерде А.Байтұрсынұлы 1) өлең-жырдың қай ортада, қандай қажеттіліктен туатынын; 2) Біреуден-біреуге қалай тарайтынын (ауызша); 3) Халық творчествосына айналу процесін көрсеткен; 4) Ауызша әдебиет пен жазба әдебиеттің айырмасын, ара жігін айқындап, ажыратып берген. Сонымен қатар көптің аузынан өтіп, көп өзгеріске түсіп, алғашқы шығарған ақындардан еш белгі қалмағандықтан халық әдебиеті аталатындығын айта келіп, оны екіге бөледі: 1. *Ауыз шығарма* (анайы әдебиет); 2. *Жазба шығарма* (сыпайы әдебиет).

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Ой бөлістім халқыммен» (2006) атты кітабында: «Жыраулыққа, аңыз айтуға бейімі бар, ақыл-парасаты мол адам халықтың рухани ақыл-ой қазынасын сақтаушы ақын болған. Олардың арасынан шыққан неғұрлым беделді де құрметті, тілі

өткір шешендер халықтың көкейкесті ой-пікірін ел билеушіге бетің бар, жүзің бар деп жалтақтамай, көзіне түп-тура ашық та батыл айтып салудан тайынбаған» [77. 82], – деп ой қорытады.

2.2. «Әдебиет танытқыш»: ауыз шығарма және жазба шығарма

Ахмет Байтұрсынұлы «... Ауыз шығарманы (анайы әдебиетті) ауыз сөз деп қана атап, жазба шығарманы (сыпайы әдебиетті) ғана танушылар бар, бірақ қалай да асыл сөздің бәрі де тілдегі әдебиет есебінде жүріледі. Анайы әдебиет халықтың бәрінде де болады. Сыпайы әдебиет жазу-сызу, өнерғылым жемісінен дәм тартқан жұрттарда ғана болады. Сондықтан ... қазақтың анайы әдебиетінен бастап, тілдегі бар шығармалардың түрлерімен таныстыру қажет болады» [3. 269], – дейді.

Бұл біріншіден, Р.Нұрғалиев жазғандай, А.Байтұрсынұлы ауыз әдебиетін әдебиет деп танымайтын ғалымдардың бар екенін көрсетіп отыр. Сондай-ақ, ғалым көп еңбектерді оқыған, білген. Екіншіден, олармен келіспей отыр. Кейін тұтас концепцияға айналатынына сеніммен қараған. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ әдебиетіндегі ауызша сақталған әдебиет туралы тұжырымның ең басында тұр деген сөз.

Міне, тұңғыш рет А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышта» ауыз әдебиетінің жанрлық классификациялық жүйесін осылай түзіп, оның типологиясын жан-жақты талдап түсіндіреді. Ғалым қазақ ауыз әдебиетінің осылай көптің аузынан өтіп, көп

өзгерістерге түскенін және қазақ фольклористикасының типологиялық заңдылықтарға бағынатынын, даму, қалыптасу жолдарын, қолдану аясын жүйелей отырып, қазақ ауыз әдебиетін жұмсалатын орнына қарай 1. *Сауықтама*; 2. *Сарындама* деп екіге бөледі. Ғалымның бұлай етіп бөлген себебі, шығарманың функциясын, қызметін ескерген.

Ауыз әдебиеттің мағыналық, өнегелік жағынан, тәлім-тәрбие беруі жағынан баланың рухын, қиялын тербеп, сөйлеуге үйрететінін, бұрынғы салт-санадан дерек беретіндігін ажыратып, «*Сауықтаманың*» өзін: 1. *ермектеме* яғни *ермек сөз*: ертегісімек, аңыз әңгіме, өтірік өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, бас қатырғыш;

3) *Зауықтама (зауық сөзі)*: ертегі жыр яғни батырлар жыры, тарихи жыр, айтыс өлең, толғау, түрлі терме өлеңдер деп бөліп, әрқайсысына анықтама беріп, нақты мысалдармен бекітіп отырады.

Ғалымның соңында қалдырған рухани мұрасын жан-жақты зерттеген академик Зәки Ахметов келесі пікірін айтады: «... Ахаңның ауыз әдебиеті нұсқаларын жинап бастыруға үлкен мән беріп, «Ер Сайын» жырын Мәскеуде жариялағанын, «Жоқтау» кітабына енгізген 23 жоқтау үлгілерін атаған жөн. «Әдебиет танытқыш» кітабына, қазақ тілінің оқу құралдарына кіргізілген көптеген әдебиет нұсқаларын, өлең-жырлардың да құнды дүниелер екені талассыз» [7. 106].

Өзінен кейінгі қазақ фольклортанушылары ғалым ұстанған осы бағыттан айырылып қалды. Оның себебін былайша түсіндірер едік яғни «Әдебиет танытқыштың» алпыс жыл бойы баспа бетін көрмей, «шаң басқан архивте» жатуынан.

Мысалы, *ертегіге* мынадай анықтама береді: «... ертегі қиялмен қисынын келтіріп, қызықты ету

мақсатпен шығарған әңгімелер. Ертегінің ішіндегі уақиғалар, уақиғаға қатысқан нәрселердің көбі дүниеде жоқ, қиялдағы уақиға мен нәрселер болады. Ертеде шыққан әңгіме екендігін ертегі деген аты да көрсетіп тұр. ... ертегіде жаны жоқтар жанды болады, тілі жоқтар тілді болады. Бір нәрсе екінші нәрсенің түріне түсіп кетеді» [3. 269]. Сонымен қатар әдебиет тарихшылары ертегілерді адамның жоққа нанған шағындағы сөзі деп есептейтіндігін және олардың өтірік болғанмен мағынасыз болмайтындығын атап өтеді. А.Байтұрсынұлы қазақ әдебиетінің шығармаларынан тиісті мысалдар келтіре отырып, қазақта молынан кездесетін ертегінің бірнешеуін атап өтеді. Олар: «Қара батыр», «Тазша бала», «Алтын айдар», «Хан», «Тазша», «Шынтай», «Хан қызы», «Дуадар қыз», «Үш ұл», «Балықшы жігіт», «Қара көз сұлу», «Әжігелді» ертегілері және т.б.

Қазақ ертегілерін, эпостық және тарихи жыр-дастандарды зерттеуде А.Байтұрсынұлынан кейін М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаев, Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллин және кейінгі фольклортанушылар С.Қаскабасов, Е.Тұрсынов, Т.Қоңыратбай, Ш.Ыбыраев, С.Сәкенов, Б.Рақымның еңбектерін атауға болады.

Ауыз әдебиетінің қара сөзбен айтылатын ерекше мол түрінің бірі – ертегі туралы ғалым М.Әуезов «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» (1960) атты кітапта: «... Қай елдің ауызша әдебиет шығармаларын алсақ та, барлығында «ертегі» халықтық шығармалардың мол саласы екенін көреміз. Сол барлық елдер фольклорында «ертегі» деген атау әрі саны мол, әрі алуан түрлі шығармалардың тобына арналған жинақты атау болады. Жалпы барлық ертегілерге ортақ ерекшелік: бұлар қара сөзбен айтылатын уақиғалы көркем әңгіме. Ғажайып

хал, қиял әңгімелер түрінде ... құрылған ертегінің бәрі де қоғамдық құрылыспен, тарихпен байланысты ... » [68. 216] болып келетінін жазады.

Ғалым Ә.Қоңыратбаев ертегілерді тақырыбына қарай және суреттеу тәсілін ескере ортырып үш топқа бөлген. Олар: «1. Мифологиялық ертегілер (қиял-ғажайып); 2. Хайуанаттар (жан-жануарлар) жайындағы ертегілер; 3. Реалистік (тұрмыс-салт) ертегілер» [78. 98] .

Ал, С.Қаскабасов [79] бүкіл фольклортану ғылымының фольклорлық жанрлар теориясын зерттеудегі табыстарына сүйене отырып, қазақ халық прозасын екі үлкен топқа бөледі. Бірі – аңыздық проза, екіншісі – ертегілік проза. Бұлардың әрқайсысы ішкі жанрларға жіктеледі. Аңыздық проза миф, хикая (быличка), аңыз (предание), әпсана-хикаят (легенда) жанрларын қамтиды. Ертегілік прозаға жануарлар жайындағы, қиял-ғажайып, батырлық, новеллалық және сатиралық ертегілер жатады.

Қазақ ертегілерін фольклортану ғылымында қабылданған классификация бойынша: жануарлар жайындағы, қиял-ғажайып, тұрмыс-салт ертегілері болып жіктеледі. Сонымен бірге ертегі жанрына толық кірмейтін әңгіме (сказ), әңгіме-аңыз (предание), аңыз (легенда) сияқты халық прозасының түрлері де қосылады. Өйткені олар халық прозасының ең ертеде пайда болған нұсқалары әрі бұлар көп жағдайда ертегі жанрына негіз болған.

«Ертегісімек деп ертегіге ұқсас, бірақ ертегіден гөрі әдемірек, шынға бейімірек, тұрмысқа жақынырақ, дүниеде болуға ықтималы молырақ түрде шығарған әңгіме» [3. 270]. Мысалы: «Алдар көсе», «Жиренше шешен», «Қожа Насыр», «Атымтай Жомарт» турасындағы әңгімелердің өтірігі қисынды, шынға

ұқсас. Атап өтер нәрсе ғалым ертегілерді жік-жікке бөліп қарастырмаған, жалпылай ғана атап көрсеткен. Осы «ертегісімек» қазіргі фольклордағы аңызға (предание – О.А.) жақын. Одан әрі қарай жұмбақ, өтірік өлең, жаңылтпаш, бас қатырғыш сияқты жанрлық түрлердің де анықтамасын беріп, мысалдар келтіре отырып ерекшеліктерін түсіндіреді.

Ғалым Д.Ысқақұлы «Әдебиет алыптары» (2004) атты кітабында А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» туралы және қазақ әдебиетінің даму түрлері қандай? Ауыз әдебиетінің жазба әдебиеттен айырмашылығы қандай? деген сауалдарға жауап іздейді: «А.Байтұрсынов жалпы әдебиетті ауыз әдебиеті және жазба әдебиет деп екіге бөледі. Ауыз әдебиетін жіктегенде бүгінгі жүйемізден өзгешелеу принцип ұстанған. Мысалы, ауыз әдебиетін жұмсалатын орнына қарай сауықтама, сарындамаға айырады. Мұндағы бізге түсініксіздеуі – «ертегісімек». Ол туралы «Ертегісімек деп ертегіге ұқсас, бірақ ертегіден көрі әдемірек, шынға бейімірек, тұрмысқа жақынырақ, дүниеде болуға ықтимал молырақ түрде шығарған әңгіме айтылады» (сонда, 283-бет) – делінуі және оған мысалға «Алдар көсе», «Жиренше шешен», «Қожанасыр», «Атымтай Жомарттың» келтірілуі мәселенің аңыз-әңгімелер туралы екендігін аңғартса керек. Демек, ертегісімек – аңыз-әңгімелер екен» [80. 27-28].

Сөз орайы келгенде айта кететін нәрсе – шығыс, ежелгі түркі әдеби мұрасы және орыс әдебиетінің ықпалы мен әсері. Әдеби мұраға, олардың поэтикалық және категориялық ұғымдар құрылымы тұрғысынан келсек, бұл ретте сыртқы мәдени әсердің, әсіресе орыс, европа әдебиеті ықпалының лебін аңғару қиын емес. Қазақ ақын, жазушыларының шығармаларының образдық

жүйесі, көркемдік-эстетикалық сипат-өзгешеліктері, тіпті сөз жасау мәнері де әлемдік әдеби ағымның (европа және шығыс) иірімдерінде қалыптасты деп айтуға толық негіз бар. Дегенмен, бұл процестің мазмұндық сипатынан гөрі бітімдік жағы үстем болды. Осы сөзіміз дәлелді, орнықты болуы үшін орыс ғалымы А.Н.Веселовскийдің мына ойын тілге тиек етелік: «Влияние чужого элемента всегда обуславливается его внутренним согласием с уровнем той среды на которую ему приходится действовать. Влияние действует более в ширину, чем в глубину, оно более дает материала, чем вносит новые идеи. Идею создает сам народ» [81. 14-15].

А.Байтұрсынұлы көне әдебиет нұсқалары мен ежелгі әдеби жәдігерлерден және классикалық қазақ әдеби шығармалардан мол хабардар болған. Мұны біз «Әдебиет танытқышты» зерттей бастағанда-ақ байқадық және бұл көнеден бүгінге дейін үзілмей жеткен желіні көрсетеді.

Ежелгі түркі әдеби мұраларындағы сөз өнерінің поэтикасын ғалым Асқар Егеубай «Құлабыз» (2001) атты монографиялық еңбегінде Махмұт Қашқари және Жүсіп Баласағұн, Қашқаридың ежелгі түркі әдеби мұраларының толық мәтіндерін тұңғыш рет қазақ тіліне аударып, зерттеді. Зерттеуде жалпы түркі өркениеті аясында әдебиеттің даму ерекшеліктеріне, өзіндік заңдылықтарына назар аударылған. Ежелгі түркі ренессансы орайында (әл-Фараби, Ж.Баласағұн, М.Қашқари, т.б.) талдаулармен қатар, түркі әдебиеті мен мәдениеті ұлттық әдебиеттерге жіктеле бастаған тұстағы классикалық қазақ әдеби туындыларына салыстырмалы талдау жасалған.

Қазақ әдебиеті тарихындағы «жыраулар поэзиясы»

деген атпен белгілі болған XIV-XVII ғасырлар аралығындағы ақын-жыраулар шығармалары арқылы басымырақ байқалған рухани жігерлі, құбылысты кезең қайта жаңғыру алдындағы кезең ретінде қарастырылады. Бұл әдеби-көркемдік құбылыс тек жыраулар поэзиясымен шектеліп қалмай, сол тұстағы жыр, дастандар, назирашылдық дәстүрдің қалыптаса нақтылы зерттеу тақырыбының ауқымына кірмейтін көркемдік, рухани даму үрдістерінің түйінді құбылыстарын да ғалым назардан тыс қалдырмаған. Исі түркі әдебиеттерінде байқалған, ал соның бір күретамыры қазақ әдебиетінде тегеуірінділік танытқан жыраулар поэзиясы шынында да қайта рухани жаңғыру заңдылықтарын жеткілікті көрсетіп кеткен.

Ғалым ежелгі түркі әдеби мұраларының толық мәтіндерін зерттеп, қазақшаға аудару барысында А.Байтұрсынұлының теориялық тұжырымдарына сүйенгендігін жазады: «Қазақтың ұлы ғұламасы хатқа түсіріп, табиғатын тармақтап өткен сарындама, сауықтама сынды халық әдебиетінің сипаттары, бітімдері біз сөз етіп отырған ежелгі түркі әдебиеті шығармаларында жиі көрінеді» [82. 176].

Зерттеуінде әдебиеттанушы А.Егеубай А.Байтұрсынұлының теориясын орынды қолдана білген. Ежелгі әдеби мұрамызға қатысты келтірілген теориялық тұжырымдары қазіргі әдебиеттануға қосылған қомақты үлес болып табылады: «Тіл (лұғат) әуезділігі, өлең ағындары (А.Байтұрсыновтың термин танымы) орайында да ежелгі мұралар мен классикалық қазақ әдеби шығармаларының арасындағы ұластықты аңғару қиын емес. Нақтырақ үнілсек, сөз әуезділігі, сөйлеу әуезділігі деп қарау дұрысырақ. Бертін келе бұл қара сөзде недәуір бұзылып, өлеңді сөзде көбірек

сақталып қалған. Әлгі «өлеңді сөйлем интонациясы» деп бөле-жара атап-түстейтіндігіміз де сондықтан. Мәселен: «Ақыл көркі – тіл, тілдің көркі – сөз, Кісі көркі – жүз, жүздің көркі – көз (Ж.Баласағұн «Құтты білік»), 274-бәйіт).

Қазіргі қазақ өлеңінен айырмасы жоқ. Түпнұсқада да – осы рет, осы синтаксистік құрылым, поэтикалық бітім. «Қыз ләззәті – неке қиған түндері, Ер ләззәті – жау қайырған күндері!.. (2380-бәйіт). Немесе: «Қарысқанда керек ірбіз білегі, Жауласқанда – арыстанның жүрегі! (2310-бәйіт). Бұлар түпнұсқасында да, аудармасында да өлеңді әуезін бұзбаған бәйіттер.

Шендестіру («Әдебиет танытқыш») ұғымын көпке дейін қазақ әдебиетшілері біресе «контраст» деп, біресе қарама-қайшы баламалар арқылы көркемдік әсерді үдету деп, тағысын-тағы мағыналық жағынан түсіндіре қолданып жүрді. Осы шендестіру жалпы ежелгі түркі әдебиетінің дәстүрлі көрінісі. «Құтадғу білікте» ұғымдар мен ой, өмір, таным бәрі-бәрі осы шендестіру жолымен ширатылып, толымды шыққан. Ол дүние мен бұл дүние, күн мен түн, қылыш пен қалам, надандық пен парасат, жақсылық пен жамандық, қыс пен жаз, ер мен ез, бай мен шығай, зұлымдық пен адалдық... Ежелгі замандарда да, қазір де тұрмыс-тіршілікте кездесетін сипаттар. Зандылықтар. Соның бәрі де дастанның тұлға бойында шендестіру арқылы көзге ілініп, көңілден кетпестей түйінделген.

Ұғымдарды, суреттерді, теңеулерді шендестіре, кейде тіпті шарпыстыра қолдану Жүсіп Баласағұнның шебер қолданатын машықты көркемдік әдісі: «Жақсы атты ер, білсең алғыс алады. Жаман атты өлсе, қарғыс табады (246-бәйіт). «Ақылды-есті – кісілердің кісісі, Білімділер – кісілердің кішісі (2873-бәйіт). «Көп

сөйлесең «Езбісің» деп, жек көрер. Сөйлемесең «Мылқау екен» деп сөгер (174-бәйіт). ...Ежелгі көне түркі әдеби мұралары кейінгі, орта ғасырдың сонын ала тарамдалып тамыр тартқан түркі тілдес ұлттық әдебиеттердің өсіп-өнген құнарлы топырағы. Әсіресе, Ж.Баласағұн мен Махмұт Қашқари мұраларының орны ерекше маңызды» [82. 199-200]. Ғалым А.Егеубай көне түркі тіліндегі мұраларды қазіргі түбі бір тектес тілдерге аударудың өзіндік ерекшеліктері мен тәжірибе арқылы түйген ғылыми тұжырымдарын осылай ортаға салады. Аударманың осындай өзгеше түрінің ішкі қалтарыстары мен ғылыми-әдістемелеріне қатысты өз көзқарасын да білдіреді.

Тіліміздегі асыл сөздердің бәрі яғни батырлық жырлар мен дастандар, ертегілер мен аңыздар, шешендік және ғұрыптық жәдігерліктер, мақал мен мәтелдер, жұмбақтар мен нақыл сөздер, өлеңдер мен толғаулар ғасырдан ғасырға ұласып, атадан балаға мирас болып, қазіргі күнге дейін жетіп отыр.

Әдебиет пен фольклордың арасындағы айырмашылықты Р.Якобсон былай түсіндіреді: «... Литература в отличие от фольклора ориентируется на индивидуальное творчество. Фольклорное произведение становится фактом лишь при возможности его исполнения перед аудиторией. Предметом литературоведческого анализа в идеальном случае является текст, тогда как фольклористический анализ должен прежде всего выявить схему, лежащую за целой совокупностью текстов. Малые формы фольклора: *пословицы, поговорки* одновременно воспроизводятся как готовые части языкового текста. Пословица – самая большая закодированная единица, встречающаяся в нашей речи, и самое короткое поэтическое сочинение» [63. 9].

А.Байтұрсынұлы осылай «Әдебиет танытқышта» қазақ халқының бай ауыз әдебиетінің жанрлық дамуын, қалыптасуын, поэтикалық сыр-сипатын, тәрбиелік мәнін, оны қалай зерттеудің методологиясын жүйелеп, саралайды.

Ғалым Б.Абылқасымов «Телқоңыр» (1993) атты зерттеуінде қазақтың көне наным-сенімдеріне қатысты ғұрыптық фольклорын ғылымда қалыптасқан жүйе бойынша «ғұрып фольклоры» (обрядовый фольклор), «көркем фольклор» (художественный фольклор) болып бөлінгендігін жазады. Фольклор жанрының тарихилық принципіне сүйене отырып ғалым «*ғұрып фольклорын*» 3-ке бөледі: «1. *От басының ғұрып фольклоры* (семейно-обрядовый фольклор); 2. *Маусымдық ғұрып фольклоры* (календарно-обрядовый фольклор); 3. *Наным-сенімдер ғұрпының фольклоры* (заклинательный фольклор)» [83. 10-11].

Б.Абылқасымов кей тұстарда А.Байтұрсынұлының пікірлерімен келісе қоймайды. Осы ретте автор өз ұстанымын, өз ойын дәлелдеп те береді: «Ахан сарындама саласын (ғұрып фольклорын) «салт сөзі», «ғұрып сөзі», «қалып сөзі» деп жіктейді. Ахмет Байтұрсынұлы «салт» терминін «обряд» мағынасында қолданғаны байқалады. Бірақ ділмар сөз (афоризм), тақпақ, мысал, мақал сияқты жанрлардың «салт сарынды сөз» болмайтыны, сондықтан да түгелімен көркем фольклор (Ахаңша: сауықтама) саласына жататыны айқын. Ендеше Ахаң жүйесіндегі «салт сөзі» бүгінгі талап тұрғысынан қарағанда дұрыс сараланбаған. Ал, «ғұрып сөздер» тобына келсек, А.Байтұрсынұлы оған «Той бастар», «Жар-жар», «Неке қияр», «Бет ашар», «Жоқтау», «Жарамазан», «Бата» үлгілерін жатқызады. Мұнысының отбасылық

ғұрып фольклорымен сәйкестігі көрініп тұр. «Қалып сөзін» ол «Құрт шақыру», «Жын шақыру», «Дерт шақыру», «Бесік жыры» деп бөлген. Мұнысы наным-сенімдер ғұрпының фольклорына (бесік жырынан басқасы) сәйкеседі. Бесік жырының отбасылық ғұрып фольклорына енетіні анық» [83. 11].

Қазақтың мақал-мәтелдері де халық даналығының бірнеше ғасырлық асыл мұрасы болып саналады. Мақал мен мәтел қысқа да нұсқа етіп айтылған халықтың өсиеті және де өзіндік өткірлігімен ерекшеленеді. Азды-көпті шешен сөйлейтін кез келген қазақ өз сөзіне осы мақал мен мәтелді арқау етеді.

Алаш зиялыларының бірі Ахмет Баржақсин казак әдебиеті, оның ішінде мақал, мәтел турасында «Қазақ» (1915) газетінде өз ой-пікірін былайша жеткізеді: «Мақалдар халықтың әртүрлі іс-жұмыстарына дұрыс жол көрсеткендіктен сүйкімді болып көп тараған. Мақал мен мәтелде пікір сонша тығыз айтылған, өлеңнен сөзді тастау қандай қиын болса, бұлардан да сөзді тастау сондай қиын. Бұларда артық сөз болмайды. Мақал турасында әр халық әр түрлі қылып сөйлейді. Оңтүстік халықтары (араб, парсы, түрік және т.б.) мақал – тілдің гүлі дейді. Қытайлар – бұрынғы данышпандардан қалған өсиет, немістер – көше арасындағы данышпандық, италияндықтар – халық мектебі, ағылшын, француздар – көп көргендіктің жемісі, орыстар – қанатты сөз, әдемі сөз. Қазақтар «Шариғат – ағып жатқан бұлақ, бұрынғылардың сөздері жағалай біткен құрақ» [84. 183].

Мысал, мақал, мәтел, ділмар сөз, әдет-ғұрыпқа қатысты пән сөздерді А.Байтұрсынұлы қазақ ауыз әдебиетінің «сарындама» саласы, оның ішінде «салт сөзіне» жіктейді.

М.О.Әуезов Ташкентте шығып тұрған «Жас қайрат»

(1924) журналында жарияланған «Халық әдебиеті туралы» атты мақаласында ауыздан ауызға көшіп жүрген «өлең, жыр, ертең, мақал, жаңылтпаш, айырым бесік жырлары, діндар өлеңдер, үлгілі әңгімелер, жын, шайтан, аруақтар туралы айтылған әр түрлі хикаяларды» халық әдебиетінің үлгілеріне жатқызады және осы жанрлардың әрқайсысына анықтама береді. Мысалы: «Өлең – шағын көлемді поэзиялық шығарма, оның түрлері мен жанрлары алуан. Осындағы лирика – саяси лирика, көңіл-күй, махаббат, табиғат, философиялық толғаныстан тұратын лирикаларға бөлініп жатады. Қазақтың тұрмыс-тіршілігінде қара өлең жиі қолданылады:

*Дегенде дүниесің, дүниесің,
Ойласаң дүниені шығады есің.
Барында оралыңның ойна да күл,
Өлімнің кім біледі ерте-кешін, –*

деген сияқты болып жалғаса береді. Той бастар, жар-жар, бет ашар, жоқтау, айтыс өлеңдері қазақ өлеңдерін ерекшелендіріп тұрады» [85. 71], – дейді.

Ал, 1927 жылы жарық көрген «Әдебиет тарихы» атты кітабында М.О.Әуезов қазақ эпосы мен фольклорының барлық түрлерін мынадай салаларға бөліп қарастырады: 1. *сыршылдық салт өлеңдері* – а) ел салтындағы шер өлеңдері (жоқтау, естірту, қоштасу, көңіл айту); ә) Дін салты мен дін ұғымынан туатын өлеңдері – ескі діннің саркыты болған өлеңдер (науырыз өлеңдер, баксының сарыны), ислам дініне байланысты өлеңдер (жарамазан, бата беру); б) қыз ұзату өлеңдері (жар-жар, қоштасу-танысу, беташар); 2. *әңгімелі өлеңдер* (батырлар әңгімесі, ел поэмасы, тарихи өлеңдер); 3. айтыс-тақпақ; 4. ертегі,

мақал, мәтел, жұмбақ [42. 21; 23]. Бұдан шығатын қорытынды М.О.Әуезов те ауыз әдебиеті жанрларын А.Байтұрсынұлы сияқты нақты ғұрыптар айналасына яғни «отбасылық ғұрып фольклорына» топтастырған.

«Әдебиет танытқышта» сараланған, табиғатын тармақтап берген сарындама, сауықтама сынды халық әдебиетінің сипаттары, бітім-болмысы ежелгі түркі әдебиеті шығармаларында да жиі кездеседі. Мақал-мәтелдер, даналық сөздер, қанатты сөздер өздерінің тұрақты құрылымдарымен ұзақ сақталып, табиғи бітімін жоғалтпағанын танытады. Осындай даналық сөздер мен мақал-мәтелдер Х-ХІ ғасырларға дейін кеңінен таныс болған. Ж.Баласағұн мен М.Қашқаридің ел арасындағы осы ділмар сөздері ықылым замандардан өшпей сақталып келе жатқандығын байқаймыз.

Мұны М.Қашқари, Ж.Баласағұн шығармаларын қазақшаға аударған ғалым Асқар Егеубай жоғарыда аталған «Құлабыз» зерттеу еңбегінде мысалдар арқылы атап-атап көрсетеді. Мысалы: «Кісі сөйлесер, мал иіскелесер», «Тесік інжу жерде қалмас», «Далада бөрі ұлыса, үйде иттің бауыры сыздар», «Бөрі қонсысын жемес», «Арыстан күркіресе, аттың аяғы шалынар», «Тілмен түйілген тіспен шешілмес» және тағы басқа мақал-мәтелдер қазір де қазақ халқының мақал-мәтелдері деп қарауға әбден болады» [82. 176].

Ғалым А.Егеубай А.Байтұрсынұлының теориясын яғни әдеби пән сөздерін, әдебиетке енгізген тұрақты ұғым-атауларды, жанрларды сараптау жайындағы жіктеулерін зерттеуінде орынды пайдалана білген және оны батыл қолданған.

Ежелгі әдеби жәдігерлерге қатысты ғалым А.Егеубайдың теориялық тұжырымдары, өзі жетік талдап, таныған ежелгі түркі әдеби ескерткіштерін

ғылыми айналымға енгізген тың деректері қазіргі қазақ әдебиеттануына қосқан қомақты үлесі болып табылады. Мысалы: «... Тіл (лұғат) әуезділігі, өлең ағындары (А.Байтұрсынұлының термині) орайында да ежелгі мұралар мен классикалық қазақ әдеби шығармаларының арасындағы ұластықты аңғару қиын емес. Нақтырақ үңілсек сөз әуезділігі, сөйлеу әуезділігі деп қарау дұрысырақ. Бертін келе бұл кара сөзде недәуір бұзылып, өлеңді сөзде көбірек сақталып қалған. Әлгі «өлеңді сөйлем интонациясы» деп бөле-жара атап, түстейтіндігіміз де сондықтан. Мәселен: Қарысқанда керек ірбіз білегі. Жауласқанда – арыстанның жүрегі – 2310-бәйіт» [82. 199-200]. Қорыта айтқанда, ғалым А.Егеубай ұлттық рухани дүниеміздің осындай күрделі, ауқымды мәселелерін тереңнен қозғап, талдаған және ұлттық әдебиетіміздің игілігіне айналдырды. Көне түркі дүниесінің әдеби мұралары кейінгі, орта ғасырдың соңын ала тарамдалып, тамыр тартқан түркі тілдес ұлттық әдебиеттердің өсіп-өнген құнарлы топырағы. Әсіресе, Ж.Баласағұн мен М.Қашқаридің даналық ойларының дарын-қасиеттері және мұралары қазірде де құнды болып табылады.

Жаңылтпаш пен өтірік өлеңдерді белгілі тарихшы, дәрігер, ғалым Халел Досмұхамедұлы күлдіргі әдебиетке жатқызады: «Күлдіргі әдебиетке өмірде болмайтын оқиғалар мен жағдаяттарды баяндайтын өтіріктер (небылицы) де кіреді» [69. 25], – дейді.

А.Байтұрсынұлынан кейін М.О.Әуезов, Е.Ысмайылов, М.Ғабдуллиннің жұмбақ, ертегілер, жаңылтпаш, айтыс т.б. жанрлар төңірегінде жүргізген зерделі зерттеулерінің де ғылыми маңызы зор.

А.Байтұрсынұлы **жұмбақты** қазақ ауыз әдебиетінің бір жанры ретінде қарастырады. «Жұмбақ деген

аты жұмудан шыққан яғни қолдың ішіне бір нәрсені жасырып, жұмып тұрып соны тап дегеннен шыққан. Жұмбақта нәрсені жұмып тұрып таптырмайды, ойды бүгіп айтпай қойып, сол нәрсеге ұқсастарды сипаттап айтып, ұқсастығы бойынша таптырады. Жұмбақ зейінді ұстартуға пайдасы бар нәрсе. Мысалы, арбаны былай жұмбақтайды:

*Ізі бар, қадамы жоқ аяғының,
Тимейді ұшы жерге таяғының
Қолдарын хайуанға арта тастап,
Салады әуеніне баяғының.*

Қазақ жұмбағы туралы М.О.Әуезов, Ә.Марғұлан, М.Әбжанов, Б.Адамбаев, Ә.Қоңыратбаев, М.Тілеужанов, Н.Оңғарбаева сияқты ғалымдар айтқан мәнді, маңызды ой-тұжырымдары да бар.

Ал М.О.Әуезов жұмбақты ақындықтың ұрығы, дәні тәрізді, халық шығармаларының ішіндегі ең ескі түрінің бірі және барлық жұрттардың фольклорына ортақ түр деп есептейді: « ... жұмбақ өткір, ұшқыр сөз есебінде халық ортасында бағалы болған. Ол өзге фольклорға карағанда бітімі бөлек, ерекше затты, деректі сөз» [33. 294]. Қай елдің тарихын алсақ та жұмбақтың бұрынғы кездерде өзінше үлкен орын алғандығын байқаймыз. Сонымен бірге ғалым қазақ фольклорын өзге елдер фольклорымен салыстырып, соларға тән ортақ заңдылықтарды ашып, анықтайды. Кейде бүкіл бір ертектің жұмбақтан туатындын да айтады. Әңгімелі әсем жыр, дастан атаулының жұмбаққа соғып кететіні болады. Ертеде ерлердің даналығын, жүйріктігін жұмбақпен сынау машық болған. Қазақта күйеу таңдаған дана қыз жұмбағын шешкен кісіге тием деп

серт береді. Бертін келе жұмбақ қазақ ақындарының айтыс өлеңінен көп орын алады.

Ал, қазақ халқының ауыз әдебиетін зерттеген М.Ғабдуллин жұмбақты: «Жұмбақ – ойға алынған нәрсенің өзін айтпай, оның сырт көріністерін, сыртқы белгілерін қысқаша сипаттау, солар арқылы жұмбақ етілген затты табу» [86. 82] деп, барлық елдердің әдебиетіне тән, ортақ жанр ретінде қарастырады

Қазақтың ежелгі жыр-аныздарының, жұмбақтың зерттелу тарихына этнограф ғалым Әлкей Марғұлан да өз үлесін қосқан. « ... Жұмбақ айтушы көбінесе өзінің істейтін кәсібіне қарай үйлестіріп, не көрсе, не істесе соны жұмбақ ететін болған, мәселен, егінші егін туралы айтса, бақташы мал туралы, пішенші көп шабатын еңбек құралын жұмбаққа қосады, аңшы жыртқыш аң туралы айтса, мерген атқыштығын айтады» [68. 737], – деп пайымдайды.

Жұмбақ – қазақ ауыз әдебиетінен орын алған және ерте заманнан бастап бүгінге дейін даму, өсу үстінде келе жатқан жанр. Халық жұмбақтарының тақырып аясы өте кең. Жұмбақ өзінің қалыптасу, дамуы барысында мазмұны, тақырыбы, өзіне тән ерекшелігі бар жанр.

Фольклортанушы Ш.Керім «Қазақ жұмбағы» (1999) атты монографиясында көне дәуірден бүгінгі күнге дейінгі жұмбақтың жанрлық сипатын, шығу тегін, көркемдік табиғатын, ауыз әдебиетінде алатын орнын түркі халықтарының фольклорлық айғақтарымен салғастыра отырып саралайды. Қазақ жұмбағын зерттеу барысында ғалым мынадай түйіндер жасайды. 1. «Жұмбақ көне дәуірлерде дүниеге келген. Қазақ жұмбағының алғашқы пайда болғаннан бүгінге дейін басып өткен эволюциялық даму жолын қалпына

келтіру үшін этнографиялық мағлұматтарға, басқа жұрттардың мәліметтеріне арқа сүйеу абзал. 2. Жұмбақтың логикалық құрылымын тексеру арқылы біздің адамзаттың ойлау жүйесі хақындағы білігіміз кенейе түсетіні ақиқат. Эпостық жырларымыз бен ертектеріміздің ішінде жұмбақтар мол табылады. ... Айтыс арқылы қазақ жұмбағы жаңа биікке көтеріліп, іргесі беки түскен» [87. 230-231].

Қазақтың жұмбақтары да өзінің құрылысы, сөз саптауы жағынан мақал мен мәтелге ұқсайды және көбінесе өлең түрінде келеді. Ал жаңылтпаш пен өтірік өлең – қазақ халқының әдет-ғұрып, салтынан туған. Ойын-сауықта жиналған жұртты күлдіру үшін айтылған осы өлеңдердің түріне (жанрына – О.А.) А.Байтұрсынұлы мысалдар келтіріп, оларды бір ауыз сөзбен былай түйіндейді:

Өтірік өлең – аты айтып тұрғандай, қалай шыққанын сөйлейтін ертегі бар. Ол ертегінің қысқаша мазмұны – қырық ауыз қисынын келтіріп өтірік өлең айтқан адамға бір хан қызын берем деген екен. Соған біреу қырық ауыз өтірік өлеңін айтып, ханның қызын алыпты. Мысалы:

*Бақа қызын беріпті көбелекке,
Жүріпті қара шыбын жеңгелікке.
Құмырсқаның бір туын ұстап сойып,
Той қылып, ат шаптырды төңірекке,
Ақ тышқанға күмістен таға қылдым,
Көр тышқанның терісінен жаға қылдым.
Көбелектің терісін жыртпай сойып,
Он бес қарыс жиындық саба қылдым.
Он бес жігіт жиылып, көтере алмай,
Енді саба қылмасқа тоба қылдым.*

Өтірік өлең – қазақ ауыз әдебиетіндегі өмір құбылыстарын шындыққа жанаспайтындай етіп айтылатын өлеңнің түрі. Шындығында, қисынсыз нәрселерді қиыстырып айту да – өнер. Бұған да ақындық шеберлік керек.

Жаңылтпаш – жаңылтудан шыққан. Жаңылтпаш көбінесе жаңылғанда ерсі мағыналы сөз болып шығып, күлдірерлік сөздер алынады. Мысалы:

*Базардан алып келген боқжама,
Мен боқжамаламай, кім боқжамалайды?
Мен боқжамаламай, кім боқжамалайды? [3. 272]*

деген үлгіде берілген.

Фольклордың осы шағын жанрлары жаңылтпаш пен өтірік өлең туралы М.Ғабдуллин ойын былай сабақтайды: «Жаңылтпаш айтқанда екі нәрсе ескерілетін сияқты. Бірі – жиналған жұртты күлдіру, екіншісі – әрбір сөзді асқан шапшаңдықпен шебер айтуға, тіл ұстартуға үйрету. Жаңылтпаштың сөздері қара сөз түрінде, кейде өлең секілді ұйқасып келеді. Мысалы:

*Қара бүркіт томағасын түсірді,
Оны мен томағаламай, кім томағалайды?
Оны мен томағаламай, кім томағалайды?, –*

деп, соңғы екі жолы қайталанады. Ал өтірік өлеңді айту оңай болғанмен, шығаруы оңай емес. Ол ақыннан ақындық өнерді керек етумен қатар, фантазияның мол болуын қажет етеді. Ісі, қарым-қатынасы шындықтан шығып, адам сенбейтін дәрежеге жетуі керек. Сонда ғана өтірік өлең дәрежесіне жетеді. Өтірікті фантастикалық

дәрежеге жеткізу өтірік өлеңнің бір ерекшелігі» [86. 42-43].

Басқатырғыш – жұмбақ сияқты бұ да ойландыратын нәрсе, бірақ жұмбақтай болмаған соң босқа зурелейді. Осы «басқатырғыш» (головоломка – О.А.) А.Байтұрсынұлының әдебиеттануға қосқан пән сөздерінің бірі. Бұл пән сөзін өзінен кейінгі әдебиет зерттеушілері де қарастырмаған, пайдаланбаған. Қазіргі қолданыста да жоқ.

Жоғарыда атап өткеніміздей, А.Байтұрсынұлы сауықтаманың екінші тармағы етіп, көңіл көтеру үшін сөйленетін сөздерді – зауықтама (зауық сөзі) деп алып, оларды: *ертегі жыр* (батырлар жыры), *тарихи жыр*, *айтыс*, *өлең*, *үгіт өлең*, *толғау*, *түрлі терме өлеңдер* деп бөледі.

«*Ертегі жыр*» деп, бұрынғы өткен батырлар турасында шығарған өлеңдер, әңгімелер. Ғалым оның шығу себептеріне үңіліп, өз түсінігін жеткізеді. Шындық пен қиял жағының арақатысына токталады да ары қарай батырлар әңгімесінің құны қандай деген сұраққа жауап береді. « ... Бұрынғы жаугершілік заманда халық тән есебінде, батырлар жан есебінде болған. Сондықтан батырлар турасындағы әңгіме – халықтың жаны, рухы турасындағы әңгіме. Халықтың батырлары қандай болса, халықтың рухы да сондай болған. Елде жоқ рух ақын сөзінде де болмайды. Елде бар рухты ақын ықтимал дәріптеп, күшейтіп, көптіріп, көркейтіп айтады. Ақын сөзіне жұрт рухының сәулесі түспей тұрмайды, сөйтіп рухты ертек жырлар, батырлар әңгімесі халықтың рухы көтерілген шақта» [3. 273] шыққан.

Ертегілер біріншіден, бұрынғы заманның қалпынан, салтынан, дерек бергендей, ертек жырлар бұрынғының

рухынан дерек береді. Екіншіден, батырлар әңгімесінің құны тілге зор пайда береді. Осы жағын байқаған ғалым батырлар әңгімесін сақтау керектігін де ескертеді: «Батырлар әңгімесі өлеңмен айтылған. ... Біз сияқты тілі жетіліп болмаған халыққа аталарымыздың сөздерін сақтаған әңгімелер құнды болмақ» [3. 276], – дейді.

Ертегі жырлардың қазақ ішінде көбінесе айтылатындары: «Қара қыпшақ Қобыланды», «Нәрікұлы Шора», «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Едіге», «Қамбар»

Ауыз әдебиетін кім шығарады? Ол қандай түрлерді қамтиды? Ол туралы нақты мағлұмат бар ма? деген сауалға М.О.Әуезов «Әдебиет тарихында» былай жауап береді: «Ел ақындығын жасаушылар солар деп санауға болмайды. Сондықтан: 1) Ауызша әдебиеттің шығарушысы жалпақ ел дейміз. Ауызша әдебиет жұрнақтарының арнаулы шығарушысы жоқ. 2) Ауызша әдебиеттің барлық жұрнақтары күйге өлшеніп, арнаулы әнмен айтылады. Сол себепті оның сыртқы түрінде жазбадан айырмасы бар. Ол желпініп айтылады. 3) Ауызша әдебиетте бір жаққа қарай беттеген арнаулы бағыт болмайды. Оны елдің дін нанымы, елдің белгілі салты, әдегі туғызады. Сондықтан ауызша әдебиет бірнеше түрге бөлінеді. *Ауызша әдебиет түрлері:* 1. Сыршылдық салт өлеңдері. 2. Әңгімелі өлеңдер (батырлар әңгімесі, ел поэмасы, тарихи өлеңдер) 3. Айтыс-тақпақ. 4. Ертегі, мақал-мәтел, жұмбақ» [42. 21]. «Әдебиет тарихы» келесі бөлімдерден тұрады: Сыршылдық салт өлеңдері; Батырлар әңгімесі; Ел поэмалары; Тарихи өлеңдер; Ертегі; Айтыс өлеңдер; Билер айтысы; Зар заман ақындары. Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі. Сыршылдық өлеңдер 3 түрге бөлініп қарастырылған: «1) Жалпақ елдің салтымен

байланысқан шер өлеңдері. 2) Дін салты мен ұғымынан туатын өлеңдер. 3) Қыз ұзату үстіндегі салт өлеңдері» [42. 22]. Бұдан байқайтынымыз, М.О.Әуезов жазба, ауызша деп екі әдебиет арасын алшақтатпайды, бар әдебиетті сол күйінде сөз етеді.

XX ғасырдың басы өзінің даму, өсу кезеңі бар, небір асыл сөздердің мол мұрасын алып қалған әрі ұлттық әдебиетке, әдебиеттануға тың күш, тосын таланттар сыйлаған «алтын кезең» іспеттес.

Өткен ғасыр басындағы 1920-30 жылдардағы қазақ әдебиеттануының эстетикалық және идеялық бастауы осы дәстүрлі ауыз әдебиеті болды. Қазақ эпосы да дүниежүзілік эпос тарихының төрінен орын алып, оған өзінің қайталанбас үлесін қосып отыр. Ұлт әдебиетінде «сөз өнерінің» (А.Байтұрсынұлы) барлығы яғни батырлық жырлар мен дастандар, ертегілер мен аңыздар, шешендік сөздер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар мен жаңылтпаштар, нақыл сөздер сияқты жанрлық түрлер ғасырдан ғасырға, атадан балаға мирас болып, бүгінгі күнге дейін үзілмей, жалғасын тауып келеді.

Қазақ әдебиетінің тарихын, оның бастау арналарын, даму кезеңдерін, қалыптасу жолындағы ғылыми-теориялық анықтамаларын жасаудағы Алаш ғалымдарының еткен еңбектері ұшан-теңіз. Әсіресе, қазақ әдебиеттану ғылымы саласында А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» (1926), М.О.Әуезовтің «Әдебиет тарихы» (1927), Х.Досмұхамедұлының «Аламан» (1928), С.Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» (1932), Е.Ысмайыловтың «Әдебиет теориясының мәселелері» (1938) бүкіл қазақ әдебиетінің тарихын, теориясын, оның жанрлық түрлерін бір арнаға салып, ғылыми жүйеге түсірген ең алғашқы кәсіби монографиялық

еңбектер. Осы зерттеу еңбектері арқылы Алаш ғалымдары ұлттық әдебиеттану ғылымының іргетасын берік қалап берді.

XX ғасырдың басында ұлтымыздың рухани мұрасы болып табылатын тарихи өлең мен тарихи жыр жанры туралы А.Байтұрсынұлымен қатар М.О.Әуезов, Х.Досмұхамедұлы, С.Сейфуллиннің айтқан ғылыми ой-пікірлері мен теориялық тұжырымдары әлі күнге дейін өзкүндылықтарын жойған жоқ. Бұлар – қоғамдық-саяси, әдеби, ғылыми қызметтерін қатар атқарған нағыз қазақ әдебиетінің жанашырлары бола білді. Осы ғалымдар эпос жанрына ерекше көңіл бөліп, батырлар жыры мен тарихи жырларды жариялап, зерттеп, оларды «халық тарихын бейнелейтін шығармалар» деп санайды. «Әдебиет танытқышта» осы жанр былай анықталады: «Тарихи жыр деп тарихта бар, мағлұм оқиғалар турасында өлеңмен шығарылған сөздер айтылады. Қазақта өз тілінде жазылған тарих болмағанмен, қазақта болған оқиғалар, қазақтан шыққан адамдар турасында басқа жұрттардың тарихында жазылған мағлұматтар бар, халықтың өзінің есінен кетпеген, қазақ басынан кешірген уақиғалары толып жатыр. Солар туралы өлең етіп шығарған сөздер *«тарихи жыр»* болады [З. 276]. Мәселен, «Орақ-Мамай», «Абылай», «Кенесары, Наурызбай», «Ерназар», «Бекет».

М.О.Әуезов «Батырлар әңгімесі» атты бөлімде батырлар туралы әңгіменің басы қайдан басталады, елдің сүйеніші кім? деген сауалдарға жауап беріп, қазақ батырларын 2 жікке бөліп қарастырған: «Алғашқы жікке кіретін ұлы батырлар: туысы бөлек, орны басқа, ел қиялындағы баға – жоғары болған, ер орудың басшысы, әрі ел іргесін бермейтін елдің ұлы камқоры, ханы қатарлы болғандар. Бұдан кейін жікке кіретін –

кіші батырлар. Бұлар казактың тіршілігі тыныштық дәуіріне қарай ауысып, асау ханның жуасыған кезінде шыққан батырлары. Бұл кездің батыры азғындаған батыр. Бұлардың тұсында әншейін жабайы адамнан бөлек жаттық жоқ.

Бұрынғы Едіге, Қобыландылар бір жағы періден, бір жағы керемет иесі – әулиеден туса, кейбірі көп тілеумен әулиеге ат айтып, корасанға қой айтқан күнде, алпыстағы Аналық, токсандағы Тоқтарбайдан туса, болмаса, Ер Сайын сияқты пірдің батасы, тілеуімен туып, пірдің қорғауымен тіршілік ететін болса, соңғы батырлар әншейін қоңыр қазақша туады. Екінші үлкен айырмасы: бұлардың ісі мен күшінің бәрі де казактың өз ортасындағы араздық, жаулыққа жұмсалады. Болмаса үй іші туыстың ғана жоғын жоқтайды. Мысалы Алпамыс» [42. 57]. Ғалым «Едіге», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Нәрікұлы Шора батырдың» қысқаша әңгімелерін мысал ретінде алып, әрқайсысын арнайы мазмұннан кейін кәсіби тұрғыда талдайды.

М.О.Әуезов «Кіші батырлар» тараушасында: «Бұл күнге шейін біз қарастырған 4-5 батырдың әңгімесі, қазақ ескілігінде сақталып, ескі күннен сарқылып қалған ұлы батырлар әңгімелері. Сол әңгімелермен қазақ ішінде қалған ұлы батырлардың әңгімесі бітеді. Ол – батырларды ұлы батыр ретінде қосатын, әуелі, тарихи мезгіл дегеніміз. Екінші, олардың өзге жабайы адамнан гөрі жатырақ болып ерекше туатын туысы. Онан соң, оларды ұлы батыр ретіне қосатын елге істеген еңбектері. Бұл айтылған белгілерден басқа, ол замандағы батырлардың әңгімесі жалғыз батыр басының әңгімесі емес, жалғыз ғана бір адамның өмірі емес, солардың өмірімен бірге бір батырдың айналасына

жиылған ел өмірі, тұтасқан ру өмірі көрінетін. Әрбір батыр әңгімесі әрбір рудың күшті болған кезі мен басынан әртүрлі қылып кешірген тарихи уақиғаларын білдіретін. Сондықтан ондағы әңгімелерде бір адамның өмірімен тұтас елдің өмірін көрсеткен, тұтас елдің тілеуі мен үмітін көрсеткендей, кең аудандылық болатын. Бір елдің барлық ішкі өмірі, сезім – қиялы бір» [42. 95], – дейді.

«Әдебиет тарихы» атты ғылыми зерттеуінде М.О.Әуезов қазақ тарихында көрнекті орын алған батырлар әңгімесінің тууы ескі замандардан бастау алатынын нақты мысалдармен айта келіп, фольклорлық дәстүрдің тарихи жыр үлгісінде әдеби жанашылдықпен толықтырылып, көрініс беретінін терең талдаулары арқылы анықтап береді. Сондай-ақ, осы еңбегінде әдебиеттанушы, зерттеуші ретінде танылған М.О.Әуезов қазақтың қаһармандық сипаттағы эпосын «батырлар әңгімесі», «тарихи өлеңдер» деп жанрлық түрлерге бөліп қарастырады. Ғалым «тарихи жырға: «Түр жағынан алғанда тарихи өлеңдер бұрынғы батырлар өлеңімен туысады (автор батырлар жырын жанрлық тұрғыдан қарастырып отыр – О.А.). Тарихи өлеңдердің қаһармандарына елдің өзі «батыр» деп ат қойған» [42. 147] деп, анықтама береді.

Қазақ әдебиетінде тарихи шығармалар көп, оның өзі үлкен бір топты құрайтынын Х.Досмұхамедұлы да атап өтеді. Ғалым «батырлар жыры мен тарихи жырды» тарихи өлеңдер деп атап, оның мысалына эпостық жырдың кейіпкерлері мен тарихта аты қалған батырларды атайды: « ... халық әдебиетінің арналы саласы – батырлар жыры (героический эпос) мен тарихи өлеңдер (исторические песни). Батырлық жырларда әртүрлі, көбінесе аттары аңызға айналған

Қобыланды, Алпамыс, Едіге, Орақ-Мамай, Қарасай-Қазы, Ер Тарғын т.б. Алтын Орда мен Қазақ хандығы тұсындағы батырлардың іс-әрекеттері суреттеледі. ... Көптеген батырлық жырлар мен тарихи өлеңдер нағыз эпопея болып келеді» [69. 26-27].

Нағыз тарихи өлеңдер ең алдымен тарихта шын мәнінде болған оқиғаларға құрылатыны белгілі, ал оның кейіпкерлері де тарихта болған, белгілі бір кезеңде өмір сүріп, ел өмірінде қайраткерлік іс атқарған, ерлік көрсете білген тарихи тұлғалар екендігі де даусыз. Сол себепті де оқушының тарихи өлеңдерді толық танып, ұғу үшін ең алдымен олардың сол кездегі тарихи оқиғаларды, сол заманның шартын, тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, мезгіл-мекенін, таным дүниесін терең оқып, білу керек.

Сол кездегі батырлар әңгімесі өлеңмен айтылған. Өлеңмен айтылатын әңгімелер жыршылар жоғалса, батырлар әңгімелері өлең түрін жойып, ертегіге айналады. Ертегіге айналса, батырлар әңгімесінің рухы, көркі жоғалып, құр сүлдесі қалатынын, жыршылар жоғалмай тұрғанда батырлар әңгімесін өлең түрінде жыршылардың аузынан жазып алып қалу керектігін А.Байтұрсынұлы сол кезде-ақ назар аударып, баса ескертіп, ел ішіндегі азаматтардың халық алдындағы борышы деп көрсетеді. Сол уақытта мына ертегілердің яғни «Қара қыпшақ Қобыланды батыр», «Нәрікұлы Шора», «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Едіге», «Қамбар батырдың» ел ішінде көп айтылатынын жазады.

Шоқан Уәлиханов та тарихи жырлар мен батырлар жырына ерекше көңіл бөліп, оның халықтық сипатын, тарихи мәнін, тіл, әдебиетті зерттеу тұрғысынан қарағанда өте құнды екенін жазған. «Едіге батыр»

эпостық жырын Шоқан «Қазақтың ең тамаша жыр-дастаны» [68. 167] деп бағалайды. Сонымен қатар ол қазақтың әйгілі батырлар жырын ноғайлы жырларының тобына қосып, осы жырлардың туған заманын ХІҮ, ХҮ, ХҮІ-ғасырлар арасы деп алғаш анықтады. Аса күрделі, әр қилы мәселелердің шешімін табуға тырысқан әрбір ғалым Шоқанның осы айтқан байсалды, орнықты тұжырымына сүйенбей өтпейтіні хақ.

Қазақтың батырлық жыры, оның ішінде «Едіге батыр» жыры туралы 1940-жылдары әдебиеттанушы ғалым Б.Кенжебаев [88] «Әдебиет және искусство» (1940, № 7-8) журналында «Пікір алысу ретінде басылып отыр» деген ескертпе ретінде мақала жариялады.

Ғалым Қ.Жұмалиев те «Әдебиет және искусство» (1941) журналында «Едіге» жыры (латын әрпінде) туралы өз пікірін жазады: «Батырлар жыры бір төбе де «Едіге» бір төбе. Сондықтан жырдың ғылым-зерттеу жұмысы үшін де мәні зор. Жырды жастардың аса зер салып оқитын жырлардың бірі» [89. 17], – деп бағалайды. Ғалым жырдың көркемдігі, тілі, жастардың қиял дүниесін кеңейтіп, сөздік қорын байыту үшін өте пайдалы екендігін де айтады. Сонымен бірге қазақ тілінің, әдебиетінің тарихын зерттеушілердің «Едіге» жырына соқпай кете алмайтынын да жазады.

Жас ғалым Е.М.Мағауин «Ел қамын жеген Едіге» [90] атты зерттеуінде осы Шоқан нұскасының текстологиялық екшеуден өткізілген ғылыми мәтінін жаңаша бағалап, бағамдайды.

Нағыз тарихи өлеңдердің басталған кезі Абылай заманынан бері қарай деп санасак, ол Абылайдың өз жорығын баяндаған өлеңдер. М.О.Әуезов «тарихи өлеңдер түр жағынан бұрынғы батырлар өлеңдерімен туысады» [42. 147] деп, бекер айтпаған. Мұнда да

елден асып туған ерлердің ел қамы үшін аттанғаны жырланады.

Ғалым С.Қасқабасов фольклортану ғылымының маңызды мәселелеріне арналған «Ойөріс» (2009) атты зерттеуінде тарихи жырлардың басқа жанрлармен жымдасып кеткендігін жазады: « ... тарихи жыр саф таза күйінде болмайды. Ол фольклордың басқа жанрларымен бірге аралас, бір жүйеде ғұмыр кешкен себепті сол жанрлардың кейбір қасиеттерін бойына сіңіреді, сондықтан кейде ертегі, кейде хикая, кейде батырлық жыр сияқты» [91. 282]. Жырда баяндалған оқиға немесе бейнеленген кейіпкер мен өмірде болған тұлғалардың арасындағы айырмашылықты ғалым дұрыс аңғарады. Қазақ жырлары арқылы халқымыздың ұшқыр қиялынан рухани ләззат алып, ұлтымыздың фольклорының қаншалықты бай және халық поэзиясының сондай әдемі екеніне көз жеткіземіз.

Фольклор мен халық поэзиясының, жазба әдебиет пен халық поэзиясы арасындағы байланыс туралы Е.Ысмайылов былай дейді: « ... қазақтың ертедегі эпосын, тарихи жыр, айтыс өлеңдерін, аңыз әңгімелерін, лирикалық дастандарды совет заманында өмір сүрген Жамбыл, Нұрпейіс, Мұрын, Қазанғап, Қуат, Нартай, Шашубай, Кенен т.б. атақты ақын-жазушылардың поэзиясымен тығыз байланыстыра тексергенде ғана дұрыс қорытындылар жасай аламыз» [75. 71].

Ал, әдебиеттанушы ғалым Мүсілім Базарбаев «Өлең – сөздің патшасы» (1973) атты зерттеуінде фольклорлық шығармаларды «ұзақ өмірдің сәулеленіп көрінуі, халықтың көп ғасырлар бойы дамыған санасының айғағы, айнала табиғатты, тіршілік еткен жандарды көркем жолмен тануының айғағы» [46. 143], содан туған ұғым, түсінік деп пайымдайды.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Бабалар сөзі» сериясы бойынша ХҮ-ХҮІІІ ғасырлар арасындағы тарихи жырларды дайындап шығарды.

Жыр, толғау, терме, желдірме, кара өлең, айтыстың сан алуан түрлері, тақпақ, жаңылтпаш, т.б. формалар өзінің бағыт, мақсатына қарай қазақ поэзиясында белгілі ұлттық ерекшеліктер қалдырған. Сол ұлттық ерекшеліктеріміздің түрлері – толғау мен терме қазіргі әдебиеттануда бар пән сөздер. Ал, *үгіт өлең* мен *үміт өлең* А.Байтұрсынұлы енгізген пән сөз (термин), бірақ қазіргі таңда қолданыста жоқ. Ғалым әр пән сөзге әдебиет материалы негізінде мысалдар келтіріп, дәл тұжырымдаған. «*Үгіт өлеңінің*» мысалы:

Ай, жігіттер, үлгі алма,

Азған елдің ішінен.

Алыс-алыс қашыңдар,

Зияндасты кісіден.

Жақсыны көзден салмаңдар,

Жақсыдан қапыл қалмаңдар!

Немесе:

Мақтанба, бақсымын деп бағыңызға,

Қартаймақ қиын сауда тағыңызда.

Іске аспай бақ-дәулеттің қалуы оңай.

Басыңнан бағың тайған шағыңызда [3. 277-278].

Автор үміт өлеңге берген анықтамасында: «*Үміт өлең* – біреуден үміттені, бір нәрсе дәмте айтқан ақындардың өлеңі» дейді. Ол өлең түрлері мақтау, құттықтау түрінде келеді. Орынбай ақынның Ерденді мақтаған өлеңін мысалға алады:

*Ассалаумағалейкум, батыр, Ерден,
Кетіп тұр бақ-дәулетің тағы кердең.
Ішінде көп қарғаның бір бүркіттей,
Көзіме көрінесің келген жерден [3. 279.]*

Біздің бұған қосарымыз Балғожа бидің немересі
Ыбырайға жазған өлеңі де осы «*үміт өлеңге*» келеді:

*«Үміт еткен көзімнің нұры балам,
Жаныңа жәрдем берсін хақ тағалам.
Атаң мұнда анаңмен есен-аман,
Сүйіп сәлем жазады бүгін саған.
Атаңды сағындым деп асығарсың,
Сабаққа көңіл берсең басыларсың.
Ата-анаңды өнер білсең асырарсың
Надан боп білмей қалсаң аһ ұрарсың.
Шырағым, мұнда жүрсең не етер едің?
Қолыңа құрық алып кетер едің.
Тентіреп екі ауылдың арасында
Жүргенмен не мұратқа жетер едің?! [3. 159].*

Бұл өлең баланы бір жағынан өнер-білімге үгіттеу,
қайрау сияқты. Екінші жағынан, баланың болашағынан
мол үміт күтетіндігін де жасырмайды.

«*Толғау* яки мұнды өлең деп көңілдің неше түрлі
күйін шешетін» өлеңдерді айтамыз. Мұнда ғашықтық
сағыныш, қайғы, күйініш, өкпе, наз сияқты көңіл
күйлерін білдіреді. Мысалы:

*Көзіме көріндің де кетіп қалдың,
Кәдірі болмайды екен қолда бардың.
Әйдемде болмай жатып сағынғаннан,
Өлеңмен атыңды атап, әнге салдым ...*

*Он сегіз мың ғаламның,
Патшасы әуел қақ Жаппар.
Есіттің бе, сөзімді,
Жылатпай менің көзімді.
Он үш жасар Қобыланды,
Ерінбей сүйер көзімді.
Жалғызының артынан
Мұхаммед сынды ей, тақсыр,
Тар жерде еске ал, өзімді* [3. 281].

Қазақ ақындарының шығармаларында толғау (жанрлық тұрғыда) мазмұн жағынан ерекше бай, шеберлік, көркемдік сапасы жағынан жоғары екендігі туралы ғалымдардың еңбектерінде сындарлы пікірлер айтылады. М.О.Әуезов («Әдебиет тарихы», 1927); Х.Досмұхамедұлы («Қазақ халық әдебиеті», 1928); Е.Ысмайылов («Толғау туралы», 1938); Б.Кенжебаев («Қазақ тілі мен әдебиетінің мәселелері», 1941); С.Мұқанов («Қазақтың ХҮІІІ-ХІХ ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер», 1942, «Халық мұрасы», 1974); Ә.Қоңыратбаев («Қазақ әдебиетінің тарихы», 1948); Қ.Жұмалиев («Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері», 1958); Б.Адамбаев («Ақындық толғау», 1964); М.Мағауин («Қобыз сарыны», 1968), «Ғасырлар бедері», 1991); З.Ахметов («Өлең сөздің теориясы», 1973); М.Базарбаев («Өлең – сөздің патшасы, сөзсарасы», 1973); Қ.Сыдықов («Ақын жыраулар», 1974); Р.Бердібай («Ғасырлар толғауы», 1977); М.Қаратаев («Революция рухымен», 1978); Н.Төрөқұлов («Қазақ совет халық поэзиясының жанрлық ерекшеліктері», 1979); Ә.Дербісәлин («ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ поэзиясы», 1982); М.Жармұхамедұлы («Ерте дәуірдегі

казак әдебиеті», 1983); Б.Абылқасымов («Қазақтың толғау сөздері», 1984); Ә.Марғұлан («Ежелгі жыр, аңыздар», 1985); Х.Сүйіншәлиев («Ғасырлар поэзиясы», 1987), С.Негимов («Ақын-жыраулар поэзиясының бейнелілігі», 1991), С.Медеубекұлы («Ақыл, нақыл, өсиет», 1996); Ш.Елеуқенов «Ұлт тарихы және әдебиет», 1997); А.Исмакова («Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль (начало XX века и современность)», 1998).

Көрнекті ғалым Б.Кенжебаевтың казак әдебиетінің тарихы, ертедегі әдебиет, XX ғасыр басындағы казак әдебиеттануы, сыны, әдебиет жанрлары және оның теориясы жайлы жазған ғылыми-зерттеу еңбектерінде құнды ой-пікірлер молынан кездеседі. Осы күнге дейін мән-маңызын жоймаған ғылыми ойы терең мақалалары мен монографиялары казак әдебиеті ғылымы үшін құнды және казак әдебиетінің теориясын, тарихын, сынын жасауға өз көмегін тигізді. Сондай еңбегінің бірі «Қазақ тілі мен әдебиетінің мәселелері» (1941) атты ғылыми мақаласында казак халқының Абайға дейінгі өлең өлшемін 3-ке бөліп қарастырады. Сонымен қатар кара өлең мен жыр, толғау жанрларына жан-жақты тоқталып өтеді. «... Жырдың шумағы тұрақты емес, кейде 5, 6, 7, 8, 9, 10 жол болады. Жырдың ұйқасы тұрақты болмай айнымалы, кейде кара өлеңмен ұйқасып, шалыс ұйқас, егіз ұйқас, кезек ұйқас, шұбыртпалы ұйқасып отырады. Жырдың тек буыны ғана тұрақты болады, әр жолында 7 буын болады. Жыр көбінше әңгімелі оқиғаларды айтқанда, жорық, соғыс, кимылды суреттегенде колданылады.

Толғаудың жырдан бір ғана айырмашылығы болады. Ол – жыр тармағының буыны үнемі жетеу болады. Толғау тармағы, ұйқасы, шумағы жағынан жырға ұқсайды,

екеуінің айырмасы жоқ. Толғау жыр емес, өз алдына бір өлең өлшемі» [92. 31-32]. Ғалым толғауды осылай деп біліп, осылай зерттеу керектігін де ескертеді.

Халық поэзиясын көп зерттеген ғалым Е.Ысмайылов «Әдебиет жайлы ойлар» зерттеуінде: « ... қазақ әдебиетінің калыптасу дәуірінде халық поэзиясындағы әр алуан өлең, жыр, толғау, дастан т.б. үлгілері революциялық өмірдің маңыз, мақсатын қалың бұқараға кең насихаттауда өте қолайлы» болатындығын және бұрынғы фольклорлық мұраны творчестволық жолмен пайдалану идеясын ұсынады. Сонымен қатар толғаудың басты ерекшелігі ретінде Е.Ысмайылов оның «сюжетсіз және 7-8 буынды жыр формасы» [75. 83] түрінде келетіндігін жазады.

Толғау 1920-30 жылдардағы қазақ поэзиясында өмір шындығын жырлауда өз міндетін жақсы атқарды. Толғау – ақынның терең сезімге құрылған, белгілі бір оқиға не дәуір шығармасы. Қазақ поэзиясындағы толғау туралы жыраулар поэзиясын зерттеген ғалым М.Мағауин былай: « ... Толғау – жыраулардың сүйікті жанры. Толғау толғаныс, толғану деген ұғымды білдіреді. Сондықтан да толғаудың өзін ойға құрылған толғау, сезімге құрылған (лирикалық) толғау деп жіктеуге болар еді» [93. 124], – дейді.

Толғауды жанр ретінде қарастырған ғалым М.Базарбаев өз ой-пікірін «Замана тудырған әдебиет» (1997) атты кітабында былай сабақтайды: «Толғау қазақ әдебиетіне халық ақындарының шығармаларынан және қазақтың бұрынғы тарихынан келіп кірді. Сондықтан ол біздің бүгінгі әдебиетіміздегі жаналық емес. Бірақ өзінің ерекшелігі жағынан толғау қай уақытта болса да, батырлар жырына, ғашықтық жырларға (лиро-эпос) немесе қазақ поэзиясындағы сюжетті, лирикалық

поэмаларға қарағанда мүлде басқаша» [94. 45]. Сонымен бірге ғалым толғауды орыс әдебиетіндегі өлеңнің түрі – одаға жақын келетіндігін де атап өтеді.

Көрнекті ғалым Х.Досмұхамедұлы «Қазақ халық әдебиеті» (1928) атты еңбегінде мақтау жырына мынадай анықтама береді: «Халық поэзиясында мақтау жырлары (одалар) айрықша орын алады. Әдетте жеке адамның, тұтас ру мен ұлыстың батырлығы, байлығы, даналығы, әділдігі, күш-қайраты және басқа қасиеттері мадакталады» [69. 19].

Ғалым Л.Гинзбург «О лирике» (1974) атты еңбегінде оданы, элегияны, жолдауды (послание) және сатираны да лирикалық монолог деп таниды: «Лирика классического типа представляла собой обычно выражение мыслей и чувств лирического я. Лирические монологи, в которых могут изображаться и объективные *события, явления, предметы*» [95. 54].

Ал, Л.Тимофеев лиро-эпикалық жанрдың формаларын талдай келіп, ода туралы мынадай ой түйеді: « ... в отличие от лирического стихотворного рассказа (басня) мы отмечаем героический стихотворный рассказ – оду. Оду обычно считают лирической жанровой формой, но то, что в ней часто встречается элемент сюжетности, делает ее более близкой к лиро-эпическому жанру» [96. 97].

Орыстың классикалық одасы он тармактан тұрады, оның өкілдері – В.К.Тредиаковский, М.Г.Ломоносов, Г.Державин, А.Радишев сияқты ақындар.

Мақтау жырлары бұрынғы кезде тек шын мәнінде еңбегі сіңген, лайықты адамдарға бағышталса, кейін мақтаушыға сый-сияпат беру дәстүрі мұндай одалардың мәнін түсіріп жіберді. Осы құбылысты ақын Абай алғаш байқап, өзінің өлеңдерімен аяусыз әшкерелегені де белгілі.

Мақтау өлең – қазақ халық поэзиясында бұрыннан бар жанр. Ал, біз қазақ әдебиетіндегі оданы «мадақ өлең» ретінде танимыз. Ғалымдар айтып, жазғандай өлеңдер ертедегі сарай ақындарының мадақтау, көтермелеу, асыра мақтау өлеңдері хандар мен бектерді, билер мен байларды дәріптеп, көкке көтерді. Ал, кейінгі мақтау жаңарып, түрленді яғни совет өкіметін орнатуға белсене қызмет еткен еңбекші тап арасынан шыққан белсенділерге, Отанын жаудан азат еткен Совет Армиясына, оның даңқты батырларына арналды. Академик М.Қаратаев осы жанр жайындағы ойын былай түйіндейді: «Ода бізде мода емес, бірақ өлген жанр деп қарамау керек. Ода атамағанмен біздегі жеке адамға арнаған мақтау өлеңдердің көбін одаға жатқызуға болар еді. Басқа өлең тәрізді оданың да шағыны, жұмыры, тың бояулысы тәуір» [97. 382].

Қазақ поэзиясында мадақ өлеңнің яғни оданың тарихы ХУ-ХУІІІ ғасырдан басталатынын М.Мағауин «Қобыз сарыны» (1968) [93] атты кітабында жан-жақты баяндайды. Ал, орыс әдебиетінде оданы жоғарыда атап өткеніміздей лирикалық жанрға жатқызады.

Ал, «*Терме*» яки түрлі өлеңдер – бір нәрсенің жайынан сөйлеп тұрмай, көп нәрсені теріп сөз қылып өтеді. ... Түрлі шөптің басын шалып оттап, тоқтамастан желге қарай тартып бара жатқан мал сияқты. Мысалы:

*Арғымақ жабы көрінер,
Аса шауып бұланса.
Айдын көл батпақ атанар,
Айдыны құрып суалса.
Бәйтерек сабау көрінер,
Жапырағы түсіп қуарса.
Біраз гана сөйлейін
Жақсылар, сізге ұнаса.*

*Сипаған сиыр білмес қызметіңді,
Сыйлаған жаманбілмес құрметіңді.
Әр қалай бір сияпат еткен жаман,
Болады атқарғандай міндетіңді.
Кейбіреу өз халқына өзі малай,
Бейнет көп, рахат жоқ дәулетінде
Жарықтық қыс суықпен өмір шегіп,
Кетпей ме, бір күн тастап нәубетіңде?! [3. 284].*

Ғалым Р.Нұрғали «Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры» (2002) атты зертеуінде бүгінгі тәуелсіз әдебиеттанудың басында А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» тұрғанын теориялық талдаулар арқылы дәлелдейді: «Бұл еңбекте А.Байтұрсынов фольклорлық, әдеби текстерді талдаудың, жанрлық түрлерге ат қойып, анықтама берудің тамаша шебері, әдеби дамудың болашағын көрсете алатын асқан сыншы, өмір, қоғам, адам табиғаты жөнінде терең пікір толғайтын ұлы ойшыл екендігін көрсетті. Ерекше қуанарлық нәрсе жазылғанына 80 жыл өткен еңбектің дәл бүгін көкейкесті актуалды болып отырғандығында. Оның қай бетін ашып оқысаң да, көкейге қона кетеді. А.Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» еңбегінде зерттеу объектісі етіп, қазақ ауыз әдебиетін, қазақ жазба әдебиетін, оның сан алуан үлгілерін алған. Автор қандай ғылыми еңбектерге сүйенгені туралы мәлімет, дерек келтірмейді. Ондай қайнар көздері қасында әр түрлі болжал айтуға болады. Ғалымның әдебиет теориясы, сыны, тарихы, текстологиясы, жанрлары жөнінде дүниежүзілік әсемдік ойдың негізгі тұжырым, идеяларымен терең таныстығы айқын аңғарылады. Қоғамдық, тарихи-эстетикалық, философиялық білім мығымдығы үнемі сезіліп отырады» [37. 25].

А.Байтұрсынұлы жер жүзі жұрттарының тілдеріндегі шығармалардың бір-біріне ұқсас болып келу себептерін тұрмыс-салт, өмір-тіршілік ұқсастығынан туатындығын кеңінен дәлелдейді. Адамзаттың балалық шағындағы табиғат құбылыстарын кереметке жору, жоққа илану, дәу пері, жезтырнақ, жалмауыз секілділерден қорқып, Құдай, пері-періштеге, аруакка сену салдарынан тудырған шығармаларына баға береді.

Ғалым жазу-сызу жоқ дәуірде туған жырлардың ауыздан-ауызға, заманнан-заманға жетуі бір адамның сөзі болудан калып, мындікі, жұрттікі, ұлттікі болу себептерін де тәптіштеп түсіндіріп береді. Мысалға «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр» сияқты жырларын алады. Ертегі секілді ескі сөздердің әркім өзгертіп, өң беріп, құбылтуына орай жалпылық сипат алатынын түсіндіреді. Ғалым олардың неге халық шығармасы, халық әдебиеті болып саналатынын «... ауыз шығарманы (анайы әдебиетті) ауыз сөз деп қана атап, жазба шығарманы (сыпайы әдебиетті) ғана әдебиет деп танушылар бар. Бірақ қалай да асыл сөздің бәрі де тілдегі әдебиет есебінде жүріледі» [3. 268] деп, нақтылап береді.

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні: қазақ әдебиетіндегі ауызша сақталған әдебиет туралы тұжырымның бастауында Ахмет Байтұрсынұлы тұр. Бұл жерде ғалым ауыз әдебиетін әдебиет деп танығысы келмейтін ғалымдардың бар екенін көрсетіп отыр. Сондай-ақ, олармен келіспейді, себебі оның кейін тұтас концепцияға айналатын білген, сезген.

А.Байтұрсынұлы қазақ ауыз әдебиетін даму, қалыптасу жолдарын, қолдану аясын жүйелей отырып «жұмсалатын орнына қарай»: «Сауықтама» және

Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышындағы» сөз өнері мен поэтика мәселелері
«Сарындама» деп екі үлкен топқа бөлгенін жоғарыда айтып өттік.

1. Салт жөнімен айтылатын сөздер табына: мысалдар, ділмәр сөз (афоризм), тақпақтар, мақалдар, мәтелдер жатады.

2. Ғұрып бойынша істелінетін істерге: той бастар, жар-жар, беташар, неке қияр, жарапазан, бата жатады.

3. Қалып сөзі яғни тұрмыс қалпында болатын істер сарынына: жын шақыру, құрт шақыру, дерт көшіру, бесік жыры жатады.

Өзінен кейінгі қазақ фольклортанушылары ғалым ұстанған осы бағыттан айырылып қалды, себебін былайша түсіндірер едік яғни «Әдебиет танытқыштың» алпыс жыл бойы баспа бетін көрмей, «шаң басқан архивте» жатуынан.

«Салт жөнімен айтылатын сөздерді» көрнекті ғалым Х.Досмұхамедұлы: «Қазақ халық эпосының үлкен саласы», ғұрыпқа қатысты сөздерді «ғашықтық әдебиет», ал тұрмыс қалпындағы істерді «емшілік халық әдебиеті» [69. 24; 28].—деп бөледі.

Бүгінгі таңда ауыз әдебиетінің жанрлық үлгілері өз алдына ауқымды тақырып болып отыр. Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көрген «Бабалар сөзі» сериясына жазған алғысөзінде ғалым Б.У.Әзібаева классикалық эпостардың спецификасына (50-том) тоқтала келіп, халықтың сөз өнері мұрасындағы дәстүрлі идеялар мен ұстанымдардың қайта жаңғыруының нәтижесінде қазақ эпосының көркем үлгілерінің түпнұсқасы өзгеріссіз жарияланып жатқанынан хабар береді.

Қазақтың әдет-ғұрып сөздерін саралауға арналған зерттеу еңбектердің басында Ахмет Байтұрсынұлы тұрғаны анық.

2.3. «Әдебиет танытқыш»: жазу әдебиет және діндар дәуір

Казақ әдебиеті мен мәдениетінің құндылығын танытатын ежелгі түркі дәуіріндегі жазба ескерткіштер мен орта ғасырлық әдеби жәдігерлер кешегі совет заманында аз зерттелгені белгілі. Халықтың рухани мұрасы саналатын діни мазмұндағы көне түркі әдеби шығармаларды шығыстанушылар мен түрколог ғалымдар зерттеп жариялағанымен де, ежелгі мұраларымыздың маңыздылығын арттыратын мәтіндерді кеңінен насихаттауға тоталитарлық жүйеге негізделген «совет үкіметі» мүмкіндік бермеді.

Қазақстанның Тәуелсіздік алуына байланысты осы олқылықтардың орнын толтыру мақсатында елімізде іске асырылған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты алғаш рет «Әдеби жәдігерлер» атты ғылыми басылым сериясын шығарды.

Қазақ халқының ежелгі заманнан бергі жазба мұралары мен әдеби жәдігерлердің түркі тілдес халықтарға ортақ көне жазба ескерткіштердің бұрынғы тиым салынған біраз бөлігі бірінші рет қазақ тіліне аударылып, оқырман қауымға осы серияның алғашқы томдары ұсынылды.

Ахмет Байтұрсынұлы алғаш рет «Әдебиет

танытқышта» қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлерге бөліп қарастыру мәселесін көтерген. Ғалым «жазу әдебиетті» *діндар дәуір* яғни діншіл; *сындар дәуір* яғни ділмар дәуір деп екіге бөледі. Ғалым осы дәуірдің аясында туған әдеби жанрларды жіктеу, жүйелеуді алға қойып отыр. «Қазақ әдебиетінің діндар дәуірі де, ділмар дәуірі де халық әдебиетін дамытып, күшейтуден туған дәуірлер емес, басқа жұрттардың әдебиетінің әсерінен туған дәуірлер. Діндар дәуір әдебиетімізге араб, парсы әдебиетінен үлгі алып, соларға еліктегеннен пайда болған. Ділмар дәуір орыс әдебиетінен өнеге көріп, үлгі алып, соған еліктеуден пайда болып отыр. Мұндай бір жұрт екінші жұрттан әдебиет жүзінде үлгі алу жалғыз бізде ғана болған іс емес, барша жұрттың басында болған іс. Осы күнгі әдебиеттің түп үлгісі грек жұртынан алынған. Грек әдебиетінен үлгіні Рум алған, Европадағы басқа жұрттар алған. Біздің орыс та әдебиет үлгісін Европадан алып отыр, біз орыстан алып отырмыз. Жазу әдебиетіне басқа жұрт үлгісі қатысқандықтан бізде жазу әдебиет шығармаларын діндар дәуірдікі болсын, ділмар дәуірдегі болсын тұтыну орнына қарай бөлмей, айтылу орнына қарай бөлеміз» [3. 306-307]. Ғалым діндар дәуірді өлеңдер арқылы нақтылаған.

Қазақ әдебиетінің көне дәуір желісінің үзілмей келе жатқан күрделі мәселесі жөнінде ғалым Бейсембай Кенжебаев «Әдеби мұра және оны зерттеу» атты ғылыми еңбегінде астын сызып, атап-атап көрсетеді. Мысалы, ол қазақ халқы жазба әдебиетінің тарихын ғылыми негізде, әдебиеттің заңдылығына сай етіп «ҮІІІ-ІХ ғасырлардан бастау қажет, ... ертедегі шағатай, ұйғыр тілдерінде жасалған жазу-сызулардан, жазба әдебиет нұсқаларынан, әдеби шығармалардан бас тарту өзіміздің

ертеден келе жатқан әдеби дәстүрімізден бас тарту болады» [98. 299], – дейді. Ғалым бұл тұжырымдарын «Әдебиет танытқышты» оқып, білгеннен кейін айтып отыр.

«Әдебиет танытқышта» әдебиет тарихы дәуірлерге бөлініп қарастырылады яғни «Жазу әдебиет» атты бөлімде: «...Қазаққа жазу дінмен бірге келген. Қазақтың өлеңді, сөзді сүйетін мінезін біліп, дінді халыққа молдалар өлеңмен үйреткен. ...Шарттарын, шариғат бұйрықтарын өлеңді хикая, өлеңді әңгіме түрінде айтып, халықтың құлағына сіңіріп, көңілдеріне қондырған. Молдалардан шыққан жазу әдебиет дінге қызмет кылса да, тілге қызмет қылмаған. Тілді ұстарту, әдебиетті күшейту, көркейту орнына тілді бұзған, аздырған. ...Әдебиетті молдалар дін бесігіне бөлеп, таңып тастаған себепті әдебиет көпке дейін өңдеп, өсе алмай, мешел болып, аяғын баса алмай тұрғанда орыс үкіметінің саясаты келіп килігеді.» Қазақ діні шынығып жетпеген шала мұсылман халық, мұны мұсылман дінінен христиан дініне аударып жіберу оңай» деген пікірмен орыс үкіметі қазақ пен ноғай арасына жік салып, екеуін айырғысы келеді. Оның үшін қазақ байлары ноғайша оқымай, орысша оқитын боларлық саясат жүргізеді. Қазақ балалары үшін школ ашады, *ноғайға қазақтың жазу жағынан сорпасы қосылмас үшін араб әрпін қалдырып, қазақ тіліндегі кітаптарды орыс әрпімен басады.* Орыс өзіне тартып, ноғай өзіне тартып, екеуі екі жаққа сүйреп жүргенде қазақ орыс әдебиет арқылы Европа жұрттарының әдебиетімен танысады...» [3. 305], – деп жазба әдебиеттің алғашқы дәуірін дін жағының басымдығымен байланыстырып «*Діндар дәуірге*» топтастырады.

А.Байтұрсынұлының жоғарыда айтқан толымды

пікірін М.О.Әуезов те қолдайды: «Қазақ арасына ісләм дінінің тарауына көбінесе қазақтың ақындықты сүюі себеп болды деген дұрыс пікір. Елге не жайылса да, әдебиет жұрнағы болып, әдебиет өлшеуінің біріне түскен соң ғана жайылатын болған. Өлеңсіз, әңгімесіз, сұлу сөзсіз келген құрғақ үгіт болса, ондайды ел тыңдамаған да ұқпаған, ықылас қоймайтын болған» [99. 49], – деп жазғанындай, түркілердің арасына ислам дінінің тарауына ең басты себептердің бірі – «имани сенімнің әдебиетке, өлең-жырға жақын екендігі назарға алынбады. Алла атына, Пайғамбар затына айтылған мадақ жырлар мәтіннен бүтіндей алынып тасталды. ...ескі салтты үгіттеуші, сананы улайтын аңыз-әпсаналарды насихаттаушы» [100. 3] деген сылтаумен «жылы жабылған» орта ғасырлық әдеби мұралар ислами тұрғыдан арнайы зерттелінбеді. Мысалы, қазақ әдебиетіндегі Ы.Алтынсариннің [101. 3] балаларға қаратыла айтылған:

*Бір Құдайға сыйынып,
Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге,
Ықыласпен тоқылық*

өлеңіндегі алғашқы жолды алып тастап, қалған үш тармағын ғана жаттап өскеніміз анық.

Орта ғасырда ислам дінінің аясында дүниеге келген дәстүрлі ислами әдебиеттің көтерген негізгі тақырыбы – дінді көркем сөзбен насихаттау болды. Ислам діні, Құран мен хадистерді, имандылық мәселелерін насихаттау арқылы бірінші орынға шықты, бірақ « ... Ұзын арқан, кең тұсауға қалыптанған қазақ шарияттың тар тұсауына үйрене алмаған. Шыдатпай үзіп, өз

жөнімен жүре берген, сондықтан жазу әдебиетпен қатар қазақтың ауыз әдебиеті жоғалмастан, түгел күйінде сақталған. Молдалардан шыққан жазу әдебиет дінге қызмет қылса да, тілге қызмет қылмаған» [3. 305]. Соның өзінде қазақтар өздерін мұсылманбыз деп санаған.

Қожа, молдалардың ішінен Шортанбай, Ақмолда, Әбубәкір және т.б. ақындар шыққан. Орта ғасырлық ислам әдебиетінен басталған діни шығармалардың шарықтау шегі – ХІХ ғасырдың екінші жартысы. Діни дастандардың типологиялық және өзіндік ерекшеліктерін (специфические особенности) және діни дастандарды таратушы ақындар мен айтушылардың (сказители) ролін фольклортанушы ғалым Б.У.Әзібаева «Казахский дастанный эпос» (1998) атты монографиясында жан-жақты қарастырады. «В казахском устно-поэтическом творчестве представлены все основные фольклорные жанры, известные и у других народов. ... в результате многолетнего и обстоятельного изучения выявлено сюжетно-тематическое, нравственно-эстетическое богатство, идейная глубина, историзм и народность, художественная значимость и самоценность словесного фольклора» [102. 3].

Қазіргі тәуелсіз Қазақстанның жаңа әдебиетінің тарихын қайта жазу барысында Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышта» алғаш рет негіздеген «исламдық Шығыс әдебиеті сарындары» ғылыми концепциясы уақыт талабына сай жаңа зерттеулермен толығуда. Қазақ әдебиеті тарихын жанаша бағамдауда, бағалауда ғалым еңбегінің ғылыми-методологиялық маңыздылығы өз құнын жойған жоқ, халқына қызмет етуде.

Діни дастандар халқымыздың рухани қажеттілігінен

туындаған, қоғамдық рухани әлемде ерекше орын алған, қоғам дамуының белгілі бір кезеңінде ерекше қызмет атқарған фольклорлық жанр. Олар Ислам құндылықтарының жалпы адамзаттық моральдық (адамгершілік) қағидалармен сәйкес келетін тұстарын суреттеуімен де құнды.

Бүгінде дүниежүзілік әдебиет тарихының алтын қорына қосылған мұсылман шығыс сөз өнерінің асыл жауһарлары осы «Діндар дәуір» аясында дүниеге келгендігі белгілі. Ғалым Х.Досмұхамедұлы орта ғасырлық түркі жазба әдебиетін «Діни сипаттағы әдебиет (литература религиозного характера)» деп атап, оған мынадай сипаттама береді: « ... ісләмнің негіздерін, шариғаттарын, қағидалары мен талаптары, тамұқтың азабын, жұмақтың рахатын және басқа о дүниелік өмірдің көріністерін суреттейді» [69. 29].

Қазақ әдебиетінің исламдық Шығыс әдебиетімен ықпалдастығы – әдеби байланыстар тарихының өзекті мәселесінің бірі. Ғалым Қ.Жұмалиев «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі» (1960) атты еңбегінде осы исламдық Шығыс әдебиетінің сарындары жайлы жазған толымды ойлары кездеседі. « ... ислам діні қазақ даласына екі түрлі жолмен тарады. Бірінші жолы қазақтың әр облысында, әр ауданында ашылған мектеп, медресе болса, екіншісі – түрік, татар тілінде басылған кітаптар болды. Араб, иран, түрік елдеріндегі діни-фанатизм қазақта болмауы былай тұрсын ... Қазан татарларымен салыстырғанның өзінде де қазақтың діншілдігінде көп айырма бар» [103. 8] деп, қазақ әдебиеті тарихында орта ғасырда негізі қаланған, содан бері жалғасып келе жатқан діни-ислами көзқарастардың Мұрат, Нұржан, Әбубәкір және т.б. ақындардың өлеңдерінде көрініс тапқанын нақты

мысалдар арқылы дәлелдейді. Сонымен қатар ғалым исламның діни сарындарының қазақтар арасында кең таралған бірнеше туындыларын да атап көрсетеді. Мысалы, «Сал сал», «Зарқұм», «Мәлік аждар», «Тотынама», «Қырық уәзір», «Шахнама», «Мың бір түн», «Жүсіп-Зылиха» және т.б.

ҮІІ ғасырда дүниеге таралған ислам діні өзімен бірге ұлы өркениет пен тың мәдениет әкелді. Осы имани сенімді қабылдаған халықтардың әдебиетінде жаңа бағыт, тың серпіліс пайда болды. Мұсылмандықты қабылдаған түркі халықтарының әдебиетінде Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк», Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік», Ахмет Йүгінекидің «Ақиқат сыйы», Сүлеймен Бақырғанидың «Ақыр заман кітабы», Бурхануддин Рабғұзидің «Қиссасул әнбия», Сейф Сараидың «Гүлістан бит-түрки», Құтыбтың «Құсырау уа Шырын», Хусам Катибтің «Жұмжұма сұлтан», Махмұд бин Ғалидің «Нахжұл Фарadis» секілді әдеби жәдігерлері пайда болды.

Тәуелсіздік кезенге дейін қазақ әдебиеті тарихында орта ғасырлық әдеби жәдігерлер ислами тұрғыдан арнайы зерттелмеген. А.Байтұрсынұлы, М.Әуезов, Х.Досмұхамедұлының жоғарыда аталған зерттеулерінде діни шығармалардың жанрлық ерекшеліктері сөз болады. Орта ғасырдағы қазақ даласындағы ислами әдебиеттің тууын, генезисі мен көркемдік ерекшеліктерін зерттеп, жүйелеген ғалым Т.Қыдыр *«Орта ғасырдағы (XI-XII ғғ.) қазақ даласында ислами әдебиеттің тууы және қалыптасуы»* (2005) атты зерттеуінде орта ғасырда ислам дінінің аясында дүниеге келген ислами әдебиеттің төрт бағытта өрбігенін жазады: «1. Дәстүрлі ислами әдебиет; 2. Ислами астар алған әдебиет; 3. Сопылық әдебиет; 4. Сопылық астар

алған әдебиет» [100. 15].

Т.Қыдыр өзіне дейінгі ғылыми еңбектерді сараптай отырып, жаңа тұжырымдар түйіндейді. Ғалымның келесі теориялық қағидалары жаңа болып табылады. Зерттеудің басты мақсаты ислами әдебиеттің арғы бастауларын анықтау, поэтикалық қуатын көрсету. Зерттеуші төмендегідей мәселелерді қарастыру міндеттерін алға қойған: «орта ғасырлық шығармалардың поэтикалық негіздерін сұрыптап, оның ислам құндылықтарымен байланысын және түркі даласындағы таралу тарихын жинақтай отырып шолу; қазақтың ислами әдебиетінің арғы бастауларын анықтау; ислами әдебиеттің негізгі бағытын пайымдау; қарахандықтар билігі мен Алтын орда тұсында дүниеге келген әдеби шығармаларды ислами тұрғыдан саралау; орта ғасырлық түркі әдебиетіндегі Құран аяттарының көрініс табуын зерттеу; ислам дінінің әдебиеттің дамуына тигізген әсерін ғылыми жолмен түсіндіру; сопылық әдебиетте тұспалдап, астарлап берілетін діни ұғымдардың сырын ашу; Хаққа ғашық ақындар – Иасауи мен оның шәкірті Бақырғани шығармаларындағы жанр мен өлең құрылыстарын анықтау» [100. 10].

Ислами астар алған әдебиеттің негізгі тақырыбы – дінді көркем сөзбен үгіттеу, насихаттау. Мұнда ислами құндылықтар, тәлім-тәрбие, имандылық негіздері сөз болады. Ислами әдебиеттің кайнар көзі Құран мен хадис болып табылады.

Тәуелсіздік кезеңінде ислами әдебиетті зерттеу жұмыстары жалғасын тауып келеді. Атап айтқанда, С.Бермағамбетовтің «Діни ағартушылық және Кердері Әбубәкірұлының мұрасы» (1995), А.Жақсылықовтың «Образы мотивы и идеи с религиозной содержанием в произведениях

казахской литературы» (1999), У.Қалижановтың «Қазақ әдебиетіндегі діни ағартушылық ағым» (1999), М.Әбіловтің «Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жыраулары поэзиясындағы діни-ағартушылық ағым (XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы)» (2001), Қ.Әлқожаевтың «Абай эстетикасы және Ислам» (2008) атты зерттеу еңбектерінде жан-жақты қарастырылады. Ғалым А.Жаксылықовтың еңбегінде ислами әдебиет шолу тұрғысынан қарастырылса, У.Қалижанов, Қ.Әлқожаев, М.Әбілов XIX-XX ғасырдағы әдебиет өкілдерін ғана зерттеу нысанына алады.

А.Байтұрсынұлы келесі кезекте жазу әдебиетін, оның тегінен таратып қарайтынын ескертеді: «Жазу әдебиетіне басқа жұрт үлгісі қатысқандықтан, біз де жазу әдебиет шығармаларын – діндәр дәуірдегі болсын, ділмәр дәуірдегі болсын – ауыз әдебиетінше тұтыну орындарына қарай бөлмей, айтылу орнына қарай бөлеміз» [З. 307]. Ғалымның «айтылу орнына қарай» деуінің мәні жазба әдебиетінің ең негізгі спецификасына бойлайды яғни сөз өнерінің ертеқ (әңгіме) (эпикалық), толғау (лирикалық), айтыс-тартыс (драмалық) сияқты баяндау ерекшеліктеріне негізделеді.

«Әдебиет танытқышта» асыл сөздің әлемдік мәдениетке тән белгілері қазақтың әдебиетіне негіздеп, ұлттық рухқа сай жүйелі түрде түсіндірілген. Осыған байланысты зерттеуде дүниежүзілік әдебиеттанулық ғылымға қатысты салыстырулары да кездеседі: «Қазақ әдебиетінің діндар дәуірі де, ділмәр дәуірі де халық әдебиетін дамытып, күшейтуден туған дәуірлер емес, басқа жұрттардың әдебиетінің әсерінен туған дәуірлер. Діндар дәуір әдебиетіміз араб, парсы әдебиетінен (Шығыс әдебиеті – О.А.) үлгі алып, соларға еліктегеннен

пайда болған. Ділмар дәуір орыс әдебиетінен өнеге көріп, үлгі алып, соған еліктеуден пайда болған» [3. 307], – дейді ғалым.

Бір жұрттың екінші жұрттан үлгі алуы мен ұқсастығы әлемдік әдебиетте бұрыннан бар құбылыс. Осы ретте А.Байтұрсынұлы асыл сөздің әлемдік мәдениетке тән қасиеттерін қазақ әдебиетіне қатысты нақтылайды: «... әдебиеттің түп үлгісі грек жұртынан алынған. Грек әдебиетінен үлгіні Рум (Рим – О.А.) алған, Европадағы басқа жұрттар алған. Біздің орыс та әдебиет үлгісін осы Европадан алып отыр, біз орыстан алып отырмыз [3. 307], – деп түйіндейді.

«Біздің қазақ Еуропа әдебиетінен үлгі алмай, әдебиетін өз бетімен жетілдіргенде, қазақ айтыс өлендері алаңға түсе-түсе барып, алаң алданышына айналып, айтыс-тартыс түрге түсетіні даусыз еді. Үлгіні өзге жұрттан алғандықтан, алаң әдебиеті бізде төтеннен шығып қалды». Бүгінгі әдебиеттанудағы «сенкретизм», «типология», «әдебиеттердің қарым-қатынасы», «сюжеттердің ұқсастығы» деген мәселелер туралы «Әдебиет танытқышта» А.Байтұрсынұлы былай дейді: «Жер жүзіндегі жұрттардың тіліндегі шығармалары бір-біріне көбінесе ұқсас келеді. Ондай ұқсас себебі: олар шыққан заманда халықтың бәрінің бір ананың қолында өскен балалар сияқты көрінгені, өнегесі, үлгісі бір болған».

А.Байтұрсынұлының пайымдауынша, көркемдік заңдылығы біреу ғана және ол барлық тілдегі әдебиеттерге ортақ. Демек, «адамның жан қолтау керегінен шыққан» әдебиет – «асыл сөз». Сондықтан, «Сөздің асыл болатын сырын білген адам сөзді сынай біледі». Өйткені: «Жүйірік аттың белгілі сипаттары сияқты асыл сөзде де белгілі сипаттар болады. Сөз сол

сипаттарын дұрыс көрсетумен асыл болып шығады». Әдеби стиль, даралық стиль көркемдік шеберлік категорияларын ғалым осылай танытады

Жазу әдебиетке басқа жұрттардың үлгісі катысқандықтан А.Байтұрсынұлы діни дәуір әдебиетінің барлық шығармаларын «*айтылу орнына қарай*» бөледі. Алаш ғалымы әдебиетті діншілдігі жағынан айырылатынын және ауыз әдебиет түріне түр қосып жарытпағанын жазып, оның жанрларына кисса, хикаят (мысал), насихат (үгіт), мінажат, мақтау, дағтау, айтыс, толғау (намысыяки соғыс толғау, марқайыс толғау), термені жатқызады. Совет кезінде өшірілген мінәжат жанры туралы мәлімет «Әдебиет танытқышында» ғана кездеседі. Бұлар қазіргі ғылымға қажетті әдеби талдаулардың үлгісі болып табылады.

Сонымен бірге ғалым әр жанрға жеке-жеке тоқталып, мысалдар келтіріп, сыр-сипатын көрсетеді. Орта ғасырдағы діни шығармаларда көбінесе пайғамбарлар мен сахабалар өмірі жырланады. Ақындар өлеңдерін аят оқитын адамша ағузу мен бисмилла сөзінен бастаған.

Мысалы:

*Әуелі бисмилла деп сөз басталық,
Алланың хақ жолынан адспалық,
Жолы деп шаригаттың гамал қылса,
Иншалла, сол уақытта азбас халық.*

*Әуелі ағузу билла бастағаным,
Жарамас Хақтың есімін тастағаным.*

*Атамыз Адам Пайғамбар
Топырақтан жаралған.
Мұсылман, кәпір, халайық*

Сол адамнан таралды.

Ғалым «*Жазу әдебиеттің*» шығармаларын яғни діндар дәуірдікін де, ділмар дәуірдікін де айтылу орнына қарай 3-ке бөліп қарастырады. 1. *Ертек* (әңгіме), 2. *Толғау*, 3. *Айтыс-тартыс* [3. 307]. Ал, «*Жазу әдебиетінің*» ертек түрінің өзін іштей: а). *Ауыз ертек*; ә). *Ертек жыр*; б). *Тарихи жыр*; в). *Мысалдар* деп бөледі. Сонымен бірге *Толғау* табына кіретін ауыз толғау, жоқтау сияқты көңіл күйінен шығатын сөздер. Сөз соңында ғалым мына жайды да ескертіп өтеді: «*Айтыс-тартыс* табына кіретін сөздер түрі ауыз әдебиетте жоқ; ашып айтқанда ауыз әдебиетте айтыс-тартыс түріндегі сөздердің ауыз әдебиетте айтысы бар да, тартысы жоқ» [3. 307].

«*Сындар дәуір*» – қазақ әдебиетінің сынды болған яғни сын арқылы шығып, әдеміленген мағыналы сөз. Бір мағынасы сыны бар, екінші мағынасы мінсіз, толғаулы, сипатты» [3. 323] болады.

«*Сындар дәуірге*» дейін қазақ ақындары да, акын сөзін тыңдайтын әлеуметі де сөз несімен асыл болатынын білмеген, сөз бағасын көтере алмай, нарқын кеміткен [3. 324], – дейді автор.

«... қазақ ақындарының өздерінің де, сөздерінің де міндері, кемшіліктері, жаман әдеттері өнерпаз Европа жұртының сындар әдебиетін көргеннен кейін байқалып көзге түскен ... түзелушілер шыға бастаған» [3. 324], – дейді. Ғалым «*Сындар дәуірдің*» басын Абай сөздерінен бастайды әрі қазақ әдебиетінің дамуына әсері күшті болған Абай шығармалары екенін кесіп айтады. Айтушының да, тыңдаушының да сөзді талғайтын дәрежеге жеткенін баса айтады. Абайдың сөзге талғау кіргізгенін, әдебиеттің басты-басты сипатын анықтаған «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» атты өлеңін

мысалға ала отырып көрсетеді. Ахмет Байтұрсынұлы жана әдебиет тудыруға талғамның, өнегенің, үлгінің, ықпалдың ролін айта келіп: «Қазақтың сындар дәуір әдебиеті Европа үлгісімен келе жатыр және сол бетімен баратындығы да байқалады. Европа әдебиетіндегі сөз түрлері бізде әлі түгенделіп жеткен жоқ, бірақ қазір болмағанымен ілгеріде болуға ықтимал. Сондықтан сындар дәуірдегі сөз түрлерін жүйелеп, тәртіптегенде Европа әдебиетінің бізге келіп жетпеген түрлерін де өзіне тиісті орындарында атап өтеміз» [3. 325] деп тұжырымдайды.

Автор «Сындар дәуірдің» әдеби шығармаларының дарынды сөздерін айтылуы бойынша жанрлық түрлерге (үшке) бөліп талдайды. Олар: 1) *Әуезе* табы яғни ертегі жыр (эпостық жыр), тарихи жыр, әуезе жыр, ұлы әңгіме (роман), ұзақ сөз (повесть), аңыз өлең және әңгіме, көңілді сөз (анекдот – О.А.), мысал, ұсақ әңгімелер деп бөледі.

2) *Толғау* табы яғни сап толғау; маркайыс; налыс (мұнайыс); намыстаныс; сұқтаныс; ойламалдау; Ал, «*ойламалдау*» іштей сөгіс толғауы яки даттау; күліс толғауы яки күлкілеу – мазақ (юмор – О.А.); мысқыл (сарказм – О.А.); кулық – сықақ (сатира – О.А.), әзіл (шутка – О.А.) масқаралауға бөлінеді.

3) *Айтыс-тартыс* яғни айтыс сөз және тартыс сөз. «*Тартыс сөз*» мерт яки електекті тартыс (трагедия); сергелдең яки азапты тартыс (драма); арамтер яки әурешілік (комедия). Бұлар бүгінгі әдебиеттану тұрғысынан қарағанда – *эпос, лирика, драма*.

Мысалы, лириканы – *толғау* деп алып, осы әдеби тектің қыр-сырын ерекше тиянақты талдап, терең пікірлер тұжырымдап, сұлулық, көркемдік, әсемдік, шеберлік табиғатына қатысты ойларын жеткізеді.

Ықшамдап, жинақтап айтқанда ғалым лирикаға (толғауға) мынадай шарттар қояды: « ... айтатын нәрсесін толғаушы ішкергі ғаламнан алады; ішкергі ғаламында болған халдарды, нәрселерді тысқа шығарып, басқаларға білдіру мақсатпен толғайды. *Толғау* – іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі» [3. 261].

А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышта» «сөйлеу жанрларының» және «дарынды сөздердің» стильдік ерекшелігін қалай қарастырды? деген сауалға ғалым А.Ісімақова А.Байтұрсынұлы мен М.М.Бахтин еңбектерін салыстыра отырып, жауап береді: « ... и мысли в толғау лаконичны, емки, что соответствовало и композиции толғау. Толғау часто сконструирован так, что он открыт последующему продолжению. ... А.Байтұрсынұв также именно с иерархических позиций анализирует в толғау фигуру жырау, в айтысе – полемику двух точек зрения, часто противоположных, но выражающих точку зрения «говорящего человека» (термин введен М.Бахтиным)» [73. 147].

Зерттеуші «Сөйлеу жанрларының» ішінен роман жанрының анықтамасы мен жанрдың негізгі белгілерін нақтылап береді: «Ұлы әңгіме яки роман деп тұрмыс сарынын түптеп, терең қарап, әңгімелеп, түгел түрде суреттеп көрсететін шығармаларды айтамыз» [3. 327].

Екінші, сындар дәуір туралы А.Байтұрсынұлы: «Сындар дәуір деп казак әдебиетінің сынды болған яғни сын аркылы шығып, әдеміленген мағыналы сөз, бір мағынасы сыны бар деген болады да, екінші мағынасы мінсіз, толғаулы, сипатты деген болады. Бұл сөздің мағынасының екеуі де казак әдебиетінің соңғы кездегі жаңа дәуірін дұрыс сипаттайды» [3. 323], – дейді.

Академик Р.Нұрғали «Әдебиет танытқыштың» нұсқалығы туралы мынадай болжам жасайды: «Әдебиет танытқыштың» қазір Алматыда сақталған кітаптарының соңғы беттері жыртылғандықтан, еңбектің тексті түгел берілмей отыр. Зейін салған кісі аңғарса керек, А.Байтұрсынов былай дейді: «Ұстасу шығармалар қайраткердің түріне қарай 3-ке бөлінеді: 1. әлектеніс; 2. азаптаныс; 3. әуреленіс». Осылардың біріншісі әлектеніс пен үшіншісі әуреленіс талданады, ал екіншісі азаптаныс жоқ. Сондықтан сақталған кітап бойынша болашақта «Әдебиет танытқыштың» толық текстің табу міндеті тұр. Тағы бір мәселе әртүрлі жанрлық формаларды талдап болғаннан кейін, Ахмет Байтұрсынов әр жерде бұларды нұсқалықтың пәленше номерлерінен қара деп ескертеді. Ендеше, «Әдебиет танытқыш» оқулық, оның хрестоматиясы – нұсқалығы да болған. Жоқ. Қазіргі дерек бойынша ол жарияланбаған секілді. Әлде қолжазба күйінде архивтің бірінде жатыр ма?! «Мәдениет тарихы» деген еңбек бітіргені белгілі – ол да жоқ. Қайда? Қысқасы, А.Байтұрсыновтың ұлы еңбегі «Әдебиет танытқыш» төңірегінде әлі де көп зерттеу жүргізу керек [37. 336]. Ия, А.Байтұрсынұлының осы аталған кітаптарын іздестіріп, табу бүгінгі әдебиеттанудың өзекті мәселесі болып табылады.

А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышта» асыл сөздің әлемдік мәдениетке тән белгілерін қазақтың әдебиетіне негіздеп, ұлттық рухқа сай жүйелі түрде түсіндіре білді. Осыған байланысты зерттеуде дүниежүзілік әдебиеттанулық ғылымға қатысты салыстырулары да кездеседі. « ... жұрттағы жаман әдет басқа жұрттың жақсы әдетін көргеннен кейін білінеді ... өнерпаз Европа жұртының сындар әдебиетін көргеннен кейін байқалып

көзге түскен. Сонан кейін ғана Еуропа әдебиетінен тұқым алып, қазақ әдебиетінің сүйегін асылдандырып, тұлғасын түзеушілер шыға бастаған. Қазақ әдебиетінің асылдануына әсіресе әсері күшті болған Абай сөздері. ... қазақ әдебиетінің сындар дәуірі Абай сөздерінен басталады» [3. 324], – дейді.

А.Байтұрсынұлы дүниежүзілік әдебиетте, оның ішінде орыс әдебиетінде болған және болып жатқан жаңалықтардың бәрін дерлік жете білген және оның өзін практикалық ісінде қолданып, насихаттап отырған. Автор өзінің ғылыми ой-пікір, тұжырымдарын шашыратпай, белгілі бір арнаға бағыттап, жинақтап, терең талдай білді. Ғалымдық тұлғасының өзіне тән осындай ерекшелігіне оның көсемсөздігі (публицист), қаламының ұшқырлығы, жазушылық дарынының нәрлілігі, аудармашылық қабілетінің сан-салалығы айрықша ажар береді. Орыс, қазақ, татар тілінде қалам тербеп, ойын да, көркемдік сезімін де жеткізе білетін ғалымның еңбектері қуатты дарынның әр қырын танытқандай. Ғалымның қазақ мәдениетіне, әдебиетіне, тіліне сіңірген еңбегінің сүбелісі де, іргелісі де қазақ әдебиеттану ғылымы саласында.

III-БӨЛІМ



**«ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШ»:
ПӘН СӨЗДЕР ЖҮЙЕСІ**



3.1. «Әдебиет танытқыштағы» пән сөздері

Тәуелсіздік алған уақыттан бері қарай Ахмет Байтұрсынұлының әдеби, ғылыми және шығармашылық мұрасы әдебиеттанушылардан басқа журналист, заңгер, педагог (педагогика саласы бойынша), тарихшы, тілші ғалымдар тарапынан да жан-жақты зерттелініп келеді. Ғалым қазақ тілінің ғылыми пән ретінде өзінің төл атауларын яғни ереже, қағидаларын қалыптастыруға, ұлттық ғылымның дамуына өлшеусіз үлес қосты. «Әдебиет танытқыш» тұңғыш ғылыми зерттеу еңбек ретінде өз кезеңінде әдеби-теориялық білімдер жүйесінің қалыптасуына өзіндік ықпал етіп қана қоймай, қазақ әдебиеттану ғылымының тууына да негіз болды. Қазақ терминологиясын ғылыми деңгейде (әр ғылым саласы бойынша) қалыптастыру үрдісі ХХ ғасыр басында Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Алаш ғалымдарының араласуымен бір жүйеге түсе бастады.

Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» (1926), Х.Досмұхамедұлының «Қазақ халық әдебиеті» (1928), М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы» (1927) атты зерттеулері қазақ әдебиетінің тарихын, қалыптасуын, теориялық негіздерін сонау ХХ ғасырдың басында қазақ тіліндегі пән сөздері арқылы зерттелгендігін Алаштанушы ғалым А.Ісімақова «Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттану» (2016) атты монографиясында жазады: «Совет әдебиеттануы осы үш кітапсыз күн

кешкені сол ғылымның дәрежесін аңғартады. Осының нәтижесінде, біз «Әдебиетіміз қашан туған, қалай қалыптасқан, келешегіміз қандай?» деген сауалға жауап бере алмай, он ғасырлық көркем сөзі бар әдебиетті «младописьменный» деп, тек советтік тоталитарлық кезбен шектелген қазақ әдебиеттануының төл бастаулары айқындалған.

Әдебиет теориясы жоқ халық болып саналдық. Қазақ тілі мен әдебиеттануының біз бүгін қазақша пайдаланып келе жатқан басты теориялық түсініктерін А.Байтұрсынұлы анықтап бергені айтылған. Аталған үш кітап, керісінше, ұлттың көркемсөз тарихын атам заманнан бастап, дүниежүзі әдебиеті төңірегінде қазақтың асыл сөзінің ерекшеліктерін жан-жақты қарастырып берген. «Әдебиет танытқыш» деген атауда тұрған «әдебиет» деген не, оны не үшін «таныту» керек деген екі сөзде тұрған жауап – біздің бүгінгі әдебиеттанудың анықтап айта алмай келе жатқан күрделі ғылыми танымдық мәселесі болып табылды.

Қазақ халқының он ғасырлық асыл сөзі кімге қажет? Сөздің асыл болуы несімен? Әдебиеттің негізгі міндеті неде? Көркемсөздің басқадан айырмашылығы қандай? Бүгін әдебиет қажет пе? Осы сауалдардың бәріне «Әдебиет танытқышта» нақты жауаптар берілген. Қазақ неге «сөз сүйектен өтеді» деген? «Өнердің ең алды – сөз өнері деп саналады. «Өнер алды – қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз кәдірін білгендіктен айтқан», – дейді А.Байтұрсынұлы. Себебі, әдебиетшінің айтуы бойынша, сөз өнері «адамның жан қоштау керегінен шыққан. Қазақ сөз өнерінің он ғасырлық мұрасының басты құндылығы және ескірмеуінің сыры – бұл асыл

сөздің Абай сияқты «хақиқатты хақиқат қалыбында, теренді терең қылыбында жазғаны» [104. 63-64].

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ терминологиясын ғылыми дәрежеде қалыптастырудағы рөлі туралы сөз етпес бұрын «терминология» сөзінің өзіне аз-кем тоқтала кетудің қажеттілігі туындап отыр. Оның себебі, «терминология» сөзі көп мағыналы термин.

«Термин (латынша. terminus – шек, шеті, шекарасы деген мағынада) – ғылыми ұғымға айқын анықтама беретін, оның мағыналық шегін дәл көрсететін сөздер. ... ғылыми ой-пікірді дәл білдіру үшін сөздік мағынасы тұрақты, айқын болуы қажет, сондықтан термин сөздің мағыналық шегін дәл белгілеп, сөзді сол нақтылы бір мағынада ғана алып қолдану арқылы жасалады. Әдебиеттану ғылымында терминдер табиғатты зерттейтін ғылымдардағыдай немесе логика, философия сияқты қоғамдық ғылымдардағыдай әбден жүйеге түскен, толық қалыптасқан сипатта кездесе бермейді яғни термин деген ұғымның қатаң талабына сәйкес келе бермейді. Әдебиеттану ғылымында нақтылы анықтама беру, жүйелі түрде талдау, топтап-жіктеуден гөрі баяндай айту жағы басым келеді де, ғылыми ұғымның терминдік мағыналық шегін бұлжытпай, айнытпай, үнемі дәл сақтап отыруға сондайлық мән беріле қоймайды», – дейді З.Ахметов пән сөздерге берген анықтамасында [24. 325-326].

Қазіргі таңда қоғамда болып жатқан саяси-әлеуметтік мәні бар өзгерістер ұлттық жаңаруға жол ашып отыр. Ол жылдар бойы қатталып, қалыптасып қалған ұғым, түсініктерді, идеологияны түбірімен өзгертіп, ғылым мәселелеріне, оның ішінде терминология саласына да қатысты жаңаша көзқарасты талап етуде.

Тіл мәселесін, оның ішінде пән сөздерді біріздендіру, оны қолдануда кездесетін жарыспалылық құбылысын нақтылап, шешудің жолдарын анықтаудың маңызы зор. Осындай мәні, маңызы бар мәселелерді көтерген республикалық дәрежедегі ғылыми-теориялық, практикалық конференциялар өтіп жатыр.

Ахмет Байтұрсынұлы тұңғыш рет қазақ тілінде ғылыми-теориялық пән сөздердің жүйесін тіл білімі саласында жасай отырып, қазақ әдеби тілінің тазалығына да қатты көңіл бөлді. Қазақ тілінің табиғатын ашатын алғашқы пән сөздер мен ұғымдар жүйесі «Оқу құралы» және «Тіл құралынан» бастау алады. Ғалым: «...Жұртқа ғылым үйретумен, көрумен, білумен жайылады. Білімнің бас құралы – кітап. Қазақ арасына білім тарататын кітаптар керек. Осы мақсатқа жетуге зор себепкер болатын істің бірі – білімі жарысы» деп өзі жазғандай ұлтты тәрбиелейтін оқу құралы мен білімге аса мән беріп, биік талап пен талғам үдесінен шығуды мақсат етті.

Аталған кітаптардағы грамматикалық пән сөздер яғни *буын, дыбыс, үтір, дауысты дыбыс, жарты дауысты дыбыс, жіңішкелік белгісі, зат есім, сын есім, үстеу, қосымша, жұрнақ пен жалғау, бастауыш пен баяндауыш, септік, шылау* және тағы басқаларын түзумен қатар, сол ғылыми ұғымдарға ат қоя білген. Ғылыми ұғымдарға ат қою оңай іс емес, табандылықты, көп жұмысты талап етеді. Ұлт ұстазының ғылыми айналымға ендірген қазақ тілінің ұғымдары, анықтамалары мен пән сөздері бүгінгі қазақ тілтану мен әдебиеттану саласының қайсысында болса да ерекше сипатқа ие.

А.Байтұрсынұлының ресми түрде ақталған алғашқы

жылында тілші ғалым Өмірзақ Айтбаев «Қазақ терминологиясының атасы» (1989) атты ғылыми мақаласын жариялады. Ғалымның пән сөздерді жасаудағы еңбегін бағалай отырып, автор былай дейді: «... Ахмет Байтұрсынов «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеттерінің беттерінде араб емлесіне лайықтап икемделген жаңа нұсқа туралы жұртшылыққа түсіндіріп мақалалар жазады. Ол жасаған жаңа жазу үлгісі ел көңіліне бірден жетеді де, қабылданады. ... қазақ ұғымына әлі жат, бірақ тіліміздің кейбір ішкі жүйесін түсіндіруге қажет кейбір сөздерді жаңаша қолдана бастайды. Олар: дыбыс, әріп, емле, ноқат (нүкте), буын, әліппе, сөз басы, сөз аяғы, дауысты дыбыстар, дәйекші сөздер. Бұлар қазақ тілінде бұрыннан бар болғанмен белгілі бір ғылыми ұғым есебінде нақты атауға иелік жасап отыруы тұңғыш рет» [105. 8].

Қазақ тілі мен әдебиетіне қатысты пән сөздерді алғашқы мақала, пікірлерінде бастаған А.Байтұрсынұлы ұстанған ең басты принцип – пән сөздерді (термин) жүйелеуде ұлттық тіліміздің өз мүмкіндігін барынша сарқа пайдалану. Осылай ғалым пән сөздерді жасауда да белгілі талаптарды қоя білді. Ол талаптары мынадай:

1) ескірген сөздерді яғни архаизм сөздерді ретіне қарай қолдану;

2) өз тілінде бар сөздің орнына басқа жұрттан сөз алумен яғни шет сөздерден қашу;

3) қазақ тілінің бай мүмкіндігін пайдалана отырып, ұғымның мәнін ашатын жаңа «пән сөздер» (ғылыми термин – О.А.) ойлап табу керек.

«... Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт өз тілінде жоқ деп мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін

араластыра-араластыра ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылыми кітаптарын казак тіліне аударғанда, пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек» [2. 165-166.] деген талабын өзі нақты іске асыра білді.

Көрнекті алаштанушы ғалым А.Ісімақова «Әдебиет танытқышты» әлем әдебиеттануы контексінде қарастырып, келесі тұжырымын айтады: «Л.Гинзбургтің лириканы: «Адамның ішкі әлемінің күйі», – деуіне риза болушы едім. Ал А.Байтұрсынұлының лириканы: «Жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі», – дегені қандай дәл және нақты. Л.Гинзбург пен М.Бахтин: «Әдебиет – адамның жаны, оның ішкі әлемінің өзгеруі, санасының көркем бейнеленуі», – десе, А.Байтұрсынұлы: «Әдебиет – асыл сөз – адамның жан қосшауының қажетінен туған» – дейді. Асыл сөздің үлгілісі өмірдің ғибратты болуын алға тартатыны дей келе Х.Досмұхамедұлы: – «Әдебиет – халықтың түрлі қимылдарының айнасы», – дейді. М.М.Бахтин: «Әдебиет – адамның істері, қылықтарының табиғатын, себебін танытатын өнер түрі» десе, А.Байтұрсынұлы: «Асыл сөз адам санасының үш негізіне тіреледі – ақылға, қиялға, көңілге», – дейді. Себебі, «ақыл ісі – аңдау яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау; қиял ісі – меңзеу яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түю, талғау» (2: 168). Осы тұрғыдан қарағанда, А.Байтұрсынұлы, М.Бахтин, Х.Досмұхамедұлы үшін, әдебиет – адамзаттың мәңгілік сауалдарына жауап іздеуші ілім.

Алаш әдебиеттануының жоғарыда аталған Ресей теоретиктерінің еңбектерімен үндес болуы, олардың әдебиеттану ғылымының негізі – классикалық үлгідегі зерттеулер болғандықтан. Совет кезінде тыйым салынған ғылыми мұра ХХІ ғасырдағы әдебиеттану ғылымының негізгі ұстанымы болып қала бермек. Себебі, бұлар асыл сөз теориясын, оның зерттеу амалдары мен тәсілдерін ұлттық төл контексте айғақтап берген. Алаш ардақтылары еңбектерінің бүгінгі тәуелсіз әдебиеттану ғылымының басты темірқазығы болуының да сыры осында жатыр» [104. 65-66].

Қазақ тілі мен әдебиеттану ғылымына қатысты ұғымдарды, сонымен бірге сан алуан жанрлық түрлерді сипаттайтын ұғым-атауларды орнықтыруға айрықша бағалы еңбек сіңірген тағы да – Ахмет Байтұрсынұлы. «Әдебиет танытқышта» сөз өнеріне, халық поэзиясына, жалпы әдебиетке қатысты ұлттық сипаттағы көптеген пән сөздерді орнықтырып, алғаш рет жүйелеп берді. А.Байтұрсынұлының қазақ әдебиеттануы мен тіл ғылымын дамытудағы еңбегі туралы әдебиеттанушы ғалым Ш.Елеуенов «Жаңа жолдан» (1986) атты зерттеуінде: «...А.Байтұрсынұлы терминология саласында ізденуде айрықша талант көрсеткен. Ол келсе келсін, келмесе қойсын деп төтеннен бір сөз ойлап таппайды. Жаңа термин жасағанда қазақ тілінің сол ұғымға байланысты табиғи түсініктерінен қарайластырады. Мысалы, архитектураны «сәулет» деп аударады. ... сөйтіп, ол «сәулет» деген сөзді қазақ тілінде баяғыдан қалыптасқан тұрақты тіркестен алып отыр. Осы ретпен ... скульптураға, музыкаға да балама тапқан. Өнер тарауларының Ахаң туғызған бірсыпыра термині тілімізге сіңісіп те кеткен. Кейбірі интернационалдық

атаумен аталып жүр»[106. 105], – деп жазады.

Асыл сөз өнерінің ішкі болмысынан туған «Әдебиет танытқыштағы» пән сөздердің өміршең баламалар екендігі туралы әдебиеттанушы А.Ісімақова: « ... белгілі әдебиет пән сөздерінің қазақша баламасы көңілге қонымды әрі сәтті түрде қолданысқа енгізілген. Әр категория өзінің логикалық дамуы, қалыптасқан жүйесі бар түсінік ретінде айқындалады. ... әр тұжырымның ішкі заңдылықтары ашылып, парадигма ретінде дәлелденеді» [3. 14], – дейді

Пән сөздердің күнделікті өмірде араласпайтын саласы жоқ, күнделікті өзара қарым-қатынас құралына да айнала бастағанын байқап жүрміз. Осы орайда пән сөздердің анықтамасына, оның мәніне, жасалу принципіне келгенде әр алуан пікір, түсініктер бар. Термин жайында бүкіл түркология, оның ішінде қазақ тіл білімін, сондай-ақ, орыс лингвистикасын зерттеушілер де біраз пікір өрбіткен. XX ғасырдың басында қазақ ғалымы Құдайберген Жұбанов «Термин сөздердің спецификасы жөнінде» [107] Мемлекеттік термин комиссиясы Бюллетенінің 1935 жылғы № 3-санында пән сөздердің мәні мен мазмұны, ғылым, білім игеруде жасайтын септігі жайында ғылыми еңбектер жазған.

Қ.Жұбанов пән сөздердің өзіндік өзгешелік сипатын анықтау барысында олардың терминдік мағынасына емес, лексикалық мағынасына назар аудару керектігін бірінші орынға қойып, оған өзі аса мән береді. Мысалы, аударуға келмейтін терминдердің аударылуын (психология – жан жүйесі, коммунист – ортақшыл, геометрия – пішіндеме) қате деп санайды.

« ... Белгілі бір ұғымдарды білдіретін қарақшылы сөздер болады, ол сөздерді әлгіндей ұғымдарға – ғылым

жолы қандай сатыда тұрса, міне осыны теліп отырады. Сонымен қатар термин сөзінің» терминдік ұғымы мен күнделікті тіршілікте қолданылатын жай сөздік мағынасы басқа болуы да мүмкін» [108. 349], – дейді Қ.Жұбанов.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақ тілінде термин сипатты, дербес мағыналы сөздердің арнайы жасалып, кең түрде қолданыла бастауы, тұрақты түрде жазыла бастауы ерекше көрініс берді. Осы кезде қазақ тілінде «Айқап», «Дала уалаятының газеті», «Қазақ» газеті сияқты мерзімдік, әдеби басылымдар мен шығармалар, алғашқы оқу құралдары, бір және екі тілдік сөздіктер, іс қағаздары басқа да қатынастық хат-хабарлардың көбеюіне негізделеді. Бұл тұста ешкім арнайы түрде сала атауларын түзіп, түгендеумен айналыспағанымен, жұрттың түрлі мақала, еңбек жазуы барысында, тілдің сөзжасамдық тәсілдері негізінде сөз тудыру, сөздерді күрделендіре қолдану істері қағазға түсіп, жаңаша қарқынмен дамыды.

XX ғасыр басында ғылыммен айналысқан Алаш қайраткерлері мен зиялыларының бәрі де мүмкіндігінше ғылыми ұғым-атауларды қазақшалап, ұлттық тіл табиғатының бұзылмауына аса мән беріп, қатты көңіл бөлген. Мысалы: Н.Құлжанова «Мектепке дейінгі тәрбие» (1923), «Ана мен бала» (1927), М.Жұмабаев «Педагогика» (1927), Ж.Аймауытұлы «Тәрбиеге жетекші» (1924), «Психология» (1926), «Жан жүйесі және өнертаңдауы» (1926), «Комплексті оқыту жолдары» (1929), «Жаңа ауыл» (1930), Х.Досмұхамедұлы «Табиғат тану» (1922), «Оқушылардың саулығын сақтау» (1925), «Адамның тән тірлігі» (1927), «Жануарлар» (1928), «Қазақ халық әдебиеті» (1928) зерттеулерінде пән сөздерін қазақ ұғымына лайықтап жазды.

Халқының рухани жан саулығы мен тән саулығының дәрігері бола білген ғалым Х.Досмұхамедұлы кітаптарында қазақтың «ғылыми әдебиетін (ғылыми терминдерін)» қалыптастыруға сүбелі үлесін қосты. Ғылыми атауларды мүмкіндігінше қазақшалап, тіл табиғатының бұзылмауын қадағалаған ғалым Х.Досмұхамедұлының « ... қазақ тілінде бұған дейін Ахметтің «Тіл құралынан» басқа ешбір ғылым жайында жазылған кітап болмады» [109. 23] деп жазғаны – Ахмет Байтұрсынұлын қазақ ғылыми «пән сөздерінің» (терминологиясының) негізін салушы екенін дәлелдейді.

Осындай бағытты ұстанған ақын Мағжан Жұмабаев та «Педагогика» атты зерттеу еңбегінде пән сөздерінің қазақша ұтымды атауларын табудың қиындығы туралы жазады: « ... бізде бұрын жасалған пән тілі болмағандықтан, түрлі терминдерге тап басқандай қазақша сөз табу көп күшке тиді. Жиһан тілі боп кеткен шет сөздерді қазақшаға аударам деп азаптануды тиісті таппадым» [110. 127].

Жүсіпбек Аймауытұлының «Психологиясы» қазіргі таңда сала мамандары пайдаланып келе жатқан бірден бір ғылыми оқу құралы болып табылады. Ғалымның пікірі мынадай: «Қарапайым адамға жұмбақ сықылды көрінетін талай нәрселер психологияда қаралады. «Жан» деген не? «Сана» деген не? Дін, Құдай, адамгершілік, әділдік, ізгілік, жауыздық, әдет, салт, мінез, түс көру сияқты мәселелер психологияда ашылады. Қарапайым адамның ақылы, ойы жетпей жүрген сағым тәрізді көрінген нәрселер осы кітапта қаралады, себептері, сырлары айқындалады. Бұлардан хабарлы болу, ақыл-ойына ерік беру кімге

де болса керек-ті» [111. 8]. Кітапта сол кездегі Джеймс, Мюстенберг, Штерн, Блонский, Бехтерев, т.б. ғалымдардың зерттеу еңбектерін дәлел ретінде пайдаланған. Ж.Аймауытұлының оқулықтарында сол кезде жаңадан енгізген психологияға қатысты пән сөздері де арнайы зерттеуді қажет етеді.

Ғылыми еңбектерде пән сөздеріне берілген анықтамалар өте көп. Қазақ тіліндегі пән сөздерінің қалыптасу жүйесі мен даму тарихы әртүрлі кезеңдерді басынан өткізді. Қазіргі қазақ ғылымы, терминологиясы қазақ әдеби тілінің ең күрделі бір саласы әрі оның дербес тармағын құрайды, оның өзіндік даму, қалыптасу жолдары, құрылым моделдері, тәсілдері, заңдылықтары бар.

Әр алуан ғылыми салада ғылым тілі сол пәннің ерекшелігіне сәйкес түрліше сипат алады. Мысалы, терминдер А.Байтұрсынұлынша айтсақ, пән сөздері белгілі бір ғылым саласының аясында қалыптасып, нақтылы мағына алған, сол пәннің өзіне тән ұғымды білдіруі керек.

Әдебиеттанулық пән сөздер мен атауларға қысқаша анықтама беретін бірлі-жарым сөздіктер ертеректе жарық көргенімен, оның өзі орысша терминдік сөздіктің аудармасы түрінде жасалған еді. Сондай-ақ, бұрынғы сөздіктердің қай-қайсысы да көркем әдебиеттің қоғамдық өмірмен, саясатпен ара-қатынасын ашық айтып бере алмайтын.

Пән сөздері (термин) деген сөздің әдебиеттану ғылымында алатын орны ерекше, ол кең мағынада қолданылады. Әдебиеттану саласында, әдебиет теориясында қолданылатын ең қажетті ғылыми ұғымдар мен терминдер жүйесі жүйелі түрде тұңғыш рет академик Зәки Ахметовтің құрастыруымен

«Әдебиеттану терминдерінің сөздігі» (1996, 1998) жарық көрді. Сөздіктің аңдатуында: « ... Арнаулы зерттеулер негізінде, ғылыми принциптерге сүйеніп жасалған осы «Әдебиеттану терминдерінің сөздігі» атты еңбек әдебиеттану ғылымының қазіргі деңгейін танытады, сөз өнеріне, тарихи-әдеби процеске бүгінгі көзқарасты айқындайды» [51. 3] делінген.

Әдеби пән сөздерді қалыптастыру, зерттеу мәселесі сөз қолдануға ғана қатысты мәселе емес, әдебиеттану саласындағы ғылыми ұғым-түсініктердің мағынасын тереңірек айқындай түсіп, олардың тұтас жүйесін анықтап, жіктеу, топтау тәсілдерін жетілдіру мақсатымен де тығыз байланысты. Пән сөздерді қалыптастырудағы ғалым ұстанған ең негізгі талабы: ұлттық, қоғамдық, әлеуметтік мүдде тұрғысынан қойылатын талаптарға сай болу керектігі.

Қазақ әдебиеттану ғылымына Ахмет Байтұрсынұлы енгізген пән сөздері өз алдына бірнеше сала болып қалыптасты. Солардың ішінен ғалымның «Әдебиет танытқыш» кітабында бар, ғылыми тілімізде орныққан пән сөздерді атасақ та болады. «Әдебиет танытқышта» ғалым әдебиеттануға қатысты 500-ден астам пән сөздерін енгізіп, қалыптастырды. Автордың ғылыми ұстанымы, қазіргі тәуелсіз қазақ әдебиеттануының теориялық талаптарына толық жауап береді. Сонымен қатар асыл сөз өнерінің теориясына қатысты: «*ана тілі*», «*аңдату*», «*аңдау*», «*асыл сөз*», «*әдебиет танытқыш*», «*әдеби тіл*», «*бастары*», «*тірнек өнері*», «*көрнек өнері*», «*жаратынды нәрсе*», «*жасалынды нәрсе*», «*сөз өнерінің ғылымы*», «*сөз әуезділігі*», «*сөйлеу әуезділігі*», «*лұғат*», «*тіл қисыны*», «*сөйлеу түрлері*», «*қорыту*», «*мазмұндау*», «*арнау*», «*шумақ*», «*өрнекті*

сөйлем», «өлеңді сөйлем», «құрмалас сөйлем», «сөз талғау», «кітаби тіл», «тіл көрнекілігі», т.б. қазақ тілінде тұнғыш рет ұсынылған пән сөздер жүйесі әлемдік әдебиеттануда қалыптасқан ғылыми-теориялық тұжырымдармен толық сай келеді.

Бұлардың аса мәнді сөздер екенін ағай отырып, А.Байтұрсынұлы осы зерттеуінде қалыптастырған кейбір пән сөздердің еленбей, ескерілмей қалғанын да баса айту керек. Олардың ішінен әлі де мәнділігін сақтаған, қолдануға қолайлыларын сұрыптап алып, ғылыми тілімізге ретін тауып енгізу қажет. Мысалы, қазіргі таңда баспасөз беттерінде «публицистиканы» – «көсемсөз», «афоризмді» – «ділмәр сөз» деп атап жүрміз және осы қазақшасы ғылыми айналымға еніп те үлгерді. Негізінен бұлар да кезінде А.Байтұрсынұлы зерттеулерінде алғаш қолданылған аталымдар. Ғалым Ш.Елеуенов «Әдебиет және ұлт тағдыры» (1997) зерттеуінде пән сөздерге қатысты пікірін былай тұжырымдайды: «ойтолғақ» деп атасақ қалай болады?» [25. 215] деп көпшілік қауымға ой тастайды. Шынында да ойланатын дүние екен дегенмен, «көсемсөз» де өз орнын тауып тұр.

Әдебиеттану ғылымындағы ғылыми тілдің өзіндік өзгешелігі бар. Ол әдеби тіл үлгісін де сақтайды, көркем шығарманың тіліне де жақындау, ғылым тіліне де ортақ сипаттары болады.

Ғылыми ұғымдарды білдіретін пән сөздер мен атау сөздер дұрыс ажыратылып, рет-ретімен өз орнына қойылып, тұрақталып, қалыптасқанда ғана әрқайсысы өзіндік жаңаша мағынаға ие болып, тілдің байлығын арттыра түсері анық. Академик Ө.Айтбаев «Қазақ терминдерінің негіздері» (1977) атты зерттеуінде

термин сөзін былай анықтайды: « ... Термин дегеніміз – бір ұғымды ғана білдіретін немесе бір нәрсенің атауы сөз болып көрінуі мүмкін, ал бірақ сол ұғымның өзі мысалы, көркемөнер, ауыз әдебиеті, лирика, жыр, роман, айтыс, ақын, жыршы деген сияқты терминдердің қайсысын алсақ та жүздеген әдеби шығармаларды камтитын, не бір халықтың әдебиетіндегі үлкен бір ерекшелікті танытатын, елеулі әдеби құбылысты сипаттайтын сөз ... » [112. 6].

Тілдің, тілдік қолданыстардың өзіндік табиғатынан туындайтын жаңа, ғылымдық сипаты бар түсініктерді, ғылым аталымдарын алғаш рет қазақ тілінде атаушылар арасында да Ахмет Байтұрсынұлы айырықша көрінеді. Ұлттық тілімізде енді-енді ғана оқулықтар жазылып, арнайы түрде «пән сөздер» жасаудың балаң шағында тіл, әдебиет және өнердің басқа да салаларының атауларын түгендеп, бір сөзін де қалдырмай, ұлттық тілімізде атаған және тіл мен ғылым жүйелерін асқан шеберлікпен үйлестіре білген А.Байтұрсынұлындай сөз зергері қазақта әлі күнге дейін болған емес. Ғалым «Әдебиет танытқышта» әдебиет теориясына яғни әдебиеттануға қатысты пән сөздерді қазақша, ұлттық рухта күмбірлете сөйлетіп, ғылыми тіліміздің деңгейін сол кезде-ақ биікке көтере білді. Ғалым «пән сөздерді» ұлттық танымға жақын, түсінікті етіп және оның қызмет ету аясы негізінде тілдің бұзылмай жаңаша дамуына көп көңіл аударды.

Пән сөздер саласында жүргізіліп жатқан тілдік саясат мемлекетті нығайту, мемлекеттік сәйкестікті қалыптастыру сияқты міндеттерді жүзеге асырудағы басымдықтардың біріне айналып отыр. Жетпіс жыл бойы қазақ пән сөздерін жасауда терминологияны

халықаралық дәрежеге жеткізуді баспылыққа алып, соның нәтижесінде орыс тілінен немесе шет тілден енген сөздерден құралды. Осы жағынан келгенде ұлт тіліндегі пән сөздеріміздің үлес салмағы мардымсыз болды. Пән сөздерді бір жүйеге келтіріп алмай, бұл жұмысты нормативтік құқықтық жағынан да, ғылыми тұрғыдан да дұрыс шешімін таппаса, тілдің қоғам өмірінің түрлі салаларындағы қызметін қамтамасыз етуі мүмкін емес.

Ахмет Байтұрсынұлы қалыптастырған пән сөздердің көпшілікке етене жақын болып кетуін, табиғилығының феноменін, біздіңше танымдық негізде түсіндіруге болады. Қазіргі қазақ тіл білімінде «тіл мен ұлт біртұтас» деген қисынға сәйкес тіл табиғатын зерттеуді сол тілде сөйлеушінің танымынан тыс қарамайтын үрдіс теориялық-әдістемелік ретінде терминжасам теориясына да қолдануды қажет етеді. Тілтанушы ғалым Ж.Манкеева А.Байтұрсынұлы қалыптастырған пән сөздерінің танымдық негіздері жайында былай дейді: «... термин жасамның тілдік тетіктері субъективті факторды жоққа шығарып, объективті сипат бермек. Бұл арада танымдық негіздің ұлттық ерекшеліктерінің де (шешендік, бейнелілік, т.б.) мәні ерекше. ... Мысалы, А.Байтұрсынұлы қалыптастырған *көсемше* термині *Көсем* сөзінің қазақ танымындағы мәні белгілі. Ал, оның лингвистикалық, грамматикалық қызметіне сай мәндік сабақтастығы (психолингвистикалық философия, логика, лингвистика), дәлдігі дау тудырмайды» [113. 17].

Терминологиялық лексика – әдеби тілдің ғылым мен техника тілі ретіндегі мүмкіншілігін танытатын жетекші саланың бірі. Қазіргі кезде қазақ терминологиялық лексикасы сала-сала бойынша

қарастырылып, жан-жақты, жүйелі зерттеудің нысанына айналуға. Тілші (лингвист) ғалымдар тарапынан терминологиялық лексикаға ерекше мән беріліп, оның даму заңдылықтарын зерттеудің өзіндік себептері де бар. Пән сөздерді тудыруда, жасауда, қалыптастыруда ана тіліміздің өз мүмкіншілігіне иек артқан игі ізденістердің нәтижесі тәжірибеде жүзеге асуда. Мұндай ізденістердің тәжірибеде мықтап орын алуы яғни қазіргі пән сөздерді қалыптастыруда әр түрлі сала пән сөздердің зерттелінуі үлгі-өнеге болары сөзсіз. Ғылымның әр саласында жұмсалатын пән сөздер түбір терминдер, туынды терминдер, біріккен терминдер, күрделі (тіркес) болып жіктеледі. Сондай-ақ, кейбір пән сөздер ғылымның әр саласына, пәнаралық қатысына да байланысты қайталанып жұмсалады. Мысалы, тіл білімінде: әдеби тіл, тарихи, хабар, зат, шарт, т.б; әдебиеттануда: әдеби амал-тәсіл, тарихи жыр, мақсат, себеп, т.б; экономикада: кәсіпкер, мердігер, шарт, айналым, құн, салық, т.б.

Әрбір өркениетті елдерде ғылыми-техникалық, мәдени-экономикалық байланыстарға аса мән беріледі. Ғылым тіліндегі интернационалдық «пән сөздер» мен атаулардың көп болуы мұндай қарым-қатынасты жеңілдетеді. Біздің елде, мәселен, түркі тілдері мен орыс тіліне ортақ пән сөз мен атаулардың болуы халықтар арасындағы ғылыми-техникалық қарым-қатынастарды біршама жеңілдетіп отыр.

Қоғам дамуы арқылы тіл де дамиды, жаңа мағыналық ұғым, түсініктер пайда болады яғни дамыған, жетілген тілдің басты көрсеткіштерінің бірі – осы «пән сөздер» жүйесінің қалыптасуы. Қазіргі таңда мәдениет пен өнерге құштарлық артып, жаппай біліммен қарулану кезеңі басталды.

Ахмет Байтұрсынұлының негізгі әдебиеттанулық ұстанымы туралы ғалым Р.Нұрғали «Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры» (2002) атты зерттеу еңбегінде былай делінген: «Әдебиет танытқышта» А.Байтұрсынов әдебиеттанудың әлемдік терминологиялық стандарт деңгейіне көтеріліп, шет сөзді араластырмай, қонымды, ықшамды, бір-бірімен сабақтас, ұйқас, ұялас ұғымдардың тұтас ұлттық қазақы жүйесін жасап берді. Олардың басым көпшілігі автор репрессияға ұшырап, кітаптың тыйым салынғанына қарамастан әдеби тілге кіріп кетті. Интернационализм дегенді желеу етіп, шет тілді зорлап ендіру науқаны тұсында әдебиеттанудың да шұбарланғаны анық. Әрине қазір роман, лирика, драманы ұзақ әңгіме, толғау, айтыс-тартыс деп өзгерту мүмкін болмас, бірақ Ахмет Байтұрсынов жасаған бірталай терминдер, сөздер қолдануға сұранып тұр» [37. 35-36].

Шынында да А.Байтұрсынұлының әдебиеттану саласына енгізген пән сөздерінің бәрі де өз орнын дәл тауып, атауын дәл танытып тұрғаны анық. Бұған еш талас жоқ. Біздің санауымыз бойынша, ғалым «Әдебиет танытқышта» әдебиеттануға қатысты 500-ден аса пән сөздерін енгізіп, қалыптастырды. Ғалымның ғылыми ұстанымы, бүгінгі тәуелсіз қазақ әдебиеттануының теориялық талаптарына толық жауап береді және асыл сөз өнерінің теориясына қатысты «ана тілі», «аңдау», «аңдау», «асыл сөз», «әдебиет танытқыш», «әдеби тіл», «бастары», «тірнек өнері», «көрнек өнері», «жаратынды нәрсе», «жасалынды нәрсе», «сөз өнерінің ғылымы», «сөз әуезділігі», «сөйлеу әуезділігі», «лұғат», «тіл қисыны», «сөйлеу түрлері», «қорыту», «мазмұндау», «арнау», «шұмақ», «өрнекті сөйлем»,

«өлеңді сөйлем», «құрмалас сөйлем», «сөз талғау», «кітаби тіл», «тіл көрнекілігі», «айтушы», «айшық», «сөз табы», «шығарманың тілі», «шығарманың түрі», «шығарманың тегі», «шығарма сөз», «пұтыршы», «оралым», «буын», «бунақ», «екпін», «ырғақ», «тармақ», «өлең тақтасы», «өлең кестесі», «жорғақ», «толғау», «әуезе», «айтыс-тартыс», «шұбыртпа», «әліптеме», «әлектеніс», «әуреленіс», «азаттаныс», «шешен сөз», «билік сөз», «уағыз сөз», «ұлы әңгіме», «ұзақ әңгіме», «ұсақ әңгіме», «мысал», «насихат», «мінәжат», «қалып сөзі», «салт сөзі», «салттама», «зауықтама», «ғұрып сөзі», «ғұрыптама», «үгіт өлең», «үміт өлең», «терме», «сарындама», «ділмар сөз», «жоқтау», «жарамазан», «мінәжат», «шежіре», «жын шақыру», «дерт көшіру», «заманхат», «бата», «діндар дәуір», «сындар дәуір», «кітаби тіл», «әдеби тіл», «ертек», «ертегісімек», «намыс толғау», «марқайыс толғау», «күліс толғау», «сап толғау», «сарын», «пәнді әліптеу», «сәнді әліптеу», «жалпылай әліптеу», «ойлау оңтайы», «талдама оңтай», «терме оңтай», т.б. пән сөздерінің жүйесі әлемдік әдебиеттануда қалыптасқан ғылыми-теориялық тұжырымдармен сәйкес келеді.

«Әдебиет танытқышта» өнертану, әдебиеттану, фольклортану салалары бойынша пән сөздерінің жүйесін қалыптастырған А.Байтұрсынұлының кемеңгер білімпаздығын таныған ғалымдар Ж.Смағұлов пен Ш.Жалмаханов мынадай статистика ұсынады: «...терминдердің жасалу жолына лингвистикалық тұрғыдан қарағанда 67 термин дара тұлғада, 223 термин күрделі тұлғалы (2 сөзден 7 сөзге дейін) болып келеді. Белгілі бір сөз өнер құрылысына берілген атау, термин сол құбылыстың адам, қоғам өмірінің рухани-

әлеуметтік табиғатынан туындап жатқандықтан да (атау, терминдердің мағыналарына құбылысты телу емес) ойға оралымды, көңілге қонымды болып шыққан. Мұнда әдебиеттануға қатысты 327 термин қолданылған болса, оның 60-ы (18%) осы күнге дейін пайдаланылып жүр, 267-сі (80%) қазір қолданылмайды» [114. 26].

Жаңа атаудың термин болып тілге енуіне қойылатын қағидаттар мұнымен шектелмейді. Оның өміршендігін қамтамасыз ететін төмендегідей талаптарға жауап беру керектігін ғалым Ш.Құрманбайұлы ескертеді. Олар: 1) терминнің бір мағыналылығы; 2) термин мағынасының дәлдігі; 3) терминнің қысқалығы немесе ықшамдылығы; 4) терминнің тілдегі сөзжасам заңдылықтарына сәйкес келуі; 5) терминнің туынды сөз жасауға қолайлы болуы; 6) терминде эмоционалдылық пен экспрессиялықтың болмауы; 7) эстетикалық талаптарға сай келуі [115. 58-60]. Осындай талаптарға жауап бере алған жаңа термин ғана тілге судай сіңіп, сол тілдің заңды бір мүшесі ретінде өзіне жүктелген міндеттерін толық орындай алады.

Мемлекеттік дәрежедегі ірі қоғам қайраткері, әдебиеттанушы, лингвист, түрколог ғалым, ақын, аудармашы А.Байтұрсынұлы – ХХ ғасыр басындағы тұңғыш қазақ пән сөздерінің қағидаларын қалыптастыра отырып, түркі халықтарының терминологиясының дамуына да көңіл аударып, пән сөздер жасауда ортақ ұстаным ұстану арқылы туыстас халықтардың өзара ғылыми және рухани-мәдени байланыстарының тереңдеуін көздеген.

Соларды саралай келгенде, пән сөздер жайында айтылған ой-пікірлер негізінен мына анықтамаларға келіп ұштасатынын аңғарамыз. Пән сөздер –

маманданған ортада қабылданған және ерекше жағдайда қолданысқа түсетін арнаулы сөздер мен сөз тіркестері.

Осы пән сөздердің біразын орыс тілінің үлгісімен жасалған деген сылтаумен өзгерткісі, қолданыстан шығарып тастағысы келгендер де болды. Бұл әрекеттен ештеңе шықпады, қайта бұдан артық үлгіні қанша әрекет еткенмен жасай алмайтындарына көздері жетіп, ғалымдардың бәрі де А.Байтұрсынұлы қалыптастырған пән сөздерін негізге алуда. Қазіргі таңда мектеп пен жоғары оқу орындарында пайдаланылып келе жатқан оқулықтардағы пән сөздер жүйесі түгелімен ғалым есімімен тығыз байланысты екендігін академик Зейнолла Қабдолов [116. 151] өз еңбектерінде жазды әрі мойындады.

Мемлекеттік дәрежедегі ірі қоғам қайраткері, әдебиеттанушы, лингвист, түрколог ғалым, ақын, аудармашы А.Байтұрсынұлы – ХХ ғасыр басындағы тұңғыш қазақ пән сөздерінің қағидаларын осылай қалыптастыра отырып, түркі халықтарының терминологиясының дамуына да көңіл аударып, «пән сөздер» жасауда ортақ ұстаным ұстану арқылы туыстас халықтардың өзара ғылыми және рухани-мәдени байланыстарының тереңдеуін көздеген.

«Әдебиет танытқышта» белгілі әдебиет терминдерінің қазақша баламасы көңілге қонымды әрі сәтті түрде қолданылған. Әр категория өзінің логикалық дамуы, қалыптасқан жүйесі бар түсінік ретінде айқындалады. Мысалы: «Байымдаманың зор мүшесі төртеу: бастамасы, ұсынбасы, баяндамасы, қорытпасы». Яғни әр тұжырымның ішкі заңдылықтары ашылып, парадигма ретінде дәлелденетінін әдебиеттанушы А.Ісімақова айтып та, жазып та жүр.

«Әдебиет танытқыштағы» ғалым қалыптастырған, қолданған, енгізген пән сөздерге де репрессия жасалды. Ғалымның қазақ тілі мен әдебиет саласында орнықтырған филологиялық пән сөздерінің жүйесі де өзімен бірге репрессияға ұшырап еленбей, ескерілмей қалды. XX ғасырдың 1920-жылдары жазылған бұл еңбек авторының репрессияға ұшырауына байланысты бірқатар пән сөздер ғылыми айналымнан шығып қалғанын жоғарыда атап өттік. Ал, бірқатар пән сөздерді қасақана әдеби-ғылыми процестен алып тастады. Соның өзінде «Әдебиет танытқышпен» таныс ғалымдардың арқасында «аман қалған» филологиялық пән сөздер қазақ әдеби-ғылыми тілінің қалыптасуына белгілі дәрежеде ықпал етті.

Осы пән сөздердің біразы орыс тілінің үлгісімен жасалған деген сылтаумен өзгерткісі, қолданыстан шығарып тастағысы келгендер де болған. Бұл әрекеттен ештеңе шықпады, қайта бұдан артық үлгіні қанша әрекет еткенмен жасай алмайтындарына көздері жетіп, ғалымдардың бәрі де Ахмет Байтұрсынұлы жүйелеген пән сөздерін негізге алған. Қазіргі таңда мектеп пен жоғары оқу орындарында пайдаланылып келе жатқан оқулықтардағы пән сөздер жүйесі түгелімен ғалым есімімен тығыз байланысты.

Ғалым қалыптастырған, жүйелеген *пән сөздердің* атауларын екі тілде ұсынуды жөн көрдік. Оны төмендегі кестеден көруге болады:

**Ахмет Байтұрсынұлы
ұсынған пән сөздері**

**интернационалдық және
орысша атауы:**

азапты тартыс	драма
айқындау	эпитет
айтыс-тартыс	драма
айшықтау	фигура
ақын тілі	поэтический язык
андату	пролог
ауыз шығарма	фольклор
ауыстыру	метафора
алмастыру	метонимия
амандас сөздер	синоним
әсірелеу	литота, гипербола
әуез	музыка
әуезе	эпос
әурешілік	комедия
әдебиет	литература
әлектеніс	трагедия
әліптеме	портрет, пейзаж
әдепкі қайталау	анафора
әжуа, мысқыл	сарказм
әліптеу	описание
бас қатырғыш	головотомка
баяндау тәсілі	способ повествования
бейнелеу	символ
бернелеу	синекдоха
дамыту	градация
дидмар сөз	афоризм
егіздеу	параллелизм
ескірген сөздер	архаизм
жалқылау әдісі	анализ
жалпылау әдісі	синтез
жаңа сөздер	неологизм
жергілікті сөздер	диалект
заманхат	эссе
кейіп	тип
кейішкер	герой
кейіштеу	олицетворение
кескін	живопись
көсемсөз	публицистика
қисын	теория
қорыту	эпизод
мазмұндау	фабула
машық	стиль
ойлау	мышление
оралым	синтаксический период
пайымдау	рассуждение
пікір	высказывание
путыршы	футурист
сәулет	архитектура
сөйлестірген түр	диалог

сымбат
тіл қисыны
тиіс ғалам
түйіс ғалам
толғау
ұзақ сөз,
ұлы әңгіме
ұсақ әңгіме
шендестіру, түйістіру

скульптура
стилистика
объективный мир
субъективный мир
лирика
повесть
роман
рассказ
антитеза

шешен сөз
шығарма сөз
шығарманың тілі,
шығарманың түрі
ырғақ

ораторская речь
словесное творчество
стилистика
жанр
ритм

Ғалымның қазақ әдебиеттануында пән сөздерін қалыптастырудағы ролін және осы саладағы еңбегін жан-жақты қарастырған зерттеулер де бар. А.Байтұрсынұлы ресми түрде ақталған 28 жылдан бергі уақыт ішінде ахметтануға өзінің үлесін қосып жүрген тілші-ғалым, академиктер Р.Сыздықованың «Термин жасау – А.Байтұрсынұлы көтерген тарихи жүктің бірі» [117], Ө.Айтбайұлының «Қазақ терминологиясының атасы» (1999) [105], Ш.Құрманбайұлының «Қазақ лексикасының терминденуі» (1998) [118], «Қазақ терминологиясы дамуының кезеңдік сипаты» (2002) [119], «Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары» (2004) [120] және «Алаш және терминтану (XX ғасыр басындағы қазақ терминологиясы. 1910-1930 жылдар)» (2008) [121], С.Акаевтың «Терминнің танымдық сипаты» (2000) [122] деп аталатын зерттеу еңбектерін атауға болады.

Ахмет Байтұрсынұлы қалыптастырған пән сөздердің бәрі де (тіл білімі саласы мен әдебиеттануға қатысты) ана тіліміздің төл байлығы, өз сөздері. Ғалым соларды іске асыру барысында әртүрлі әрекеттер пайдаланды. Заттық, атаулық ұғымды білдіретін сөздерді іріктеп,

оларға (терминдік) қызмет жүктеді. Күні бүгінге дейін мектеп пен жоғары оқу орындарында пайдаланылып келе жатқан оқулықтардағы пән сөздер жүйесі түгелімен А.Байтұрсынұлының есімімен байланысты екендігін Ө.Айтбаев «Қазақ терминологиясының атасы» [105. 8] атты зерттеуінде негізге алады.

Академик Рабиға Сыздыкова «Термин жасау – А.Байтұрсынұлы көтерген тарихи жүктің бірі» деп аталатын зерттеу еңбегінде А.Байтұрсынұлын тіл білімі, әдебиеттану ғылымының, қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін салушы ірі ғалым екенін айта келіп: «... Терминдік мәндегі күрделі атауларды ұсынуда А.Байтұрсынұлы тек ұғым дәлдігін ғана көздеп қоймай, сипаттама (характеризующий) компонентін әсерлі, үнді, тұлғалас сөздер болып келуіне қатты назар аударған. ...әдебиеттану саласында ұсынған терминдерінде бір тектес жеке сөздер мен әдемі, әсерлі «ойнақы» компоненттер бұдан да көбірек кездеседі. Мысалы, өлең кестесін – шумақ, тармақ, бунақ, буын құрайды деуі; бернелеу, меңзеу, әсірелеу деп, олардың барлығын «- у» жұрнағымен жасауы немесе көрнекті лебіз, көсе лебіз, көрнек өнері дегендерге ұйқасты сөздерді алуы – осыны дәлелдейді» [117. 257], – деп жазады.

Қазақ тіл білімі мен әдебиет теориясының негізін салушы, лингвист, түрколог ғалым А.Байтұрсынұлы – ХХ ғасыр басындағы қазақ филологиясының ғылыми терминологиясын дамыту бағытында ортақ ұстаным қабылдау арқылы туыс елдердің рухани-мәдени байланыстарының одан әрі тереңдеуіне үлкен үмітпен қараған болатын.

А. Байтұрсынұлы «төңкерістер дәуірінде өмір сүрсе де тіл, әдебиет мәселелеріне күнделікті науқандық

жәйттерді, түрлі қаулы-қарарды, партиялық нұсқау, талаптарды араластырмайды, негізінен ғылыми өлшем, биік талғам таразысы» [13. 51] тұрғысынан назар аударма бiлдi.

Ғалымның айта кететiн ең бiр ерекшелiгi осы пән сөздер мен атауларды қазақшалағанда өзгелерден мысал, дәлел iздеп, солардың пiкiрiне жүгiне кететiн әдеттен мүлдем аулақ. Бiрiншi орынға «үнемі логикалық дәлдік, факт, деректі қояды», содан соң ғана өзi қорытқан, өзi шындығына көзi жеткен, ақиқат деп санаған ой-тұжырымдарын ортаға салады. Сонымен қатар А.Байтұрсынұлы қазақ тiлiнiң де тазалығына қатты көңiл бөлiп, орыстың классик жазушыларының талаптарын үлгi ретiнде ұсынады.

Қазақ тiлi мен әдебиетiне қатысты пән сөздердi алғашқы мақала, пiкiрлерiнде бастаған А.Байтұрсынұлы ұстанған ең басты принцип – пән сөздердi жүйелеуде ұлттық тiлiмiздiң өз мүмкiндiгiн барынша пайдалану. Ғалым пән сөздердi жүйелеу мен қалыптастыруда да белгiлi талаптарды қоя бiлдi: 1) ескiрген сөздердi яғни архаизм сөздердi ретiне қарай қолдану; 2) өз тiлiнде бар сөздiң орнына басқа жұрттан сөз алудан яғни шет сөздерден қашу; 3) қазақ тiлiнiң бай мүмкiндiгiн пайдалана отырып, ұғымның мәнiн ашатын жаңа пән сөздер (термин) ойлап табу керек болды. « ... Бiз сияқты мәдениет жемiсiне жаңа ауызы тиген жұрт өз тiлiнде жоқ деп мәдени жұрттардың тiлiндегi даяр сөздердi алғыштап, ана тiлi мен жат тiлдiң сөздерiн араластыра-араластыра ақырында ана тiлiнiң қайда кеткенiн бiлмей айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тiлiндегi әдебиеттерiн, ғылыми кiтаптарын қазақ тiлiне аударғанда, пән сөздерiнiң даярлығына

қызыкпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек» [3. 166] деген талабын өзі нақты іске асырды.

А.Байтұрсынұлының қазақ тілінің терминдік қорын қалыптастырудағы еңбегін бағалаған тілші ғалым Ш.Құрманбайұлы «Алаш және терминтану. (XX ғасыр басындағы қазақ терминологиясы. 1910-1930 жылдар)» атты зерттеуінде былай дейді: «XX ғасыр басында басшылыққа алынған термин жасау қағидаттарын ескіріп қалды деуге ешқандай негіз жоқ. Уақыт талабына сәйкес кейбір толықтырулардың болу мүмкіндігіне қарамастан, сонау 20-шы жылдары Ахандар жасаған қағидаттар, терминологиялық жұмыстарды жүргізуде басшылыққа алатын жаңа қағидаттар қалыптастыруға негіз болатындығы күмән туғызбайды» [121. 46].

Тәуелсіз Қазақстанның ғылымында әлі де болса бұрынғы кеңестік жүйеден қалған сыңаржақ теориялық көзқарас көп өзгере қойған жоқ. Ұлттық тілдің тағдыры адамның тағдыры емес, тіл – өшпес рух!

Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышта» негізінен поэтика, стилистика, өлең сөздің теориялық мәселелеріне тереңнен тоқталып, ғылыми жағынан да көп жаңалық ашты. Ғалым қалыптастырған дәл, нақты «пәнсөздер» ұғым, ғылыми атаулар қазақ тілінің де, әдебиетінің де бүгінгі даму биігінен өте орынды. Сондай-ақ, «пән сөздердің» ғылыми ортада өз орны бар, дегенмен, кейбірі интернационалдық атаулармен аталынып жүр. А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» арқылы өзінен кейінгі Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев, З.Қабдолов, З.Ахметов сынды ғалымдарға көшбасшы бола білді. Сонау XX ғасыр басында-ақ көп істі А.Байтұрсынұлы тындырып тастаған екен, оған дәлел – «Әдебиет танытқыш». Тек арадағы 60 жылдық

Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышындағы» сөз өнері мен поэтика мәселелері
үзіліс қана бұны бүркемелеп келді.

А.Байтұрсынұлы сөз жоқ ең алғашқылардың бірі болып қазақ тілінің фонетикалық, грамматикалық, синтаксистік құрылымын талдап, жүйелеп, танытқан ірі лингвист-ғалым. Сонымен қатар ғалым тіл мен әдебиетті, заң мен шаруа жайын (мал шаруашылығы, егін егу), мәдениет пен тарихты қазақ болмысына тірек ете отырып ұлт санасын, тілін, ділін, ғылымын, әдебиетін, мәдениетін, өнерін әлемдік өркениетке сай түбірінен жанартып, жаңғыртты.

А.Байтұрсынұлы пайымдаған әрбір ұғым немесе сол ұғымның жүгін көтеретін пән сөздер негізінен үш тағанмен бірлікте қаралады: сөздің *генезисі* мен *семантикасы* яғни пән сөздердің мәндік, мағыналық теориясы және оның асыл сөз жүйесіндегі *қызметі*. Осы тұрғыдан болсын немесе ғылымдағы өзге де жүйелілік қағидасы тұрғысынан болсын «Әдебиет танытқыштың» бұл тарауына қатысты зерттеулер жүргізілуі қажет. Ғалым қалыптастырған пән сөздерін зерттеу қазіргі күннің талабы.

3.2. «Әдебиет танытқыштағы» пән сөздер

Әдебиет
Әдебиет танытқыш
Бастары

Аңдату

Тірнек өнері
Көрнек өнері
Жаратынды нәрсе
Жасалынды нәрсе

Көрнек өнері:

Сәулет өнері
Сымбат өнері
Кескін өнері
Әуез өнері
Сөз өнері

Сөз өнері:

Аңдау (ақыл ісі)
Меңзеу (қиял ісі)
Бернелеу (қиял ісі)
Талғау, түйю (көңіл ісі)

Шығарма сөз

Асыл сөз арабша әдебиет
Тақырып
Жоспар
Мазмұн
Түр

Мазмұнның үш мүшесі:

Андату
Мазмұндау
Қорыту

Түрлері:

Жай сөйлеу түрі
Сөйлестірген түрі
Хат түрі
Аралас түрі

Мазмұн түрлері:

Әуезе
Әліптеу
Байымдау

Сөз өнерінің ғылымы:

Шығарма тілі
Ақын тілі
Әншейін тіл

Шығарманың екі жағы:

Ішкі пікір жағы
Тысқы тіл жағы

Сөз өнерінің ғылымы:

Шығарманың түрінің ғылымы
Шығарманың тілінің ғылымы

Сөз қисыны* яки *лұғат қисыны:

Сөз талғау
Сөз дұрыстығы
Тіл тазалығы

Тіл (лұғат) анықтығы
Тіл дәлдігі (амәндес сөздер)
Тіл көрнектілігі

Тіл көрнектілігі:

Көріктеу (көрнектеу)
Меңзеу
Әсерлеу

Меңзеу

Тенеу:
Әншейін теңеу
Әдейі тенеу
Ауыстыру
Бейнелеу

Ауысу:

Тіл ауысуы
Лұғат ауысуы
Алмастыру
Кейіптеу
Бернелеу
Әсірелеу
Мезгеу

Әсерлеу (лептеу):

Арнау
Қайталақтау
Шендестіру
Дамыту
Түйдектеу
Бүкпелеу
Кекесіндеу

Арнау:

Сұрай арнау
Зарлай арнау
Жарлай арнау

Тіл (лұғат) әуезділігі:

Сөз әуезділігі (дауысты дыбыс (үнді); дауыссыз дыбыс).

Сөйлеу әуезділігі (буын екпіні, сөз екпіні)
Дауыс ағымы

Өрнекті сөйлем

Құрмалас сөйлем
Жай сөйлем
Пікір тақырыбы
Пікір баяны
Оралым яки шұбыртпа:
Себепті оралым
Мақсаты оралым
Ұқсатпалы оралым
Қайшы оралым
Шартты оралым
Жалғасыңқы оралым
Серіпшелі оралым
Айырықты оралым
Қорытпалы оралым

Өлеңді сөйлем:

Қара сөз – күн көру ісі
Өлең – көңіл көтеру ісі

Өлең:

Әнді өлең – кара өлең
Мәнді өлең – жыр

Сөздің өнер болатын мәнісі:

Сөздің табы
Сөздің сыны
Өлең кестесі
Дауыс ырғағы
Өлең шығару
Айшық
Шумақ
Тармақ
Бунақ
Буын
Ырғақ
Жорғақ
Екпін буыны
Дауыс толқыны
Дауыс ағыны
Жыр кестесі
Тармақ

Өлең айшықтары:

Жалғыз шумақты айшық
Екі шумақты айшық
Үш шумақты айшық
Төрт шумақты айшық
Тұтас шумақ
Ала шумақ

Шумақ түрлері:

Екі тармақты шумақ
Төрт тармақты шумақ
Алты тармақты шумақ
Жеті тармақты шумақ
Сегіз тармақты шумақ
Он тармақты шумақ

Тармақ тұлғалары:

Жалғыз бунақты тармақ

Екі бунақты тармақ

Үш бунақты тармақ

Төрт бунақты тармақ

Бунақ буындары:

«Бір толарсақ» бунағы – 4 буынды

«Бір тобық» бунағы – 3 буынды

«Санда болар» бунағы – 4 буынды

«Жар-жар» – 2 буынды

Өлең ағындары:

Түрікпен ағыны

Бунақ орны

Тандамалы орын

Талғамалы орын

Бас бунағы үш буынды өлең

Бас бунағы төрт буынды өлең

Бас бунағы бірыңғай емес өлең

Тармақ кезеңдері:

Ұлы кезек

Кіші кезек

Тармақ ұйқастығы: Ұйқастық

Ұзын тармақты, жеке шумақты

Ұзын тармақты, тұтас шумақты

Қара сөз бен дарынды сөз жүйесі

Лебіз:

Көрнекі лебіз-дарынды сөз (жырлау, толғау)

Жалаң лебіз-қара сөз (сөйлеу)

Сөз:

Сөздің түрі
Сөздің табы
Асыл сөз
Көркем сөз (дарынды сөз)
Жалаң сөз
Көркем сөз-көңіл тілі (толғау)
Жалаң сөз-зейін тілі (сөйлеу)
Насыр арабша *қара сөз*
Назым арабша *дарынды сөз*

Ойлау:

Тиіс ойлау (объективті)
Түйіс ойлау (субъективті)
Қиял
Қиыс ғалам
Түйіс ғалам

Тіл:

Ана тілі
Адамның тілі
Көңіл тілі
Зейін тілі
Сөз дұрыстығы

Қара сөз

Ұғым:
Ес ұғымы
Іс ұғымы
Зейін
Даналық: сап даналық (табанды, табансыз);
салт даналық
Халық әдебиеті
Халық шығармасы

Қара сөздің тараулары:

Ғалам тарапына
Құдай тарапына (дін) ғақайд- ұғым жүйесі
Ғылым тарапына
Әлеумет тарапына
Үгіт-тәрбие тарапына
Сын тарапына

Қара сөз түрлері:

Әуезе
Әліптеме
Байымдама

Әуезенің түрлері

Мәлімдеу
Мазмұндау
Қорыту

Әуезенің тараулары (туыс сарыны, уақыт сарыны):

Жаратынды нәрсе
Жасатынды нәрсе
Шежіре
Заман хат
Жәт дерек
Өмірбаян (өмір дерек)
Мінездеме
Тарих (ұлы дерек)
Тарихи әңгіме

Әліптеме (сөзбен суреттеу):

Әліптеме тәртібі
Әліптеме жоспары

Әліптеме түрлері:

Пәнді әліптеме

Сәнді әліптеме

Жол әліптемесі яки жол хаты

Пәнді әліптеме:

Жалкылай әліптеме

Жалпылай әліптеме

Байымдама (зейіндеме)

Байымдама түрлері:

Пән (ғылым яки жүйеленген білім): білім үйрету;
білім үйлестіру

Сын (ғылым, өнер, кәсіп, қоғам тарапынан)

Әдебиет сыны: **тысқы сын** (тілі, лұғаты, тіл дұрыстығы, тіл анықтығы, тіл тазалығы, тіл дәлдігі, тіл көрнекілігі, тіл әуезділігі, тіл өрнектілігі; сүгіретінің сыны: ұнасымы, келісімі, үйлесімі); **ішкі сын**: (1. алынған мінез, айтылған қылық, көрсетілген қалып); (2. әсер етуі (пайда-зиян)

Шешен сөз

Көсем сөз

Байымдаманың зор мүшесі:

Бастамасы

Ұсынбасы

Баяндамасы

Қорытпасы

Сипаттау:

Мәністеу

Дәлелдеу

Салыстыру

Байымдама әдістері:

Жалқылау әдісі

Жалпылау әдісі

Ойлау оңтайы:

Айырынқы оңтай

Жиылыңқы оңтай

Талдама оңтай

Терме оңтай

Сын

Шешен сөз

Шешен сөздің тілі

Көрнекі тіл

Сәнді тіл

Мәнді тіл

Шешен сөздің бес мүшесі:

Бастамасы

Ұсынбасы

Мазмұндамасы

Қыздырмасы

Қорытпасы

Шешен сөздің түрлері:

Саясат шешен сөзі

Билік шешен сөзі

Қошемет шешен сөзі

Білімір шешен сөзі

Уағыз – діни ғұламалар сөзі

Дарынды сөз:

Ақындық

Әуезе – тысқарғы ғаламның жыры

Толғау – ішкергі ғаламның күйі

Айтыс – шығарманың түрі

Әуезе жайынан ескерту

Халық шығармасы, халық
әдебиеті

Ауыз шығарма

Жазба шығарма

Ауыз әдебиет яки анайы әдебиет

Жазу әдебиет яки сыпайы әдебиет

Ауыз әдебиет:

Сауықтама

Сарындама

Сауықтама (сауық сөз) саласы:

Ермектеме (ермек сөз) Зауықтама (зауық сөз)

Сауықтаманың (сауық сөз) түрлері:

Ермектеме (ертегісімек, өтірік өлең, жұмбақ,
жаңылтпаш, бас қатырғыш)

Ертегі

Зауықтама:

Ертегі жыр (Батырлар жыры)

Тарихи жыр

Айтыс өлең

Үгіт өлең

Үміт өлең

Толғау яки мұңды өлең

Терме яки түрлі өлеңдер

Сарындама (сарын сөз саласы):

Салт сөзі

Ғұрып сөзі

Қалып сөзі

Салт сөзі яки салттама:

Мысалдар

Ділмар сөз (афоризм)

Тақпақ

Мақал

Мәтел

Ғұрып сөзі яки ғұрыптама:

Той бастар

Жар-жар

Неке кияр

Беташар

Жоқтау

Жарапазан

Бага

Қалып сөзі:

Жын шақыру

Құрт шақыру

Дерт көшіру

Бесік жыры яки бала тербету

Жазу әдебиет яки *жазба әдебиет дәуірі:*

Діндар дәуір – діншіл

Ділмар дәуір – тілшең (Кітаби тіл)

Әдеби тіл

Жазу әдебиет түрі :

Ертек (әңгіме): ауыз ертек, ертек жыр, тарихи жыр,
мысалдар

Толғау (ауыз толғау, жоқтау)

Айтыс-тартыс

Діндар дәуір яки ауыз әдебиет:

Қисса (дінді қасиеттеу; шариғат бұйрығын орындау)

Хикаят (өнегелі әңгімелер)

Насихат (ақыл, үгіт)

Мінәжат

Мақтау

Даттау

Айтыс

Толғау (ғашықтық толғау)

Терме

Сындар дәуір:

Асыл сөздің сипаттары

Айтушы

Тыңдаушы

Сөз талғау

Әуезе яки әңгіме түрлері:

Ертегі жыр

Тарихи жыр

Әуезе жыр

Ұзақ сөз

Аңыз өлең және әңгіме

Көңілді сөз (анекдот)

Мысал

Ұсақ әңгімелер

Толғау түрлері::

Сап толғау яки сайрау

Марқайыс толғауы

Налыс (мұңайыс) толғау (күйіну, мұңаю, ренжу)

Намыстаныс (қайрау сөз)

Сұқтаныс (даналық)

Ойламалдау (масқаралау, әшкерелеу)

Ойламалдау:

Сөгіс толғауы яки даттау

Күліс толғауы яки күлкілеу

Масқаралау

Кекесіндеу:

Зілсіз кекесін (ойын, қулық, қалжың, әзіл)

Зілді кекесін (мазақ, сықақ, мысқыл, келемеж, келеке, әжуа)

Күлкі:

Шын күлкі

Сын күлкі

Күлкілеу:

Мазақ

Мысқыл

Қулық

Қулық:

Сықақ

Әзіл

Әзіл:

әжуа

келемеж

Айтыс-тартыс табына қарайтын сөздер:

Айтыс сөз

Тартыс сөз

Тартыс:

Мерт яки әлектеніс тартыс (трагедия)

Сергелдең яки азапты тартыс (драма)

Арамтер яки әуреленіс (комедия)

Толғау түрлері:

Айтыс-тартыс яки ұстасу

Толғаудың шарттары:

Ішкі шарты (сырлы, шын, таза, көңілі терең)

Тысқы шарты (күйлі, билі)

Ұстасудың үш дәуірі:

Байланыс

Шиеленіс

Шешіліс

Ұстасу шығармалардың түрі:

Әлектеніс

Азаптаныс

Әуреленіс

ҚОРЫТЫНДЫ

XX ғасыр басында Алаш ғалымдары ұлттық әдебиеттанудың негізгі ұстанымдары мен тұжырымдарын ғылыми тұрғыда негіздеп, оны дүниежүзілік контексте анықтап, өз зерттеулерінде толық қалыптастырған. Тәуелсіздік кезеңінде Алаш әдебиеттануының басты-басты зерттеулері ғылыми айналымға қайтарылды. Олар: А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» (1926), М.О.Әуезовтің «Әдебиет тарихы» (1927), Х.Досмұхамедұлының «Аламан» (1928), «Қазақ халық әдебиеті» (1928) және С.Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» (1932), Е.Ысмайыловтың «Әдебиет теориясының мәселелері» (1938, 1941) атты ғылыми зерттеу еңбектері.

Ахмет Байтұрсынұлы – ғасыр басында қазақ халқының тарихында ұлттық қозғалыстың басы-қасында жүрді және ұлттың азаттық алуын, оқу-білім, өнерді дамытудың жаңа жолдарын қарастырды. Сол кезде Ресейде дамудың жаңа кезеңінің басталғанын дұрыс аңғарған А.Байтұрсынұлы ұлттық сана-сезімі оянып жатқан халықтардың қатарында қазақтардың да тұру керектігін терең түсінді. Осы жолда өзінің қоғамдық-саяси, көсемсөздік зерттеулерімен, ақындық-аудармашылық қызметімен және ғылым саласындағы ізденістерімен туған халқын мәдени дамудың жаңа жолына түсуіне өзінің бар күш-жігерін, ақыл-ойын

жұмсады. Оны осындай әрекетке баруына сол кездегі әлеуметтік-тарихи жағдайлар да себеп болды.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеттануының дамуына мұрындық болған іргелі ғылыми зерттеулердің авторы десек, Тәуелсіздік кезеңіндегі ғылымда да ғалымның әдеби-теориялық мұралары өз құндылығын жойған жоқ. Бұл тұста ең бірінші аталатын іргелі теориялық зерттеуі әрине, «Әдебиет танытқыш».

Қазіргі қазақ тіл біліміндегі секілді қазақ әдебиеттануындағы әдеби пән сөздердің (терминдер) басым көпшілігінің баламаларын ойлап тауып, қалыптастырған да А.Байтұрсынұлы екені тек Тәуелсіздік кезде мойындалды. Мысалы: көріктеу, мензеу, ауыстыру, алмастыру, кейіптеу, пернелеу, әсірелеу, шендестіру, дамыту, түйдектеу, оралым ... – осылардың бәрінің түп-тамыры ғалымның кәсиби теориялық зерттеуінде жатыр. «Әдебиет танытқыштың» ең басты құндылығы әдебиеттанулық пән сөздерді қазақша ұсынып, қалыптастырғандығы болып табылады.

Академик Серік Қирабаев «Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері» (1995) атты зерттеуінде жазғандай, Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ әдебиетінің, қазақ даласына «азаттық идеясы тарай бастаған тұста жаңа позицияның бастаушысы, алғашқы ту ұстаушысы» [123. 117] болды. Ғалым тіл тағдырын ұлт тағдырымен біртұтас қарастырып, тіл мен әдебиетті ұлт болмысына тірек етті. Ұлт санасын, тілін, ділін, әдебиетін, мәдениетін, өнерін сақтау үшін адамдықтың диканшысы болып, әлемдік өркениет талаптарына сай түбірінен жаңғыртып, түркі дүниесінің алдыңғы қатарында жүруге шақырды.

Ахмет Байтұрсынұлы – әдеби мұрамызды жазуда,

зерттеуде, насихаттауда да ұлт мүддесі тұрғысынан және тіл тағдырын ұлт тағдырымен біртұтас қарастырған. Ғалым тіл мен әдебиетті ұлт болмысына осылай тірек етті.

Халқымыздың болашағы үшін бар ғұмырын күресте өткізген ғалымның соңында қалдырған рухани мұрасын жан-жақты, терең зерттеген академик Зәки Ахметов: «... Ол ХХ ғасырдың басында, аумалы-төкпелі заманда қазақ қоғамының өміріне жаңа бағыт, жаңа арна тапқан қайраткерлердің алдыңғы шебінде болып, қазақ мәдениеті, қоғамдық ой-санасы дамуына өлшеусіз үлес қосты. Ахаң осы салалардың бәрін түгел айтпағанда, тек ақындығы мен әдебиеттануға сiңiрген еңбегiмен-ақ тарихта аты қалуға әбден лайық. Алдымен Ахаңның ауыз әдебиетi нұсқаларын жинап бастыруға үлкен мән берiп, «Ер Сайын» жырын Мәскеуде жариялағанын, «Жоқтау» кiтабына енгiзген 23 жоқтау үлгiлерiн атаған жөн. «Әдебиет танытқыш» кiтабына, қазақ тiлiнiң оқу құралдарына кiргiзiлген көптеген әдебиет нұсқаларын, өлең-жырлардың да құнды дүниелер екенi талассыз» [5. 106], – дейдi.

Ахмет Байтұрсынұлын ХХ ғасыр басында өзінің алдындағы ұлы Шоқан, Ыбырай, Абай идеяларын тікелей жалғастырушы деп танимыз. Ол осы идеяларды жай ғана уағыздаушы емес, сол идеяларды жүзеге асыруға өзінің ерен іс-әрекеттерімен, қимыл-қызметтерімен нақты үлес қосқан белсенді қайраткер ретінде танылды. Ахмет Байтұрсынұлы Абайдың әдеби дәстүрін көбінесе қоғамдық, әлеуметтік мәселелерді, заман жайын, халық тағдырын жырлау тұрғысынан дамытты. Саналы өмірінде алдына ұлы азаттық идеясын қойып, түгелдей соған қызмет етті, тіпті

ағартушылық, ғылыми қызметінің өзін сол азаттық идеясына, азаткерлік күреске құрал етіп пайдаланды. Халықты өнер-білімге шақыруды туған халқының саяси, экономикалық азаттығының, ел еркіндігінің бірден-бір жеміс берер тиімді жолы деп білді.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың ұлттық көркем мұрасының мән-маңызына, эстетикалық қадір-қасиетіне ден қойып, оларды жинап, жарыққа шығаруды да алғаш қолға алған ғалымдардың бірі. Өзі де өлеңдер мен мысалдар жазып, басқа халықтар қазынасының үлгілерін туған халқына жеткізу мақсатында аудармалар жасады.

XX ғасыр басында «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деп өзі жазғандай, ана тіліміздің, діліміздің, дініміздің ханталапайға түсерін алдын ала жан жүрегімен сезіп, жаны ауыра отырып айтқан осы сөзін, ескертпесін Ахмет Байтұрсынұлының көрегендігі деп білеміз. Сол кездегі қазағының ауыр халін көзімен көріп, қынжыла отырып жазған өзінің «Маса», «Қырық мысал», «Жауға түскеннің жан сөзі», «Жұртыма», «Қазақ калпы», «Қазақ салты», «Жиған-терген» және т.б. өлең, мысалдары арқылы дәлелдейді.

Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» – жәй анықтамалық еңбек емес, қазақ әдебиеттану ғылымының басы. Ал, әдебиет теориясы – әдебиеттану ғылымының басты құрамды бөлігі екендігі белгілі.

Академик Зейнолла Қабдолов айтқандай, «Туған топырағымызда әдебиет теориясының басы болып саналатын» «Әдебиет танытқышта» А.Байтұрсынұлы тұңғыш рет қазақ әдебиеттану ғылымының тұтас, толық ұғымдық жүйесін кешенді түрде қалыптастырды.

Көрнекті әдебиеттанушы ғалым А.С.Ісімакова

«Әдебиет танытқыштағы» басты теориялық концептілерді былай нақтылап атап өткен: «1. Әдебиеттің өз даму заңдылықтары бар екені және олар тікелей саясатқа, идеологияға байланысты емес екені жөніндегі тұжырымдар. Яғни «сөз өнері» деген термин «халықтың ежелден келе жатқан әдебиеті» деген ұғымды білдіреді. Оны «ауызша», «жазбаша» деп бөлудің өзі ойдан шығарылғаны айтылады. Әдебиеттің ресми жазба түрі бар деп бөліп-жару соцреализмнің бір әдебиетті жоғарылатып, екіншісін төмендету үшін ойлап тапқаны. А.Байтұрсынұлы былай дейді: *«Ауыз шығарманы «ауыз сөз» деп қана атап, жазба шығарманы «сыпайы әдебиет» деп танушылар бар, бірақ қалай да асыл сөздің бәрі де тілдегі әдебиет есебіне жүріледі».*

2. Әдебиетті өз категориялары арқылы түсіндіру қажет яғни «пән сөздің» басты кәсіби міндет атқаруына назар аударған. Сонда ғана зерттеу мағыналы болып, зерттеуші жалпылама көпсөзділіктен арылады әрі бұл қағида дәлелсіз бос мактаулардан да сақтандырады. Зерттеудің маңызды, мазмұнды болу себебі осылай айқындалған.

3. Көркемдік әлемінің құдіреті жазушының ішкі рухани бостандығымен тікелей байланысты болатынын Абай, Мағжан шығармаларын мысал ретінде келтірудің бүгінгі мәні керемет емес пе?!

4. «Әдебиет танытқыштағы» совет кезінде ұмытылған «Діндар дәуір» әдебиетінің жанрлары *мінәжат, намыс толғау*, т.б. Тәуелсіз кездегі ғылымға қайта оралды.

М.Х.Дулатидің «Тарих-и Рашиди» (XIV-XVI ғ.) еңбегі «Хақ жолындағылар тарихы» деп басталса, оның

соңы «Алла Тағалаға мінәжәт айтумен» аяқталады. Совет кезеңінде айтқыздырмаған осы мінәжат жанры туралы мәлімет тек қана «Әдебиет танытқышта» кездеседі. Осының бәрі қазіргі әдебиеттану саласына қажетті әдеби талдаудың озық үлгісі болып саналады.

5. А.Байтұрсынұлының зерттеуіне кең ауқымды ойлау қабілеті тән. *«Біздің қазақ Еуропа әдебиетінен үлгі алмай, әдебиетін өз бетімен жетілдіргенде, қазақ айтыс өлеңдері алаңға түсе-түсе барып, алаң алданышына айналып, айтыс-тартыс түрге түсетіні даусыз еді. Үлгіні өзге жұрттан алғандықтан алаң әдебиеті бізде төтеннен шығып қалды»*. Қазіргі әлемдік әдебиеттанудағы «синкретизм», «типология», «әдебиеттердің қарым-қатынасы», «сюжеттердің ұқсастығы» туралы *«Әдебиет танытқышта»* А.Байтұрсынұлы былай дейді: *«Жер жүзіндегі жұрттардың түріндегі шығармалары бір-біріне көбінесе ұқсас келеді. Ондай ұқсас болатын себебі, олар шыққан заманда халықтың бәрінің бір ананың қолында өскен балалар сияқты көргені, өнегесі, үлгісі бір болған»*.

6. А.Байтұрсынұлының пайымдауынша, көркемдік заңдылық барлық тілдегі әдебиеттерге ортақ. Демек, *«адамның жан қойтау керегінен шыққан»* әдебиет – *«асыл сөз»*. Сондықтан *«сөздің асыл болатын сырын білген адам сөзді сынап біледі»*. Өйткені *«жүйрік аттың белгілі сипаттары сияқты асыл сөзде де белгілі сипаттар болады. Сөз сол сипаттарын дұрыс көрсетумен асыл болып шығады»*. Әдеби дискурс, мәтін, даралық стиль көркемдік шеберлік категорияларын ғалым осылай танытып өткен.

7. Ресей ғалымы М.М.Бахтиннің *«роман теориясы»*

бойынша дүниежүзілік әдебиетте роман – ең соңғы жанр, сондықтан ол – сол тілдегі әдебиеттің жазу жүйесінің қорытылған нәтижесі ретіндегі жанр. Атап айтқанда, роман өзіне дейінгі болған басты, керекті сөйлеу түрлерін жаңғыртып отыру қабілетіне ие. Демек, роман жанры осындай жан-жақты баяндау, жазу тәсілдерін, жазба естелігін, жадын (память жанра!) менгеріп, өзінің оларды оята білу мүмкіндігіне орай басқа прозалық түрлерге де әсер етеді.

8. М.М.Бахтиннің *«романизация стилия»* деген тұжырымымен біз 1970 жылдары танысып, таң қалып жүрсек, А.Байтұрсынұлы бұл қағиданы сонау ХХ-ғасырдың 20-жылдары түсіндіріпті. Ғалым қазақ прозасының өзіне тән ерекшеліктеріне байланысты бұл құбылысты былай пайымдайды: *«Ұлы әңгіме, ұзақ әңгіме, ұсақ әңгіме болып бөлінулері үлкен-кішілігінен ғана. Мазмұндау жүйесі бәрінде де бір, айтылу аудандарында айырма бар: ұлы әңгіме сөзі алыстан айдаған аттарша жайыла бастайды, ұзақ әңгіме жақыннан айдаған аттарша жайыла бастайды, ұсақ әңгіме мүше алып, оралып келе қоятын аттарша бастайды»*. Демек, басты мәселе *«айтылу аудандарында»*.

Романның көтеретін жүгін әңгімеге де артуға болады. М.М.Бахтиннің *«романдық стиль – повесть, әңгіме мен басқа жанрларға да үстемдік етеді»* деген қағидасын А.Байтұрсынұлы 1926 жылы яғни ресей ғалымынан отыз жыл бұрын айтып, дәлелдеген.

9. Романның стилінде қорытылып, жинақталатын ұлттық сөйлеу жүйесінің (*«речевые жанры»*) жанрлық түрлері туралы қағиданы *«Әдебиет танытқышта»* былай деп айқындаған: *«Ұлы әңгімеге жан беретін*

адамның ісі болғандықтан, мінезіне кейіп беретін тәрбие болғандықтан, тұрмысқа сарын беретін ұлы, кіші адамдардың ірілі-уақты істері болатындықтан, ол істер біріне-бірі ұласып, бір-біріне оралып, байланысып, шиеленісіп жатқандықтан, осының бәрін суреттеп шығару оңай емес. Мұны келістіріп, дұрыс пікірлеп, дұрыс суреттеп, уақиғаларды жақсы қиыстырып, сыйыстырып шығару көп жазушылардың қолынан келе бермейді.

Ұлы әңгіме жазушы көркем сөздің әуезе, толғау, айтыс – барша түрін де жұмсайды. Ұлы әңгіме жазуға үлкен шеберлік керек». Демек, роман стилін жүйелей келе, А.Байтұрсынұлы оны «айтылу түріне қарай: әуезе, толғау, айтыс» деп жіктейді. Бұл атаулардың негізін де аша түседі: «Әуезелеуші айтатын сөзіне өзін қатыстырмай, өзінен тысқары ғаламда болған істі әңгіме қылады. Әуезе тысқы ғалам турасындағы сөз... Толғау – ішкергі ғаламның күйі. Толғау – іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі. Ақындық жалғыз өз көңілін, күйін толғай білуде емес, басқалардың да халін танып, күйіне салып, толғай алуда». Атап айтқанда, «Сөйлеу жүйесінің мақсаты – сөйлеу жүйелерін меңгеріп, сөзден нендей нәрселер жасап шығаруға болатындығын көрсету», – деп түйіндейді А.Байтұрсынұлы.

10. Көркем туындыны талдағанда оның ішіндегі көркемдікті тудыруға тікелей атсалысатын қатысушыларды А.Байтұрсынұлы былай анықтайды: «Асыл сөздің сипаттарын білу тыңдаушыға да қажет. Абайдан кейін сөзге талғау кіреді. Айтушы да, тыңдаушы да сөзді талғайтын болды. Олай болғаны –

Абай асыл сөздің нұсқаларын айқындап көрсеткеннің үстіне, аз да болса, асыл сөз сипаттарын айтып та, жұртты хабардар қылды. Абайдың «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деген өлеңінде жақсы өлеңнің сипаттары да, қазақ ақындары мен тыңдаушылардың жоғарыда айтылған асыл сөзді танымайтын надандықтары да айтылып, аз да болса мағлұмат берілген ...».

11. А.Байтұрсынұлының еңбектерінен сыпайылық (корректность!) пен әдебиетті танытуға бейімделген жоғарғы этикалық деңгейді байқайсыз. Талдау мен жүйелеу тәсілдері осы ғылыми мақсатқа қызмет атқаруға бағындырылған. Ғалымның тек *пән сөзінде* сөйлеуін яғни қазақ тілі мен әдебиеті теориясының негізін салып бергендігі тәуелсіз кездегі ғылымға қосылған үлес.

12. А.Байтұрсынұлы әдебиет теориясының терминдерін, талдау жүйелерін ана тілімізде сөйлетіп, ғылыми тілдің деңгейін сол кезде-ақ биікке көтергенін қазіргі таңда мақтаныш етеміз.

Тәуелсіздік кезең тұрғысынан қарағанда, А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышын» қазақ тіліндегі әдеби-теориялық ұғымдар жүйесін тұңғыш рет қалыптастырған іргелі зерттеу ретінде қарастыру қазіргі күннің талабы. «Әдебиет танытқыштың» ғылыми негіздері мен ондағы ғалым қалыптастырған пән сөздерінің өзіндік ерекшелігі тілдік тұрғыдан да, теориялық жағынан да ерекше.

Ұлтына, еліне, ғылымға, әдебиетке арымен беріліп, оған адал қызмет еткен А.Байтұрсынұлы еңбегінің қазақ елі тарихында алатын орнының ерекше зор екенін сол кездегі 26 жастағы замандасы М.Әуезов былайша

тұжырымдапты: «Ақаңның бұрынғы айтқан сөзін әлі қазақ баласы ұмытқан жоқ, өлеңіндегі белгілі сарын әлі ескірген жоқ. Әлі күнге қазақ даласының күшті сарыны болып, Арқаның қоңыр желімен бірге есіп шалқып жатыр. Бұдан он-он бес жыл бұрын «Алаштың үмбетінің бәрі мәлім, Кім қалды таразыға тартылмаған», – деп Ақаң айтса, біз де осы күнде соны айтамыз. Айналып келіп таразыға тартылған, сыннан өткен деп Ақаңның ғана ардақты атын атаймыз.

Ақаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген ана тілі, Ақаң салған әдебиеттегі елшілдік ұран, «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты – біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын»¹. Бұдан артық айта алмаспыз. Сол кезеңдегі Алаш қайраткерлері бір-бірінің қадір-қасиетін біліп, сыйлап, бағалай білген. Бұл – имандылық пен тектіліктің шынайы үлгісі» [124. 16-22]

А.Байтұрсынұлы совет кезінде жазықсыз жазаға ұшырап, айыпталуына байланысты қайта құру кезеңіне дейінгі уақытта оның еңбектерін пайдалануға тыйым салынды. Ғалымның аты да аталмай, ілуде еске алына қалса, тек мансұқталды.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Классикалық зерттеулер» сериясымен көптомдықтар шығарды. Сол томдықтардың 9-томы «XX ғасыр басындағы Алаш әдебиеттануы» деп аталады. Осы жинақтың алғысөзінде алаштанушы ғалым А.С.Ісімакова А.Байтұрсынұлының шығармашылығының жариялануы жайында былай

¹ Әуезов М. Ақаңның елу жылдық тойы //Байтұрсы нов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын. 1991. 20-6.

ой қорытады: «Қайта құру мен жариялылық заманы орнағаннан кейін жүзеге асырылған ақтау шараларына байланысты Ахмет Байтұрсынұлының асыл мұрасы халқының игілігіне айналуға. Тәуелсіздік кездің ғылымын Алаш ғалымдарының аманат етіп қалдырған мұрасынсыз елестету мүмкін емес.

Ахметтану саласында бүгінгі таңда атқарылған қыруар шаруаның қомақты бір көрінісі – А.Байтұрсынұлының ғылыми еңбектерін көпшілікке таныстыру. Жоғарыда аталған Қаулы жарияланғаннан кейін ғалымның зерттеу еңбектері, мерзімді басылымдарда, жинақтарда жарияланды.

Атап айтқанда: Ахмет Байтұрсынов. Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.

Ахмет Байтұрсынов. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімалар, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.

Ахмет Байтұрсынов. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.

Ахмет Байтұрсынов. Шығармалары. I-том. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Жібек жолы. 2002. – 207 б.

Ахмет Байтұрсынұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. I-том. – Алматы: Алаш, 2003. – 408 б.

XX ғасыр басындағы Алаш әдебиеттануы. – Алматы: Әлем әдебиеті, 2012. – 368 б.

«Әдебиет танытқыштың» 1989, 1991 жылғы басылымдарда кеткен айырмашылықтарын 2003 жылғы жинақ 1926 жылғы түпнұсқамен сөзбе-сөз салыстырып, қалпына келтірді. Бұл өзгешеліктердің басты себептері, біріншіден, араб әрпімен жазылған түпнұсқада кейбір сөздердің дұрыс оқылмауынан; екіншіден, қайта

басылымында дайындаушылардың кейде сөздерге, сөз тіркестері мен сөйлемдерге өз тараптарынан редакция жасауынан; үшіншіден, кейбір тұстарда мәтін үзінділерінің түсіп қалуымен байланысты.

Ахмет Байтұрсынұлының «Жазған сөз жаным ашып Алашыма...» деген өлеңнің жалғыз тармағына сыйғызылған азаматтық ұран Алашшыл қайраткердің Отан алдында адалдықтың үлгісін көрсеткен гибратты күресі мен ғалымдық жолының Темірқазығы болып табылады» [124. 23-24].

Монографияның «**Әдебиет танытқыштағы**» **асыл сөз өнері**» атты алғашқы тарауында өнер түрлерінен бастап, сөз өнерінің ішкі заңдылықтарын жан-жақты талдауға көңіл бөлінді. Бұл тарау аясында «Әдебиет танытқыш» еңбегінде қамтылған, баяндалған, талданған мәселелер өте көп. Алайда, бәрі де жүйе-жүйесімен, ұлттық сөз өнерімізді әр қырынан, жан-жағынан алып қарастыру мақсатына бағындырылған. Әдебиеттің, сөз өнерінің сапалылығына, түр-түрлеріне, жанрларына, сөз кестесіне, тіл бейнелілігіне, баяндау, суреттеу тәсілдеріне, стильдік ерекшеліктерге, өлең құрылысына қатысты көптеген ұғымдар мен пән сөздер нақтылы сараланып, жіктеліп көрсетілген. Сонымен қатар осындай сан салалы, нақтылы талдаулардың, тарата берілген анықтамалардың бәрі жинақтап синтез жасауға, әдеби процестерді тұтастай алып қарастыруға негізделеді.

Әдебиет теориясын қазақ ұғымына лайықтап, сөздің өнерге айналу тәсілдерін түсіндірген А.Байтұрсынұлының «*Өлең өрнегі*» туралы құнды пікірлері «**Әдебиет танытқыш**»: тіл көрнекілігі және өлең өрнектері» бөлімінде сөз етілді.

Өлең сөзге қатысты өлшем-өрнектері яғни синтаксистік жүйе аясында тұтас форманың жасалуы тұрғысында қарастырылады. Өлеңнің ырғағы яғни буыны мен ұйқасы, синтаксис яғни сөздердің ойды айту, білдіруі сияқты өзара байланысы сөз болды.

Кәсіби теориялық тұрғыдан алып қарағанда «Әдебиет танытқышта» Ахмет Байтұрсынұлы қазақ поэзиясының ғылыми-теориялық мәселелерін қазақ тіл білімі ғылымымен қатар қарастырып, көп жаңалық ашты. Нәтижесінде осы еңбекте негізінен поэтика, стилистика, өлең құрылысына қатысты тіл бейнелілігі, сөз қолданудың әдіс-тәсілдері, сөйлемдердің синтаксистік топ болып бірігу мәселелері, қазақ өлеңінің құрылыс-жүйесі, поэзиядағы жанрлық түрлердің ұлттық ерекшеліктерін танытып, сөзді бейнелі түрде жеткізудің мәнін толық ашып, топтастырды. Осы жағынан келгенде ғалымның тілшілік жағы басымдау түсіп жатады. Әдебиеттанушы ретінде А.Байтұрсынұлы әдеби пән сөздердің басым бөлігін осы «Тіл көрнекілігі» тарауында қалыптастырғаны турасында жан-жақты сөз етіледі.

«Әдебиет танытқышта» А.Байтұрсынұлы қазақ асыл сөз өнерінің кезеңдік жүйесін мазмұндық талап тұрғысынан қарастыруы тың, соны қадам. Осының нәтижесінде ғалым ұлттық сөз өнерінің, поэтикалық әдебиеттің табиғаты, басты, маңызды ерекшеліктерін, тарихи-әдеби процесс заңдылықтарын, әдебиеттің әлеуметтік, көркемдік-эстетикалық мәнін толық ашып көрсеткені қарастырылады.

Монографияның екінші бөлімі **«Әдебиет танытқыш»: қара сөз және дарынды сөз жүйесі»** деп аталады. Мұнда асыл сөз өнерінің қисын-қағидалары,

әдеби үрдістегі әдістер, сөз өнеріндегі стиль, жанр, композиция, және т.б. мәселелер әлемдік және орыс әдебиеттануы контексінде жан-жақты талданады. Мысалы, Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» Ханна әл-Фахури, Д.М.Овсяннико-Куликовский, Н.Буало, А.А.Потебня, Б.М.Томашевский, В.М.Жирмунский, Б.М.Эйхенбаум, Р.Якобсон, М.М.Бахтин және т.б. теоретиктердің еңбектеріндегі әдебиет, әдеби стиль турасындағы ой-тұжырымдарымен салыстырыла қарастырылды.

Ғалым осы «Қара сөз» бен «Дарынды сөз» жүйесі деп аталатын бөлімде қазақтың қара сөзі мен дарынды сөзінің табиғатын жан-жақты аша талдап, құнды пікірлер айтқан. «... жалаң лебізбен айтылған сөздерді қара сөз, көрнекі лебізбен айтылған сөздерді дарынды сөз» [З. 241] өзі жазғандай жалаң лебізбен айтылған сөз «Сөйлеу» орнына, көрнекі лебізбен айтылған сөз «Толғау» орнына жүреді. Адам бір нәрсе туралы сөйлегенде «я тиіс (объективті – О.А.) жағынан алып, я түйіс (субъективті – О.А.) жағынан алып түрін, түсін, тұрпатын, ісін алып сөйлейді». «Көркем сөз – көңіл тілі, дүниеде болуға ықтимал деген нәрселерді сөз етеді, ал жалаң сөз – зейін тілі, дүниеде шын болған нәрсені тұрған қалпында» [З. 241] айтылады. Жалаң сөздің «Қара сөз» ал, көркем сөздің «Дарынды сөз» делінуінің мәнісін түсіндіреді.

Ғалым көркем шығарманы талдау барысында кездесетін, байқалатын лингвистикалық, стилистикалық ерекшеліктер мен әдебиеттану саласына қатысты теориялық поэтика мәселесінің яғни жанр, стиль, жазушының шеберлігі, сюжет, композицияның да назардан тыс қалмау керектігін ескертеді.

А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышта» көркем сөзді сынағанда әдебиет түрінің осы төртеуі де түгел жұмсалатынын және көркем сөздің эстетикалық құндылығы мен оның қызметін де жан-жақты қарастырады. Қазақ сөз өнерінің түп-төркініне көз жүгірткен ғалым « ... дарынды сөз ақындардың, аркалылардың сөзі болады. Ақындар ғалымдар сияқты болған уақиғаны яки нәрсені болған күйінде, тұрған қалпында бұлжытпастан айтып, дұрыс мағлұмат беріп, қақиқаттауға тырыспайды, тұрған нәрсе тұрған күйінде, болған уақиға болған күйінде ақынға өте үйреншікті, жай қалыпты, жабайы көрінеді. ... ақын ғаламды сөзбен көрсетуге бар өнерін, шеберлігін жұмсайды, сүйтіп шығарған сөзі көркем сөзді шығарма болады. Оны шығаруға жұмсайтын өнердің аты *ақындық* болады» [3. 259], – дейді.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақтың ұлттық сөз өнерінің, ұлттық көркем мұрасының мән-маңызына, эстетикалық қадір-қасиетіне ден қойып, оларды жинап, жарыққа шығаруды да алғаш қолға алған. Өзі де өлеңдер мен мысалдар жазып, басқа халықтар қазынасының үлгілерін туған халқына жеткізу мақсатында аудармалар жасады.

«Әдебиет танытқыш» – қазақ әдебиет тануының негізі, өйткені ол қазақ әдебиетінің теориясын, әдебиеттің әдістемесін, әдебиеттің әдіс-тәсілін, әдебиеттің ұғымдары мен «пән сөздерін», әдеби жанрлар жүйесін жүйелі түзген күрделі зерттеу еңбек.

Ахаң осы еңбегінде қазақ асыл сөзінің басты қасиеттерін тап басқан «*Асыл сөз*», «*Сөз өнері*», «*Ана тілі*» деп аталатын пән сөздерді (ұғымын) тұңғыш рет ғылыми айналымға енгізді. Бұл ұғымның әдебиеттің әсемдік әлемін танып-білудегі атқаратын

қызметін ұлттық ұғымға сай нақтылап берді. Ғалым осы ұғымды ғылыми айналымға әдебиеттің өнердің өзге түрлерінен артықшылығы мен ерекшеліктерін айырыру үшін енгізгендігі белгілі.

Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» – қазақ әдеби-теориялық ойының ХХ ғасырдың 20-жылдардағы жетістігін кешенді түрде қарастырған және кәсіби деңгейде қорытындылаған еңбек. Ғалым ежелгі әдебиет нұсқаларын және орыс тіліндегі теория оқулықтарының, кітаптарының жетістіктерін кеңінен пайдалана отырып, қазақша жатық тілмен теория тұжырымдарын сөйлете білді. Бұл сол кездегі қазақ оқушысы үшін тың, соны еңбек болып есептелінеді. Қазір де солай.

А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» теориялық еңбегін бүгінгі Тәуелсіз кезеңнің әдебиеттанушылары қалай қабылдап, қандай дәрежеде бағалап жүргендігі және ахметтанушылардың зерттеу еңбектерінде ғалым енгізген пән сөздері қалай пайдаланып жатқаны жан-жақты сөз болды.

«Әдебиет танытқыштың» бүгінгі қазақ әдебиеттануына қосылған зор үлес болып табылатындығы ғалымдар Р.Нұрғали, З.Ахметов, З.Қабдолов, Т.Кәкішұлы, Ш.Елеуенов, Р.Сыздықова, Ө.Айтбайұлы, А.Ісімақова, Ө.Әбдиманұлы, Ш.Құрманбайұлы, Ұ.Еркінбаев және т.б. еңбектерінде кеңінен сөз болатындығы айтылды.

«Әдебиет танытқыш»: пән сөздер жүйесі» деп аталатын үшінші бөлімде ғалымның тіл білімі, қазақ әдебиеті теориясы саласында негізін қалаған «пән сөздердің» қатары сөз болды. Ғалым «Әдебиет танытқышта» негізінен поэтика, стилистика, өлең

сөздің теориялық мәселелеріне кеңінен тоқталады және ғылыми тұрғыдан баяндау жағынан да көп жаңалық ашты. Ғалым қолданған, ұсынған «пән сөздердің» көпшілігі әдебиеттану ғылымында әбден тұрақтап, күні бүгінге дейін пайдаға асып келе жатқандығы айтылды.

Ахмет Байтұрсынұлы өнер түрлерінен бастап, сөз өнерінің ішкі заңдылықтарын жан-жақты талдауға көңіл бөлген. «Әдебиет танытқышта» қамтылған, баяндалған, талданған мәселелер өте көп. Алайда, бәрі де жүйе-жүйесімен, ұлттық сөз өнерімізді әр қырынан, жан-жағынан алып қарастыру мақсатына бағындырылған. Әдебиеттің, сөз өнерінің сапалылығына, түр-түрлеріне, жанрларына, сөз кестесіне, тіл бейнелілігіне, баяндау, суреттеу тәсілдеріне, стильдік ерекшеліктерге, өлең құрылысына қатысты көптеген ұғымдар мен «пән сөздер» нақтылы сараланып, жіктеліп көрсетілген. Сонымен қатар, осы кәсіби теориялық еңбек сан салалы, нақтылы талдаулардың, тарата берілген анықтамалардың бәрі жинақтап синтез жасауға, әдеби үдерісті тұтастай алып қарастыруға негізделеді.

А.Байтұрсынұлы зерттеуші-ғалым ретінде қазақ әдебиетінің даму кезеңін жеке бөліп қарастырмайды, барлық халықтар әдебиетіне ортақ сипаттармен ұштастырып, тереңнен талдайды. Өнерпаз елдер әдебиетіне тән көрке мсөз түрлерінің қазақ әдебиетінде де бар екенін, бола бастағанын, келешекте дамитынын ғылыми негіздерге сүйене отырып жазады.

Қазақ тілінің грамматикасына қатысты пән сөздер яғни буын, дыбыс, үтір, дауысты дыбыс, жарты дауысты дыбыс, жіңішкелік белгісі, зат есім, сын есім, үстеу, қосымша, жұрнақ пен жалғау, бастауыш пен баяндауыш, септік, шылау және тағы басқаларын түзумен

қатар, сол ғылыми ұғымдарға ат қоя білген. Ғылыми ұғымдарға ат қою онай іс емес, табандылықты, көп жұмысты талап етеді. Ұлт ұстазының ғылыми айналымға ендірген қазақ тілінің ұғымдары, анықтамалары мен «пән сөздері» бүгінгі қазақ тіл білімі мен әдебиеттану саласының қайсысында болса да ерекше сипатқа ие.

А.Байтұрсынұлының пән сөздерді қалыптастырудағы еңбегін тілші ғалым Ө.Айтбаев жоғары бағалай отырып «Қазақ терминологиясының атасы» (1989) атты ғылыми мақаласын жариялады. Онда: «... Ахмет Байтұрсынов «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеттерінің беттерінде араб емлесіне лайықтап икемделген жаңа нұсқа туралы жұртшылыққа түсіндіріп мақалалар жазады. Ол жасаған жаңа жазу үлгісі ел көңіліне бірден жетеді де, қабылданады. ... қазақ ұғымына әлі жат, бірақ тіліміздің кейбір ішкі жүйесін түсіндіруге қажет кейбір сөздерді жаңаша қолдана бастайды. Олар: дыбыс, әріп, емле, нокат (нүкте), буын, әліппе, сөз басы, сөз аяғы, дауысты дыбыстар, дәйекші сөздер. Бұлар қазақ тілінде бұрыннан бар болғанмен белгілі бір ғылыми ұғым есебінде нақты атауға иелік жасап отыруы тұңғыш рет» [105. 8] делінген.

А.Байтұрсынұлының қазақ тілінің терминдік қорын қалыптастырудағы еңбегін тілтанушы ғалым Ш.Құрманбайұлы да жоғары бағалайды. « ... XX ғасыр басында басшылыққа алынған термин жасау қағидағтарын ескіріп қалды деуге ешқандай негіз жоқ. Уақыт талабына сәйкес кейбір толықтырулардың болу мүмкіндігіне карамастан, сонау 20-шы жылдары Ахандар жасаған қағидағтар, терминологиялық жұмыстарды жүргізуде басшылыққа алатын жаңа

қағидаттар қалыптастыруға негіз болатындығы күмән туғызбайды» [115. 46], – деуі өте орынды айтылған пікір.

« ... жұрттағы жаман әдет басқа жұрттың жақсы әдетін көргеннен кейін білінеді ... өнерпаз Европа жұртының сындар әдебиетін көргеннен кейін байқалып көзге түскен. Сонан кейін ғана Европа әдебиетінен тұқым алып, қазақ әдебиетінің сүйегін асылдандырып, тұлғасын түзеушілер шыға бастаған. Қазақ әдебиетінің асылдануына әсіресе әсері күшті болған Абай сөздері. ... қазақ әдебиетінің сындар дәуірі Абай сөздерінен басталады» [3. 324] деп, ғалымның өзі жазғандай, асыл сөздің әлемдік мәдениетке тән белгілерін қазақтың әдебиетіне негіздеп, ұлттық рухқа сай жүйелі түрде түсіндірді. Осыған байланысты монографиялық зерттеуде дүниежүзілік әдебиеттанулық ғылымға қатысты ғалымдардың айтқан ой-тұжырымдары мен салыстырулары да беріледі.

А.Байтұрсынұлы сөз жок ең алғашқылардың бірі болып қазақ тілінің фонетикалық, грамматикалық, синтаксистік құрылымын талдап, жүйелеп, танытқан ірі лингвист-ғалым. Сонымен қатар ғалым тіл мен әдебиетті, заң мен шаруа жайын (мал шаруашылығы, егін егу), мәдениет пен тарихты қазақ болмысына тірек ете отырып ұлт санасын, тілін, ділін, ғылымын, әдебиетін, мәдениетін, өнерін әлемдік өркениетке сай түбірінен жанартып, жаңғыртты.

А.Байтұрсынұлының ұсынған, қалыптастырған «пән сөздері» (терминдерін) әдебиеттануға енгізген тұрақты ұғым-атаулары, жанрларды сараптау жайындағы жіктеулері орынды. Осы жағынан келгенде, ғалым енгізген пән сөздерді ғылыми айналымда орайы

келсе пайдалана беру керек және оны батыл түрде қолданған жөн. Ежелгі әдеби мұраға қатысты ғалымның айтқан теориялық кәсіби тұжырымдары, өзі жетік талдап, таныған ежелгі түркі әдеби ескерткіштерін ғылыми айналымға енгізген тың деректері қазіргі қазақ әдебиеттануына қосқан қомақты үлесі құнды болып табылады. Мысалы, «Тіл (лұғат) әуезділігі», «өлең ағындары», «ырғақ», «сарын», «мінәжат», «жарамазан», т.б. пән сөздер ежелгі мұралар мен классикалық қазақ әдеби шығармаларының арасындағы ұластықты аңғартады.

Халқымыздың жарқын болашағы үшін бар ғұмырын күресте өткізген, халқымыздың рухани мұрасын жан-жақты, терең зерттеген А.Байтұрсынұлы ХХ ғасырдың басында, аумалы-төкпелі заманда қазақ қоғамының өміріне жана бағыт, жана арна тапқан қайраткерлердің алдыңғы шебінде болып, қазақ мәдениеті, қоғамдық ой-санасының дамуына өлшеусіз үлес қосты. Ғалым осы салалардың бәрін түгел айтпағанда, тек ақындығы мен әдебиеттануға сіңірген еңбегімен-ақ тарихта аты қалуға әбден лайық тұлға екенін зерттеушілер еңбектерінде кеңінен атап өтеді.

Қазақтың тілі, қазақ әдебиеті, мәдениеті, ғылымы 70 жылдай Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш», «Оқу құралы» (1912) «Тіл құрал» (1915) кітаптарынан жырақ қалды. Ғылым үшін бұл орны толмас өкініш және қазақтың ғылыми тілінен айырылып қалған кезеңі болғаны айтылып та, жазылып та жатыр. Қазақ әдеби тілінің яғни ұлттық ғылыми стилі де «Тіл құрал» мен «Әдебиет танытқыштан» басталатынын баса айтуымыз керек. Қазақ көркем сөзінің сырын ашып, сол арқылы туған тіліміздің асылдануына А.Байтұрсынұлының әр бір еңбегі қызмет етті.

Тәуелсіздік кезеңде ғана зерттеуге мүмкін болған «Әдебиет танытқыш» ғылыми-теориялық еңбегіндегі сөз өнерінің теориясына қатысты негізгі тұжырымдары бүгінгі күннің теориялық талап тұрғысынан да шығып отырғандығы нақты мысалдар арқылы дәлелденді. А.Байтұрсынұлы теориялық тұжырымдарына ХХ ғасыр басындағы формалистік мектеп ұстанымдарының қаншалықты әсері болғаны айқындалды. «Әдебиет танытқыштағы» «Сөз өнерінің ғылымына» (теориялық поэтика ғылымы) қатысты әдістемелік ұстанымдары мен «пән сөздері» жүйесінің семантикасы анықталады. Сонымен қатар зерттеуде теориялық поэтика мен лингвистикалық поэтиканың ара-жігіне қатысты қағидалар да тұңғыш рет айқындалды.

«Әдебиет танытқыш» – қазақтың әдеби, ғылыми ойын, ХХ ғасырдың 20-жылдардағы жетістігін жоғары дәрежеде қорытындылаған алғашқы кәсіби теориялық зерттеу еңбек. Ахмет Байтұрсынұлы ежелгі әдебиет нұсқаларын және орыс тіліндегі теориялық оқулықтардың, кітаптардың ғылыми жетістіктерін меңгере отырып, қазақша жатық тілмен теория тұжырымдарын қалыптастыра білді. «Әдебиет танытқыш» сол кездегі қазақ оқушысы үшін тың, іргелі кәсіби зерттеу еңбек болып табылады.

Әдебиеттанушы А.Ісімакова «Асыл сөздің теориясы» (2009) атты зерттеу еңбегінде «Әдебиет танытқышты» асыл сөздің әлемдік мәдениетке тән қасиеттерін қазақ ұлттық әдебиет жүйесіне сай түсіндірген еңбек деп жоғары бағалайды: «Зерттеуде тұңғыш рет қазақ әдебиеті туралы әлемдік әдебиеттану контексінде дүниежүзілік әдебиеттанулық компаративистика негізінде

қарастырылғанымен құнды іргелі еңбек болып табылады» [66. 179].

А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышын» бүгінгі Тәуелсіздік кезең тұрғысынан жан-жақты қарастыруға талпындық. Ғалым дүниежүзілік және орыс әдебиеттану ғылымындағы жаңалықтардың бәрін жетік біліп, оны өз тәжірибесінде қолданып, насихаттады. Сонымен қатар ұлы ғалым ғылыми-теориялық ой-пікірлерін шашыратпай, белгілі бір арнаға бағыттап, жүйелей отырып дамытты.

Қорыта айтқанда, Тәуелсіздікке қол жеткізіп, руханиятымыздың зерттеу аясы кеңейе түскен сайын ұлттық сөз өнері құндылықтарын жаңаша зерттеудің ғылыми қажеттілігі артуда. Осы кезеңде әдебиетті танудың теориясы, тарихы мен сыны жаңаша тұрғыдан зерттелініп, мәдени мұраларымыз ел игілігіне айналуда.

XX ғасыр басында тұңғыш рет Ахмет Байтұрсынұлы ғылыми-теориялық зерттеуі «Әдебиет танытқышта» ұлттық әдебиеттанудың негізгі ұстанымдары мен тұжырымдарын әлемдік контексте қарастырды. Ғалымның ғылыми тұрғыда негізделген іргелі кәсіби деңгейдегі зерттеулері қазақ ғылымына қосылған қомақты үлес екені де хақ. Тәуелсіздік кезеңінің әдебиеттанушылары «Әдебиет танытқышты» ғылыми жаңалық және оны тәуелсіз әдебиеттанудың басты зерттеу еңбегі деп танытуда.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н.Ә. Туған елім – тірегім. – Алматы: Рауан, 2001. – 128 б.
2. Байтұрсынов А. Шығармалары: өлеңдер, аудармалар, зерттеулер // Құраст., Ә.Шәріпов, С.Дәуітов. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
3. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Т.І. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.
4. Нұрғалиев Р. Алып бәйтерек // Қазақ әдебиеті. – 1989, 21 сәуір.
5. Кәкішев Т. Санадағы жаралар. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 264 б.
6. Қабдолов З. Көзқарас. – Алматы: Рауан, 1996. – 256 б.
7. Ахметов З. Бүкіл қазақ «Ахан» деген // Ұлттың ұлы ұстазы. – Алматы: Орталық ғылыми кітап-на, 2001. – 262 б.
8. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу // Құраст., Р.Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
9. Ұлттық рухтың ұлы тіні. Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1999. – 568 б.
10. Овсянико-Куликовский Д.М. Теория словесности. – Пг., 1917. – 152 с.
11. Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. – Москва: Искусство, 1979. – 423 с.
12. Ханна аль-Фахури. История арабской литературы. Перевод с арабского В.В.Атамали. – Москва: Издательство иностранной литературы, 1959. – 369 с.
13. Нұрғалиев Р. Сөз өнерінің эстетикасы. – Астана: Елорда, 2003. – 424 б.
14. Жұмалиев К. Әдебиет теориясы. – Алматы: Ғылым, 1960. – 247 б.
15. Исмакова А.С. Казахская художественная проза.

Поэтика, жанр, стиль (начало XX века и современность). – Алматы: Ғылым, 1998. – 394 с.

16. Ысмайылов Е. Әдебиет теориясының мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 288 б.

17. Жұмалиев Қ. Стиль – өнер ерекшелігі. – Алматы: Жазушы, 1966. – 228 б.

18. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы: Санат, 1996. – 336 б.

19. Пірәлиева Г. Қазақтың көркем прозасындағы психологизм және оның бейнелеу құралдары. – Алматы: ҚызМемПи, 2007. – 359 б.

20. Томашевский Б.М. Теория литературы. Поэтика. – Москва: Аспект пресс, 1996. – 334 с.

21. Шалабаев Б. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау. – Алматы: Ғылым, 2002. – 184 б.

22. Қабдолов З. Сөз өнері. Тандамалы. – Алматы: Санат, 2003. Т. II. – 528 б.

23. Өмірәлиев Қ. Қазақ поэзиясының жанры және стилі: (XIX ғасырдың I-жартысы). – Алматы: Ғылым, 1983. – 240 б.

24. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.

25. Елеукенов Ш. Әдебиет және ұлт тағдыры. – Алматы: Жалын, 1997. – 368 б.

26. Мұқанов С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Атамұра, 2008. – 384 б.

27. Потебня А.А. Эстетика и поэтика (Из записок по теории словесности, 1905). – Москва: Искусство, 1976. – 614 с.

28. Жирмунский В.М. Теория литературы. Поэтика. Стилистика. – Ленинград: Наука, 1977. – 407 с.

29. Бахтин М.М. Проблемы поэтики Достоевского. Москва: Советская Россия. 1979. – 318 с.

30. Бахтин М.М. Вопросы литературы и эстетики. – Москва: Художественная литература, 1975. – 504 с.

31. Лессинг Г.Э. Избранные. Лаокоон или о границах живописи и поэзии. – Москва: Искусство, 1980. – 440 с.

32. Гегель Г.В.Ф. Лекции по эстетике. Введение в

литературоведение. Хрестоматия. – Москва: Высшая школа, 1979. – 300 с.

33. Әуезов М. Уақыт және әдебиет. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1962. – 428 б.

34. Жанпейісов Е. Қазақ прозасының тілі. – Алматы: Ғылым, 1968. – 268 б.

35. Виноградов В.В. Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика. – Москва: Изд-во АН СССР, 1963. – 255 с.

36. Шалабай Б. А. Байтұрсынұлының сөз өнері туралы ілімі және көркем прозадағы баяндау түрлері // Ұлттық рухтың ұлы тіні. Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1999. – 568 б.

37. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Күлтегін, 2002. – 528 б.

38. Тынянов Ю.Н. Проблема стихотворного языка. – Ленинград: Гослитиздат, 1924. – 138 с.

39. Жовтис А.А. Стихи нужны. – Алма-Ата: Ғылым, 1968. – 272 с.

40. Уәлиханов Ш.Ш. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б.

41. Ел казынасы – ескі сөз. – Алматы: Ғылым, 1994. – 616 б.

42. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.

43. Ысмайылов Е. Әдебиет теориясының мәселелері. – Алматы: Қазақ Мемлекет Баспасы, 1938. – 287 б. Текст латын әрпінде жазылған.

44. Сейполлаұлы С. Қазақ әдебиет тану оқу құралы. – Алматы: Қазақ Баспасы, 1932. – 132 б.

45. Әдебиеттану және әдеби сын (1960-1990). Классикалық зерттеулер: Көп томдық. 34-том. – Алматы: Әдебиет Әлемі, 2014. – 408 б.

46. Базарбаев М. Өлең – сөздің патшасы. – Алматы: Жазушы, 1973. – 256 б.

47. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Ғылым, 1973. – 213 б.

48. Сыздықова Р. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы. – Алматы: Ғылым, 1970. – 176 б.

49. Қапалбеков Б. Көсемше бағыныңқылардың дамып қалыптасуы мен мағыналық түрлері: филол. ғыл. канд. дисс... – Алматы, 2000. – 155 б.

50. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ғылым, 1992. – 447 б.

51. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.

52. Ахметов З. Казахское стихосложение. – Алма-Ата: Ғылым, 1964. – 460 с.

53. Марсеков Р. Қазақ әдебиеті жайынан // Қазақ. – Алматы: Ғылым, 1998. – 560 б.

54. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. – Алматы: Жазушы, 1986. – 400 б.

55. Жұмалиев К. Әдебиет теориясы. – Алматы: Қазақ мемлекеттік баспасы, 1938. – 167 б.

56. Ысмайылов Е. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ мемлекеттік баспасы, 1941. – 119 б.

57. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2000. – 432 б.

58. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.

59. Буало Н. Поэтическое искусство. – Москва: Государственное издательство художественной литературы, 1957. – 232 с.

60. Томашевский Б.В. Стих и язык. – Москва-Ленинград: Учпедгиз, 1959. – 471 с.

61. Негимов С. Өлең өрімі. – Алматы: Ғылым, 1980. – 136 б.

62. Эйхенбаум Б.М. О поэзии. – Москва: Советский писатель, 1969. – 552 с.

63. Якобсон Р. Работы по поэтике. – Москва: Прогресс, 1987. – 460 с.

64. Ахметов З. Абайдың акындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 310 б.

65. Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық. – Астана: Фолиант, 2002. – 406 б.

66. Ісімақова А. Асыл сөздің теориясы. – Алматы:

Танбалы, 2009. – 376 б.

67. Апресян Г.З. Ораторское искусство. Издательство Московского университета, 1972.

68. Қазақ әдебиетінің тарихы. Т.І.: 1-кіт., – Алматы. ҚазССР ҒА-ның баспасы, 1960. – 738 б.

69. Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 176 б.

70. Аристотель. Поэтика. – Москва: Госполитиздат, 1952. – 439 с.

71. Ломоносов М.В. Ораторская проза, поэзия. (1732-1764 гг.) Риторика. – Москва: Советский писатель, 1938. Т.8. – 1279 с.

72. Сперанский М.М. Устная поэзия повествовательного характера. – Москва: Типография И.Н.Кушнерев, 1917. – 474 с.

73. Исмакова А.С. Возвращение Плеяды. Экзистенциальная проблематика в тв-ве Ш.Кудайбердиева, А.Байтұрсынова, Ж.Аймауытұова, М.Жумабаева, М.Дулатова и М.Ауэзова. – Алматы: Ғылым, 2002. – 200 с.

74. Пospelов Г.Н. Теория литературы. – Москва: Высшая школа, 1978. – 351 с.

75. Ысмайылов Е. Әдебиет жайлы ойлар. – Алматы: Ғылым, 1968. – 320 б.

75. Жармұхамедов М. Айтыстың даму жолдары. – Алматы: Ғылым, 1976. – 168 б.

77. Назарбаев Н.Ә. Ой бөлістім халқыммен. – Алматы: Мектеп, 2006. – 248 б.

78. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 288 б.

79. Қаскабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 272 б.

80. Ысқақұлы Д. Әдебиет алыптары. – Астана: Фолиант, 2004. – 304 б.

81. Веселовский А.Н. Избранные статьи. Под общей ред. М.П.Алексеева и др. Вступ.статья В.М.Жирмунского. – Ленинград: Государственное литературное издательство, 1939. – 272 с.

82. Егеубай А. Құлабыз. Монография. – Алматы:

Жазушы, 2001. – 216 б.

83. Абылкасымов Б. Телқоңыр (Қазақтың көне наным-сенімдеріне қатысты ғұрыптық фольклоры). – Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1993. – 160 б.

84. Баржақсин А. Мақалдар // Қазақ. – Алматы: Ғылым, 1998. – 560 б.

85. Әуезов М. 50 томдық шығармалар жинағы: Мақалалар, әңгіме, аударма, пьесалар. Т.ІІ. – Алматы: Ғылым, 1998. – 432 б.

86. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Қазақ мемлекеттік оқу, педагогика баспасы, 1958. – 344 б.

87. Керім Ш. Қазақ жұмбағы. – Алматы: Санат, 1999. – 248 б.

88. Кенжебаев Б. «Едіге батыр» жыры туралы // Әдебиет және искусство. 1941. – № 2. Текст латын әрпінде жазылған.

89. Жұмалиев Қ. «Едіге» жыры туралы // Әдебиет және искусство. 1941. – № 2. Текст латын әрпінде жазылған.

90. Мағауин Е.М. Ел камын жеген Едіге. – Алматы: Ғылым, 1994. – 145 б.

91. Қасқабасов С. Ойөріс (фольклор туралы). – Астана: Астана полиграфия, 2009. – 320 б.

92. Кенжебаев Б. Қазақ тілі мен әдебиетінің мәселелері. – Алматы: Қазақ біріккен мемлекет баспасы, 1941. – 121 б.

93. Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы: Жазушы, 1968. – 155 б.

94. Базарбаев М. Замана тудырған әдебиет. – Алматы: Ғылым, 1997. – 504 б.

95. Гинзбург Л.Я. О лирике. – Москва: Советский писатель, 1974. – 408 с.

96. Тимофеев Л.И. Стих и проза. Популярный очерк теории литературы. – Москва: Советский писатель, 1938. – 201 с.

97. Қаратаев М. Революция рухымен. – Алматы: Жазушы, 1978. – 416 б.

98. Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы: ҚазССР ҒА баспасы, 1961. – 376 б.

99. Әуезов М. 20 томдық шығармалар жинағы. Т.16. – Алматы: Жазушы, 1985. – 400 б.
100. Қыдыр Т. Орта ғасырдағы (XI-XII ғ.ғ.) казак даласында ислами әдебиеттің тууы және қалыптасуы // филология ғылымдарының кандидаты диссертациясының авторефераты. – Алматы, 2005. – 29 б.
101. Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. – Алматы: Білім, 2003. – 112 б.
102. Азибаева Б. Казахский дастанный эпос. – Алматы: Ғылым, 1998. – 250 с.
103. Қазақ әдебиетінің тарихы. Т.П.: 1-кт., – Алматы. ҚазССР ҒА баспасы, 1960. – 738 б.
104. Ісімақова А. Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттану. – Алматы: Дәстүр, 2016. – 384 бет.
105. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының атасы // Қазақстан әйелдері, 1989. – № 4. – Б. 6-7.
106. Елеуқенов Ш. Жаңа жолдан. – Алматы: Жазушы, 1989. – 317 б.
107. Жұбанов Қ. О специфике слов-терминов // Бюллетень гостерминкома. – Алматы, 1935. – № 3.
108. Жұбанов Қ. Қазақ тіліндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.
109. Досмұхамедов Х. Таңдамалы: казак тарихы, әдебиет, тілі медицина, биология салаларына қатысты зерттеу мақалалары және оқулықтарынан үзінділер. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
110. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.
111. Аймауытұлы Ж. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.
112. Айтбаев Ө. Қазақ терминдерінің негіздері. – Алматы: Рауан, 1977. – 240 б.
113. Манкеева Ж. А.Байтұрсынұлы терминдерінің танымдық негіздері // Ахмет Байтұрсынұлы және казак филологиясы мәселелері (конференция материалдары мен тезистері). – Алматы: Арыс, 2004. – 208 б.
114. Смағұлов Ж., Жалмаханов Ш. А.Байтұрсынұлы – казак әдебиеттану терминдерінің негізін салушы. –

Қарағанды, 1997.

115. Құрманбайұлы Ш. Терминтану. – Алматы: Атлас, 2006. – 244 б.

116. Әдебиет теориясы (1960-1970). Классикалық зерттеулер. Көп томдық. Т. 15. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. – 412 б.

117. Сыздықова Р. Термин жасау – Ахмет Байтұрсынұлы көтерген жүктің бірі // Ұлттық рухтың ұлы тіні. – Алматы: Ғылым, 1999. – 568 б.

118. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі. – Алматы: Ғылым, 1998. – 208 б.

119. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының кезеңдік сипаты. – Астана: Елорда, 2002. – 184 б.

120. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидағтары. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 208 б.

121. Құрманбайұлы Ш. Алаш және терминтану. (XX ғасыр басындағы қазақ терминологиясы. 1910-1930 жылдар). – Алматы: Ел-шежіре, 2008. – 240 б.

122. Ақайұлы Ы. Терминдердің танымдық сипаты. – Алматы, 2000. – 400 б.

123. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтандақ беттері. – Алматы: Білім, 1995. – 288 б.

124. XX ғасыр басындағы Алаш әдебиеттануы. Классикалық зерттеулер. Көп томдық. Т. 9. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2012. – 368 б.

МАЗМҰНЫ

АҢДАТУ.....3

I-БӨЛІМ.

«ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШТАҒЫ» АСЫЛ СӨЗ ӨНЕРІ

- 1.1. «Әдебиет танытқыш»: тілтану және
сөз қисыны..... 14
- 1.2. «Әдебиет танытқыш»:
тіл көрнекілігі және өлең өрнектері.....61

II-БӨЛІМ.

«ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШ»: ҚАРА СӨЗ ЖӘНЕ ДАРЫНДЫ СӨЗ ЖҮЙЕСІ

- 2.1. Қара сөз бен дарынды сөз жүйесінің саралануы... 118
- 2.2. «Әдебиет танытқыш»:
ауыз шығарма және жазба шығарма..... 160
- 2.3. «Әдебиет танытқыш»:
жазу әдебиет және діндар дәуір.....197

III-БӨЛІМ.

«ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШ»: «ПӘН СӨЗДЕР» ЖҮЙЕСІ

- 3.1. «Әдебиет танытқыштағы» «пән сөздері».....214
- ҚОРЫТЫНДЫ.....256**

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....278

Айсұлу ОЙСЫЛБАЙ

**Ахмет Байтұрсынұлының
«Әдебиет танытқышындағы» сөз өнері мен
поэтика мәселелері**

Монография
(Қазақ тілінде)

«Қарағай ҚБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасының директоры –
Қасымхан БЕГМАНОВ

Редакторы: *Асан Қарамырза*
Техникалық редакторы: *Талғат Әлімжанұлы*
Безендірген: *Мейрамбек Еңсеңбай*

Басуға 12.04.2016 ж. қол қойылды
Қаріп түрі «Times New Roman». Офсетті басылым.
Пішімі 84x108^{1/32}. Шартты баспа табағы 15
Таралымы 2000+120 дана.
Тапсырыс №

«Каратау КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасы
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,
Абай даңғылы, 143. офис 400
Тел.: +7(727)3944293, Ұялы тел.: 87772119934.
Эл.пошта: dastur_09@mail.ru

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.

ISBN 978-601-7505-16-5



Басуға 12.04.2016 ж. қол қойылды
Қаріп түрі «Times New Roman». Офсетті басылым.
Пішімі 84x108¹/₃₂. Шартты баспа табағы 15
Таралымы 2000+120 дана.
Тапсырыс № 373

«Каратау КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасы
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,
Абай даңғылы, 143. офис 400
Тел.: +7(727)3944293, Ұялы тел.: 87772119934.
Эл.пошта: dastur_09@mail.ru

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: priemn1@dauir.kz, zakaz@dauir.kz

10

ISBN 978-601-7505-16-5



9 786017 505165

7205 - 3

የኢትዮጵያ ጥቅም ስርዓት
የሥነ ምግባርና ሥነ ጥበቃ ሚኒስቴር



00001516918



Айсұлу Төрекұлқызы Ойсылбай – әдебиеттанушы, филология ғылымдарының кандидаты. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкері. 1965 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданында туылған. 1991 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетін бітірген. 1992-1994 жылдары М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аспирантурасын тәмамдады. 2010 жылы «Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышындағы» сөз өнері мен поэтика мәселелері» атты кандидаттық диссертация қорғаған. Зерттеушінің қазіргі қазақ әдебиетінің аспектілеріне арналған 100-ден аса ғылыми мақалалары ұжымдық жинақтар мен баспасөз беттерінде жарияланған.